ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН 2017 АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР



ЮЖНЫЙ КАЗАХСТАН 2017 ЗНАКОВЫЕ СОБЫТИЯ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН-2017:
АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР


ЮЖНЫЙ КАЗАХСТАН-2017:
ЗНАКОВЫЕ СОБЫТИЯ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН-2017:

АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР











«ҚАЗЫҒҰРТ»
АЛМАТЫ
2018

ЮЖНЫЙ КАЗАХСТАН-2017:

ЗНАКОВЫЕ СОБЫТИЯ











«ҚАЗЫҒҰРТ»
АЛМАТЫ
2018

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Редакциясын басқарған:
СӘДІБЕКОВ Ұласбек Сәдібекұлы
Жауапты редактор:
ТӘЖІБАЕВ Бейсенбай Дәулетұлы
Редактор:
БЕККҰЛОВ Ертай
Құрастырушылар:
СМАҒҰЛОВА Алма, БЕКЕН Үміт, ХАМЗИНА Әсел, ҮРКІМБЕК Салтанат
Аудармашылар:
БЕКЕН Үміт, ХАМЗИНА Әсел
Фотоларды түсірген:
МЫРЗАЛИЕВ Самат

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Руководитель редакцией:
САДИБЕКОВ Уласбек Садибекович
Ответственный редактор:
ТАЖИБАЕВ Бейсенбай Дәулетович
Редактор:
БЕККУЛОВ Ертай
Составители:
СМАГУЛОВА Алма, БЕКЕН Умит, ХАМЗИНА Асель, УРКИМБЕК Салтанат
Переводчики:
БЕКЕН Умит, ХАМЗИНА Асель
Фотограф:
МЫРЗАЛИЕВ Самат

УДК 323 /324/574/084
ББК 66,5 (каз) яб
062

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН - 2017:
АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР
Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2018.
272 бет.

ISBN 978-9965-22-540-6

Еліміздің демографиялық дің гегі саналатын оңтүстік өңір жыл өткен сайын жан-жақты қарыштап дамып келеді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жеке бастамасымен қолға алынған өмірдің түрлі салаларын заман талабына сай дамыту, жетілдіру бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар күнгей аймақта қарқынды түрде орындалуда.

Айшықты оқиғалардың хроникасы түрінде түзілген бұл кітап-фотоальбом 2017 жылы оңтүстікте атқарылған игілікті істердің күнтізбе-шежіресі десе де болғандай.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

© Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі, 2018
© «Қазығұрт» баспасы, 2018
© Айымбет А., безендіру, беттеу, 2018

УДК 323 /324/574/084
ББК 66,5 (каз) яб
062

ЮЖНЫЙ КАЗАХСТАН- 2017:
ЗНАКОВЫЕ СОБЫТИЯ
Алматы, издательство «Қазығұрт», 2018.
272 стр.

ISBN 978-9965-22-540-6

Каждым годом цветет и развивается густонаселенный южный край нашей независимой Республики. Здесь интенсивно внедряются в жизнь государственные программы по модернизации всех сфер деятельности и улучшению благосостояния населения, автором которых является лидер нации Н.А. Назарбаев.

Книга-фотоальбом охватывает все значимые события происшедшие в Южно-Казахстанской области за прошлый год и является своеобразной летописью-хроникой благих дел 2017 года.

Книга для широкого круга читателей.

© Акимат Южно-Казахстанской области, 2018
© Издательство «Қазығұрт», 2018
© Айымбет А., дизайн, верстка, 2018



ЖЕМІСТІ ЖЫЛ

«Оңтүстік Қазақстан – қазақтың қаймағы бұзылмаған жер. Бұл өңір шуақты күнімен, халқының жомарттығымен, меймандостығымен, салт-дәстүрге беріктігімен, ең бастысы, еңбексүйгіштігімен ерекшеленеді. Сіздерге әр келген сайын оңтүстіккқазақстандықтардың өз өлкесін гүлдендірумен, тұрмыс-тіршіліктерін жақсарта түсумен қатар өздерінің негізгі түп-тамырын ұмытпай, әдемі жалғастырып жатқанын көремін». Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Оңтүстік өңіріне, оның халқына берген бұл бағасын жерлестерім асқан мақтанышпен айтады.

Әрине, әр жылдың өз ерекшелігі болады. 2017 жыл Астанадағы елімізді төрткүл дүниеге танытқан ЭКСПО халықаралық көрмесімен, Алматыдағы XXVIII қысқы Универсиада ойындарымен қазақстандықтардың есінде қалса, Оңтүстік жұртшылығының бұл әлемдік айтулы оқиғаларға қосқан үлесі аз емес.

2017 жыл облысымыздың әлеуметтік және экономикалық дамуы жаңа жобалар мен тың ізденістерге, басым бағыттарға бетбұрыс жасауымен ерекшеленді. Аймақ үшін аса маңызды бағыттар бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Соның айғағы ретінде халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, өңір экономикасын дамыту жолында атқарылған шаруалардың бірқатарына тоқтала кетсек дейміз.

Тұрғын үй құрылысы. 2017 жылы облысымызда 550,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру көзделген болса, бұл көрсеткіш 721,2 мың шаршы метрге көбейіп, яғни жоспар 1,3 есе артығымен орындалған. 7482 отбасы (2016 жылы 4888) баспаналы болды. Облыс және аудан орталықтарында мемлекеттік бағдарламалар негізінде тұрғын үйлерді көптеп салуға баса назар аударылды. Қалаларда жаңа шағынаудандар бой көтерді. Мұғалімдер мен дәрігерлерге, жергілікті полиция қызметкерлеріне арнап 9 ауданда тұрғын үй салу қолға алынды. Жүздеген әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасылар, балалар үйінде тәрбиеленген жастар, болашағы жоқ шалғай елдімекендерден Шымкентке көшіп келгендер де баспаналы болды.

2016 жылы 10 денсаулық сақтау нысанының құрылыс жұмыстары жүргізіліп, оның 4-еуі пайдалануға берілсе, 2017 жылы 38 денсаулық сақтау нысанының құрылысы жүргізілді. Нәтижесінде 33 нысан пайдалануға берілді. 2016 жылы 127 мектепке дейінгі білім беру ұйымдары іске қосылып, 3-6 жастағы балаларды қамту көрсеткіші 84,6 пайызды құрады. Ал, былтыр 133 балабақша ашылып, балабақшамен қамту деңгейі 87,1 пайызға жетті.

2016 жылы 66 білім беру нысанының құрылысы жүргізіліп, 39 нысан іске қосылды. Ал, былтыр 82 білім нысанының қолға алынып, жыл соңында 32 нысанның құрылысы аяқталды. Осы арқылы өңірде апатты жағдайдағы және үш ауысымды білім ұяларының саны азайып келеді.

Инвестиция. Оңтүстік Қазақстан – сырттан қаржы тартуға өте қолайлы өңір. 2017 жылы облыста осы мақсатта кең көлемді жоспар, жобалар жүзеге асты. Бір жылда 482 млрд.теңге инвестиция тартылды. Бұл көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда 2,5 есе артқанын айғақтайды. Өсім бойынша облысымыз республикада бірінші орын алды.

Облысқа шетелдік әлеуетті инвесторларды көптеп тартудың, ол үшін бұл бағытта түрлі халықаралық бизнес-форумдар мен дипломатиялық өкілдермен, шетелдік ірі компаниялардың басшыларымен іскерлік кездесулер өткізіп, екі жақты меморандумдар түзудің нәтижесінде осындай қомақты жетістікке қол жетті.

Ауыл шаруашылығы. Оңтүстік Қазақстан үшін әлемдік нарыққа шығудың бір жолы – ауыл шаруашылығын дамыту. Әсіресе, күнгейдегі өңір үшін бұл сала негізгі жұмыс көзі деуге болады. 2017 жыл ауыл еңбеккерлері үшін жемісті қорытындыланды. Агроөнеркәсіптік өндіріс қарқынды дамыды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 522,4 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 42 миллиардқа артты. Облыс бұл көрсеткіш бойынша республикада екінші орынға шықты. Саланың негізгі капиталына тартылған инвестиция көлемі 38,1 млрд. теңге болып, 3,4 есеге көбейді. Диқандарымыз майлы дақылдар, бақша, көкөніс, картоп өнімдерінің жоспарын асыра орындады. Қарқынды бау аумағы 2,8

АЛҒЫ СӨЗ

мың гектарға жетті. Тамшылатып суару алқабының көлемі республикалық үлестің 72 пайызын құрады. Облыс бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егіс көлемі соңғы екі жылда 44,6 мың гектарға артып, 833,2 мың гектарды құрады. Ал, 2016 жылы 788,8 мың гектар болатын. Өткен жылдан бастап 165 гектарға (барлығы-518 гектар) жаңғақ, 7 гектарға бадамша (фисташка) отырғызылса, биыл 5 айда 204 гектарға жаңғақ, 108 гектарға таңқурай, 948 гектарға қарқынды бау отырғызылып, жалпы көлемі 3,7 мың гектарға жетті. Елімізде сирек егілетін бұл дақылдарға әлемде сұраныс жоғары. Жылыжайлар аумағы 1358 гектарға жетіп, республикалық көрсеткіштің 80 пайызына жуықтады. Ауыл шаруашылығында «Ақылды суару» жобасы іске енгізілді.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 704 ауыл шаруашылығы кооперативі тіркеліп, жұмыстарын жүргізуде. Бұл көрсеткіш жөнінен республикада көшбасшылар қатарында. Аталған кооперативтер қажетті құрал-жабдықтармен 95 пайызға қамтылған.

Облыста жыл сайын 3022 бірлік шағын бордақылау алаңдары салынып, барлығы 12,2 мың бірлікті құраса, 793 бірлік жаңұялық сүт фермалары ашылып, 2,7 мыңға жетті. Модульді сүт қабылдау бекеттері Шымкент механикалық зауытында құрастырылып жатыр. Бұл да жергілікті кәсіпкерлер үшін тиімді.Төрт түліктің саны еселеп артты. Мемлекеттік «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының жүзеге асуы жөнінен Оңтүстік өңірі республикада алғы шепке шықты. Ауыл шаруашылығында кооперативтерге бірігу қызу қарқын алды.

Кәсіпкерлік. Елбасы Н.Назарбаев облысымызға келген әр сапарында өңірдегі шағын және орта бизнестің даму қарқыны мен тұрғындарды жұмыспен қамту мәселелеріне негізгі факторлар ретінде назар аударады. Бұл мақсатқа жету жолында кәсіпкерліктің кең қанат жаюы көңілге медеу. 2017 жылы облысымыздағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 177 411 бірлікті құрады. Бұл көрсеткіш бойынша Оңтүстік Қазақстан өзге облыстардан озып шығып, бірінші орынды иеленді. 2017 жылы шағын және орта бизнес құрылымдары өндірген өнім көлемі өткен жылғыдан әлдеқайда асып түсті.

Газдандыру. Бұл облыс тұрғындары үшін аса өткір әлеуметтік мәселе екені мәлім. 2017 жылы 88 табиғи газ нысанының құрылысы мен 97 жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 13,4 млрд. теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде 44 елдімекен (68776 тұрғын) «көгілдір отынмен» қамтылды. Бұл сала бойынша жұмыс қызу қарқын алып, жалғасын таба түсті.

Туризм. Сұлу да әсем табиғатымен, көрікті де көркем демалыс аймақтарымен, қастерлі де киелі тарихи жерлерімен әлемге танымал Оңтүстікте 2017 жылы туризм саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінді. «ЭКСПО -2017» көрмесімен тұспа-тұс жылда облысқа саяхаттап келгендер саны 28000 адамды құрап, мұның алдындағы жылдан 5,5 пайызға артты. Шымкентте «Ontustik Tourism Invetst» туристік-инвестициялық форумы өткізіліп, 10 елден 500-ге жуық өкіл қатысты. Форум аясында 4 меморандум түзілді. Оңтүстік Қазақстан облысы түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы ұйымының «Заманауи Жібек жолы» туристік бағытына енді. Бір жылда өңірімізде 8 туристік нысан ашылды. Нәтижесінде табиғатымызға тамсанып қайтатын саяхатшылар саны анағұрлым арта түсті.

Сондай-ақ, 2017 жылы облысымызда тағы бір тың жоба дүниеге келгенін айрықша айта кетейік. Ол – «Шатқал» бағдарламасы. Елімізде тың жоба болып табылатын бұл бағдарламаның басты мақсаты – қараусыз қалған шатқалдарды, сай-саланы халық демалатын мәдени орынға, яғни жасыл саябаққа айналдыру. Бүгінде үшінші мегаполиске айналған Шымкент шаһарында 600 гектар жерді осындай демалыс орындарына ынғайластыру жоспарланды. Бірінші кезеңде бес шатқалдың біреуі бюджет есебінен, қалғаны демеушілер есебінен қолға алынып, жоспар толық жүзеге асты.

2017 жылы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланды. Мемлекет басшысы «Санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс» деп нақты міндет қойды.

Осы және басқа да міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысында біршама жұмыстар атқарылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 басымдығы негізінде 6 арнайы жоба әзірленіп, нақты іс-шаралар жүзеге асырылды.

Өмірлік өзекті ой-пікірлер топтастырылған, ұлттық кодымыз нақтыланған, жарқын болашағымызға жол сілтеген тарихи бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында облысымыздың барлық елдімекендерінде 8185 іс-шара өткізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың облыс жұртшылығы өкілдерімен кездесуінде: «Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде 800-ден астам тарихи-мәдени ескерткіш бар. Әлемге әйгілі жәдігерлеріміздің көпшілігі осында. Түркістан, Отырар, Сайрам, Сауран қалалары, Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб кесенелері – біздің мақтанышымыз. Осындағы әрбір төбе мен қырқаның, өзен мен көлдің аттары – тұнып тұрған тарих. Мәртөбе, Күлтөбе және Ордабасы халқымыздың сақталуына әсер еткен қазақтың бірлігі мен тұтастығының қасиетті символы. Біз осының бәрін ұрпақтың санасына сіңіруіміз керек. Жастарды патриотизмге, отаншылдыққа, туған жерді сүюге баулу қажет» деп тапсырма жүктеген болатын. Осы орайда да көптеген нақты жұмыстар жүргізілуде. Айтулы мақалада ерекше аталған жобаларды өмірге енгізуге 2022 жылға дейін 16,2 миллиард теңге қаржы жұмсау жоспарланды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Өңірлік жобалық кеңес құрылды. 46 жоба, 168 іс-шара әзірленіп жүзеге асырылуда. «Рухани жаңғыру: Береке басы – бірлікте» деген тақырып бойынша өңір ақсақалдары мен зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен өткен жиын, «Атамекен» кіші бағдарламасы бойынша облыстан түлеп шыққан 205 түлғаның қатысуымен өткен «Туған жерді түлету - перзенттік парыз» деп аталатын басқосу, тағы басқа да көптеген іс-шаралар ұлттық тәрбиемізге елеулі үлес қосары айқын.

Ал, биыл өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру және салт-дәстүрлеріміз бен тарихи мұраларымызды насихаттау мақсатында Қазығұрт ауданында «Наурыз Қазығұрттан басталады» деген атпен Наурыз тойы дүрілдеп өтсе, Түлкібас ауданында «Қызғалдақ фестивалі» ұйымдастырылды. Ал, Бәйдібек ауданында «Қымызмұрындық» фестивалі рухымызды көтеріп тастады.

Биыл ел көкейінде жүрген ұсыныс – Түлкібас ауданын Түркібасы ауданы деп атау жөніндегі бастама жүзеге асырылды. Ауданға тарихи атауының қайтарылуын зиялы қауым өкілдері жылы қабылдады. Мақтаарал ауданы Мақтаарал және Жетісай аудандары болып екіге бөлінді. Ал, Сарыағаш ауданының орнына Сарыағаш және Келес аудандары пайда болды. Бұл шешім демографиялық өсімі жоғары аудандарды басқаруды жеңілдетіп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік бермек. Тұрғындардың әлеуметтік жағдайы көтеріліп, экономиканың бойына қан жүгіреді.

Айта берсек, 2017 жылы облысымызда сан-сала бойынша атқарылған жұмыс ауқымды. Оның бәрін шағын алғысөздің аясына сыйғызу мүмкін емес. Ал толыққанды әрі нақты мәліметтер Сіздерге ұсынылып отырған облысымыздағы өткен жылдың маңызды оқиғаларын баяндайтын осы кітапта жан-жақты көрсетілді деп ойлаймын.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі



ПЛОДОТВОРНЫЙ ГОД

«Южный Казахстан – это место, где сохранились казахские традиции. Жители этого региона славятся своей сплоченностью, гостеприимством, трудолюбием, добродушием. Каждый раз, как я приезжаю к вам, вижу, как южноказахстанцы продолжают благоустраивать свою область, улучшают условия жизни, не забывают о своих корнях». Это высокая оценка Президента Республики Казахстан, Лидера нации Нурсултана Назарбаева Южному Казахстану, и мы особенно гордимся такими словами.

Конечно, каждый год примечателен по-своему. В 2017 году в Астане прошла международная выставка ЭКСПО, в Алматы - XXVIII зимняя Универсиада. Значимых событий в ЮКО тоже оказалось немало.

2017 год для Южно-Казахстанской области ознаменовался бурным социально-экономическим развитием и новыми интересными проектами. Велись масштабные работы во всех направлениях. Позвольте остановиться на ряде примеров, которые свидетельствуют об улучшении социального положения населения области и развитии ее экономики.

Жилищное строительство. В 2017 году в области было введено в эксплуатацию 550,6 тыс. квадратных метров жилья, это в 1,3 раза больше запланированного (721,2 тыс. кв. м). В результате 7482 семьи получили квартиры (в 2016 году – 4888 семей). Уделялось большое внимание строительству жилых домов в областном и районных центрах. В городах появились новые микрорайоны. В девяти районах началось строительство домов для педагогов, врачей, служащих местной полиции. А в Шымкенте новоселье отметили социально уязвимые семьи и дети-сироты.

В 2016 году велось строительство 10 объектов здравоохранения, из них 4 сданы в эксплуатацию. В 2017 году шло возведение 38 объектов медицины. 33 из них сданы в эксплуатацию. В 2016 году было открыто 127 учреждений дошкольного образования, охват детей 3-6 лет местами в детсадах составил 84,6%. В прошлом году было открыто 133 детсада, образованием охвачено 87,1% детей.

В 2016 году велось строительство 66 объектов образования, 39 из них сданы в эксплуатацию. А в прошлом году шло строительство 82 объектов, 32 уже сданы. В связи с этим в области снизилось количество аварийных домов и трехсменных школ.

Инвестиции. Южный Казахстан всегда являлся привлекательным для инвестирования. В 2017 году в области в этом направлении действовал ряд проектов. За один год было привлечено 482 млрд. тенге. По сравнению с 2016 годом это больше в 2,5 раза.

Для привлечения в область иностранных инвесторов были организованы международные бизнес-форумы и встречи с представителями дипмиссий, руководителями иностранных компаний, подписаны двусторонние меморандумы.

Сельское хозяйство. Для Южного Казахстана одним из путей стать конкурентоспособным является развитие аграрного сектора. Для нашего региона эта сфера является приоритетной. 2017 год завершился положительными результатами в этой сфере. Аграрный сектор бурно развивался. Объем сельхозпродукции составил 522,4 млрд. тенге, что на 42 млрд. тенге больше, чем в предыдущем. По этому показателю мы стали вторыми в республике. Объем инвестиций в основной капитал составил 38,1 млрд. тенге, что в 3,4 раза больше прошлого года. Дехкане перевыполнили план по сбору бахчевых, фруктов и картофеля. Площадь интенсивных садов достигла 2,8 тыс. гектаров. Доля использования капельного орошения достигла по республике 72 процента. Объем посеянных зерновых культур увеличился за последние два года на 44,6 тыс. гектаров и достиг 833,3 тыс. га. А в 2016 году он был 788,8 тыс. га. Если в прошлом году на 165 гектарах были высажены орехи, на 7 гектарах – фисташки, то за пять месяцев этого года на 204 га орехов, на 108 – малина, 948 га – интенсивные сады. Общий объем достиг 3,7 тыс. га. На эти культуры сейчас мировой спрос. Территория теплиц достигла 1358 гектаров, что составляет 80% от республиканского объема. В сельском хозяйстве реализован проект «Умное орошение».

На сегодня в области зарегистрировано 704 кооператива, ведется работа. По этому показателю наша область – один из лидеров в стране. Эти кооперативы оснащены материально-технической базой на 95%.

Каждый год в области открываются 3 022 откормочные площадки, которые представляют 12,2 тыс. единиц. 793 семьи совместно открыли молочные фермы, достигнув 2,7 тыс. единиц. На Шымкентском механическом заводе выпускают пункты модульного приема молока. Это помогает развитию предпринимательства. Активно заработали госпрограммы «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан», наша область по этому показателю вышла в лидеры. Интенсивно создаются сельскохозяйственные кооперативы.

Предпринимательство. Вовремя каждого визита в южный край Глава государства Н. Назарбаев акцентирует внимание на необходимости развития малого и среднего бизнеса и занятости населения. Поэтому сфера предпринимательства находит большую поддержку.

В 2017 году количество субъектов бизнеса в регионе достигло 177 411 единиц. По этому показателю наша область – впереди других областей. В 2017 году, по сравнению с прошедшими годами, наблюдался большой расцвет МСБ.

Газификация. Этот вопрос – особенно важен для жителей нашей области. В 2017 году на строительство 88 газовых объектов и составление 97 проектно-сметных документов было предусмотрено 13,4 млрд. тенге. В результате 44 населенных пункта (68776 жителей) были обеспечены «голубым топливом». Эти работы найдут свое продолжение.

Туризм. В 2017 году в нашей области, богатой красивыми природными местами, зонами отдыха и историческими достопримечательностями, активно развивался туризм. Количество туристов, прибывших в нашу область в рамках ЭКСПО -2017, достигло 28 тысяч человек, что на 5,5 процента больше по сравнению с прошлым годом. В Шымкенте был организован туристско-инвестиционный форум «Ontustik Tourism Invetst», в котором приняли участие около 500 гостей из 10 стран. В рамках форума было подписано 4 меморандума. Южный Казахстан вошел в туристический список «Современный Шелковый путь». За год в регионе открылись восемь туристических объектов. В результате увеличилось число туристов, интересующихся нашей природой.

Кроме этого, в 2017 году стартовал один важный проект – программа «Шаткал». Ее цель – превратить заброшенные места и овраги в зоны отдыха. Запланировано превратить 600 гектаров территории Шымкента в комфортные места отдыха. Первые пять оврагов были благоустроены за счет бюджета, остальные – на средства спонсоров. Этот план полностью выполнен.

В 2017 году была опубликована статья Президента «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Глава государства дал конкретное указание менять свое мировоззрение и качество жизни. В целях его реализации велась большая работа. Для пропаганды и реализации шести положений было создано шесть проектов. В частности, было организовано 8185 мероприятий. Во время встречи с населением области Президент страны Н. Назарбаев дал задание: «В Южном Казахстане имеется более 800 историко-культурных памятников. Известные всему миру достопримечательности находятся именно здесь. Города Туркестан, Отырар, Сайрам, Сауран, мавзолеи Кожа Ахмета Ясави, Арыстан баб – наша гордость. Мартобе, Култобе и Ордабасы – символы казахского единства. Мы должны все это сохранить для наших потомков. Нужно воспитать в молодых патриотизм, любовь и уважение к Родине». В связи с этим в регионе велись соответствующие работы. Для реализации важных проектов, отраженных в статье, до 2022 года предусмотрено 16,2 миллиарда тенге.

Создан региональный штаб «Рухани жаңғыру», ведется реализация 46 проектов, 168 мероприятий. Состоялись мероприятия «Рухани жаңғыру: береке басы – бірлікте» с участием ветеранов и представителей интеллигенции региона, «Туған жерді түлету - перзенттік парыз» - с участием 205 человек, другие мероприятия.


А в этом году, в целях реализации вышеназванной программы, в Казыгуртском районе прошло празднование Наурыза, в Тюлькубасском – фестиваль тюльпанов, в Байдибекском – фестиваль «Қымызмұрындық».

В этом году возникла инициатива о переименовании Тюлькубасского района в Тюркибасский. Предложение о возврате исторического названия району с пониманием восприняли представители интеллигенции. Мактааральский и Жетысайский районы разделены. А вместо одного Сарыагашского района образованы Сарыагашский и Келесский районы. Это решение позволит рационально использовать территорию, улучшит демографическое положение и способствует открытию новых рабочих мест. Повысится уровень жизни жителей, экономика получит толчок к дальнейшему развитию.

В 2017 году выполнена огромная работа по реализации статьи Главы государства. Информацию о ней невозможно вместить в одно предисловие. Детально об этом вы можете узнать из этой книги, где собраны материалы о наиболее важных событиях 2017 года.

Жансеит ТУЙМЕБАЕВ,
аким Южно-Казахстанской области







МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ – ОҢТҮСТІКТЕ

Жаңа жылдың екінші жұмыс күні Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев өңірге жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Б.Жылқышиев, Б.Оспанов, А.Смағұлов, Б.Ертаев, М.Махамбетов және У.Қайназаровпен кездесті.

Пікір алмасу барысында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халықтың тұрмыстық жағдайы, ауылдық жердегі жұмыссыздықты жою жайы сөз болды. Өңір басшысы түрлі мемлекеттік бағдарламалардың облыста өз деңгейінде жүзеге асырылып отырғанын жеткізіп, 2016 жылдың Оңтүстік үшін табысты да жемісті жыл болғанын атап өтті. Мәселен, өткен жылдың 11 айында өнеркәсіп кәсіпорындары 710,6 млрд. теңгенің өнімін өндірсе, ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 415,8 млрд. теңгені құраған. Бұл бұрнағы жылғымен салыстырғанда 3 пайызға артық. Ал өнеркәсіп өнімін өндіруде облыс республикада 4-орынды иеленіп отыр.

Әкім сондай-ақ, мемлекетіміздің ширек ғасырлық мерейтойы облыста жоғары деңгейде тойланғанын айта келе, Тәуелсіздіктің 25 жылында өңіріміздің жеткен жетістіктеріне тоқталды. Егеменді ел болғаннан кейінгі жылдары өңір халқының саны 1 миллионнан астам адамға көбейді. Еліміздегі әрбір бесінші сәби дүние есігін ашатын облыста өткен жылы бала туу көрсеткіші 80 мыңға жетті. Осы жылдар ішінде облыс экономикасына 3,5 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Арнайы индустриалды аймақтар құрылып, кәсіпкерлерге қолайлы жағдайлардың барлығы жасалды. Нәтижесінде отандық тауарлардың үлесі көбейіп, шетелдерге экспорттала бастады. Ал ширек ғасырда пайдалануға берілген 347 медициналық мекеме, 491 мектеп, 1491 балабақша ел игілігіне қызмет етсе, облысымызда жалпы көлемі 1 миллиард шаршы метрге жуық баспана салынды.

Елбасының бастамасымен жүзеге асып отырған бағдарламалардың орындалуына қанық-қан халық қалаулылары алдағы уақытта да Оңтүстік Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы жобаларға барынша өз үлестерін қосып, қолдау білдіретіндіктерін жеткізді.

4 қаңтар, сәрсенбі
2017
4 января, среда



ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА – В ЮКО

Во второй день нового года аким Южно-Казахстанской области Ж.Туймебаев встретился с депутатами Мажилиса Парламента РК Б.Жылкышиевым, Б.Оспановым, А.Смагуловым, Б.Ертаевым, М.Махамбетовым и У.Кайназаровым, которые прибыли в регион с рабочим визитом.

В ходе встречи был обсужден широкий круг вопросов, в том числе социально-экономическое развитие области, трудоустройство на селе и бытовые условия населения.

В свою очередь, глава региона отметил, что в области на должном уровне осуществляются государственные программы. 2016 год для Южно-Казахстанской области стал успешным и плодотворным, как для аграрного региона. За 11 месяцев прошлого года, предприятиями области было произведено продукции на сумму 710,6 млрд. тенге, а объем валовой продукции сельского хозяйства составил 415,8 млрд. тенге. Это на 3% больше по сравнению с прошлым годом. А в производстве промышленной продукции в республике область заняла 4-ое место.

Аким области остановился на праздновании юбилея Независимости, в частности, рассказал о достижениях области за 25 лет. За годы обретения Независимости население региона увеличилось более чем на 1 миллион человек. Каждый пятый ребенок в республике рождается в Южно-Казахстанской области, в уходящем году показатель рождаемости достиг 80 тысяч. В течених этих лет в экономику области привлечено инвестиций на сумму порядка 3,5 триллионов тенге.

Созданы специальные экономические зоны, где предпринимателям создаются благоприятные условия. В результате этого, выросла доля отечественных товаров, налажен экспорт за рубеж. За четверть века, введено в эксплуатацию и сданы на благо народа – 347 медицинских учреждений, 491 школа и 1491 детский сад. За этот период, в области было построено около 1 миллиарда квадратных метров жилья.

Народные избранники отметили, что внесут вклад в реализацию программ, начатых под руководством Главы государства, и окажут максимальную поддержку проектам, которые направлены на развитие и процветание Южно-Казахстанской области.



ТҮЛКІБАС ТҰРҒЫНДАРЫ ҚУАНЫШ ҚҰШАҒЫНДА

Бұл күні Түлкібас ауданында 96 пәтер мен қос амбулатория ел игілігіне берілді. Облыс әкімі Ж. Түймебаев алдымен Түлкібас ауданының Келтемашат ауылдық округіне қарасты Кершетас елді мекеніндегі дәрігерлік амбулаторияның лентасын қиып, ауыл тұрғындарының қуанышымен бөлісті.

Өңір басшысы халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету басты міндет екенін атап көрсетті. Толығымен заманауи медициналық құралдармен жабдықталған мекеме соның айғағы. Алдағы уақытта ауданда халық саны көп шоғырланған 2 елдімекенде емхана құрылысы басталады. 13 ауылда фельдшерлік-акушерлік пунктін салу жоспарда бар. Мұның барлығы ел игілігі үшін жасалып отыр.


Тәулігіне 25 науқасты қабылдауға қабілетті дәрігерлік амбулаторияда 18 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Облыстық бюджет есебінен салынған нысанның жалпы құны – 158 млн 129 мың теңге. Құрылыс жұмыстарын «Арнур строй» мекемесі жүргізіп, мерзімінде пайдалануға берді.

Осы күні Арыс ауылдық округі Керейт ауылында дәл осындай дәрігерлік амбулатория ашылды. Өңір басшысы Т.Рысқұлов ауылында бой көтерген 5 қабатты 2 тұрғын үйдің ашылу салтанатына қатысып, тұрғындарға жаңа пәтер кілттерін табыс етті.

Былтыр іргетасы қаланған 64 пәтерлі тұрғын үйдің жалпы сметалық құны – 457 млн. 180 мың теңге. Құрылыс жұмыстарын «Тамерлан корпорешн» ЖШС-і жүргізген. Ал, «Шұғыла 2002» ЖШС-і тұрғызған 32 пәтерлі екінші тұрғын үйдің құрылысына 227 млн. 921 мың теңге жұмсалған.

Бүгінге дейін Түлкібас ауданында 100 пәтерлі тұрғын үй ел игілігіне берілген. Алдағы уақытта ауданда 256 пәтер 5 тұрғын үйдің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр.

11 қаңтар, сәрсенбі
2017
11 января, среда





ЖИТЕЛИ ТЮЛЬКУБАСА **ПРАЗДНУЮТ НОВОСЕЛЬЕ**

В этот день в Тюлькубасском районе сданы на благо народа 96 квартир и две амбулатории.В первую очередь, аким области Жансеит Туймебаев посетил поселок Кершетас сельского округа Келтемашат Тюлькубасского района, где разрезал традиционную красную ленту перед входом в здание врачебной амбулатории и разделил радость сельчан.

Глава региона подчеркнул, что предоставление качественных медицинских услуг является одной из главных задач. С этой целью и открваются учреждения, полностью оснащенные современным медицинским оборудованием. В ближайшее время в двух населенных пунктах начнется строительство поликлиники, так как в районе сконцентрировано большое количество населения. В 13 поселках планируется строительство фельдшерско-акушерских пунктов. Все это делается на благо страны.

В врачебной амбулатории, способной в сутки принять 25 человек, постоянной работой обеспечены 18 человек. Общая стоимость объекта, построенного за счет средств областного бюджета составляет 158 млн. 129 тыс. тенге. Строительные работы вела организация «Арнур строй», которая в срок сдала данный объект.

В этот же день в поселке Керейт сельского округа Арысь ввели в строй такую же врачебную амбулаторию.Глава региона принял участие в торжественной церемонии сдачи двух пятиэтажных домов, и вручил жителям ключи от новых квартир. Сметная стоимость 64-х квартирного дома, фундамент которого заложен в прошлом году, - 457 млн. 180 тыс. тенге. Строительные работы вело ТОО «Тамерлан корпорэйшн».

На строительство второго 32-ух квартирного дома, которое вело ТОО «Шугыла 2002», потрачено 227 млн. 921 тыс. тенге.

До сегодняшнего дня, в Тюлькубасском районе был сдан с эксплуатацию 100 квартирный жилой дом. В ближайшее время, в районе планируется строительство 5 домов на 256 квартир.





КЕНТАУ ҚАЛАСЫНА **9 МЛРД.** ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚ **ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ**

Кентау қаласының әлеуметтік экономикалық жағдайын арттыру мақсатында 2017 жылға республикалық және облыстық бюджеттен 9 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Бұл туралы өндірісі дамыған шаһарға арнайы іссапармен барған Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев мәлімдеді.

Өңір басшысы алдымен қаладағы №5 Жылу орталығында болып, қысқы маусымдағы жылу беру жұмыстарымен танысты. Мемлекеттік мекеме 326 көпқабатты тұрғын үй, 2010 жеке үй, 350 коммерциялық нысан және 92 бюджеттік мекемені жылумен қамтамасыз етеді. Мұнда 397 адам жұмыс істейді.

Ж.Түймебаев сондай-ақ, елімізде электр моторы, генератор және трансформатордың 400-ден астам түрін шығаратын Кентау трансформатор зауытын аралап көрді. Кәсіпорын қазіргі таңда өнімінің 45 пайызын Орталық Азия елдеріне шығарады. Мемлекет қолдауымен өндірістің қуаттылығы артып, жаңа заманауи технологиялар ендіріліп жатыр. Жоғары кернеулі трансформатор құрастыруға қол жеткізген зауыт өнімдерінің 40 пайызы шет елдерге экспортталуда.

Келесі кезекте облыс басшысы Кентау қаласының индустриялды аймағында болды. Мұнда бүгінде жалпы құны 1878,5 млн. теңгені құрайтын 5 жоба жүзеге асыру қолға алынған. «ЮгЭлектроПривод», «Электродеталь», «Бескқасқа» жауапкершілігі шектеулі серіктестері мен «Е.Ауэзов», «Кенмед» жеке кәсіпкерліктерінде 125 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Сонымен қатар облыс әкімі Жастарға қызмет көрсету орталығының қалалық «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыстарымен танысты. Мұнда «Жайдарман» КВН лигасы, би, шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисі үйірмелері, «ОҚЫ» кіші кітапханасы жұмыс істейді.

Іссапар соңында Ж.Түймебаевтың төрағалығымен Кентау қаласының әлеуметтік экономикалық даму жағдайы талқыланған мәжіліс болып өтті. Шаһар басшысы Ә.Мақұлбаев пен оның орынбасарлары есеп берді.

Облыс әкімі шаһардағы нысандарды аралау барысында көптеген проблемалардың бар екендігіне көз жеткізгендігін айтып, кәсіпкерлікке қолдау көрсету бағытындағы бірқатар индикаторлық көрсеткіштер орындалмай отырғандығын алға тартты. Тиісті басшыларға кемшіліктерді шұғыл түрде түзету жөнінен тапсырмалар берді.

12 қаңтар, бейсенбі
2017
12 января, четверг





ДЛЯ ГОРОДА КЕНТАУ **ВЫДЕЛЕНО** ОКОЛО **9 МЛРД.ТЕНГЕ**

В целях улучшения социально-экономического положения города Кентау на 2017 год из республиканского и областного бюджета выделено 9 млрд. тенге. Об этом сообщил аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев в ходе своего специального визита в регион с развитым производством.

В первую очередь, глава региона посетил ТЭЦ №5, где ознакомился с отопительными работами в зимний период. Данное государственное учреждение обеспечивает теплом 326 многоэтажных жилых домов, 2 010 частных домов, 350 коммерческих объектов и 92 бюджетных организаций. Здесь работают 397 человек.

Аким области посетил также Кентауский трансформаторный завод, который производит электромоторы, генераторы, а также более 400 видов трансформаторов. В настоящее время, 45% продукции предприятия экспортируется в страны Центральной Азии. Благодаря поддержке государства, растет производственная мощность, внедряются современные технологии. Завод, разрабатывающий высоковольтные трансформаторы, экспортирует 40% своей продукции в зарубежные страны.


Кроме того, глава области побывал в индустриальной зоне города Кентау. Здесь начата реализация 5 проектов, общая стоимость которых составляет 1878,5 млн. тенге. В таких товариществах с ограниченной ответственностью, как «ЮгЭлектроПривод», «Электродеталь», «Бесқасқа» и ИП «Е.Ауэзов», «Кенмед» планируется открыть 125 новых рабочих мест.

Аким области ознакомился с работой коммунального государственного учреждения «Молодежный ресурсный центр». Здесь имеется лига КВН команды «Жайдарман», работают обучающие кружки по шахматам, тоғызкумалаку и настольному теннису, а также в учреждении расположена малая библиотека «ОҚЫ».

В завершение поездки под председательством Ж.Туймебаева состоялось совещание, на котором были обсуждены актуальные вопросы социально-экономического развития Кентау. Аким города А.Макулбаев и его заместители представили отчет о проделанной работе.

В ходе объезда по объектам, аким области обозначил ряд проблем, в числе которх невыполнение ряда индикаторных показателей поддержки предпринимательства. Глава региона дал руководителям соотвествующих органов поручения по устранению недочетов.





ШЫМКЕНТТІҢ ШАТҚАЛДАРЫ ДА ШЫРАЙЛАНАДЫ

Облыс әкімі Ж.Түймебаевтың қатысуымен «Шатқал» бағдарламасы аясында жаңа демалыс орнының іргетасына құты (капсула) салынды. Келешекте халқымыз тынығып, серуендейтін саялы баққа «Шымсая» деп атау берілді. Шымкенттегі Тассай тұрғын үй алабының маңында орналасқан 25 гектар шатқалды көгалдандыру мақсатында бүгін 1 мың түп ағаш отырғызылды.

Көгалдандыру жұмысына өңір басшысымен бірге сол елді мекеннің тұрғындары, жастар, жоғары оқу орнының студентері мен ұстаздары және БАҚ өкілдері боз арша, талшын шағын, емен, ақ қайың ағаштарын егіп, қаламыздың гүлденіп, көркейуіне өз үлестерін қосты.


Аталған демалыс орындары өңір тұрғындарының таза ауада тынығып, демалуы үшін жасалып жатқанын айтқан әкім оның тазалығы мен дамуына бірлесе күш салу қажеттігін ерекше атап өтті. Алдағы уақытта демалыс аймағына 6 мың түп ағаш көшеттері мен балалар алаңшасы, шахмат және дойбы алаңы, веложолдар мен сахна, полиция бөлімшесі, спорттық жаттығу алаңдары салынып, халық игілігіне беріледі. Бұдан бөлек, биыл қалада тағы осы сынды 4 жер абаттандырылып, саябаққа айналдырады. Сонымен қатар, «Шатқал» бағдарламасы аясында 16 мың гектардан астам алқапты құрайтын қаланың жасыл белдеуін қалыптастыру жоспарланған.

Еліміздегі тың жобалардың бірі болып табылатын бұл бағдарламаның басты мақсаты - қараусыз қалған шатқалдарды халық демалатын саябаққа айналдыру. Бұл өз кезінде ауа температурасы +40 градусқа дейін көтерілетін Шымкенттің тұрғындары үшін өте ыңғайлы болмақ. Сонымен қатар, саябақта түрлі мәдени кештер ұйымдастырылып, ашық аспан астындағы амфитеатр демалушылар игілігіне ұсынылады.

Шымкент қаласының Бас жоспарына сәйкес қала аумағына жаңадан елді мекендер қосылып, халықтың саны артты. Сондықтан қаланың экологиялық ахуалы мен ішкі туризмін жақсарту және қараусыз жатқан сайларды саябаққа айналдыру мақсатында өңірде «Шатқал» бағдарламасы әзірленді.

Облыс әкімінің бастамасымен қолға алынған тың жоба бойынша алдағы уақытта қалада 600 гектар шатқалды жер демалыс орындарына айналдыру жоспарлануда. Осы жылы бірінші кезеңдік жұмыстар шеңберінде қолға алынатын 5 шатқалдың (97 гектар алқапты құрайды) біреуі бюджет қаржысы есебінен көгалдандырылып, сая жерлерге айналдырылса, қалғаны демеушілер есебінен жүзеге асырлатын болады. Осы іспеттес абаттандыру жұмыстары қаладағы «Самал-3», «Нұрсәт», «Достық» (оң жақ және сол жақ) шағын аудандарында жүргізіледі.

14 қаңтар, сенбі
2017
14 января, суббота





ОВРАГИ ШЫМКЕНТА ПРЕОБРАЗЯТСЯ

С участием акима области Ж.Туймебаева в рамках программы «Шатқал» состоялась официальная церемония закладки капсулы нового места отдыха. Парк, где в будущем смогут отдохнуть жители города, назвали «Шымсая». С целью озеленения 25 га ущелья в зоне отдыха, расположенного вблизи жилого массива Тассай, посажена 1 тыс. деревьев.


В работах по озеленению совместно с главой региона приняли участие и жители данного населенного пункта, студенты высших учебных заведений, преподаватели и представители СМИ, которые внесли свой вклад в благоустройство города, посадив такие деревья как: туя, дуб, каштан, катальпа и береза. Глава региона отметил, что данные места созданы для отдыха жителей региона на свежем воздухе. Также аким области подчеркнул,что необходимо всем приложить усилия для его чистоты и дальнейшего развития.


В ближайшее время, в зоне отдыха будут посажены 6 тыс. деревьев, также построят детские площадки, велодорожки, театральную сцену, площадки для игр в шашки и шахматы, спортивные площадки и отделение полиции, которые будут сданы на благо народа. Кроме этого, в текущем году благоустроят еще 4 таких земель и тем самы превратят их в парки. Вместе с этим, в рамках программы «Шатқал» на территории более 16 тыс. гектаров земли планируется формирование зеленого пояса вокруг города. Главная цель этой программы, которая является одним из лучших проектов это превращение заброшенных оврагов и участков в парки.

В свою очередь, парки будут очень удобны для жителей Шымкента, где температура воздуха поднимается до 40 градусов. Кроме того, в парке можно не только гулять, но и организовывать культурные вечера. Также здесь откроется амфитеатр под открытым небом.

В соответствии с Генеральным планом города Шымкент, к городу присоединились населенные пункты, тем самым увеличилось количество населения. Таким образом, для улучшения экологической ситуации в городе и внутреннего туризма, а также превращения заброшенных оврагов и участков в парки была разработана программа «Шатқал».

По инициативе акима области в ближайшее время планируется 600 га ущелий превратить в места отдыха. В этом году, в рамках первого этапа, работы по озеленению одного из пяти ущелий, (составляет 97 гектаров земли) один из них проведен за счет бюджетных средств, а остальные будут реализованы за счет спонсоров. Вместе с тем, аналогичные работы по благоустройству будут проведены в городских микрорайонах «Самал-3», «Нурсат», «Достык» (правая часть и левая части).









«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ – 30 КӨЛІК!»

Оңтүстік Қазақстан облысындағы жедел жәрдем қызметіне 30 автокөлік табыс етілді. Медицина мамандарының қуанышымен бөлісе барған облыс әкімі Ж.Түймебаев денсаулық сақтау саласына мемлекет тарапынан бөлініп келе жатқан көңілдің орасан екенін, әлі де саланы дамытып, жетілдіруде қыруар шаруаның атқарылатынын жеткізді.

Жалпы, облыста жедел жәрдем қызметін көрсететін 261 көлік бар. Оның 20 пайыздан астамы бүгінгі күнге жарамсыз. Сол себепті,олардың орнын жаңа көліктермен алмастырып отыратын боламыз.

Облыс тұрғындарының денсаулығын барынша сақтап қалуға тырысып, үйлеріне тез жету, көмектесу, құтқару мәселесінде аянбай қызмет етуді оыдан кейін талап етуге толық құқылымыз», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Басқосуда әкім жедел жәрдем қызметіндегі мәселелерді шешу үшін өңірде биыл 8 қосымша бригаданың құрылатынын, жыл еншісіне тағы да 22 көліктің тапсырысқа берілгенін хабарлады.

Сондай-ақ, ол Шымкент қалалық жедел жәрдем стансасын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы модернизациялау бойынша жұмыстардың жүргізілетіні туралы да айтты.

30 көліктің 20-ы Шымкент қаласына, 10-ы облыс аудандарына беріліп отыр. Бұл үшін облыстық бюджеттен 418 млн. теңге қаралған.

Ал 2017 жылға облыстық бюджет есебінен 535 млн. теңгеге тағы 22 дана автокөлік сатып алу жоспарлануда.

17 қаңтар, сейсенбі
2017
17 января, вторник





«30 АВТОМАШИН ДЛЯ СКОРОЙ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ!»

Службе скорой медицинской помощи Южно-Казахстанской области вручено 30 автомашин. Разделяя радость медицинских работников Ж.Туймебаев, отметил, что государством уделяется большое внимание сфере здравоохранения. Также он проинформировал, что в данном направлении в целях развития и совершенствования будут проведены множество работ.

«В целом, в области имеется 261 автомашин скорой медицинской помощи, из них на сегодняшний день более 20 процентов являются негодными. Именно поэтому, мы будем ежегодно уменьшать их, заменяя новыми автомашинами. Наше требование – как можно максимально сохранить здоровье населения в период чрезвычайных ситуаций, не жалея сил оказывать услуги в вопросах оказания быстрой медицинской помощи, спасения», сказал Жансеит Кансеитович во время встречи со специалистами службы скорой помощи.

В ходе встречи, аким области подчеркнул, что в целях решения вопросов деятельности скорой медицинской помощи, в регионе будет создано 8 дополнительных бригад. В этом году сделан заказ на 22 единицы автотранспорта.

Глава региона также отметил, что будут проведены работы по модернизации станции скорой медицинской помощи города Шымкента в рамках государственно-частного партнерства.

20 автомашин из 30 вручены станции скорой медицинской помощи города Шымкент, 10 единиц распределены по районам области. Для этого из областного бюджета выделено 418 млн. тенге. В 2017 году из областного бюджета запланировано приобретение 22 автомашин скорой медицинской помощи на сумму 535 млн. тенге.





ТҮРКІСТАН ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ **ТҰТАСТЫҒЫН ТЕРЕҢДЕТЕДІ**

Оңтүстік Қазақстан облысында «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында өткізілетін іс-шаралар жоспарына үшжақты қол қою рәсімі өтті. Шараға өңір басшысы Жансейіт Түймебаев пен ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов және ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті директорының міндетін атқарушы Алмаз Нұразхан қатысты.

Өткен жылдың 1 желтоқсанында Әзірбайжанның Шеки қаласында өткен ТҮРКСОЙ Тұрақты Кеңесінің 34-ші отырысында халықаралық кеңеске қатысушылар Қазақстан Республикасының Түркістан қаласын Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы етіп бекіту туралы шешім қабылдаған болатын.

«Елімізде алдымен Астана қаласының, енді ер түріктің бесігі болған Түркістан шаһарының осындай марапатқа ие болуы еліміз үшін үлкен мәртебе, үлкен құрмет. Бұл – бізге мәдениетімізді, әдебетімізді, ұлттық өнерімізді әлемге танытуға берілген үлкен мүмкіндік» деген Жансейіт Қансейітұлы ТҮРКСОЙ ұйымына алғысын білдірді. Оңтүстікқазақстандықтарды ауқымды іс-шараға атсалысуға шақырып, «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында ұйымдастырылатын халықаралық іс-шаралар барысын баяндады.

23 қаңтар, дүйсенбі
2017
23 января, понедельник





ТУРКЕСТАН УКРЕПИТ ЦЕЛОСТНОСТЬ ТЮРКСКОГО МИРА

В Южно-Казахстанской области состоялась церемония трехстороннего подписания плана мероприятий, проводимых в рамках проекта «Туркестан-культурная столица Тюркского мира»

В мероприятии приняли участие глава региона Жансеит Туймебаев, Генеральный секретарь организации ТЮРКСОЙ Дюсен Касеинов и исполняющий обязанности директора Департамента по делам культуры и искусства Министерства культуры и спорта РК Алмаз Нуразхан.

1 декабря прошлого года в городе Шеки Республики Азербайджан, которая являлась культурной столицей тюркского мира, прошло 34-е заседание Постоянного Совета ТЮРКСОЙ, где принято решение об утверждении города Туркестан культурной столицей Тюркского мира на 2017 год.

Для нашей страны большая честь, что город Туркестан удостоен такого звания. Это большая возможность заявить всему миру о нашей культуре, литературе, национальном искусстве», - сказал Жансеит Кансеитович, выражая благодарность организации ТЮРКСОЙ.

Призвав всех южноказахстанцев принять участие в масштабном мероприятии, глава региона рассказал о ходе международных мероприятий, которые будут организованы в рамках проекта «Туркестан – культурная столица Тюркского мира».





МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАР ШЫҒАРАТЫН
ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Шымкенттегі «Тассай» индустриялды аймағында медициналық жабдықтардың 17 түрін шығаратын зауыт іске қосылды. «Marai E7 Group» жобасының ашылу салтанатына облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысып, зауыттың жұмыс барысымен танысты.

Өңір басшысы облыс экономикасын әртараптандыру және өңірдегі кәсіпкерлікті дамытуда индустриялық аймақтардың маңызды рөл атқарып отырғанына тоқталды.

Тассай индустриялды аймағындағы 89 гектарды алып жатқан алаңда 24 инвестициялық жоба іске асырылуда. «Marai E7 Group» ЖШС-нің медициналық мақсаттағы ортопедиялық бұйымдар шығаратын зауыты облысқа 393 млн. теңге инвестиция тартып, 50 адам жұмыспен қамтылатын болады. Жансейіт Қансейітұлы бұл кәсіпорынның болашағына зор үміт артатынын айтты.

Оңтүстіккореялық технологиямен жабдықталған зауытта жылына 500 мың бинт пен 274 мың ортопедиялық бұйым әзірленетін болады. Зауыт өнімі түрлі сынық, жарақатта қолданылады. ТМД елдері бойынша теңдесі жоқ кәсіпорын Қазақстан нарығын толық қамтамасыз етуге қауқарлы. Қазіргі таңда Түркия, Өзбекстан және Қызғызстан елдеріне өнімдерін экспорттау мақсатында жұмыс жүргізіліп те жатыр.

27 қаңтар, жұма
2017
27 января, пятница





ЗАПУЩЕН ЗАВОД ПО ВЫПУСКУ **ИЗДЕЛИЙ МЕДИЦИНСКОГО НАЗНАЧЕНИЯ**

В индустриальной зоне « Тассай» города Шымкент запущен завод по выпуску 17 видов изделий медицинского назначения. Приняв участие в торжественной церемонии запуска проекта «Marai E7 Group», аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев ознакомился с деятельностью завода.

Глава региона подчеркнул, что в диверсификации экономики и развитии предпринимательства в регионе важную роль играют индустриальные зоны. В индустриальной зоне, площадь которого составляет 89 гектаров, на сегодняшний день, реализуются 24 инвестиционных проекта. Завод ТОО «Marai E7 Group» по выпуску ортопедических изделий медицинского назначения привлечет в область инвестиций на сумму 393 млн.тенге, тем самым работой будут обеспечены 50 человек», - сказал Жансеит Туймебаев.

Жансеит Кансеитович отметил, что возлагает большие надежды на это предприятие, оснащенное южнокорейской техникой. Здесь планируется выпускать 500 тысячи бинтов и 274 тысячи ортопедических изделий.

Продукция завода используется для оказания медицинской помощи при различных переломах. Предприятие, не имеющее аналогов в странах СНГ, способно обеспечить продукцией весь казахстанский рынок. В настоящее время, ведутся работы по экспорту продукции в Турцию, Узбекистан и Кыргызстан.





УНИВЕРСИАДА **АЛАУЫ ЖАҒЫЛДЫ**

Оңтүстікқазақстандықтар Бүкіләлемдік XXYIII қысқы «Универсиада-2017» дүбірлі додасының алау эстафетасын қабылдады. Әл-Фараби алаңында салтанатты рәсімге қатысқан облыс әкімі Ж.Түймебаев барша жұртшылық пен спортсүйер қауымды Тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет өтіп жатқан Дүниежүзілік қысқы студенттер ойыны «Алау эстафетасының» келуімен құттықтады. Өңір басшысы, сондай-ақ, егемендіктің 25 жылында әлем таңданатын елге айналуымыз Елбасының ерен еңбегінің арқасында жүзеге асқанын айырықша атап өтті.

Еліміздің намысын қорғайтын спортшылардың қатарында оңтүстікқазақстандық 5 спортшы бар. Олар - фристайл спорт түрінен Жанбота Алдабергенова, Жібек Арапбаева, Ақмаржан Қалмұрзаева, Бағлан Іңкәрбек, Дархан Мұхамеджанов.

Универсиада Алауын облыс әкімі Ж.Түймебаев жағып, біршама қашықтықта алып жүрген соң, ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері, «Құрмет» орденінің иегері Әлия Жүсіповаға табыс етті. Мұнан соң әлемге белгілі спортшыларымыз бен 12 жоғары оқу орнының студенттерінен құралған 60 алаугер Шымкент қаласының басты көшелерімен яғни, 12 шақырым жолды жүріп өтті. Эстафета «Наурыз» алаңында мәреге жетті. Шараға 6 мың адам қатысты.

Алаугерлердің қатарында есімдері елімізге ғана емес, әлемге мәшһүр бірнеше белгілі спортшыларымыз да болды. Жасы 80-нен асқан спорт ардагері, КСРО спорт шебері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР Балалар футбол қауымдастығының Құрметті төрағасы, облыстың Құрметті азаматы Махамбет Сапарбаев қария да алаугерлер сапында жүріп өтті.

28 қаңтар, сенбі
2017
28 января, суббота





ЗАЖЖЕН **ОГОНЬ УНИВЕРСИАДЫ**

Южноказахстанцы приняли эстафету огня XXVIII Всемирной зимней Универсиады.

На площади Аль-Фараби города Шымкент прошла официальная церемония зажжения огня эстафеты 28-й Всемирной зимней Универсиады Алматы-2017 Приняв участие в торжественной церемонии, аким области Жансеит Туймебаев поздравил общественность, любителей спорта и болельщиков с этим знаменательным событием, которое впервые проходит в истории суверенного Казахстана.

Глава региона также подчеркнул, что за 25 лет независимости Казахстан стал узнаваемым во всем мире и в этом большая заслуга Президента.

Отметим, что в составе сборной страны в Универсиаде примут участие 5 южноказахстанских спортсменов по фристайлу. Это Алдабергенова Жанбота, Арапбаева Жибек, Калмурзаева Акмаржан, Инкарбек Баглан, Мухамеджанов Дархан.

Аким области Ж.Туймебаев зажег Огонь Универсиады и пронес его несколько километров. Затем передал атрибут Универсиады - 2017 заслуженному мастеру спорта РК, обладательнице ордена «Курмет» Алие Юсуповой.

60 факелоносцев, среди которых известные спортсменов и студентов 12 высших учебных заведений прошлись по главным улицам города Шымкент. Всего прошли 12 километров пути. В целом на мероприятии приняли участие 6 тысячи человек.

В числе факелоносцев были спортсмены, известные нетолько встране, но и в мире. Факел пронес и 80-летний ветеран спорта, мастер спорта СССР, заслуженный тренер РК, Почетный председатель ассоциации детского футбола РК, Почетный гражданин области Махамбет Сапарбаев.





МИНЕРАЛДЫ СУСЫН ШЫҒАРАТЫН СЕРІКТЕСТІК ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ


Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж. Түймебаев Шымкенттегі «Рауан» ЖШС компаниялар тобында болды. Өңір басшысы бүгінде ел нарығында минералды сулар мен шырындар шығару тәжірибесімен танылған «Рауан» ЖШС-нің еншілес компанияларының жұмысымен танысты. Зауыттарды аралау кезінде әкім компания басшылығына өнімдерді нарықта саудалау мен оны жеткізуді әлі де жақсарту қажеттігін айтып, серіктестік жұмысын оң бағалады.

Мұнан соң Ж.Түймебаев серіктестіктің Шымкенттегі Алтынтөбе елді мекенінде орналасқан «АгроНурАзия» компаниясында болды. Ондағы балық аулау, балық өсіру және сол арқылы демалыс ұйымдастыру кешенді орталығында биыл аквабақ салу қолға алынбақ. Сондай-ақ, болашақта мұнда сауда-логистикалық орталығын ашу көзделіп отыр. Өңір басшысы серіктестіктің аталған жобаларды қаржыландыру мәселесіне әкімдік тарапынан жан-жақты қолдаудың болатынын жеткізді. Шағын және орта бизнес пен туризмді дамыту ісіне жергілікті тұрғындарды көптеп тарту қажеттігіне тоқталған әкім бұл ретте мемлекет тарапынан түрлі жеңілдетілген бағдарламалардың түзілгенін айтты.

«Рауан» ЖШС компаниялар тобы 1998 жылы құрылып, Қазақстан нарығында 18 жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келеді. Компанияның негізгі жұмысы алкогольсіз сусындар мен шырын және минералды сулар шығаруға бағытталған. Бүгінде өңірімізде сусындар мен минералды сулар зауытында жылына 50 млн. дана дайын өнім шығарылады.

Мұнан бөлек, компанияның балық шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бағытына машықтанған «АгроНурАзия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен айына 2 млн. дана кірпіш шығаруға қауқарлы «Рауан-7» ЖШС зауыты бар.

1 ақпан, сәрсенбі
2017
1 февраля, среда





ЗНАКОМСТВО С РАБОТОЙ ПРЕДПРИЯТИЯ **ПО ВЫПУСКУ МИНЕРАЛЬНОЙ ВОДЫ**

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев побывал с рабочей поездкой в группе компаний ТОО «Рауан». В ходе рабочего визита глава региона ознакомился с деятельностью дочерних компаний ТОО «Рауан», которая известна на рынке благодаря производству минеральной воды и соков. Аким области, положительно оценив работу товарищества, подчеркнул необходимость проведения качественной работ в торговле и реализации продукции на рынке.

Затем Ж.Туймебаев побывал в компании «АгроНурАзия», которая расположена в населенном пункте Алтынтобе города Шымкент. В рыбном хозяйстве планируется строительство аквапарка, торгово-логистического центра.

Глава региона отметил, что акиматом всесторонне будет оказана поддержка в вопросах финансирования данных проектов. Наряду с этим, глава региона подчеркнув о необходимости привлечения граждан в развитие малого и среднего бизнеса и туризма, рассказал о том, что государством составлены различные льготные программы.

Стоит отметить, группа компаний ТОО «Рауан» существует на рынке Казахстана более 18 лет. Основным видом деятельности компании является производство безалкогольных напитков, соков и минеральной воды.

В настоящее время, ежегодный объем производимой продукции компании, превышает 50 миллионов единиц в год.Кроме того, компания имеет завод ТОО «АгроНурАзия», который ориентирован на рыболовство, переработку сельхозпродукции и кирпичный завод ТОО «Рауан-7», производительной мощностью 2 миллиона штук керамического кирпича.





ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМЫ БАСТАЛДЫ**

Шымкентте Қазақстан-Түркия инвестициялық бірлескен форумы өтті. Өңірімізге шетелдік инвестицияларды көптеп тартуға бағытталған шараға 200-ге жуық түркиялық делегат пен қазақстандық 300 кәсіпкер қатысты. Делегаттар құрамында Түрік Кеңесі Бас хатшысының орынбасары Омер Коджаман мен Түркия Республикасы Ұлттық экономика министрінің кеңесшісі Тарык Сонмез, Анкара қаласы мэрінің кеңесшілері Рамазан Кабасакал, Мехмед Али Арслан және Сакария провинциясының сауда-өнеркәсіп палатасының басқарма төрағасы Mahmуд Косемусул және денсаулық сақтау, экономика министрлігінің өкілдері мен кәсіпкерлер сынды жауапты тұлғалар бар. Сонымен бірге, форум жұмысына ОҚО әкімі Жансейіт Түймебаев, ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитетінің төрағасы Сапарбек Тұяқбаев және салаға қатысты жауапты жетекшілер мен кәсіпкерлер қатысты.

Форумда түркиялық инвесторларға өңір экономикасы мен инвестициялық ахуалы және инвестицияларға қатысты ҚР-ның мемлекеттік бағдарламалары таныстырылды. Сондай-ақ, мұнда екіжақты іскерлік топтар арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды жандандырып, нығайтатын іскерлік бағдарлама ретінде B2B кездесулерге басымдық берілді.

Оңтүстік өңіріне арнайы келген түрік кәсіпкерлеріне алғысын білдірген өңір басшысы Ж.Түймебаев бұл форумның Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында айтылған міндеттерді орындаудағы негізгі алғышарттардың бірі екенін атап өтіп, жиынның маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар ол Түркия Қазақстанның саяси және экономикалық тұрғыдағы ең жақын және сенімді серіктесіне айналғанын айтып, бүгінгі екі жақты кездесудің жемісті боларына сенім білдірді.

Қазақ-түрік инвестициялық форумы аясында «ОҚО-ның инвестициялық әлеуеті» тақырыбындағы конференциядан бөлек, Оңтүстік Қазақстан облысының инвестициялық жобаларының, тауар өндірушілерінің, даму институттарының және туристік жобаларының көрмесі, сонымен қатар, ОҚО-ның негізгі туристік бағыттары бойынша ақпараттық турлар өткізілді.





КАЗАХСТАНСКО-ТУРЕЦКИЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ФОРУМ

В Шымкенте прошел совместный Казахстанско-Турецкий инвестиционный форум. В мероприятии, направленном на привлечение большего числа иностранных инвестиций, приняли участие около 200 турецких и 300 казахстанских предпринимателей.

В делегации во главе с заместителем Генерального секретаря Тюркского Совета Омером Коджаманом и советником министра Национальной экономики Турецкой Республики Тарыком Сонмез, присутствуют советник Мэра в Мэрии города Анкара Рамазан Кабасакал, Мехмед Али Арслан и Председатель правления в Торгово-промышленной палате провинции Сакария Махмуд Косемусул, а также представители сфер здравоохранения, Министерства экономики и ответственные лица.

В работе форума приняли участие аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев, председатель Комитета по инвестициям министерства инвестиций и развития РК Сапарбек Туякбаев, предприниматели и должностные лица, ответственные за данную сферу.

На форуме турецких инвесторов ознакомили с экономикой региона, инвестиционным климатом и государственными программами РК. Также приоритет отдан встречам в формате B2B, направленные на возобновление и укрепление торгово-экономических отношений между деловыми кругами двух стран.

Глава региона Ж. Туймебаев выразил благодарность прибывшим турецким инвесторам и остановился на значимости форума, подчеркнув, что данный форум является одним из основных предпосылок к выполнению поставленных задач, озвученных в Послании Президента «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность».

Аким области подчеркнул, что на сегодняшний день Турция является одним из близких и надежных партнеров Казахстана и выразил уверенность, что двусторонняя встреча станет залогом плодотворного сотрудничества.

В рамках Казахстанско-Турецкого форума помимо конференции на тему «Инвестиционный потенциал ЮКО» организована выставка инвестиционных проектов, товаропроизводителей, туристских проектов и институтов развития, информационных туров по туристским маршрутам ЮКО.





УНИВЕРСИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Облыс әкімі Ж.Түймебаев Алматы қаласында өтіп жатқан XXYIII Бүкіләлемдік қысқы Универсиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін қабылдады. Универсиада ойындарында жеткен жетістіктері үшін әкім үздік спортшыларымызға алғысын білдіріп, ыстық ықыласын жеткізді. Сонымен қоса, Алғыс хатпен марапаттап, қаржылай сыйлық табыс етті.

«Бұл тарихи жеңіске бүкіл қазақ елі мен Елбасымыз және үш миллионға жуық тұрғыны бар оңтүстік жұрты да ерекше қуанды. Спортшыларымыздың арқасында жоғары деңгейдегі әлемдік бәсекеде еліміздің көк байрағы желбіреді.Сіздер біздің жігерлі күрес пен асқақ жеңістерге толы ұлттық рухымызды паш еттіңіздер. Сіздердің жеңістеріңіз спортты дамытуға барлық жағдайды жасаған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың спорт саласына деген қамқорлығының және қолдауының жарқын дәлелі», -деді өңір басшысы.

Байрақты бәсекеде фристайл спортының акробатика тәсілімен секіруден жерлестеріміз Жібек Арапбаева күміс медаль ұтып алса, Жанбота Алдабергенова қола медальге қол жеткізіп, ел құрамасын командалық есепте төртінші орынға шығарды. Ал, Ж. Алдабергенова мен Бағлан Іңкәрбек командалық сайыста алтын медальға ие болды.

Жерлестеріміздің Универсиада төрінде жасаған ерліктері үшін I орын алған спортшыларымызға үш миллион теңге, II және III орын алған спортшыларымызға екі миллион теңге, ал жаттықтырушы Мұрат Аблятифовқа 2 миллион теңге көлемінде қаржылай сыйлық берілді.

2 ақпан, бейсенбі
2017
2 февраля, четверг





НАГРАЖДЕНЫ **ПОБЕДИТЕЛИ УНИВЕРСИАДЫ**

Аким области Ж.Туймебаев принял победителей и призеров 28-й Всемирной зимней Универсиады, проходящей в Алматы. Глава региона выразил благодарность спортсменам, отстаивавшим честь страны на Универсиаде, вручил благодарственные письма и денежные вознаграждения.

«Эту историческую победу с особой радостью разделил весь казахстанский народ, Глава государства, а также около трех миллионов жителей нашей области. Благодаря вам, флаг нашей республики не раз поднимался ввысь. Ваши победы в очередной раз убедительно продемонстрировали силу духа, волю к победе, умение побеждать, патриотизм и единство нашего народа. Глава государства создает все необходимые условия для развития спорта, ваших побед, и это является ярким подтверждением заботы и поддержки сферы спорта», - сказал глава региона.

В фристайле в дисциплине «акробатика» Жибек Арапбаева завоевала серебро, Жанбота Алдабергенова - бронзовую медаль. Сборная нашей страны заняла четвертое место в командном зачете. Жанбота Алдабергенова и Баглан Инкарбек завоевали золотые медали Универсиады-2017 в дисциплине «смешанная командная акробатика». Спортсменам, завоевашим I место, вручен денежный приз в размере трех миллионов тенге, за II и III места два миллиона тенге. Тренеру Мурату Аблятифову вручен денежный приз в размере 2 миллионов тенге.

EXPO 2017
· Future Energy ·
Astana Kazakhstan



ЭКСПО-2017 КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСАТЫН **ЕРІКТІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ**

Облыс басшысы Жансейіт Түймебаев Астанадағы «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысушы ерікті жастармен кездесті. 100 еріктімен болған жүздесуде олардың дайындық жұмыстары жайы тыңдалды. Халықаралық шара басталғанға дейін еріктілердің сан түрлі білімін шыңдап, пысықтау жұмыстары жүргізілмек. Арнайы мамандар Қазақстан тарихы, ағылшын тілі, Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік саласы аясында бір ай көлемінде 80 сағат семинар-тренинг өткізеді. Оның нәтижесі бойынша облыстағы 6 аудан, қаладағы тарихи киелі жерлерге саяхат жасалып, ерікті жастарға арнайы логотипі бар бейсболка, футболка, мойынорағыш және сырт киімдер таратылады.

«Астана ЭКСПО-2017 Ұлттық компаниясы» АҚ тарапынан ОҚО-ның 100 ерікті жасына арнайы логотиппен бекітілген киімімен жатын орын (3 мезгіл тамақтану қамтылған) және мобильді байланыс құралымен қоса, қала аумағындағы қоғамдық көліктерде және көрме өтетін павильондарда тегін кіру мен тегін жүру билеттерімен қамтамасыз етіледі.

Жиынды қорытындылаған Жансейіт Қансейітұлы ерікті жастардың бұл жұмыстары еліміз үшін өте маңызды екеніне тоқталып, шетелдік қонақтарға тиісті деңгейде қызмет ету қажеттігін айтты

11 ақпан, сенбі
2017
11 февраля, суббота



EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan

ВСТРЕЧА С ВОЛОНТЕРАМИ **ВЫСТАВКИ ЭКСПО-2017**

Глава области Жансеит Туймебаев встретился со 100 волонтерами, которые примут участие в международной специализированной выставке «ЭКСПО-2017» в городе Астана. Все они прошли специальную подготовку.

На встрече было отмечено, что волонтеры пройдут 80-ти часовой семинар-тренинг по истории Казахстана, английскому языку, также экономической и социальной сфере развития Казахстана, будут ездить по историческим местам ЮКО.

Ти будут выданы бейсболки, футболки, шарфы и верхняя одежда со специальным логотипом.

«АО Национальной компанией «ЭКСПО-2017 Астана» 100 волонтеров ЮКО будут обеспечены специальной одеждой с утвержденным логотипом, спальным местом, 3-х разовым питанием, мобильной связью, бесплатным проездом на общественных транспортах, а также получат бесплатные билеты для входа в павильоны.

Подытоживая совещание, Жансеит Кансеитович подчеркнул, что одним из важнейших элементов в проведении выставки ЭКСПО-2017 является деятельность волонтеров, перед которыми ставится задача оказать услуги на должном уровне.



ЕЛБАСЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ **ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ**

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевты қабылдады.

Кездесуде Ж.Түймебаев Елбасыға өңірдің өркендеуі мен 2021 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму жоспары туралы баяндады.

Елбасы өңірдің салық түсімдері көрсеткішінің төмен екенін, өңірдің республика бойынша мейлінше дотациялы болып отырғанын атап өтті.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев еңбек нарығын реттеу саласындағы жұмыссыздық мәселелеріне назар аударды.

– Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың үлесі жоғары. Оңтүстік Қазақстан үшін жұмыссыздық пен халықтың көші-қон мәселесі әрқашан өзекті болып қала бермек. Бұл мәселелерді шешу үшін шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Шымкенттің таяу келешекте тұрғындарының саны 1 миллион адамнан асатын қалаға айналатынын атап өтті.

Облыс әкімі Елбасыға «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауда белгіленген мақсаттар мен міндеттерді аймақ тұрғындары жан-жақты қолдап отырғаны туралы мәлімдеді.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев облыс өнеркәсібін, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы салаларын дамыту, инвестициялық тартымдылығын арттыру жөнінде міндеттерді орындауға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

13 ақпан, дүйсенбі
2017
13 февраля, понедельник



ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПРИНЯЛ
АКИМА ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Глава государства Нурсултан Назарбаев принял акима Южно-Казахстанской области Жансеита Туймебаева.

В ходе встречи аким области доложил Президенту Казахстана о перспективах области в текущем году, а также социально-экономическом плане развития региона до 2021 года.

Президент Казахстана указал на низкий уровень показателей налоговых сборов, отметив при этом, что регион является наиболее дотационным в республике. Также Глава государства обратил внимание на вопросы безработицы в контексте регулирования рынка труда.

«Высок процент граждан, являющихся самозанятыми. Вопросы безработицы, миграции населения для Южно-Казахстанской области всегда остаются актуальными. Для решения указанных проблем необходимо и далее развивать малый и средний бизнес», - подчеркнул Нурсултан Назарбаев.

Кроме того, Президент Казахстана отметил, что Шымкент в скором будущем станет еще одним городом страны, количество жителей которого превысит отметку в 1 млн. человек.

Аким области проинформировал Нурсултана Назарбаева о всемерной поддержке жителей региона целей и задач, обозначенных Главой государства в своем Послании «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность».

В завершение Нурсултан Назарбаев дал ряд конкретных поручений, направленных на выполнение задач по развитию промышленности, сельскохозяйственной и животноводческой отрасли, инвестиционной привлекательности области.





ОБЛЫС ӘКІМІ **ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРДІ**

Бұл күні Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев 2016 жылы атқарылған жұмыстар бойынша халық алдында есеп берді. Әкім өткен жылы өңіріміздің экономикалық және әлеуметтік салаларында атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы кезеңде іске асырылатын жұмыс жоспарлары туралы баяндады. Есепті кездесуге жергілікті тұрғындармен қатар, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Қ.Айтаханов пен Ә.Бектаев және ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік инспекторы М.Имандосов қатысты.

Айта кетейік, өңір басшысының халық алдындағы жылдық есебі биыл алғаш рет онлайн режимде Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ontustik.gov.kz сайтынан көрсетіліп, 3 миллионға жуық халқы бар күнгей тұрғындарын қамтыды. Сондай-ақ, облыс орталығындағы «Түркістан» сарайында өтіп жатқан жылдық есептен бөлек, әрбір аудан, қалалардағы әкімдіктерде де жергілікті халық, жалпы саны 5 мыңнан астам Оңтүстік тұрғыны атқарылған жұмыстардың барысын онлайн режимде тыңдады.

2016 жылы атқарылған жұмыстарға тоқталған өңір басшысы өнеркәсіп саласында 776,8 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, 2015 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға артқанын баяндады. Бұл көрсеткіш бойынша облысымыз республикада 3 орынды иеленіп отыр. Индустриалдық – инновациялық даму бағдарламасының аясында былтыр 19 жоба іске қосылып, 600-ден астам жұмыс орны ашылды. 2016 жылы индустриалды аймақтарында 15 жоба іске қосылып, 6 млрд. теңге инвестиция тартылды. Жалпы, облыстағы индустриалды аймақтарда 200,5 млрд.теңгеге 170 жобаны іске асырып, 12 мыңнан астам жұмыс орнын құру жоспарланған.

«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында 303 жобаға қолдау көрсетіліп, 2126 жұмыс орны құрылды. Барлық аудан, қалаларда «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары» арқылы 37 232 адамға көмек көрсетілді. Облыс экономикасына өткен жылы 380,6 млрд.теңге инвестиция тартылды.

Есепті жылы облыста 530 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Денсаулық сақтау саласында 4 нысан, білім саласында 39, ал мәдениет саласында 8, спорт саласында 2 нысан қолданысқа берілді. Сондай-ақ, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша 18,8 млрд. теңге игеріліп, нәтижесінде 72,2 мың адам қамтылып, осы бағдарлама аясында 36,2 мың тұрақты жұмыс орны құрылды. Өткен жылы аймақта 24 ауыз су, 25 табиғи газ нысандары пайдалануға берілсе, 640,9 шақырым автомобиль жолдары мен елді мекен көшелеріне құрылыс-жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл 2016 жылы атқарылған жұмыстардың бір парасы ғана.

«Соңғы жылдары облыстың агроөнеркәсіптік өндірісінің дамуында оң үрдістер байқалып отыр. Ауыл шаруашылығында жалпы өнімінің өсу динамикасы сақталып, егін шаруашылығын әртараптандыру, асыл тұқымдандыру бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұл мемлекеттің белсенді бюджеттік саясатының арқасында мүмкін болуда. Есепті жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 445 млрд. теңгені құрап, 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,9% артты. Егіс көлемі 13 мың гектарға ұлғайып, 788,8 мың гектар болды», - деді әкім.

Оңтүстік диқандары былтыр орта есеппен 633 мың тонна дәнді дақыл жинаса, бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 8,9%-ға артық. Дәнді дақылдың түсімділігі орташа 25,1 цн/га құрап, Қазақстанның Тәуелсіздік кезеңіндегі ең үлкен рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді. Сонымен қатар, 2016 жылы 1060 мың тонна көкөніс, 1264 мың тонна бақша өнімдері, 268 мың тонна картоп, 287 мың тонна мақта жиналды. Мұндай жоғары өнімділікке еңбекқор да іскер жерлестеріміз ерен еңбегінің арқасында қол жеткізді.

17 ақпан, жұма
2017
17 февраля, пятница





АКИМ ОБЛАСТИ ВЫСТУПИЛ **С ОТЧЕТОМ ПЕРЕД НАСЕЛЕНИЕМ**

В этот день аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев выступил с отчетом перед населением по итогам работы за 2016 год. Подробно остановился он на задачах, решаемых в экономике, социальной сфере, рассказал о перспективах развития региона на ближайшие пять лет. В отчетной встрече приняли участие депутаты Сената Парламента РК К.Айтаханов и А. Бектаев, а также государственный инспектор Администрации Президента РК М. Имандосов.

Стоит отметить, что в впервые этом году годовой отчет главы региона перед населением транслировался в режиме онлайн на сайте акимата Южно-Казахстанской области ontustik.gov.kz, тем самым охват составил около 3 миллионов человек. Отчетную встречу в режиме онлайн посмотрели еще пять тысяч южноказахстанцев, которые собрались в городских и районных акиматах.

Как констатировал глава региона, в 2016 году в сфере промышленности произведено продукции на 776,8 млрд. тенге, что по сравнению с 2015 годом больше на 4,4%. По этому показателю наша область занимает 3 место в республике.

В рамках программы индустриально-инновационного развития запущено 19 проектов, создано более 600 рабочих мест. В 2016 году реализовано 15 проектов на сумму 6 млрд. тенге, создано 585 рабочих мест. В целом, во всех индустриальных зонах области планируется реализация 170 проектов на сумму 200,5 млрд. тенге с созданием более 12 тыс. рабочих мест.

В рамках программы «Дорожная карта занятости-2020» поддержу получили 303 проекта, в результате создано 2126 рабочих мест. Через все районные и городские центры обслуживания предпринимателей помощь получили 37 232 человек.

За отчетный год введено в эксплуатацию 530 тыс. квадратных метров жилья. Введены в эксплуатацию 4 объекта сферы здравоохранения, 39 объектов в сфере образования, 8 объектов культуры и 2 спортивных объекта.

Также в рамках программы «Дорожная карта занятости-2020» освоено 18,8 млрд. тенге, в результате работой обеспечены 72,2 тыс. человек. В рамках данной программы создано 36,2 тыс. постоянных рабочих мест. В прошлом году в регионе введено в эксплуатацию 24 объекта водоснабжения, 25 объектов газоснабжения. Проведены строительно-ремонтные работы улиц населенных пунктов и автомобильных дорог протяженностью 640,9 км. Это лишь часть проделанных работ за 2016 год.

«В последние годы наблюдаются положительные тенденции в развитии агропромышленного производства области. Сохраняется динамика роста валовой продукции в сельском хозяйстве, продолжается работа по диверсификации растениеводства и повышению доли племенных животных. Это становится возможным благодаря активной бюджетной политики государства. Объем валовой продукции сельского хозяйства составил 445,0 млрд. тенге, что по сравнению с аналогичным периодом 2015 года больше на 4,9%. Площадь с сельскохозяйственными культурами по сравнению с прошлым годом увеличилась на 13 тыс. га, составив 788,8 тыс. гектаров», - сказал аким.

Если в среднем в прошлом году южноказахстанскими дехканами собрано 633 тысячи тонн зерновых культур, по сравнению с 2015 годом этот показатель больше на 8,9%. Средняя урожайность составила 25,1 ц/га, тем самым регион достиг рекордных показателей за весь период Независимости Казахстана.

Кроме того, собрано 1060 тыс. тонн овощей, 1264 тыс. тонн бахчевых, 268 тыс. тонн картофеля, 287 тыс. тонн хлопка. Такая высокая производительность достигнута благодаря трудолюбию наших земляков.





ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ШЕКАРАСЫНДА

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орнбасары Асқар Мамин бастаған жұмыс тобы іссапармен Оңтүстік Қазақстан облысына келді.

Делегация құрамында ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.Атамкұлов, ҚР Қаржы министрі Б.Сұлтанов, ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Ғ.Қойшыбаев, ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Т.Жақсылықов, ҚР Инвестициялар және даму вице-министрі Р.Скляр, ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Г.Амрин бар.

Астанадан келген жұмыс тобына ОҚО әкімі Жансейіт Түймебаев шекара бойындағы 4 кеден бекетін аралап көрсетті.

Жұмыс тобы казақ-өзбек шекарасындағы «Б.Қонысбаев», «Жібек-Жолы», «Қапланбек» кеден бекеті қызметімен танысты. Делегация мүшелері «Б.Қонысбаев» кеден бекетін көршілес Өзбекстан аумағына дейін кеңейту мәселесін талқылады. Сонымен қатар, олар жүктерді өңдеу уақыты мен азаматтардың шекарадан өту процесін оңтайландыруды және Өзбекстан Республикасымен өзара тиімді сауда – экономикалық тауар айналымын арттыру мүмкіндігін қарастыру жайын сөз етті.

Іссапар барасында делегация 2009 жылы қайта жөндеуден өту кезінде салынған «Жібек Жолы» бекетіндегі жолаушылар терминалына барды. Заманауи терминалдың пайдалануға берілуі ондағы жеке тұлғаларды тәуліктік өткізу мүмкіндігін 14 мың адамға дейін жеткізу еді.

22 ақпан, сәрсенбі
2017
22 февраля, среда



НА **КАЗАХСКО-УЗБЕКСКОЙ** ГРАНИЦЕ

В Южно-Казахстанскую область прибыла рабочая группа во главе с первым заместителем Премьер-Министра РК Аскаром Маминым.

В состав делегации вошли: Министр оборонной и аэрокосмической промышленности РК Б.Атамкулов, Министр финансов РК Б.Султанов, заместитель Министра иностранных дел РК Г.Койшыбаев, Вице-министр национальной экономики РК Т.Жаксылыков, Вице-министр по инвестициям и развитию РК Р.Скляр, заместитель председателя Комитета государственных доходов Министерства финансов РК Г.Амрин.

Аким ЮКО Жансеит Туймебаев ознакомил группу с 4 таможенными постами, расположенные вдоль границы.

Делегация ознакомилась с деятельностью таможенных постов «Б.Конысбаев», «Жибек-Жолы», «Капланбек», «Казыгурт», расположенных на казахско-узбекской границе. Члены делегации обсудили вопросы расширения таможенного поста «Б.Конысбаева» до территории Узбекистана.

А также были обсуждены вопросы оптимизация времени обработки грузов и процесса пересечения границы, рассмотрения возможности увеличения товарооборота и улучшения взаимовыгодных торгово-экономических связей с Республикой Узбекистан.

В ходе поездки делегация также посетила пассажирский терминал на таможенном посту «Жибек Жолы», построенный в 2009 году в ходе реконструкции таможенного поста. Ввод в эксплуатацию современного терминала позволило увеличить суточную пропускную способность до 14 тыс. физических лиц.





«КӨКСАРАЙДА» ӨТКЕН ЖИЫН

Облыс басшысы Жансейіт Түймебаев көктемгі су тасқынының алдын алу жұмыстарымен танысу мақсатында бірқатар аудандарды аралады. Әкім Мақтаарал ауданында арнайы құрылған тасқын зардаптарын жою жөніндегі құрылған штабтың есебін тыңдады. Аудан әкімі Ғ.Исмайлов толассыз жауған жауынның салдарынан аудандағы су басқан үйлердің аулалары толығымен тазартылғанын баяндады

Өңір басшысы тасқын қауіпсіздік шараларын сақтамаған каналдардың меншік иелеріне ескерту беруді және иесіз қалған каналдарды мемлекет меншігіне яғни, «Қазсушар» мекемесінің құзырына өткізуді және оны тазалау, реттеу жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ, жерасты суларды реттеу мақсатында барлық дренаждардың жұмыс істеу қабілетін қайта қарап, қалпына келтіріп, олардың дұрыс деңгейде күтіп ұсталуын және пайдалануын қамтамасыз етуді жүктеді.

Ж.Түймебаев бастаған жұмыс тобы Шардара су қоймасын әуеден бақылап, Сырдария өзенінің аңғарын шолып шықты. «Көксарай» су реттегішінде Түркістан, Арыс қалалары мен Шардара, Отырар ауданы әкімдері мен облыстық деңгейдегі сала жетекшілерінің қатысуымен көшпелі жиын өткізді.

Жиында өңір басшысы барша жауапты сала мамандарына төтеден келуі мүмкін тасқын суға сақадай сай болу қажеттігін ескертті. Тиісті башылардың қалыптасқан ахуалға байланысты ой-пікір,ұсыныстарын тыңдады. Тасқын судың алдын алу жөнінде тиісті шараларды тыңғылықты орындауды жүктеді. Бұдан бөлек, әкім облысымызда жыл сайын қайталанатын мәселені оңтайлы шешу жолдарын ұсынды.

«Оңтүстікте жылда осы ахуал қайталанады. Көктемде көп мөлшерде жауатын жаңбыр кезінде ел тасқыннан қауіптенеді. Ал жаз кезінде егістікке су таппай қиналады. Неге біз осының ортақ шешімін таппаймыз?! Сырдарияның Оңтүстік Қазақстан облысындағы ұзақтығы 375 шақырымды құрайды. Алайда осыншама құнарлы алқаптың басым бөлігі бос жатыр. Көрші Қызылорда облысының барлық аудандары мен елді мекендері өзен бойында орналасқан. Сол сияқты біздің өңірде де Сырдарияның аңғарынан су тоқтататын бөгеттер салып, көктемгі тасқын кезінде артық суды осында бұрып, егістік үшін жинайды. Менің тапсырмаммен Арыс қаласының, Отырар және Шардара аудандарының әкімдері өзен аумағындағы алқаптарды суландырудың жобасын жасап шықты. Енді мұны облыста талқылап, тағы толықтырғаннан кейін Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынамыз. Оған қажетті қаржыны табатын боламыз. Егер жүзеге асса, қаншама халық жаңа жерге қоныстанып, жұмыспен қамтылып, табыс көзі артар еді», - деген Ж.Түймебаев ұсынылған жобаларды қайта дайындап, нақтылауды тапсырды.

23 ақпан, бейсенбі
2017
23 февраля, четверг





ЗАСЕДАНИЕ НА **«КОКСАРАЕ»**

Глава области Жансеит Туймебаев с целью ознакомления с работой по предупреждению весенних паводков побывал в ряде районов. Аким заслушал отчет специально созданного штаба по ликвидации последствий паводка в Мактааральском районе.

Аким района Г. Исмаилов доложил, что дворы, которые были затоплены в результате проливных дождей, полностью очищены. Глава региона поручил вынести предупреждение владельцам каналов за несоблюдение мер безопасности и передать в компетенцию «Казводхоза» бесхозные каналы, провести их очистку и работы по восстановлению.

Глава региона поручил пересмотреть работоспособность всех дренажей и восстановить их, обеспечив правильное использование.

Рабочая группа во главе с Ж.Туймебаевым облетела Шардаринское водохранилище и русло реки Сырдарья. Затем в Коксарайском контррегуляторе состоялось выездное совещание с участием акимов городов Туркестана, Арыси и Шардаринского и Отырарского районов, а также отраслевых руководителей областного уровня. На заседании глава региона предупредил всех ответственных специалистов сферы о необходимости быть готовым к возможным паводкам.

Аким области выслушал мнения и предложения руководителей соответствующих органов касательно данного положения. Глава региона поручит детально выполнять меры по предотвращению паводков. Были рассмотрены оптимальные пути решения ежегодно повторяющейся проблемы.

«На Юге каждый год повторяется эта проблема, - сказал Ж. Туймебаев. Угроза возникает весной во время обильных осадков, а летом, наоборот, не хватает поливной воды. Почему нам не найти общее решение? Протяженность реки Сырдарьи в ЮКО 375 километров. Но большая часть плодородных угодий у ее берегов пустует. В соседней Кызылординской области все населенные пункты и районы расположены у реки. И в нашем регионе тоже у русла Сырдарьи будут построены дамбы. Весной лишнюю воду можно будет направлять сюда и накоплять для сельскохозяйственных нужд. По моему поручению акимы Отрарского, Шардаринского районов, Арыси разработали проекты. После их дополнения, отправим их на рассмотрение в Министерство сельского хозяйства. Необходимые средства будут выделены. Их реализация будет способствовать переселению сюда населения, созданию рабочих мест, получению дохода. Это придаст новый импульс развитию сразу нескольких районов. Поэтому акимы районов, руководители соответствующих управлений должны активизировать работу в данном направлении. Эти проекты позволят нам предупреждать ежегодные паводки», - сказал Ж.Туймебаев, и поручил переподготовить и уточнить представленные проекты.





«ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ **МЫҢ АЛҒЫС!»**

Алғыс айту күні аясында Шымкенттегі «Royal rose» салтанат сарайында ұйымдастырылған шара, ең алдымен, 200 жастың «Мың алғыс!» флешмобымен бастауын алып, этномәдени бірлестіктерінің өкілдері бейбітшілік белгісі ретінде 1000 шарды әуеге ұшырды. Өткен ғасырда қазақ жеріне күштеп қоныс аударылған миллиондаған этностарды өз бауырына басып, бір үзім нанын тең бөліскен қазақ халқының дархандығын, Алғыс айту күнінің мән-маңызын бейнелейтін «Қазақ Еліне мың алғыс!» бейнероликі көпшілік назарына ұсынылды. Мерекенің тарихи, саяси һәм тәрбиелік мәні терең жатқанын айтып, барша өңір тұрғындарын Алғыс айту күнімен құттықтаған облыс әкімі Жансейіт Түймебаев жыл сайын көктем мезгілінің осындай игілікті мейраммен басталатынына қуанышты екенін жеткізді.

Іс-шарада кезінде тағдыр тәлкегімен қазақ еліне келген барша этностардың қоныстануы туралы тарихи мәліметтер арқау болған «Бауырмал ел – Қазақстан!» тақырыбында театрландырылған-сахналық қойылым көрсетіліп, кезінде Оңтүстік Қазақстан облысында мекендеп, қазір алыс және жақын шет елдерде тұратын бірқатар азаматтардың тілек-ниеттері топтастырылған «Қазақ еліне мың алғыс!» бейнежолдауы жұртшылық назарына ұсынылды. Мерекелік шара елдегі ынтымақ пен бірлікті дәріптейтін концерттік бағдарламаға ұласты.

Бүгінде ұлысымыздың ұйытқысы, береке-бірліктің бастауына баланған қасиетті оңтүстік жерінде 100-ден астам этнос өкілдері жарасты өмір сүріп, ортақ шаңырағымызды көркейтіп отыр.

1 наурыз, сәрсенбі
2017
1 марта, среда





«ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ **МЫҢ АЛҒЫС!»**

В рамках празднования Дня благодарности в шымкентском Дворце торжеств «Royal rose» состоялось торжественное мероприятие. Сначала 200 студентов организовали флешмоб «Мың алғыс!», где в знак мира представители этнокультурных объединений запустили в небо 1000 воздушных шаров.

Основная часть праздничной встречи продолжилась во Дворце торжеств, где вниманию публики представили видеоролик «Қазақ еліне мың алғыс!», в котором от имени представителей различных этносов прозвучали слова благодарности в адрес казахского народа.

Аким области Жансеит Туймебаев поздравил всех жителей с Днем благодарности и отметил историческую ценность этого праздника.

В ходе мероприятия состоялся показ театрализованной постановки «Бауырмал ел – Қазақстан!», основанной на исторических моментах, рассказывающей о судьбе молодых людей, прибывших на казахскую землю. Вниманию публики представили и видеообращение «Қазақ еліне мың алғыс!» от граждан, которые в свое время проживали на территории ЮКО, а сегодня живут за рубежом.

Праздничное мероприятие продолжилось концертной программой, призывающей к единству и сплоченности в стране.

Сегодня в Южном Казахстане в мире и согласии проживают представители более 100 этносов, которые вносят свой вклад в развитие Казахстана.





ОҚО - ДА 170 МЫҢҒА ЖУЫҚ

КӨПБАЛАЛЫ АНА БАР

«8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне арналған «Ана-Нұр-Көктем» атты салтанатты жиын өтті.

Облыс ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері, облыстық ассамблея өкілдері, облыс әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, облыстың аудан, қалаларынан түрлі салада қызмет ететін қыз-келіншектер сынды жалпы саны 200-ге жуық нәзік жанды азаматтар қатысқан бейресми отырысты облыс әкімі Жансейіт Түймебаев ашып беріп, ару аналарды көктемнің керемет мейрамымен құттықтады.

Мұнан соң, өңір басшысы үйдің де, түздің жұмысын қатар алып, қоғамда айрықша белсенділігімен көзге түсіп жүрген 32 әйел азаматын марапаттап, оның үшеуіне «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» белгісін табыс етсе, 12-сіне облыс әкімінің Грамотасын, тағы 12-сіне облыс әкімінің Алғыс хатын табыс етті. Ал 5 ананы «Алтын алқа» төсбелгісімен марапаттады. Сондай-ақ, бүгінгі шараға келген барлық әйелдерге сый-сыйпат жасады. Айта кету керек, бүгінде облысымызда 1 млн. 440 мың әйел азаматтары өмір сүрсе, олардың 267-і ғылым докторы, 1458-і ғылым кандидаты, 214-і профессор, 604-і доцент.

Ал 2676 нәзік жанды азаматша мемлекеттік қызметкер болып табылады. Әйел азаматтар облыстағы мемлекеттік қызметшілердің 30,7 пайызын, білім саласындағы педагогтардың 76,8 пайызын, денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің 86 пайызын құрап отыр. Облысымызда өмірге ұрпақ әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіруде үлгі-өнеге болып жүрген «алтын құрсақты» аналар жеткілікті. Республикадағы әрбір бесінші бала Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келетіні баршаға мәлім.

Өңірімізде 169 330 көп балалы аналар есепте тұрады. Олардың 6157-і «Батыр аналар», 25426-ы «Алтын алқа», 34 756-ы «Күміс алқа» иегері. Ал, 8791 ана I-ші және II-ші дәрежелі «Ана Даңқы» орденімен марапатталған.

6 наурыз, дүйсенбі
2017
6 марта, понедельник





В ЮКО НАСЧИТЫВАЕТСЯ ОКОЛО **170 ТЫСЯЧ МНОГОДЕТНЫХ МАТЕРЕЙ**

Состоялось торжественное мероприятие «Ана - Нұр - Көктем», посвященное Международному женскому дню.

В мероприятии приняли около 200 женщин, в том числе ветераны и представители интеллигенции, областной Ассамблеи, члены комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при акиме области, женщины, работающие в различных сферах, члены областной Ассоциации деловых женщин, Ассоциации женщин-политиков, представители НПО и представители СМИ. Аким области Жансеит Туймебаев поздравил всех матерей с наступающим праздником весны и обновления.

Глава региона наградил 32 женщин, отличившихся особой активностью. Трем из них были вручены знаки «Облысқа сіңірген еңбегі үшін», а 12 награждены грамотой акима Южно-Казахстанской области. Благодарственные письма от акима области в этот день получили 12 женщин, а пять матерей были награждены нагрудными знаками «Алтын алқа». Вместе с этим, были вручены небольшие подарки всем женщинам, принявшим участие в мероприятии.

Стоит отметить, что сегодня в области проживает 1 млн. 440 тыс. женщин, их них 267 докторов наук, 1458 кандидатов наук, 214 профессоров и 604 доцента.

2676 женщин являются государственными служащими, что составляет 30,7% от их общего числа. 76,8% женщин занято в сфере образования, 86% - в сфере здравоохранения.

В области немало матерей-героинь, которые показывают пример в воспитании подрастающего поколения. Известно, что в республике каждый пятый ребенок рождается в Южно-Казахстанской области.

Сегодня в регионе 169 330 многодетных матерей, из них 6157 - матери-героини, 25 426 обладательницы нагрудного знака «Алтын алқа», 34 756 «Күміс алқа». А 8791 женщина награждены орденом «Материнская Слава» I-ой и II-ой степени.





ШАРУАЛАРДЫ **ЖАҢА КӘСІПКЕ БАУЛУ** ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен аймақтағы шаруаларды кәсіпке баулып, шаруашылыққа бейімдеу мақсатында оқыту семинар айлығы басталды. Аудан, қалаларда ұйымдастырылып жатқан көшпелі семинарда, ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру, несиелеу және субсидиялау мәселелері қамтылмақ. Осыған байланысты, Шымкенттегі Мәртөбе елді мекеніне қарасты «КазАгроном» өндірістік жылыжай кешені аумағында облыстық семинар өтті. Оған аудан, қала әкімдері мен ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары, шаруалар мен шаруа қожалық жетекшілері, ғылыми орталықтар мен қаржылық институттардың өкілдері қатысты.

Кездесуде өңір басшысы таяуда мұндай басқосулардың ет-сүт бағытында Қазығұрт пен Арыс және Сарыағаш аудандарында, құс шаруашылығы бойынша Ордабасы мен Төлебиде, балық шаруашылығы жөнінен Шардара мен Түлкібаста, қарқынды бау шаруашылығы шеңберінде Сайрамның шаруашылық өкілдерімен ұйымдастырылатынын жеткізді.

«Халқы тығыз орналасқан Оңтүстік Қазақстан облысын жан-жақты дамыту аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы бар. Сондықтан, өңір халқын жеміс-жидек, көкөністермен, жалпы, ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамту үшін барынша жұмыс істеуіміз қажет. Бүгінгі семинардың мақсаты да ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен мемлекет арасындағы байланысты нығайтып, ұсақ қосалқы шаруашылықтарды кооперативтерге біріктіру екенін айта кету қажет», - деді Ж.Түймебаев.

Айта кетейік, бүгінгі таңда облыстағы жылыжайлар көлемі 1123 гектарды құрап, республикадағы үлесі 86 пайызға жетіп отыр.

13 наурыз, дүйсенбі
2017
13 марта, понедельник







НАЧАЛИСЬ РАБОТЫ **ПО ОБУЧЕНИЮ ФЕРМЕРОВ**

По инициативе акима Южно-Казахстанской области Жансеита Туймебаева в регионе стартовал месячный обучающий семинар для фермеров. На семинарах, которые будут организованы в городах и районах области, обсуждались вопросы развития тепличного хозяйства, объединения фермеров в сельскохозяйственные кооперативы.


Областной семинар прошел в тепличном комплексе «Казагроном», расположенном в населенном пункте Мартобе города Шымкента. В нем приняли участие акимы районов и городов, специалисты управления сельского хозяйства, фермеры, представители крестьянских хозяйств, научных центров, финансовых организаций и СМИ.

На встрече глава региона отметил, что в ближайшее время подобные встречи планируется провести с фермерами Казыгуртского, Сарыагашского районов и города Арыси, которые заняты в сфере мясо-молочного производства, а также в Ордабасинском и Толебийском районах, где занимаются птицеводством, в Шардаринском и Тюлькубасском районах - рыбным хозяйством, в Сайрамском районе - интенсивным садоводством.

«Главой государства поставлена большая задача. Южно-Казахстанская область это самый густонаселенный регион. Нам необходимо приложить максимальное усилие для обеспечения населения фруктами, овощами, собственной сельхозпродукцией. Цель семинаров - внести вклад в укрепление взаимоотношений между сельхозпроизводителями и государством для дальнейшего уверенного развития сельского хозяйства, а также создание необходимых условий для объединений мелких подсобных хозяйств в кооперативы», - сказал Ж. Туймебаев.

Отметим, в 2016 году общая площадь всех теплиц в ЮКО составила 1123 га. Всего по республике общая площадь теплиц составляет 1295 га, из них 1116 га (86%) - в ЮКО.





«БАЛЫҚШЫҒА БАЛЫҚ БЕРМЕ, ҚАРМАҚ БЕР»

Оңтүстік шаруалары өзара тәжірибе алмасып, кооперативтер құру ісіне жаппай жұмылуы тиіс. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы саласындағы қордаланған мәселелерді бірігіп, ұжымдасып шешуге ықпал ететін болады. Сондай-ақ мемлекет тарапынан бөлініп отырған түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуге септігін тигізеді. Бұл туралы Түлкібас ауданы, Керейт ауылында өткен «Кооперация-агроөнеркәсіп кешенін дамытудың негізі» атты көшпелі семинарда облыс әкімі Жансейіт Түймебаев мәлім етті.

Семинарға қатысушылар алдымен 2012 жылы өңірлік индустриялды карта шеңберінде іске қосылған «Ақсанат Инжиниринг» ЖШС –нің бекіре тұқымдас балық өсіру фермасының жұмысымен танысты. Жобаның жалпы құны - 452,0 млн теңге. Кәсіпорын жылына 40 тонна балық еті мен 30,0 келі қара уылдырық өндіруге қауқарлы. Балық өсіру ісінде мол табысқа кенеліп отырған «First Fish Company» ЖШС мүшелері семинарда өз тәжірибесімен бөлісті.

Айта кетейік, қазіргі таңда облысымызда балық өнімдерін қайта өңдейтін 3, балық өсіретін 28 шаруашылық бар. Олар 2016 жылы 5213 тонна балық өнімдерін өндірген.

Семинарда сөз алған өңір басшысы ауыл шаруашылығын дамытудағы негізгі басымдықтарға тоқталып, шаруаларды кооперативтерге бірігуге шақырды. Мұнан соң облыс басшысы аталған мекемеге қарасты «Арсен Ас», «Ақсанат Инжиниринг» ЖШС-терін аралап, жұмыс барысымен танысты.

15 наурыз,сәрсенбі
2017
15 марта, среда







«ДАЙ РЫБАКУ НЕ РЫБУ, **А УДОЧКУ»**

Южноказахстанские крестьяне, обмениваясь опытом, должны сосредоточиться на создании кооперативов. Это способствует совместному решению проблем в сфере сельского хозяйства, а также выделению различных льгот со стороны государства. Об этом сообщил аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев во время выездного семинара в селе Керейт Тюлькубасского района на тему «Кооперация-основа развития агропромышленного комплекса».

Участники семинара ознакомились с деятельностью ТОО «Аксанат инжиниринг» по выращиванию рыб осетровых пород, запущенного в 2012 году в рамках Карты индустриального развития. Общая стоимость проекта - 452 млн. тенге. Мощность предприятия 40 тонн мяса рыбы и 30 кг черной икры в год. Специалисты ТОО «First Fist Company», имеющие большой опыт в выращивании рыб, поделились опытом с участниками семинара.

В настоящее время в области насчитывается 3 предприятия по переработке рыбной продукции и 28 рыбоводных хозяйств. В 2016 году ими произведено 5 213 тонн рыбной продукции.

Выступивший в ходе семинара аким региона Жансеит Туймебаев отметил основные приоритеты в развитии сельского хозяйства и призвал фермеров объединиться в кооперативы. После этого глава региона осмотрел цех ТОО «Арсен Ас» по выпуску плодово-ягодного концентрата и природных напитков.





КИНО ЖӘНЕ АНИМАЦИЯ
САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев өңірдегі кинорежиссерлер мен анимация саласының мамандарымен кездесіп, «Ерлік» толықметражды фильмінің премьерасына қатысты. Өнер майталмандарымен болған жүздесуде күнгейдегі кино мен анимация саласының дамыту жолдары талқыланып, алдағы жоспарлары айтылды.

Айта кетейік, елімізде кино индустриясы бойынша Оңтүстік Қазақстан екінші орында болса, анимациялық фильмдер түсіруден көш басында. Сонымен қатар, биыл қыркүйек айында Түркістан қаласында Түркі әлемінің «Алтын сақа» анимациялық фильмінің фестивалі өтеді. Аталған фестивальде аниматорлар түркі әлеміне ортақ әзілдерімен танылған Қожа Нәсіреддин образын ұсынады. Бүгінде облысымыздағы жеке киностудиялардың 40-тан аса кино туындысы мен 51 анимациялық фильмі көрерменге жол тартқан.

Шығармашылық өкілдерімен болған отырыста сөз бастаған өңір басшысы кино саласы қоғамның ұлттық идеологиясын қалыптастыратын үлкен құралдардың бірі екенін, соңғы жылдары елімізде киноға және оның сапасына көңіл бөлініп келе жатқанын айтты.

«Біз білікті кадрлар дайындау жұмыстарын қолға алуымыз қажет. Сонымен қатар, Оңтүстіктегі кино студияларды біріктіріп, ортақ құнды дүние жасап шығаруды ұсынамын. Бұл қазақ кино индустриясының дамуына септігін тигізіп, республика көлемінде Оңтүстіктің атын шығаруға, халықаралық деңгейде Қазақстанды танытуға мүмкіндік береді», -деді әкім.

Жиында зиялы қауым өкілдері, жазушылар Мархабат Байғұт пен Нұрғали Ораз бүгінгі фильмдердегі тіл тазалығы, тақырып өзегін әдебиетке негіздеу, облыс орталығынан балалар мен жасөспірімдер киностудиясын салу туралы толғаныстарын айтты.

Сондай-ақ, қаламгерлер бүгінде елімізде отандық киноны дамытуға мемлекеттен қолдаулар көрсетіліп жатқанын тілге тиек етіп, өңірде осы саланы дамытуды қолға алып, кинорежиссерімен кездесіп отырған алғашқы әкім екенін жеткізді.

Бейресми кездесу соңында Ұлыстың ұлы күні қарсаңында «Шымкент Плаза» ойын-сауық сауда орталығының кинозалында облыс әкімдігінің тапсырысымен түсірілген «Ерлік» толықметражды көркемсуретті фильмінің тұсаукесері өтті. Сценарий авторы Батырхан Дәуренбеков, режиссері Нуриддин Паттеев болып табылатын фильм жастардың бойына еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті ұялату мақсатында көрерменге ұсынылған.

16 наурыз, бейсенбі
2017
16 марта, четверг





АКИМ ВСТРЕТИЛСЯ С ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ СФЕРЫ **КИНО И АНИМАЦИИ**

Аким Южно-Казахстанской области встретился с режиссерами и специалистами в области анимации и принял участие в презентации полнометражного фильма «Ерлік». В ходе встречи обсуждены перспективы развития индустрии кино и анимации в регионе и ближайшие планы.

Стоит отметить, что Южно-Казахстанская область занимает второе место в республике по развитию киноиндустрии и лидером в сфере производства анимационных фильмов. Напомним, что в сентябре этого года, в город Туркестан пройдет фестиваль анимационных фильмов «Алтын сақа». В его рамках аниматоры представят образ известного в тюркских сказках шутника Ходжа Насреддина.

На сегодня, в регионе частными киностудиями произведено более 40 фильмов и 51 анимационный фильм.

Вместе с тем, глава региона подчеркнул, что киноиндустрия является одним из самых важных инструментов в формировании национальной идеологии и что в последнее время в стране уделяется большое внимание качеству фильмов. Писатели Мархабат Байгут и Нургали Ораз говорили о роли кино, языка и выразили уверенность, что государство окажет широкую поддержку культуре.

«Мы должны работать над подготовкой квалифицированных кадров. Предлагаю объединить киностудии в регионе для совместной работы. Это будет способствовать развитию киноиндустрии и позволит укрепить имидж Казахстана на международном уровне», - сказал аким.

Наряду с этим, мастера киноиндустрии поделились своими идеями и планами формирования национальной идеологии. Также сценаристы отметили, что действующий глава региона один из первых руководителей в области, который встретился с режиссерами и уделяет внимание развитию этой сферы.

В завершении неформальной встречи, автор сценария Батырхан Дауренбеков и режиссер Нуриддин Паттеев презентовали полнометражный художественный фильм «Ерлік». Фильм снят по заказу акимата области в целях воспитания у молодежи патриотизма.





«АТАМЕКЕН-ОРДАБАСЫ» ИНДУСТРИАЛДЫ ПАРКІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мен ОҚО Кәсіпкерлер палатасы және «Ордабасы» индустриалды аймағы бірлесіп, «Шымкент шина жасау зауыты» аумағындағы өндіріс нысандарында жаңа кәсіпорындар құру жобасын қолға алды. Нәтижесінде «Атамекен-Ордабасы» индустриалды паркі құрылып, кәсіпкерлерге бірқатар тегін қызметтер жиынтығын ұсынғалы отыр. Бұл туралы облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың индустриалды паркке жасаған сапары барысында белгілі болды.

Өңір басшысы Кеңес дәуірінен қалған индустриялық алпауыттың аумағындағы нысандар мен инфрақұрылымдардың жақсы сақталғанына тоқталды. Десек те, зауыттың өзін қайта іске қосу қиын шаруа. Сондықтан да, облыс басшылығы зауыттың аумағында бірқатар жаңа кәсіпорындар құру мақсатында өндіріс нысандарын кәсіпкерлерге екі айға тегін беру ісін қолға алып, жеңілдетілген баға саясатын ұсынбақ.

Оңтүстік Қазақстан облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Асқар Әбубәкіровтің мәлімдеуінше, «Атамекен-Ордабасы» индустриалды паркі кәсіпкерлерге заңгерлік және бухгалтерлік қызмет көрсетіп, оларды бизнес саласында оқытуды да қолға алмақ. Сондай-ақ, аталмыш мекеме кәсіп ашқысы келетіндерге ақпараттық және PR қолдау көрсетіп, жарнамалау, қаржы көзін тартуға ат салысу, бизнес-жоспар жасау сынды тегін қызметтер жиынтығын қоса ұсынып отыр.

Қала сыртында орналасқан өндіріс орнында ауыл шаруашылығы мен тамақ өндірісінен өзге барлық салалар үшін қолайлы жағдай жасалған. Онда тауарларға арналған қойма да бар. Бүгінде паркте 5 жоба іске асырылып жатыр. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев тегін қызметтер жиынтығын түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Өңір басшысы мұнан соң Шымкенттегі қорғасын зауытына атбасын бұрды. «Алдағы уақытта екі зауытты да тиімді пайдаланудың тетіктерін ойластырған жөн. Егер мүмкін болып жатса, ондағы жер телімдері мен өндіріс ошақтарында жаңа өндіріс орындарын ашуды қолға алуымыз керек», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

17 наурыз, жұма
2017
17 марта, пятница





ЗАПУСТЯТ ИНДУСТРИАЛЬНЫЙ ПАРК **«АТАМЕКЕН-ОРДАБАСЫ»**

Акимат Южно-Казахстанской области совместно с Палатой предпринимателей приступил к реализации проектов по созданию новых предприятий на производственных объектах Шымкентского шинного завода. В результате создан индустриальный парк «Атамекен-Ордабасы», где предпринимателям будет предоставлен ряд бесплатных услуг. Об этом стало известно в ходе поездки акима области Жансеита Туймебаева в индустриальный парк.

Глава региона подчеркнул, что объекты промышленного гиганта советской эпохи и инфраструктура сохранились в хорошем состоянии. Однако перезапустить завод – дело нелегкое. Поэтому руководство области с целью создания новых предприятий на территории завода взяло на контроль передачу производственных объектов на льготных условиях на два месяца и предоставит ценовую политику.

По словам директора региональной Палаты предпринимателей Аскара Абубакирова, индустриальный парк «Атамекен-Ордабасы» оказывает предпринимателям бесплатный комплекс бухгалтерских и юридических услуг, обучает их бизнесу. Кроме того, оказывает информационную и PR-поддержку, помогает в организации рекламы, содействует в привлечении финансовых источников, а также в составлении бизнес-плана.

На производственном предприятии, расположенном в черте города, созданы благоприятные условия для всех отраслей. Здесь имеется специальный склад для товаров. На сегодняшний день в парке реализуется пять проектов. Аким области Жансеит Туймебаев поручил усилить разъяснительные работы по оказанию комплекса бесплатных услуг.

Глава региона побывал и на Шымкентском свинцовом заводе. «О будущем свинцового завода говорить пока рано. Поэтому в ближайшее время необходимо продумать механизм эффективного использования двух заводов. Нам необходимо открыть на земельных участках завода новые предприятия»,- сказал Жансеит Кансеитович.





ЖАҢА ҚҰС ФЕРМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен Төлеби ауданында «Кооперация – агроөнеркәсіп кешенін дамытудың негізі» атты тақырыпта құс шаруашылығын дамытуға арналған мамандандырылған көшпелі семинар өтті. Шараға ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары, аудан әкімдерінің орынбасарлары, шаруалар мен қаржы ұйымдарының өкілдері қатысты.

Өңір басшысы алдымен Киелітас ауылында «Леңгір құс» фермасының іргетасына капсула салып, құс шаруашылығының дамуына сәттілік тіледі.

«Бүгін өздеріңіз куә болып отырған Төлеби ауданында тауық шаруашылығымен айналысуға бел буған 24 кәсіпкер «Ленгір құс» ауылшаруашылық кооперативін құрып, мемлекеттен жеңілдетілген несиеге қол жеткізіп, жұмысын бастағалы отыр. Бұл өзгелерге өнеге болуы тиіс»,-деді Жансейіт Қансейітұлы.

Айта кетейік, шағын құс фермаларының құрал-жабдықтарын сатып алуға кеткен шығынның 50 пайызы мемлекет тарапынан субсидияланады. Сондай-ақ сатып алынған асыл тұқымды етті шөжелердің әр басына 400 теңгеден демеу қаржы қарастырылған. Бұдан бөлек, шаруалар өндірілген құс етінің әр келісіне 40 теңгеден көмек қаржы алатын болады.

Аталған құс фермасы жарты ғасырлық тарихы бар «Шымкент құс» ЖШС-нің бірлескен кәсіпорыны болып табылады. Бүгінде аталған құс фермасында 600 мыңнан астам құс өсіріледі. Тауық фермасы жылына 14 млн. дана жұмыртқа өндіреді. Өнімдері оңтүстік өңірі мен қатар көршілес облыстарға да жөнелтіледі.

Мұнан соң өңір басшысы Көксәйек ауылындағы «ADS Agro» ЖШС жұмысымен танысты. Аумағы 19 гектарды құрайтын серіктестік асыл тұқымды жылқы және ірі қара өсірумен айналысады. Қожалықтағы 2012 жылы ашылған мал бордақылау алаңы 1560 басқа есептелген. Бүгінгі күнге мұнда 600 бас ірі қара мал бордақыланып жатыр. Сонымен бірге, мұнда мал сою бекеті жұмыс істеп тұр. Қожалыққа «КазАгроҚаржы» АҚ 214 млн. теңге көлемінде несие берген. Бұл қаржы негізінен мал бордақылау алаңының құрылысына жұмсалған.

18 наурыз, сенбі
2017
18 марта, суббота





НАЧАЛОСЬ **СТРОИТЕЛЬСТВО ПТИЦЕФАБРИКИ**

С участием акима Южно-Казахстанской области Жансеита Туймебаева состоялся выездной специализированный семинар «Кооперация – основа развития агропромышленного комплекса», посвященный развитию птицеводства. В мероприятии приняли участие специалисты управления сельского хозяйства, заместители акимов районов, крестьяне и представители финансовых организаций.

В первую очередь глава региона заложил капсулу фермы «Леңгір құс», расположенной в селе Киели тас, и пожелал удачи в развитии птицеводства.

«В соответствии с поручением Главы государства, в целях развития сельскохозяйственной кооперации, мы проводим специализированные семинары по развитию сельского хозяйства во всех районах области. Сегодня 24 предпринимателей, создав сельскохозяйственный кооператив «Ленгер құс» в Толебийском районе, решили заниматься птицеводством и получили льготный кредит от государства. Это должно послужить примером для остальных», - сказал Ж. Туймебаев.

Стоит отметить, что 50% затрат на приобретение оборудований для мини птицефабрик субсидируются государством, а за каждую голову племенного мяса цыплят предусмотрено субсидирование в размере 400 тенге. Кроме того, за каждый килограмм произведенного мяса птицы, крестьяне получат финансовую помощь в размере 40 тенге. Данная птицеферма, имеющая полувековую историю, является совместным предприятием ТОО «Шымкент құс». На сегодня в птицеферме выращивают более 600 тысяч птиц. В год производится 14 млн. штук яиц. Продукция поставляется в южные регионы и в соседние области.

Кроме того, глава региона ознакомился с деятельностью ТОО «ADS Agro», расположенного в селе Коксайек. Товарищество на 19 гектарах занимается разведением крупного рогатого скота и племенных лошадей. Откормочная площадка, открытая в 2012 году и рассчитана на 1560 голов. В настоящее время здесь откармливают 600 голов крупного рогатого скота. Наряду с этим, здесь работает станция по убою скота. АО «Казагрофинанс» предоставило хозяйству кредит в размере 214 млн. тенге. Эти средства были использованы для строительства откормочной площадки.





«ТҮРКІСТАН-ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ» ЖЫЛЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ

Оңтүстік Қазақстан облысында «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» іс-шарасының салтанатты ашылуы мен Наурыз мерекесіне арналған Түркі әлемінің «Наурызнама» шарасы өтті.

Түркістан төріндегі дүбірлі шараға 23 мемлекеттен келген түркітілдес 25 ұлттан тұратын 300-ге тарта шетелдік қонақ, халықаралық ұйым өкілдері, қазақстандық зиялы қауым және өнер тұлғалары, жалпы саны 10 мыңға жуық адам қатысты. Олардың қатарында, ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен «ТҮРКСОЙ» Халықаралық Ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов сынды жоғары лауазымды ресми өкілдер де бар.

Іс-шараның салтанатты ашылуында сөз бастаған Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев барша жұртшылықты Түркістанның Түркі әлемінің мәдени астанасы жылы атануымен құттықтап, осы абыройлы әрі жауапты, құрметті жүкті бірлесе көтеруге шақырды.

Мұнан соң, осынау тарихи шара барысында «ТҮРКСОЙ» Халықаралық ұйымының «Баспасөз сыйлығы» шетелдік және қазақстандық 15 үздік журналиске тапсырылып, мереке жалғасы әлемдік деңгейдегі концерттік бағдарламаға ұласты. Онда 500-ге жуық биші күн мен түн, жұлдыздар бейнесінде «Күн мен Түннің теңелуі және Табиғаттың оянуы» театрландырылған сазды-хореографиялық қойылымын көрсетті. Сондай-ақ, түркітілдес халықтарға ортақ ұлы тұлғалар - Арыстан баб, Яссауи, Әл-Фараби, Қорқыт ата образдарындағы көрініс сахналанса, Қазақ хандары киелі шаңырақты көтеріп, ондағы уықтарды өңіріміздегі 20 этномәдени орталықтың өкілдері ұстауымен бейбіт еліміздегі тұрақтылық пен татулықты паш етті.

Концерттік бағдарлама барысында «Сүйінші. Шашу» көрінісі қойылды. Онда Ұлттық киімдегі аттылы жаршылар «Наурыз» келгені жөнінде сүйінші сұрап, шашу шашты. Алаңда Түркітілдес мемлекеттерге арналған 6 киіз үй көтеріліп, «Наурыз» керуені келді. Керуенде 18 түйе, 30 ат, 4 арба және 300-ге жуық мәдениет майталмандары өнер көрсетті.

Салтанатты жиында түркітілдес мемлекеттердің әлем халқын бірлікке, достыққа, бейбітшілікке шақыруға арнаған Үндеуі қабылданды.

«Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының аясында, Наурыз мерекесіне орай, Түркістан қаласында Түркі әлемінің «Наурыз» Халықаралық ақындар айтысы мен Түркі әлемінің «Бұраң бел» би фестивалі өтеді.





21 наурыз, сейсенбі
2017
21 марта, вторник



СОСТОЯЛОСЬ ТОРЖЕСТВЕННОЕ ОТКРЫТИЕ ПРАЗДНОВАНИЯ **«ТУРКЕСТАН - КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА ТЮРКСКОГО МИРА»**

В Южно-Казахстанской области состоялось торжественное открытие мероприятий «Туркестан – культурная столица тюркского мира» и «Наурызнама», посвященное празднованию Наурыза. В мероприятии приняли участие около 300 иностранных гостей из 23 тюркоязычных стран, представители международных организаций, казахстанской интеллигенции и искусства, средств массовой информации и жители Южно-Казахстанской области. В общей сложности участие приняли 10 тысяч человек. В их числе, министр культуры и спорта РК Арыстанбек Мухамедиулы» и Генеральный секретарь ТЮРКСОЙ Дюсен Касеинов, а также высокопоставленные представители разных стран.

В ходе торжественного открытия аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев поздравил общественность с избранием города Туркестан культурной столицей тюркского мира.

В ходе этого исторического события 15 журналистам была вручена премия Международной организацией ТЮРКСОЙ и была представлена концертная программа мирового уровня. Около 500 танцоров исполнили театрализованную, музыкально-хореографическую постановку «Күн мен түннің теңелуі және Табиғаттың оянуы». На сцену вышли обычные люди в образах Арыстан баба, Яссауи, Аль-Фараби, Корыт ата. Казахские ханы и представители 20 этнокультурных центров региона подняли на сцене шанырак, тем самым продемонстрировав мир и стабильность в стране.

В ходе концертной программы была представлена постановка «Суйінші. Шашу». На площади установили 6 юрт, куда прибыл караван «Наурыз», состоявший из 18 верблюдов, 30 лошадей и 4 телег, а также выступили около 300 заслуженных деятелей культуры из тюркоязычных государств.

Участниками принято Обращение, призывающее народы тюрских государств к миру и согласию.

Кроме этого, в рамках Года «Туркестан - культурная столица тюркского мира» прошел международный айтыс «Наурыз» и танцевальный фестиваль «Бұраң бел».









ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ БАСЫН ҚОСҚАН **НАУРЫЗ ТОЙЫ**

Түркістан қаласында «Түркістан-Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылына орай, Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы тойланды.

Думанды мерекеге орай, Қожа Ахмет Ясауи кесене маңында этно ауыл құрылып, онда ұлттық нақыштағы киіз үй әбзелдерімен әрленген 12 қанатты 33 киіз үй тігілді. Дастарханға ұлттық тағамдарымыз – қазы-қарта, жал-жая, қымыз, шұбат, наурыз көже, құрт, ірімшік, сірне, қаймақ, бауырсақ, ши бауырсақ, жент секілді жеңсік астар қойылды.

Мұнан бөлек, келушілер ежелгі қазақ ауылында қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптейтін түрлі шаралары мен ұлттық спорт түрлерінен өткен сайыстарды тамашаласа, жастар жағы алтыбақанда сайран салды.

Сонымен қоса, мәртебелі меймандар әдеп-ғұрып және салт-дәстүр орталығының қызметкерлері ұйымдастырған тұсау кесер рәсіміне қатысса, өнір басшысы Ж.Түймебаев, ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлы және «ТҮРКСОЙ» Халықаралық Ұйымының Бас хатшысы Д.Қасейіновтер түркістандық балдырғанның тұсауын кесті.

21 наурыз, сейсенбі
2017
21 марта, вторник







НАУРЫЗ, ОБЪЕДИНИВШИЙ В ТУРКЕСТАНЕ **ТЮРКСКИЕ НАРОДЫ**


В городе Туркестане, в рамках проекта «Туркестан - культурная столица тюркского мира», прошло празднование Наурыза. В честь праздника возле мавзолея Ходжа Ахмета Яссауи был разбит этноаул, где установили 33 двенадцатиканатные юрты.


Столы украсили национальные блюда - казы-карта, жал-жая, кумыс, шубат, наурыз-коже, курт, иримшик, сырне, каймак, баурсаки, жент.

В этноауле гости ознакомились с обычаями и традициями казахского народа, посмотрели соревнования по национальным видам спорта, а для молодежи установили качели - алтыбакан.

Высокие гости приняли участие в проведении национального обряда тусаукесу, организованном сотрудниками Центра национальных традиций и обычай.

Путы юному жителю Туркестана перерезали одновременно аким ЮКО Ж. Туймебаев, генеральный секретарь ТЮРКСОЙ Д. Касеинов и министр культуры и спорта РК А. Мухамедиулы.











«WORLDSKILLS KAZAKHSTAN - ЖЫЛ ШЕБЕРІ - 2017»: АЙМАҚТЫҚ ЧЕМПИОНАТ

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Шымкенттегі №3 колледжде болды. «WorldSkills Kazakhstan - Жыл шебері - 2017» аймақтық чемпионатына қатысып жатқан үміткерлерге сәттілік тіледі. Колледжді аралап көріп, ондағы ізденушілердің қолымен жасалған заттарға жоғары баға берген өңір басшысы «Шатқал» бағдарламасы аясында құрылып жатқан саябақтарға осынау өнімдерді қоюға болатынын айтты.

«Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев биылғы Жолдауында: «2017 жылы «Тегін кәсіптік-техникалық білім-баршаға» жаңа жобасы іске асырыла бастады. Тегін оқытумен ең әуелі жұмыссыз және өзін – өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған жастар, сондай-ақ кәсіптік білімі жоқ ересек адамдар қамтылуы тиіс» - деп атап көрсетті. Сондықтан, әрбір азамат өзінің еліне пайдалы болуы үшін мемлекет барлық жағдайды жасап отыр Яғни, жастарға өзінің қалаған жұмысшы мамандығын алуға бізде барлық мүмкіндік бар. Біздің жастарымыз бос қиялмен өмір сүрмеуі қажет, керісінше туған Қазақстанға қызмет етіп, өз елінің экономикасын көтеруге үлес қосуы керек», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Өңірімізде екінші жыл ұйымдастырылған бұл жарысқа Оңтүстіктегі 35 колледж арасында 79 студент 9 мамандық бойынша бақ сынады. Жеңімпаздар мамыр айында Астана қаласында өтетін Ұлттық Чемпионатқа қатысатын болады.

28 наурыз, сейсенбі
2017
28 марта, вторник







«WORLDSKILLS KAZAKHSTAN» - «МАСТЕР ГОДА-2017»:
РЕГИОНАЛЬНЫЙ ЧЕМПИОНАТ

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев побывал в колледже №3 города Шымкента, где пожелал удачи участникам регионального чемпионата «WorldSkills Kazakhstan» - «Мастер года-2017». Осмотрев колледж, глава региона высоко оценил их работы и отметил возможность выставить данную продукцию в парках, создаваемых в рамках программы «Шатқал».

«Глава государства Нурсултан Назарбаев в своем Послании народу Казахстана объявил, что, начиная с 2017 года, будет дан старт новому проекту – «Бесплатное профессиональное техническое образование для всех».

Он поможет молодым людям, которые окончили школу и остались не у дел, прийти получить первую рабочую специальность. Таким образом, государство создает все условия, чтобы каждый гражданин был полезным для своей страны. У молодежи есть все возможности получить рабочую профессию и внести свой вклад в улучшении экономики», - сказал Ж. Туймебаев.

Отметим, в регионе конкурс проводится второй год подряд. В этом году участие принимают 79 студентов из 35 колледжей ЮКО, которые соревнуются в девяти разных рабочих специальностях. Победители примут участие в национальном чемпионате, который состоится в Астане.





ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА **СЕНАТОРЛАР ТОБЫ КЕЛДІ**

Оңтүстік Қазақстан облысына ҚР Парламент Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Дариға Назарбаева бастаған комитет мүшелері екі күндік жұмыс сапарымен келді.

Мемлекет және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша арнайы өңірімізге келген делегацияны облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қарсы алды. Жұмыс тобының құрамында комитет мүшелері, сенаторлар И.Адырбеков, М.Алтынбаев, Н.Әбіқаев, С.Жақсыбеков, Г.Ким бар. Жұмыс тобы Қазақстан Қарулы Күштерінің Шымкент гарнизонында болып, жеке құрамның күнделікті тыныс-тіршілігімен, сондай-ақ, авиациялық базаның әскери бөлімдеріндегі жауынгерлік кезекшіліктің ұйымдастырылуымен танысты. Су-25, МиГ-29 ұшақтары мен Ми-17, Ми-171Ш және Ми-35М тікұшақтары тұрған әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің, Шекара қызметі бөлімшелерінің жауынгерлік әзірлігі мәселелерін зерделеді.

Сенаторлар сонымен қоса, радиотехникалық және зениттік зымыран есептоптары мен әскери авиация экипаждарының жауынгерлік мүмкіндіктерін тамашалады. Шымкент гарнизонының жұмысымен танысқан жұмыс тобы Әуе қорғанысы күштерінің Шекара қызметі және әуе қозғалысы органдарымен өзара іс-қимылдың жақсы ұйымдастырылғанын атап өтті. Осы күні ресми тұлғалар ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының Шымкент қаласындағы 6506 әскери бөлімінің жұмысымен танысты. Онда олар жауынгерлік қызметі мен әскердің жеке құрамына жүктелген құқық қорғау міндеттерін және техниканың, қару-жарақ пен қорғау құралдарының жаңа үлгілерін аралап көрді. «Жас бүркіт» әскери-патриоттық клубының жауынгерлік әдіс-тәсілдерінен қойылымдар тамашалап, Ішкі әскердің 1995 жылы тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жаужүрек 17 жауынгерінің ескерткішіне тағзым етті.

Айта кетейік, Дариға Назарбаева бастаған жұмыс тобы облысқа жасаған екі күндік сапарында С.Рақымов атындағы «Жас ұлан» республикалық әскери мектебінің және Оңтүстік Қазақстан аумағындағы кедендік бекеттердің жұмысымен танысты.

28 наурыз, сейсенбі
2017
28 марта, вторник







В ЮЖНЫЙ КАЗАХСТАН **ПРИБЫЛА ГРУППА СЕНАТОРОВ**

В Южно-Казахстанскую область с двухдневным рабочим визитом прибыла рабочая группа во главе с депутатом Сената Парламента РК, Председателем Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности Даригой Назарбаевой.

Группу депутатов Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности встретил аким области Жансеит Туймебаев. В составе рабочей группы - депутаты Сената Парламента РК И. Адырбеков, М. Алтынбаев, Н. Абыкаев, С. Жаксыбеков, Л. Киинов и Г. Ким.

В первую очередь члены Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности Сената Парламента Казахстана посетили Шымкентский гарнизон Вооруженных Сил Казахстана, где ознакомились с организацией несения боевого дежурства в воинских частях войск противовоздушной обороны и авиационной базы, также с повседневной жизнедеятельностью и бытом личного состава. Здесь на вооружении стоят самолеты Су-25, МиГ-29 и вертолеты Ми-17, Ми-171Ш и Ми-35М.

Сенаторы оценили организацию взаимодействия Сил воздушной обороны с пограничной службой и органами воздушного движения. Боевые возможности продемонстрировали радиотехнические и зенитные ракетные расчеты и экипажи военной авиации.

Ознакомившись с работой шымкентского гарнизона, члены Комитета отметили хорошую организацию взаимодействия сил Воздушной обороны и Пограничной службы.

В тот же день делегация побывала в войсковой части 6506 регионального командования «Оңтүстік» Национальной гвардии РК, дислоцированной в Шымкенте. Гостям была представлена материально-техническая база, новые вооружения и техника личного состава оперативной бригады и подразделения специального назначения «Бүркіт». Наряду с этим, состоялось возложение венков к памятнику 17 воинам, героически погибшим при выполнении своих служебных обязанностей на таджикско-афганской границе.

Стоит отметить, рабочая группа во главе с Даригой Назарбаевой в ходе двухдневного рабочего визита посетила и республиканскую школу «Жас улан» имени С. Рахимова, а также изучила работу таможенных постов на территории Южно-Казахстанской области.







ТӨРТ ОБЛЫСПЕН
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАДЫ

Шымкентте «Өңіраралық еңбек ұтқырлығын дамытудың бизнес-форумы» өтті. Жиынға ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары әкімдерінің орынбасарлары, ОҚО қалалары мен аудандарының әкімдері, жоғарыда келтірілген өңірлердегі жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармаларының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының басшылары, жұмыс берушілер және тағы басқа да тараптар қатысты.

Форум жұмысын ашқан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев өңір халқының тығыздығына орай, мұнда жыл сайын ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік сынды маңызды салаларда атқарылып жатқан жұмыстардың жайына тоқталды. Жыл соңына дейін күнгейден теріскейге 400 мың тоннаға жуық бақша өнімдері, 250 мың тонна көкөніс, 15 мың тонна жеміс-жидек, 15 мың тонна жүзім жөнелтуге мүмкіндіктің бар екенін, сәйкесінше, ол жақтан бидай, картоп, мал азықтық жем өнімдерді алмастырып, өңіраралық кооперативтер жүйесін қалыптастыру жолдарына мән беру қажеттігін жеткізді. «Бүгінде Оңтүстіктің бақшалық өнімдері онсыз да мыңдаған шақырымға тасымалданып, Ресейге өткізіліп жатыр. Ал сол көкөністі өсіруді солтүстік өңірлерде жолға қойып, шекара асыру әлдеқайда тиімді болады деп ойлаймын. Сонымен қатар, солтүстіктен оңтүстікке жеткізілетін ауыл шаруашылығы өнімдерін де молынан дайындап, осында жіберуіне мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде еліміздегі азық-түлік нарығын реттеуге оңды ықпал ететіні сөзсіз», - деді Ж.Түймебаев.

5 сәуір, сәрсенбі
2017
5 апреля, среда







ЗАКЛЮЧИЛИ **МЕМОРАНДУМ** О СОТРУДНИЧЕСТВЕ **С ЧЕТЫРЬМЯ ОБЛАСТЯМИ**

В Шымкенте состоялся межрегиональный бизнес-форум «Повышение мобильности рынка труда». В заседании приняли участие министр труда и социальной защиты населения РК Тамара Дуйсенова, аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев, заместители акимов Костанайской, Павлодарской, Северо-Казахстанской и Восточно-Казахстанской областей, акимы городов и районов ЮКО, руководители управлений координации занятости и социальных программ вышеуказанных регионов, а также руководители центров занятости населения, работодатели.

Открывая работу форума, аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев подробно рассказал о ежегодно проводимых работах в ак сельское хозяйство и предпринимательство. Он отметил, что из южного региона имеется возможность предоставления северным областям около 400 тыс. тонн бахчевых, 250 тыс. тонн овощей, 15 тыс. тонн фруктов, 15 тыс. тонн винограда. Аким подчеркнул необходимость сосредоточиться на формировании системы межрегиональных кооперативов, которые могли бы путем обмена приобретать пшеницу, картофель, корма и другие продукты.

«На сегодняшний день бахчевая продукция Южного Казахстана транспортируются за сотни тысячи километров и реализуются в России. Я думаю, что будет гораздо эффективнее реализовывать продукцию за границей, наладив выращивание овощей в северных регионах. Наряду с этим, у крестьян из северных регионов появится возможность заготовки и поставки сельхозпродукции в большом количестве. Это, в свою очередь, даст положительный эффект в урегулировании продовольственного рынка в стране», - сказал Ж. Туймебаев.





ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Шымкент қаласындағы Rixos Khadisha қонақ үйінде жас кәсіпкерлер клубының алғашқы отырысы өтті. Кездесуге облыс әкімі Ж.Түймебаев қатысып, клубтың ашылуы жас кәсіпкерлердің бизнес-бастамаларын іске асырудағы мүмкіндіктерін кеңейте түсетінін атап өтті.

«Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына енгізу, тұрғындардың әл- ауқаты мен тұрмыс жағдайын соған сай көтеру Сіздер секілді жастардың қолында. Елбасы шағын және орта кәсіптің дамуына көптеген мүмкіндіктер мен жағдайлар жасап отыр. Соны дұрыс пайдалана біліңіздер», - деді әкім.

Сонымен қатар, әкім алдағы уақытта жас кәсіпкерлерді шет елдерге тәжірибе алмасу мақсатында іссапармен жіберу қажеттігін де айтты.

Отырысты жүргізіп отырған ОҚО Кәсіпкерлер палатасының директоры А.Әбубәкіров клубтың еркін тақырыпта бизнес-диалог орнатып, тиімді жағдайлар жасау мақсатында құрылғанын атап өтті.

Сонымен қатар, клуб отырысына бизнестері жемісті дамып, іскер атанған азаматтар қатысып, жас әріптестеріне оны дамытудағы тәжірибелерімен бөлісті.

7 сәуір, жұма
2017
7 апреля, пятница





ВСТРЕТИЛСЯ С **МОЛОДЫМИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМИ**

В отеле «Rixos Khadisha Shymkent» состоялось первое заседание клуба молодых предпринимателей. В ходе встречи с молодыми бизнесменами аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев подчеркнул, что открытие клуба молодых предпринимателей расширить возможности для реализации бизнес-инициатив.

«Вопрос совместного развития экономики региона – это требование времени. В первую очередь, необходимо начать с развития и процветания собственного дела. Вы развиваете свой бизнес в различных сферах. Теперь каждый из вас набрался опыта в своем направлении. В дальнейшем совместными усилиями нужно восстановить старые заводы и там же в дальнейшем развивать свой бизнес», – сказал аким.

Директор палаты предпринимателей А.Абубакиров подчеркнул, что данный клуб открыт с целью создания эффективных условий и установления бизнес-диалога на свободные темы.

На встрече, около тридцати молодых предпринимателей региона, обменялись мнениями о развитии бизнеса и предложили свои креативные идеи.





ШЫМКЕНТ **МҰНАЙ ӨҢДЕУ** ЗАУЫТЫН ЖАҢҒЫРТУ **ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТЫР**

ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев арнайы іссапармен Оңтүстік Қазақстан облысына келді. Ведомство басшысы мен облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Шымкент мұнай өңдеу зауытындағы жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты.

«ҚазМұнайГаз» АҚ-ның басшылығы министрге жобаның бірінші кезеңі бойынша атқарылған механикалық жұмыстардың аяқталып, екінші кезең нысандарында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кестесі туралы баяндады. «ПетроҚазақстан» мұнай өңдеу зауытындағы құрылыс жұмыстарына 4 мыңға жуық маман тартылған. Оның бір мыңдайы қазақстандық мамандар.

Бүгінде еліміздегі үш бірдей мұнай өңдеу зауытында жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. Аяқталу мерзімі 2018 жылдың бірінші жартжылдығына жоспарланып отыр.

Министрдің қатысуымен өткен арнайы жиында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев кәсіпорын басшылығындағы қытайлық инвесторларға ең өзекті екі мәселеге назар аударуды ескертті.

«Кәсіпорында жергілікті жұмысшылардың үлес салмағы көбірек болуы керек. Яғни, жергілікті мамандарды жұмыспен қамту мақсатында қажетті кәсіптік-техникалық мамандарды даярлау мәселесіне көңіл бөлуге кеңес берер едім. Ол үшін облыс орталығындағы кәсіптік-техникалық мамандандырылған колледжді өз қамқорлықтарыңызға алып, жұмыс жасағандарыңыз дұрыс. Сондай-ақ жергілікті жұмысшыларды тәжірибе алмасу мақсатында шетелге жіберу ісін жолға қойған абзал», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Биыл екінші жартыжылдықта Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғыртудың бірінші кезеңі аяқталады. Содан кейін елімізде Еуро-4, Еуро-5 стандарттарына сай жанармай мен дизель отыны шығарыла бастайды.

12 сәуір, сәрсенбі
2017
12 апреля, среда







ИДЕТ МОДЕРНИЗАЦИЯ **ШНПЗ**

В Южно-Казахстанскую область со специальным рабочим визитом прибыл Министр энергетики РК Канат Бозумбаев. В Шымкенте глава ведомства и аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев ознакомились с ходом модернизации нефтеперерабатывающего завода.

Руководство АО «Казмунайгаз» доложило министру о завершении механических работ на первом этапе проекта, а на втором этапе проводятся строительно-монтажные работы. Сегодня на нефтеперерабатывающем заводе «ПетроКазахстан» в строительных работах участвуют около 4 тысяч специалистов, в том числе 1000 казахстанских.

Напомним, сегодня в стране продолжаются работы по модернизации трех НПЗ. Работы на Шымкентскомо нефтеперерабатывающем заводе планируется завершить в первом полугодии 2018 года.

«Нефтеперерабатывающий завод «Петроказахстан» является одним из крупнейших в области налогоплательщиком. Доля местных работников на данном предприятии должна быть больше. С целью трудоустройства местных специалистов я бы посоветовал обратить внимание на проблему профессионально-технической подготовки специалистов. Для этого было бы правильно взять под свою опеку специализированный профессионально- технический колледж в областном центре и отправлять местных работников за рубеж с целью обмена опытом», - сказал Ж. Туймебаев.

Отметим, что во втором полугодии текущего года завершается первый этап модернизации Шымкентского нефтеперерабатывающего завода. По завершению первого этапа в стране начнут производить бензин и дизельное топливо в соответствии со стандартами Евро-4, Евро-5.







ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

Ағымдағы жылы Оңтүстік Қазақстан облысында үйірлі шегіртке тектес зиянкестерге қарсы химиялық күрес шаралары жалпы 275,9 мың гектар алқапта жүргізіледі. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 2,4 есеге артық. Бұл туралы Сарыағаш ауданында шегірткеге қарсы химиялық күрес шараларын ұйымдастыру, үйлестіру жұмыстары бойынша өткізілген семинарда облыс әкімі Жансейіт Түймебаев мәлім етті.

Үйірлі шегірткеге қарсы күрес шараларын жүргізетін техникалардың дайындығымен танысқан облыс әкімі тиісті мекеме басшыларына зиянкестерге биологиялық күресті жоғары деңгейде ұйымдастырып, зерттеу-анықтау шараларын тыңғылықты әрі сапалы жүргізуді тапсырды.

«Дер кезінде алдын алу шараларын қолға алу қажет. Бұл зиянкестердің әлсіз әрі шағын кезін тиімді пайдаланып химиялық дәрілер арқылы жоюға жұмыла әрекет етпесек, күніне 50-60 шақырым жолды жайпап өтетін шегірткеге ешкім қарсы келе алмай қалады. Сондықтан зиянкестерге қарсы химиялық күрес шараларына аса жауапкершілікпен қарау керек», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін 1574,7 мың гектар алқапта анықтау-зерттеу жұмыстары қолға алынды. Оған «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдау әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесінің облыстық филиалы тарапынан 93 адам анықтау-зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

15 сәуір, сенбі
2017
15 апреля, суббота







БОРЬБА **С САРАНЧОЙ**

В текущем году в области на 275,9 тыс. га проводится химическая обработка против стадной саранчи. Это в 2,4 раза больше по сравнению с прошлым годом. Об этом на прошедшем в Сарыагашском районе семинаре по организации и проведению химических мер по борьбе с саранчой сообщил аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев.

Аким области ознакомился с подготовкой техники, задействованой в борьбе с саранчой, поручил качественно и на высоком уровне организовать и провести данные работы.

«Все защитные мероприятия нужно провести, пока саранча находится в фазе личинки, так как во взрослой фазе эти вредители становятся устойчивыми к химикатам. Необходимо эффективно и оперативно провести химическую обработку.

Собираясь в стаи, саранча в поисках пищи за сутки может передвигаться на расстояние порядка 50-60 км. Поэтому надо ответственно относиться к мерам химической борьбы против саранчовых вредителей», - сказал Ж. Туймебаев.

Стоит отметить, для проведения химической обработки 257,58 тыс. га на 1574,7 тысяч га планируется провести научно-исследовательскую работу.

Для этих работ со стороны РГУ «Республиканский методический центр фитосанитарной диагностики и прогнозов» Южно-Казахстанского областного филиала привлечено 93 специалиста.



ЕЛБАСЫ: «ОҢТҮСТІКТІҢ ТАРИХЫ – **ТҰТАС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХЫ»**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Оңтүстік Қазақстан облысына кезекті жұмыс сапарымен келді. Елбасы облыс активімен, жұртшылық өкілдерімен кездесуде өңірдің бірегей тарихына және мәдени ерекшелігіне тоқталды.

– Оңтүстік Қазақстан – қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өлке. Бұл – абыздар мен әулиелердің қасиеті дарыған, Қожа Ахмет Яссауи мен Әл-Фарабидің ізі қалған, көне мәдени мұраға бай киелі жер. Қазір бұл өңірде бүкіл ел халқының 16%-ы тұрады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті оңтүстік өңірдің тарихын тұтас Қазақстанның тарихы деуге болатынын атап өтті.

– Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде 800-ден астам тарихи-мәдени ескерткіш бар. Әлемге әйгілі жәдігерлеріміздің көпшілігі осында. Түркістан, Отырар, Сайрам, Сауран қалалары, Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб кесенелері – біздің мақтанышымыз. Осындағы әрбір төбе мен қырқаның, өзен мен көлдің аттары – тұнып тұрған тарих. Мәртөбе, Күлтөбе және Ордабасы – халқымыздың сақталуына әсер еткен қазақтың бірлігі мен тұтастығының қасиетті символы.

Біз осының бәрін ұрпақтың санасына сіңіруіміз керек. Жастарды патриотизмге, отаншылдыққа, туған жерді сүюге баулу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Оңтүстікқазақстандықтар Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы ой-пікірлерін толық қолдайтындықтарын айтып, Нұрсұлтан Назарбаевқа өңірге деген қамқорлығы үшін ризашылықтарын білдірді.

Сондай-ақ, кездесу аясында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев облыстың әлеуметтік-экономикалық ахуалы және оны дамыту перспективалары туралы баяндады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы қатысушыларға зор табыс және береке-бірлік тіледі.

27 сәуір, бейсенбі
2017
27 апреля, четверг





ЕЛБАСЫ: «ИСТОРИЯ ЮЖНЫХ РЕГИОНОВ – **ЭТО ИСТОРИЯ ВСЕГО КАЗАХСТАНА»**

Президент Республики Казахстан прибыл с очередным визитом в Южно-Казахстанскую область. Во время встречи с активом Елбасы отметил уникальные исторические и культурные характеристики региона.

– Южный Казахстан – это край, сохранивший наши национальные устои. Это земля святых, земля с богатыми культурными традициями, где оставили свое наследие Ходжа Ахмед Яссави и аль-Фараби. Сейчас в этом регионе проживает 16% всего населения страны, - сказал Нурсултан Назарбаев.


Президент Казахстана отметил, что историю южных регионов можно вполне обоснованно назвать историей всего Казахстана.

– В одной только Южно-Казахстанской области расположено свыше 800 историко-культурных памятников. Большинство отечественных всемирно известных экспонатов находится здесь. Города Туркестан, Отрар, Сайрам, Сауран, мавзолеи Ходжи Ахмеда Яссави, Арыстан баб являются нашей гордостью. Здесь наименование каждой возвышенности и предгорья, рек и озер – это история. Мартобе, Култобе, Ордабасы – это священные символы единства и сплоченности, оказавшие влияние на сохранение нашего народа. Необходимо, чтобы все это осталось в сознании последующих поколений. Молодежи следует прививать чувство патриотизма, любви к Отчизне, родному краю, - подчеркнул Нурсултан Назарбаев.

В свою очередь, южноказахстанцы выразили полную поддержку положений статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и поблагодарили Нурсултана Назарбаева за чуткое внимание к региону.

Также в рамках встречи аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев доложил о социально-экономической ситуации в области и перспективах ее развития.

В завершение встречи Глава государства пожелал всем успехов и дальнейшего процветания.









ЕЛБАСЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

«ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ МЫҢ АЛҒЫС!» МОНУМЕНТІМЕН ТАНЫСТЫ

Оңтүстік Қазақстанға жұмыс сапары барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Шымкент қаласындағы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы ғимаратының алдыда бой көтерген «Қазақ еліне мың алғыс!» монументімен танысты.

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі қарсаңында шымылдығы түрілген нысанның құрылысы өңірдегі 20 этномәдени бірлестіктің бастамасымен салынған.

Кезінде жүргізілген солақай саясаттың салдарынан ата-бабалары Қазақстанға күштеп қоныстанған этностардың өсіп-өнген ұрпақтары бүгінгі бейбітшіл, берекелі заманға аман-есен жетуін, Қазақстандағы жергілікті халықтың бауырмалдығының арқасы деп біледі. Осыған орай, өңіріміздегі түрлі ұлт пен ұлыстың қазақ еліне деген кіршіксіз ризалығы пен ақеділ шынайы алғысының символикалық көрінісі іспетті бой түзеген нысан ұлтымызға деген зор құрметтің белгісі деуге болады.

Өңірдегі этнос өкілдерінің қаржылай демеуімен бой көтерген монументтің биіктігі – 7,5 метр.

Мұнан соң, Елбасы Н.Назарбаев қайта құрылымдаудан өткен оңлыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ғимаратын аралап көрді. Этномәдени бірлестіктердің қызметімен танысып, олар ұсынған «Бірлігіміз жарасқан» музыкалық композициясын тамашалады.

Облыстық бюджет есебінен жөнделген 3 қабатты нысанда «Қоғамдық келісім» мекемесінің қызметкерлері мен өңірдегі этномәдени бірлестіктердің кеңселері, 800 орындық көрермен залы бар. Сонымен бірге, мұнда үрлі үйірмелер мен жексенбілік мектептердің тұрақты әрекет етуіне жағдай жасалған. Алда бұл ғимаратта оңтүстік жұртшылығын берекелі бірлік пен ырысты ынтымаққа үндейтін іс-шаралар мен форумдар, кездесулер, семинарлар, түрлі конкурстар және өзге де басқосулар ұйымдастырылып, мақсатты жұмыс жүргізетін болады.

27 сәуір, бейсенбі
2017
27 апреля, четверг





ЕЛБАСЫ ОЗНАКОМИЛСЯ С МОНУМЕНТОМ «ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ МЫҢ АЛҒЫС!»

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев в ходе своей рабочей поездки в Южно-Казахстанскую область ознакомился монументом в «Қазақ еліне мың алғыс!», возведенного перед зданием «Ассамблеи народа Казахстана» в Шымкенте.

Отметим, что монумент построен по инициативе представителей 20 этнокультурных объединений региона в преддверии Дня единства народа Казахстана.


Очевидцы, а также потомки тех, кто пережил эпоху гонений, понимают, что стабильностью общества, мирному небу над головой и достатку они обязаны братскому казахскому народу. Монумент служит символом благодарности и чистоты помыслов представителей этносов Казахстану и его народу.

Высота воздвигнутого монумента составляет 7,5 метра.

Затем Глава государства осмотрел реконструированное здание Ассамблеи народа Казахстана, где ему была продемонстрирована музыкальная композиция «Бірлігіміз жарасқан» в исполнении представителей этнокультурных объединений.

В трехэтажном здании, отремонтированном за счет областного бюджета, расположилось государственное учреждение «Қоғамдық келісім», а также этнокультурные объединения региона и зрительный зал на 800 мест. Кроме того, здесь созданы условия для устойчивого функционирования воскресных школ и различных кружков. В будущем в этом здании будут проводиться праздничные мероприятия, призывающие к единству и согласию, форумы и встречи, семинары и различные конкурсы, будет вестись целевая работа.








SONY











ОҢТҮСТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ
АРҚЫЛЫ КӨШБАСШЫ АЙМАҚҚА АЙНАЛУЫ ТИІС

Оңтүстікке жасаған жұмыс сапарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сайрам ауданындағы жоғары технологияларды қолдану арқылы алма өсіріп, оны сақтаумен және сатумен айналысатын «DALA-FRUIT.KZ» ЖШС-нің жұмысымен танысты. Бау шаруашылығында әлемдік тәжірибені қолданатын компания жылына 8-10 мың тонна алма өсіреді.

– Бұдан 10-15 жыл бұрын өзіміз осындай алуан түрлі өнім өндіреміз деп ойлап па едік? Ал бүгін ол шындыққа айналды, – деген Нұрсұлтан Әбішұлы өңіріміз кәсіпкерлікті дамыту арқылы көшбасшы аймаққа айналуы тиістігін жеткізді.

Кездесуде Елбасыға өңір басшысы Жансейіт Түймебаев облыстың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері туралы баяндап, ауыл шаруашылық өнімдерінің көрмесі ұсынылды.

Жиын соңында Нұрсұлтан Назарбаев жиналған көпшілікке бақ-береке тілеп, жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізулеріне ниеттестігін білдірді.

Айта кетейік, мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында іске қосылған «DALA-FRUIT.KZ» ЖШС-нде бастапқыда 83 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, компания жұмысын бастаған үш жылда оның саны 277 адамға жеткен. Жалпы көлемі 106,5 гектар болатын серіктестік бауына 215 мың түптен астам жеміс ағаштары егілген. Мұнда алманың «Гренни», «Смит», «Фуджи», «Голден –делишес», «Гала», «Айдеред», алхоры мен шиенің «Стенлей» атты шетелдік сұрыптарын кездестіруге болады. Яғни, мұндағы 1 гектар жерге шамамен 2500 түп ағаш көшеті қондырылған. Заманауи техникамен жабдықталған бау тамшылатып суару жүйесі арқылы жұмыс істейді.

Оңтүстік Қазақстанда интенсивті бау шаруашылығын қарқынды дамыту жұмыстары қолға алынғаны белгілі. Облыста жалпы жеміс-жидек ағаштары алқаптарының көлемі 19,5 мың гектар құраса, оның 2 мың гектары қарқынды бауларға жатады. Өңір шаруалары осы жылы аймақта 1,5 мың гектар жерге қарқынды бау тәсілімен көшеттер отырғызып, интенсивті баулардың жалпы көлемін 3,5 мың гектарға жеткізу жоспарлануда.

Жалпы, ауыл шаруашылығы саласы Оңтүстік Қазақстан облысы экономикасының негізгі бағыты. Осы жылдың қаңтар - наурыз айларына ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 64,4 млрд.теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,9 млрд. теңгеге артты. Осылайша, республика бойынша ауыл шаруашылығында ОҚО үлесі 18,2 %-ды құрап, бірінші орынға шықты.



27 сәуір, бейсенбі
2017
27 апреля, четверг

ЮКО ДОЛЖНА СТАТЬ ЛИДИРУЮЩИМ РЕГИОНОМ **ЗА СЧЕТ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА**

Глава государства Нурсултан Назарбаев в ходе рабочей поездки в Южный Казахстан ознакомился с работой ТОО «DALA-FRUIT.KZ» в Сайрамском районе, которое занимается выращиванием и хранением яблок с применением высоких технологий. Компания, применяющая мировой опыт в садоводстве, в год выращивают 8-10 тысяч тонн плодов яблок.

-Еще 10-15 лет назад было трудно представить, что мы сможем самостоятельно производить такую разнообразную продукцию. Сейчас это уже реальность, - сказал Президент Казахстана, отметив о необходимости превратить ЮКО в лидирующий регион за счет развития предпринимательства.

В ходе встречи о социально-экономических показателях развития региона доложил аким области Жансеит Туймебаев, также Главе государства продемонстрировали выставку сельскохозяйственных товаров. В завершение Президент пожелал присутствующим благополучия и достижения высоких производственных показателей.

Стоит отметить, что в запущенном в рамках программы индустриально-инновационного развития ТОО «DALA-FRUIT.KZ» сначала работало 83 человека, за прошедшие три года работы число работников компании выросло до 277 человек. Общий объем сада ТОО «DALA-FRUIT.KZ» составляет 106,5 гектара, высажено 215 тысяч плодовых деревьев. Здесь можно встретить иностранные сорта яблок «Гренни», «Смит», «Фуджи», «Голден-делишес», «Гала», «Айдеред», сливы и вишни «Стенлей». На одном гектаре земли посажены 2500 саженцев деревьев. Сад, оснащенный современной техникой, работает через систему капельного орошения.

Известно, что в Южном Казахстане ведутся активные работы по развитию интенсивного садоводства. В целом, площадь плодово-ягодных деревьев составляет 19,5 тыс. га, из них 2 тыс. га относятся к интенсивным садам. В этом году аграрии региона, посадив на территории 1,5 тыс. га саженцы, планируют довести общий объем интенсивных садов до 3,5 тыс. га.

В целом, отрасль сельского хозяйства - основное направление экономики Южно-Казахстанской области. За январь-июнь текущего года объем валовой продукции сельского хозяйства, составив 64,4 млрд. тенге, увеличился на 7,9 млрд. тенге по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. Таким образом, доля ЮКО в сельском хозяйстве по республике составила 18,2%, то есть регион расположился на первом месте.









МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
«GOLD ALUMINUM» ЖШС-НДА БОЛДЫ

Оңтүстік Қазақстанға кезекті іссапары кезінде Елбасыға Шымкенттегі терезе шығаруға арналған алюминий профильдерін әзірлейтін «Gold Aluminum» ЖШС-нің жұмысы таныстырылып, баяндалды.

Қазақстан Президенті ондағы ақпараттық стендтер мен экспозициялық макеттерді көріп, алдағы жоспарларына қанықты.

– Өз өндірісін дамытып, импорттық тауарлар орнын алмастыру - экономикалық даму кезеңінде тұрған Қазақстан үшін маңызды міндеттердің бірі, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Кәсіпорын еңбеккерлерімен әңгіме барысында Президент оларға жемісті жұмыс пен кәсіби жетістіктер тіледі.

2014 жылы индустриаландыру картасы аясында іске қосылған зауытта 70 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. «GOLD Aluminum» брендімен профильдер шығаратын кәсіпорын түрік инвесторларының қатысуымен құрылған.

«GoldAluminum» ЖШС-і 2016 жылы 750 тонна алюмий профильдерін шығарса, оның 20 пайызы Ресей, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстанға экспортталған. Бүгінде аталған компания Қазақ-Түрік индустриалды аймағында ПВХ профильдерін, алюминий мен ПВХ-дан мөлдір шыны құрылымдарын (светопрозрачная конструкция) шығарып, сондай-ақ, газ плиталарын жинау қызметімен айналысатын екінші зауыттың құрылысын жүргізуде. Жоба құны 2,6 млрд. теңгені құрайды. Болашақта зауытта 50 адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде.


Айта кету керек, қазіргі таңда Қазақстан нарығындағы алюминий профильдерінің көлемі 50 мың тоннаны құраса, оның 25 мың тоннасы Қытай мен Ресейден, Өзбекстан мен Түркиядан импортталады.

Елімізде 2010 жылдан бері жүзеге аса бастаған индустриаландыру картасының алғашқы бесжылдығында (2010-2014 жж.) Оңтүстік Қазақстанда 7,7 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін 115 жоба іске қосылды. Ал екінші бесжылдық аясында (2015-2019 жж.) құны 1,2 трлн. теңге болатын 135 жоба (18,3 мыңнан астам жаңа жұмыс орны) іске асырылмақ. Оның бүгінге дейін 44-і пайдалануға беріліп, 1700-ден астам жұмыс орны құрылған. Ал 2017 жылы құны 37 млрд. теңге болатын 17 жобаны жүзеге асыру көзделуде.

Бүгінге дейін 159 жоба іске асырылғалы бері аймақта 100,9 млрд. теңгенің өнімі шығарылды. Оның өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 21 пайызды құрайды.

27 сәуір, бейсенбі
2017
27 апреля, четверг





ГЛАВА ГОСУДАРСТВА
ПОБЫВАЛ В ТОО «GOLD ALUMINUM»

В ходе рабочего визита Главу государства ознакомили с работой ТОО «Gold Aluminum» по производству алюминиевых профилей для окон. Елбасы осмотрел информационные стенды и экспозиционные макеты, а также ознакомился с планами работы предприятия.

- Становление собственного производства и замещение импортных товаров – одна из важнейших задач, стоящих на данном этапе экономического развития страны, - сказал Нурсултан Назарбаев.

В завершение Президент Казахстана побеседовал с работниками компании и пожелал им плодотворной работы и профессиональных достижений.

Отметим, что предприятие запущено в рамках Карты индустриализации в 2014 году. Сейчас здесь на постоянной основе трудятся 70 человек. Проект реализован с участием турецких инвесторов и производит профили под брендом «GOLD Aluminum».

Вместе с тем, объем выпускаемой продукции ТОО «Gold Aluminum в 2016 году составил порядка 750 тонн алюминиевых профилей, из которых 20%, экспортируется в Россию, Украину, Кыргызстан, Таджикистан и Туркменистан. Наряду с этим, компания ведет строительство второго завода на территории казахстанско-турецкой индустриальной зоны по производству ПВХ профилей, светопрозрачных конструкций из ПВХ и алюминия, а также по сборке газовых плит. Стоимость проекта составляет 2,6 млрд. тенге. В будущем на заводе планируется трудоустроить 50 человек.

Стоит отметить, что на сегодняшний день на рынке Казахстана объем алюминиевых профилей составляет 50 тыс. тонн, из них 25 тыс. тонн импортируется из Китая, России Узбекистана и Турции.

Начиная с 2010 года, в ходе первой пятилетки реализации Карты индустриализации, в Южно-Казахстанской области создано 7,7 тыс. новых рабочих мест и введены в эксплуатацию 115 проектов. А в рамках второй пятилетки (2015-2019 гг.) реализуются 135 проектов на сумму 1,2 трлн. тенге с созданием более 18,3 тыс. новых рабочих мест. Из них 44 проекта введены в эксплуатацию, создано более 1700 рабочих мест. В 2017 году планируется реализация 17 проектов на сумму 37,0 млрд. тенге.

На сегодняшний день в регионе, с начала реализации данной программы, реализовано 159 проектов, произведено продукции на сумму 100,9 млрд. тенге, а доля в обрабатывающей промышленности составляет 21%.







ЕЛБАСЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ МИРЗИЁЕВПЕН КЕЗДЕСТІ

Өзбекстан Президентінің Қазақстанға жұмыс сапары аясында Нұрсұлтан Назарбаев Шавкат Мирзиёевпен кездесті. Кездесуде өзбек көшбасшысының биылғы наурыз айындағы мемлекеттік сапары барысында екі ел арасында қол жеткізілген уағдаластықтардың іске асырылу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы өткен кездесуден бері екі ел арасындағы іскерлік белсенділіктің артуы байқалып отырғанын атап өтті. – Биылғы бірінші тоқсанда экономиканың түрлі саласындағы іскерлік өзара қарым-қатынастың деңгейі артты. Осы орайда, көлік-логистика саласын, автөнеркәсіпті, сондай-ақ өңірлік ынтымақтастықты атап өтуге болады. 2017 жылғы алғашқы үш айда тауар айналымы 37%-ға өсті, – деді Қазақстан Президенті. Ш.Мирзиёев тығыз екіжақты кездесулер мемлекетаралық қарым-қатынастың тиімділігіне тікелей ықпал етіп отырғанына назар аударды. – Биылғы наурыз айындағы сапардан соң біз бірлескен жұмыстардың барлық бағыты бойынша жол картасын қабылдадық.

Министрлер, өңірлер басшылары деңгейіндегі кездесулер жиіледі, – деді өзбек көшбасшысы. Бұдан бөлек, Өзбекстан Президенті Ресей Федерациясынан мұнай тасымалдау мәселесіне байланысты қолдау көрсеткені үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа алғыс айтты.

Соңында екі ел басшылары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың оң қарқыны сақталып, одан әрі дами беретініне сенім білдірді.

29 сәуір, сенбі
2017
29 апреля, суббота



ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ВСТРЕТИЛСЯ В ЮКО С **ПРЕЗИДЕНТОМ УЗБЕКИСТАНА**

29 апреля 2017 в рамках рабочего визита Президента Узбекистана в Казахстан Нурсултан Назарбаев встретился с Шавкатом Мирзиёевым. Во время встречи были обсуждены вопросы реализации договоренностей, достигнутых между двумя странами в ходе государственного визита узбекского лидера в марте этого года.

– В первом квартале текущего года отмечается повышение уровня деловых взаимоотношений в различных отраслях экономики. Следует отметить транспортно-логистическую сферу, автопромышленность, а также региональное сотрудничество. Товарооборот за первые три месяца 2017 года увеличился на 37%, - сказал Нурсултан Назарбаев.

Ш.Мирзиёев обратил внимание, что интенсивность двусторонних встреч напрямую влияет на эффективность межгосударственных отношений.

– После моего визита в марте этого года мы приняли Дорожную карту по всем направлениям совместной деятельности. Участились встречи на уровне министров, региональных руководителей, - сказал узбекский лидер.

Кроме этого, Президент Узбекистана поблагодарил Нурсултана Назарбаева за оказанное содействие в вопросе транспортировки нефти из Российской Федерации.

В завершение главы двух государств выразили уверенность в сохранении и дальнейшем развитии позитивной динамики казахстанско-узбекского сотрудничества.







БІРЛІК КҮНІНДЕ БІР МЕЗЕТТЕ

1 МЫҢ ДОМБЫРАШЫ КҮЙ ОРЫНДАДЫ

Шымкент қаласы Әл-Фараби алаңында 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік шара өтті. Салтанатқа облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысып, барша оңтүстікқазақстандықтарды Бірлік күнімен құттықтады.

«Бүгінгі Қазақстан бірлігі бекем, тірлігі келіскен, ынтымағы жарасқан елге айналды. Жеткен жетістіктеріміз бен алған асуларымыз аз емес. Бүгін біз Ұлы даланың ұлағатымен Мәңгілік Ел құруға қадам бастық. Елеулі өзгерістер қоғамның барлық саласын қамтып отыр. Жалпыұлттық жаңғыру саяси-экономикалық салалармен қатар, азаматтық санаға да серпіліс алып келмек», - деді әкім.

Салтанатты жиында өңір басшысы елдегі этносаралық татулық пен қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға сүбелі үлес қосқан 18 этномәдени бірлестікке облыс әкімінің «Бауырмал» сыйлығын табыстады.

Мерекені тойлауға келген жұртшылық «Ақ көгершін» композициясын, ынтымағы жарасқан түрлі этнос өкілдері өнерпаздарының өнерін тамашалады. Сондай-ақ, бір мезетте 1 мың домбырашының орындаған күйін тыңдаса, «Мәңгілік ел» образында безендірілген машина, Алтын адам киіміндегі 20 салт аттының шеруін көрді.

Оңтүстік Қазақстанда бүгінгі таңда 100-ден астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, бірлесе еңбек етіп келеді. Ал облыстағы 20 этномәдени орталық пен аудан, қалалардағы 51 филиалда әр этностың салт-дәстүріне, әдеп-ғұрпына, мәдениетіне байланысты түрлі іс-шараларды өткізуіне барлық мүмкіндіктер жасалған

1 мамыр, дүйсенбі
2017
1 мая, понедельник







ТЫСЯЧИ ДОМБРИСТОВ ОДНОВРЕМЕННО ИСПОЛНИЛИ **КЮЙ В ДЕНЬ ЕДИНСТВА**

На площади Аль-Фараби города Шымкента прошло праздничное мероприятие, посвященное 1 мая - Дню единства народа Казахстана. В праздничном мероприятии принял участие аким области Ж.Туймебаев, поздравивший всех южноказахстанцев с Днем единства народа Казахстана.


«Сегодня Казахстан – это сильное процветающее государство. У нас немало достижений. Мы обрели общенациональную идею Мәңгілік Ел. Существенные изменения охватывают все сферы общества. Уверен, наряду с политическими и экономическими сферами, общенациональное возрождение приведет к прорыву гражданского сознания», - сказал аким.

На торжественном мероприятии 18 этнокультурным объединениям вручили премию акима области «Бауырмал» за весомый вклад в сохранении мира и общественно-политической стабильности в стране.

Общественность, собравшаяся для празднования мероприятия, посмотреликомпозицию «Ақ көгершін» и творчество представителей различных этносов. Также вниманию общественности представили кюй в исполнении 1 тысячи домбристов. Кроме того, присутствующие смогли увидеть шествие 20 всадников, облаченных в одеяние «Золотого человека», а также машину, украшенную эмблемой «Мәңгілік ел».

На сегодняшний день в Южно-Казахстанской области в мире и согласии проживают и трудятся более 100 представителей этносов. А 20-ти этнокультурным центрам области и 51 районным и городским филиалам созданы все возможности и условия для проведения различных мероприятий, связанные с этническими, культурными традициями.







ОҚО-ДА КӨКТЕМГІ
СУ ТАСҚЫНЫ БОЛУ ҚАУПІ ЖОҚ

Оңтүстік Қазақстан облысында көктемгі су тасқыны болу қаупі жоқ. Алайда алдын алу және дайындық шаралары қатаң бақылауда болуы тиіс. Бұл туралы Шардара су қоймасы мен Көксарай су реттегішін Әуеден бақылап, Сырдария, Арыс өзендерінің аңғарын шолып шыққан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев мәлім етті.

Өңірдегі өзен аңғарлары мен су қоймаларының жай-күйімен танысқан аймақ басшысы Отырар ауданында Түркістан және Арыс қалалары мен Шардара, Отырар ауданы Әкімдері мен облыстық деңгейдегі сала жетекшілерінің қатысуымен көшпелі жиын өткізді. Жиында су тасқынына қарсы атқарылып жатқан жұмыстардың барысы тыңдалды.

Тасқын судың алдын алу бойынша тиісті шараларды тыңғылықты орындауды жүктеген облыс басшысы ұсынылған жобаларды кеңінен талқылап, жасанды су қоймаларды жасау үшін аэрофотосуреттік түсірілім әдістері арқылы зерделеуді және бұл жұмысқа ғалымдарды да жұмылдыру қажеттігін атап, нақты тапсырмалар берді.

Су тасқынына қарсы шаралардың мән-жайы талқыланған жиында аудан әкімдері Сырдария өзеніндегі және Көксарай реттегішінде толған суды ауыл шаруашылығы бағытына қолдануға мүмкіндік беретін жобаларымен таныстырды. Нәтижесінде суармалы жерлерді ұлғайту көзделуде.

3 мамыр, сәрсенбі
2017
3 мая, среда



В ЮКО
НЕТ УГРОЗЫ ВЕСЕННИХ ПАВОДКОВ

В Южно-Казахстанской области нет угрозы весенних паводков. Тем не менее, профилактические и подготовительные мероприятия должны строго контролироваться. Об этом было сказано акимом области Жансеитом Туймебаевым в ходе вертолетного облета Шардаринского водохранилища, Коксарайского контррегулятора и русла рек Сырдарья и Арыс.

Ознакомившись с состоянием водохранилищ и руслами рек, глава региона провел выездное совещание в Отырарском районе, на котором присутствовали акимы Шарадаринского, Отырарского районов, городов Туркестан и Арысь, а также руководители соответствующих сфер. На совещании были заслушаны отчеты о проводимых в регионе противопаводковых мероприятий.

В ходе совещания, глава региона обсудил представленные проекты и поручил тщательно выполнять все противопаводковые мероприятия, а также отметил, что для создания искусственных водоемов необходимо задействовать методы аэрокосмической съемки и привлечь ученых.

На заседании, где были обсуждены противопаводковые мероприятия, акимы районов ознакомили с проектами, которые предоставят возможность использовать наполненные воды реки Сырдария и контррегулятора Корксарай в направлении сельского хозяйства. В результате планируется увеличение орошаемых земель



ҰОС АРДАГЕРІНІҢ ОТБАСЫНА **АРНАЙЫ БАРЫП ҚҰТТЫҚТАДЫ**

9 мамыр - Жеңіс күні мерекесіне орай, Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Шымкент қаласында тұратын ҰОС ардагері Пернебек Жұмашевтің шаңырағына арнайы барып құттықтап, сый-сияпат тарту етті. Сонымен қатар, ҚР Премьер-Министрі Б.Сағынтаевтың жолдаған құттықтау хатын тапсырды.

92 жастағы соғыс майдангерімен әңгімелесу барысында әкім бейбіт өмір мен ұрпақтың бақытты болашағы үшін отқа түсіп, қайғы-қасірет шеккен, соның бәрін қайыспай жеңе білген ардагерлердің жанкешті ерлігі мен еңбегі ешқашан ұмытылмайтынын айтты.

Кездесуде қазыналы қарт майдан даласындағы естеліктерімен бөлісті. Бүгінгі ұрпақтың егемен еліміздегі бейбіт өмірдің қадірін ұғынып, оны қастерлеуін қалайтынын жеткізді. Сонымен қатар, ол ел үшін шайқасқан әрбір ардагерге әрдайым құрмет көрсетіп, әлеуметтік тұрғыда қолдау білдіріп жатқан Елбасыға және жергілікті билік өкілдеріне ризашылығын білдірді.

Жұмашев Пернебек 1925 жылы Түлкібас ауданындағы Манкент ауылында дүниеге келген. Ауылдағы 7 жылдық мектепті бітірген соң 1942 жылы қараша айында 1-2 Украина 13 - армия қатарына шақырылып, ел алдындағы парызын өтеді. 1944 жылы туған жерге қайтып оралды.

«Ерлігі үшін» медалімен марапатталған ардагер зайыбымен 4 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан 36 немере, 48 шөбере, 3 шөпшек сүйіп отыр

9 мамыр, сейсенбі
2017
9 мая, вторник



ПОЗДРАВЛЕНИЕ
СЕМЬИ ВЕТЕРАНА ВОВ

В канун Дня Победы аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев побывал в доме у ветерана ВОВ Пернебека Джумашева, проживающего в городе Шымкент, где поздравил его с праздником и вручил подарки.

Кроме того, вручил поздравительную открытку от имени Премьер-Министра РК Б.Сагинтаева.

В ходе разговора с 92-летним фронтовиком, глава региона отметил, что ветераны внесли огромный вклад в победу в Великой Отечественной войне, и сколько бы лет ни прошло со дня Победы, мы никогда не забудем, какой ценой она досталась.

В свою очередь, ветеран поделился воспоминаниями военных лет и выразил желание, чтобы сегодняшнее поколение понимало цену мирной жизни и дорожило им.

Также выразил свою благодарность Главе Государства и представителям местной власти за постоянную социальную поддержку и оказываемое внимание.

Пернебек Джумашев родился в 1925 году в селе Манкент Тюлькубасского района. После окончания 7-летней школы в ноябре 1942 года был призван в ряды Красной Армии и отправлен на Украинский фронт. В 1944 году вернулся домой.


Стоит отметить, что ветеран награжден медалью «За отвагу». Вместе с супругой вырастил 4 сыновей и 3 дочерей. Сейчас воспитывает 26 внуков, 48 правнуков и 3 праправнука.











ОҚО: ЭКСПО-2017 КӨРМЕСІН ТАМАШАЛАУҒА **4 МЫҢҒА ЖУЫҚ ОҚУШЫ БАРАДЫ**

Елордамыз Астана қаласында «Болашақ энергиясы» тақырыбында өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесіне Оңтүстік Қазақстан облысынан 3750 оқушы барады.

Өңірдегі әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары мен оқуда озат, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан және білімі мен өнегелі тәрбиесі үшін оқушыларға мемлекет және демеушілер есебінен ЭКСПО-2017 көрмесіне жолдама берілуде.

Бүгін Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев халықаралық мамандандырылған көрмесіне баратын мектеп оқушыларымен Шымкент қаласындағы «Оқушылар сарайында» арнайы кездесіп, олардың дайындаған көрмесі мен концерттік бағдарламасын тамашалады.Ең алдымен әкім «ЭКСПО-2017 - Оқушылар көзімен» тақырыбындағы көрмені аралап көріп, «ЭКСПО-2017 - Қазақстанның болашағы» атты салтанатты шараға қатысты.Мұнан соң, қонақтар «Болашақ энергиясы» ЭКСПО-2017» тақырыбында оқушылардың қатысуымен өткен флешмобты, «ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі – балалар әлемінде» атты сахналық көріністі тамашалады.

11 мамыр, бейсенбі
2017
11 мая, четверг



ЮКО: ОКОЛО 4 ТЫСЯЧИ УЧЕНИКОВ **ПОСЕТЯТ «ЭКСПО-2017»**

Международную специализированную выставку «ЭКСПО-2017: Энергия будущего», которая пройдет в Астане, посетят 3750 южноказахстанских учащихся.

За счет спонсоров и государства выставку посетят дети из малообеспеченных семей, а также школьники, принимающие активное участие в общественных работах и отличившиеся своим знанием.

Сегодня аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев встретился во «Дворце школьников» с учениками, которые отправятся на международную специализированную выставку.

В первую очередь, аким области посмотрел выставку на тему «ЭКСПО-2017- глазами детей».

Наряду с этим, гости стали свидетелями флешмоба на тему: «Будущая энергия» «ЭКСПО-2017» с участием учеников, а также было организовано сценическое представление Международная выставка ЭКСПО-2017 в мире детей».





ӨЗБЕКСТАНДЫҚ
ТАУАРӨНДІРУШІЛЕРДІҢ КӨРМЕСІ ӨТУДЕ

Шымкент қаласында Ташкент қаласының тауарөндірушілерінің екі күндік көрмесі басталды. Көрмеге көршілес елдегі 230-ға жуық кәсіпорынның өнімдері қойылып, тамақ өнеркәсібі, құрылыс, машина жасау, металлургия, химия, жеңіл өнеркәсіп, фармацевтика, жиһаз, киім және тоқыма саласына қатысты, сонымен қатар, кәдесыйлар мен спорттық тауарлар және ойыншықтар сынды 1 мыңнан астам өнім түрлері оңтүстікқазақстандықтар назарына ұсынылды.

Аталған іс-шара аясында облыс әкімі Ж.Түймебаев Ташкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нозим Хусанов бастаған делегациямен кездесті. Әкім Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында Өзбекстан кәсіпкерлерімен сауда, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс пен құрылыс материалдарын өндіру, медицина және білім беру салаларында табысты ынтымақтастық орнатылғанын атап өтті.

«Біздің аймақ бизнесті дамыту үшін инвесторларға қолайлы жағдай жасау әлеуетімен ерекшеленеді. 2010 жылы Шымкент қаласында тоқыма өнеркәсібін дамыту мақсатында «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы құрылған. Сонымен қатар, облысымыздағы 11 индустриалды аймақта кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасалған. Бүгінгі кездесу Шымкент пен Ташкент кәсіпкерлерінің арасында болашақ жемісті ынтымақтастықтың негізі болады деп үміттенемін», - деді әкім.

Өз кезегінде, Ташкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нозим Хусанов жылы қабылдау үшін алғысын білдіріп, бауырлас елдердің сауда-экономикалық ынтымақтастығынан бөлек, мәдени-гуманитарлық байланысының нығая түсетініне сенім білдірді.

Өңір басшысы Ташкент қаласы тауарөндірушілерінің көрмесіне қатысып, ондағы өнімдерімен танысты. Сонымен қатар, өзбекстандық кәсіпкерлерді бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Жалпы, қазіргі таңда екі елдің арасындағы сауда-экономикалық қатынастың жандануы байқалады. Яғни, 2016 жылдың қорытындысы бойынша Өзбекстанмен сыртқы тауар айналымының көлемі 1,5 млрд. АҚШ долларын құрап, оның 30%-дан астамы Оңтүстік Қазақстан облысына (532,4 млн.АҚШ долл.) тиесілі болып отыр.

12 мамыр, жұма
2017
12 мая, пятница





ВЫСТАВКА
ТОВАРОПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ УЗБЕКИСТАНА

В Шымкенте начала свою работу двухдневная выставка товаропроизводителей Ташкента. Свою продукцию представили порядка 230 товаропроизводителей соседнего государства. Вниманию южноказахстанцев представили более тысячи видов продукции в сфере пищевой промышленности, стройиндустрии, машиностроения, металлургия, химии, легкой промышленности, фармацевтики, мебели, одежды, текстиля, сувениров, спортивных товаров и игрушек.В рамках данного мероприятия аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев встретился с делегацией во главе с первым заместителем акима города Ташкент Нозимом Хусановым.

В ходе встречи, аким отметил, что на территории Южно-Казахстанской области налажено успешное сотрудничество с предпринимателями Узбекистана в сфере торговли, промышленности, сельского хозяйства, строительства и производстве строительных материалов, медицины и образования. «Наш регион привлекателен тем, что потенциальным инвесторам предоставляются благоприятные условия для развития бизнеса. В целях развития текстильной промышленности, в Шымкенте в 2010 году создана специальная экономическая зона «Оңтүстік». Также для предпринимателей предоставляются выгодные условия для развития бизнеса на 11 индустриальных зонах области. Я искренне надеюсь, что сегодняшнее мероприятие станет фундаментом будущего плодотворного сотрудничества предпринимателей Ташкента и Шымкента», - сказал аким.

В свою очередь, первый заместитель акима города Ташкент Нозим Хусанов поблагодарил за теплый прием, и выразил уверенность в дальнейшем укреплении не только торгово-экономических, но и культурных и гуманитарных связей между братскими народами.Глава региона принял участие в выставке и ознакомился с представленной продукцией. Кроме того, он призвал предпринимателей Узбекистана к совместной работе.

В целом, в настоящее время наблюдается оживление экономических отношений между нашими республиками. Так, по итогам 2016 года объем внешнеторгового оборота с Узбекистаном достиг 1,5 млрд. долларов США, из них чуть более 30% (532,4 млн. долл. США) приходится на Южно-Казахстанскую область.





«2016 ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ДИПЛОМАТ-ЕЛШІСІ» АТАҒЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Түркістан қаласындағы өтіп жатқан «Түркі әлемі және ақпараттық кеңістік» атты халықаралық журналистер форумында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев «2016 жылғы үздік дипломат-елші» атағымен марапатталды.

Әлем журналистері ұйымының шешімімен берілген бұл сыйлықты ұйым басшысының орынбасары, белгілі журналист Орхан Селен мырза табыс етті.

Осы ретте өңір басшысы түркі елдерінің рухани байлығын молайтуға қосқан елеулі үлесі үшін халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәліні «Оңтүстік Қазақстан облысына сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапаттады.



НАГРАЖДЕН ЗВАНИЕМ **«ЛУЧШИЙ ДИПЛОМАТ-ПОСОЛ 2016 ГОДА »**

На международном форуме журналистов «Түркі әлемі және ақпараттық кеңістік» (Тюркский мир и информационное пространство), проходящий в городе Туркестан, аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев награжден званием «Лучший дипломат-посол 2016 года». Подарок, врученный международной организацией журналистов вручил заместитель организации, известный журналист Орхан Селен.

В этой связи, глава региона наградил президента Международной тюркской академии Дархана Кыдырали за значительный вклад в воспроизводство духовной культуры тюркских стран медалью «За заслуги перед Южно-Казахстанской областью».



ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ ЖУРНАЛИСТЕРІ ТҮРКІСТАНДА

Түркістанда Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мен Халықаралық Түркі академиясының ұйымдастыруымен «Түркі әлемі және ақпараттық кеңістік» атты халықаралық журналистер форумы болып өтті.

Түркі әлемінің ортақ ақпараттық кеңістігін қалыптастырып, мемлекеттердің өзара ынтымақтастығын нығайту мақсатында ұйымдастырылған форумға Қазақстан, Әзірбайжан, Башқұртстан, Бельгия, Қырғызстан, Өзбекстан, Татарстан мен Түркия мемлекеттерінің бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары мен журналистері қатысты.

Түркітілдес елдердің журналистері бас қосқан жиынның ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев бүгінгі форум «Түркістан - Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында өткізілетін іс-шаралардың ішіндегі маңызды жиынның бірі екендігін атап өтті. Сонымен қатар түркі елдеріне арнайыортақ телеарна құру мен ақпарат алмасу мәселесін көтерді.

Сонымен қатар, форумда сөз алған ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов түркі халықтарының мәдени, рухани интеграциясындағы ақпарат құралдарының маңызына тоқталды.

Форум жұмысына қатысқан түркітілдес журналистер мемлекеттер арасында ақпарат алмасудың тиімділігін арттыру жайын сөз етіп, алдағы уақытта тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасасу туралы келісімге келді.

12 мамыр, жұма
2017
12 мая, пятница







ВСТРЕЧА ЖУРНАЛИСТОВ **ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ СТРАН В ТУРКЕСТАНЕ**

В Туркестане прошел международный форум журналистов на тему «Тюркский мир и информационное пространство», организованный акиматом Южно-Казахстанской области и Международной Тюркской академией.

В форуме, организованном с целью формирования общего информационного пространства тюркского мира и укрепления взаимного сотрудничества государств, приняли участие руководители и журналисты средств массовой информации Казахстана, Азербайджана, Башкирии, Бельгии, Киргизстана, Узбекистана, Татарстана и Турции.

Аким области Жансеит Туймебаев, принимавший участие в церемонии открытия форума журналистов тюркоязычных стран, подчеркнул, что сегодняшний форум это одно из важных собраний среди мероприятий, проводимых в рамках «Туркестан – культурная столица Тюркского мира». А также поднял вопрос о создании общего телеканала и об обмене информации среди тюркских стран.

На форуме также выступил Генеральный секретарь международной организации ТЮРКСОЙ Дуйсен Касеинов, остановился на важности средств массовой информации в культурной и духовной интеграции тюркского народа.

Журналисты, участвовавшие в работе форума, обсудили повышение эффективности обмена информации среди государств и пришли к соглашению о тесном сотрудничестве в дальнейшей работе.







ОҚО ҚАЗАҚСТАН

ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XX СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Шымкент қаласында «Берекелі бірлікпен рухани жаңғыруға» тақырыбында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясы өтті.Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі - облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Ж.Түймебаевтың қатысуымен өткен жиынға этномәдени бірлестіктер төрағалары мен мүшелері, аудан, қала әкімдері, облыстық мәслихаттағы «Ел бірлігі» депутаттық тобының мүшелері және зиялы қауым мен жастар, БАҚ өкілдері сынды жалпы саны 800-ден астам адам қатысты.

Сессия жұмысын ашқан өңір басшысы - облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Ж.Түймебаев бүгінгі басқосудың мақсатымен таныстырып, Қазақстан халқы Ассамблеясының XXV сессиясында Мемлекет басшысы жүктеген бірқатар міндет-мақсаттардың облыста жүзеге асырылу барысына тоқталды.

«Үшінші жаңғырудың межесі айқын, міндеті белгілі. Ұлттық сананы қалыптастыруда ата дәстүрін жалғап, тілін, тарихын төрге оздырған, жарасты қоғам құрып, жасампаз еңбегімен ел қуатын арттырған оңтүстікқазақстандықтар Елбасы қойған мерейлі міндеттердің үдесінен шығады деген ойдамын. Үш миллионға жуық тұрғыны, тоғыз жүзге жуық елді мекені бар Оңтүстік Қазақстан жүзден астам этнос өкілдерін бауырына басқан қасиетті өңір саналады. Бағалай білгенге бұл үлкен күш, ауқымы кең әлеует»,-деді өз баяндамасында әкім.

Іс-шара барысында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының жаңа мүшелері мен Қоғамдық келісім кеңесінің жаңа құрамы бекітілді.

Сондай-ақ, жиында достықты, бейбітшілік пен этносаралық татулықты нығайтудағы жасампаз еңбегі үшін бірқатар азаматтар облыс әкімінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Ассамблея сессиясы арнайы концерттік бағдарламаға ұласып, Елбасының сөзіне жазылған «Шұбар ат», «Үшқоңыр», «Жерім менің», «Елім менің» әндерінен этномәдени бірлестіктердің әртүрлі тілдегі попурриімен аяқталды.

19 мамыр, жұма
2017
19 мая, пятница







СОСТОЯЛАСЬ XX СЕССИЯ
АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА ЮКО

В Шымкенте прошла XX сессия областной Ассамблеи народа «Сплоченностью и единством к духовной модернизации». В заседании участие приняли Аким Южно-Казахстанской области, председатель областной Ассамблеи народа Казахстана Ж.Туймебаев, председатели и члены этнокультурных объединений, акимы городов и районов, члены депутатской группы областного маслихата «Ел бірлігі», а также представители интеллигенции, молодежи и СМИ, общей численностью более 800 человек.

Открывая работу сессии, аким области, председатель областной Ассамблеи народа Казахстана Ж.Туймебаев ознакомил присутствующих с целью сегодняшней встречи и рассказал о ходе реализации в регионе ряда целей и задач, возложенных Главой государства на XXV сессии Ассамблеи народа Казахстана.

«Глава государства Н.А.Назарбаев неоднократно подчеркивал, что в условиях глобализации выживают лишь те культуры, которые оказываются способными к адаптации и имеющие крепкие основы национальной идентификации. Наш народ отличается особенной толерантностью, предельной открытостью, истинным гостеприимством и уважительным отношением к другим цивилизациям. И эти традиционные для казахов ценности легко и с удовольствием перенимают все этносы, проживающие в Казахстане. Тем самым, культура нашей страны обогащается, а опыт межнационального согласия показывает верный принцип развития – единство в разнообразии. Сегодня областная Ассамблея народа Казахстана сложилась как эффективный институт в реализации государственной этнополитики, посредством которой оказывается реальная поддержка этносов в их стремлении к возрождению своей культуры, языка, традиций», - сказал Ж.Туймебаев. В ходе мероприятия были утверждены новые члены областной Ассамблеи народа Казахстана и новый состав Совета общественного согласия.

За высокие достижения и значительный вклад в социально-экономическое развитие области, укрепление дружбы, межнационального согласия и стабильности в обществе, ряд граждан наградили Почетной Грамотой акима области. Сессия Ассамблеи продолжилась специальной концертной программой и завершилась исполнением попурри на разных языках этнокультурных объединений из известных песен на слова Главы государства «Шұбар ат», «Үшқоңыр», «Жерім менің», «Елім менің».





«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Шымкенттегі «Көрме» орталығында өтіп жатқан «ONTUSTIK өнімдері-2017» көрме-жәрмеңкесі аясында «Қазақстанның үздік тауары» байқауының жеңімпаздары анықталды. Жеңімпаздарды еліміздің Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев пен Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев «Халықтың таңдауы», «Жыл серпіні», «Жыл бренді», «Әлеуметтік маңызды стартап» номинацияларымен марапаттап, бағалы сыйлықтар табыс етті.

Одан бөлек, конкурстың жеңімпаздары Астанада өткізілетін республикалық «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсына қатысуға жолдама алды.

«Зерде-Керамика», «Хамит» АӨК, «Бал Текстиль» ЖШС, «АртСапалы құрылыс» ЖШС, «Мадлен» ЖШС мен жеке кәсіпкер «Құдайбергенов» компаниялары жеңімпаздар қатарынан көрінді.

Оңтүстік Қазақстанның тауар өндірушілерін қолдау және оларды халыққа кеңінен таныстыруды мақсат тұтқан шараға күнгейде өндірілетін тамақ, фармацевтика, машина жасау, химия, құрылыс саласына қатысты 200-ден астам тауар өндіруші қатысты.







ОПРЕДЕЛЕНЫ ПОБЕДИТЕЛИ КОНКУРСА **«ЛУЧШИЙ ТОВАР КАЗАХСТАНА»**

В Шымкенте в выставочном центре «Корме» в рамках ярмарки-выставки «ONTUSTIK өнімдері-2017» объявлены победители конкурса «Лучший товар Казахстана».

Победителей в номинациях «Выбор народа», «Прорыв года», «Бренд года», «Социально-значимый стартап» наградили и вручили ценные призы министр по делам религий и гражданского общества РК Нурлан Ермекбаев а так же, аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев.

Кроме того, победители конкурса получили возможность принять участие в конкурсе-выставке «Лучший товар Казахстана» проводимой в Астане.

Отметим, что победителями объявлены компании «Зерде-Керамика», СПК «Хамит», ТОО «Бал Текстиль», ТОО «АртСапалы құрылыс», ТОО «Мадлен» и ИП «Кудайбергенов».

На ярмарке-выставке приняли участие более 200 товаропроизводителей в сфере пищевой, фармацевтической, машиностроительной, химической, легкой промышленности и строительной индустрии, товары которых производятся на территории Южно-Казахстанской области.





ӨНЕРПАЗДАРҒА ОБЛЫС
ӘКІМІНІҢ СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Шымкент қаласында мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай «Мәдени қызмет – мерейлі міндет» атты мәдени іс-шарасы өтті. Шара барысында еліміздің мәдениет және руханият саласына еңбегі сіңген бір топ өнер және әдебиет қайраткерлеріне облыс әкімінің арнайы сыйлығы табыс етілді.

Облыс әкімі Жансейіт Қансейітұлының қолынан сыйлық алғандардың қатарында жазушы Әдіһам Шілтерханов, ақын-сазгер, драматург Исраил Сапарбай, Ақжол Мейірбеков, Нұрлан Өнербаев және Алтынай Жорабаева сынды әншілер бар.

«Оңтүстік Қазақстан облысындағы кәсіби театрлардың саны 8-ге жетіп, онда жыл сайын 40-тан астам жаңа спектакль сахналанып келеді. Осының өзі Оңтүстік жұртшылығының шынайы өнерге деген ықылас-пейілін танытса керек. Жыл сайын облыс орталығында «Театр көктемі» фестивалі өткізіледі. Баршаңызға мәдениет пен өнерге қызмет ету жолында зор денсаулық, шабыт, жаңа шығармашылық табыстар тілеймін», - деді облыс әкімі Жансейіт Қансейітұлы.

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің атынан Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Ж.Шанин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының артисі Сапар Өтемісов өнер саласына үнемі қамқорлық жасап келе жатқан облыс әкіміне алғыс тілегін білдірді.

Кеш барысында өңіріміздің 8 өнерпазына Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі және облыс әкімінің грамоталары табысталды. Сондай-ақ «Түркістан 2017 жыл - Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының салтанатты ашылуы мен түркі әлемінің «Наурызнама» мерекесін ұйымдастыруға атсалысқан шығармашылық ұжымдар облыс әкімінің атынан алғыс хаттарына ие болды.

Іс-шара барысында «ЭКСПО - 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне арналған М.Айтжановтың «ЭКСПО» әнінің тұсауы кесілді. Облыстық мәдениет және өнер мекемелерінің қызметкерлерінен құралған хордың орындауындағы ән алдағы уақытта ЭКСПО-2017 көрмесінде шырқалатын болады.

30 мамыр, сейсенбі
30 мая, вторник







ДЕЯТЕЛЯМ КУЛЬТУРЫ
ВРУЧИЛИ ПОДАРКИ АКИМА ОБЛАСТИ

В Шымкенте ко Дню работников культуры и искусства прошло культурное мероприятие под названием «Мәдени қызмет – мерейлі міндет». В ходе мероприятия деятелям литературы и искусства вручили специальные подарки акима области.

В числе получивших подарки из рук акима области писатель Адихан Шилтерханов, поэт - композитор, драматург Исраил Сапарбай, а также Акжол Мейрбеков, Нурлан Онербаев и Алтынай Жорабаева.

«В Южно-Казахстанской области насчитывается 8 профессиональных театров, где ежегодно ставят более 40 спектаклей. Это говорит о том, что южноказахстанские жители проявляют интерес к искусству. Ежегодно в области проводится фестиваль «Театр көктемі». Желаю вам крепкого здоровья, вдохновения и новых творческих успехов», - сказал Жансеит Кансеитович.

Вместе с тем, от имени работников культуры и искусства, заслуженный артист РК, артист областного академического казахского театра драмы имени М.Шанина Сапар Утемисов выразил благодарность акиму области.

В ходе мероприятия восьмерым деятелям культуры вручены нагрудные знаки Министерства культуры и спорта РК «Мәдениет саласының үздігі» и почетные грамоты акима области. Также, творческим коллективам принявшие участие в организации торжественной церемонии мероприятия «Туркестан 2017 - культурная столица Тюркского мира» и «Наурызнама» были вручены благодарственные письма от имени акима области.

На мероприятии состоялась презентация песни М.Айтжанова «ЭКСПО», посвященной международной специализированной выставки «Экспо-2017». Напомним, в ближайшее время эта песня на выставке ЭКСПО-2017 прозвучит в живом исполнении хора работников учреждений культуры и искусства области.







ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ

31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Осыған орай Шымкент «Қасірет» мемориалында қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу шарасы өтті. Жиынға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, облыстық мәслихат хатшысы Қайрат Балабиев, Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов және бірқатар ел ардақтылары мен саяси қуғын-сүргін және депортацияға ұшыраған ұлттардың ұрпақтары қатысты.

Өңір басшысы бастаған зиялы топ алдымен «Ана мен бала» ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. «Қасірет» мемориалына жиналған қауым нәубет жылдары қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Облыс әкімі өз сөзінде тоталитарлық озбыр саясат жүргізген құдалаудың салдарынан құрбан болған азаматтарымыздың рухын ардақ тұту бүгінгі және келер ұрпаққа парыз екенін айтты.

«1935-1938 жылдар аралығында республикамызда 113 мың адам қуғын – сүргінге ұшырады. Қазақ халқының және Қазақстан жерінде мекен еткен басқа да ұлттардың 25 мың алдыңғы қатарлы зиялы, көрнекті ұлдары жазықсыз атылды. Зұлмат жылдарда Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 2500 адам "Халық жауы" деп аталып, жазықсыз атылды»,- деді Жансейіт Түймебаев.

Мұнан соң сөз алған саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Кенбаевтар әулетінің ұрпағы Қайрат Бураханов «Сол жылдары Кенбаевтар әулетінің 10 азаматы жазықсыздан жазықсыз шейіт болды. Екі атамыз 1928 жылы Шымкенттегі түрмеде азаппен, аштықтан өлсе, сегіз атамыз жазықсыз атылды»,- деді.

Шара барысында көпшілік қауым зұлмат заманнан сыр шертетін театрландырылған қойылымды тамашалады.

Еске сала кетейік, 1935-1938 жылдар аралығында сұрапыл саясаттың салдарынан 507 мың қарашай, шешен, 180 мың қырым татарлары мен 110 мың поляктар, тағы да көптеген ұлт өкілдері Оңтүстік Қазақстанға күштеп жер аударылды.

31 мамыр, сәрсенбі
2017
31 мая, среда







ПОЧТИЛИ ПАМЯТЬ ЖЕРТВ **ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ**

31 мая в Казахстане отмечается День памяти жертв политических репрессий. В связи с этим, у мемориала «Қасірет» прошло мероприятие в память о жертвах политических репрессий и голода. В мероприятии приняли участие аким области Жансеит Туймебаев, секретарь областного маслихата Кайрат Балабиев, аким города Шымкент Габидулла Абдрахимов, а также местная интеллигенция и родственники жертв политических репрессий и депортации.В первую очередь, глава региона вместе с группой интеллегенции возложили венки к памятнику «Мать и дитя». Собравшиеся к мемориалу «Қасірет» почтили минутой молчания память павших в годы голода и тоталитаризма.

В своем выступлении, аким области отметил, что в нашей области с особой чуткостью и вниманием относятся к памяти жертв репрессий. Это подчеркивает то, что в нашем государстве глубоко чтят память людей безвинно пострадавших в те годы.

«В период с 1935-1938 годы 113 тысячи человек в республике подверглись массовым репрессиям. Кроме того, были невинно расстреляны 25 тысячи образованных и видных сыновей других национальностей, проживавших на Казахстанской земле. В годы геноцида по Южно-Казахстанской области расстреляны 2500 человек, которых признали «Врагами народа»» - сказал Жансеит Туймебаев.

В ходе мероприятия присутствующие посмотрели театрализованное представление, которое повествует о трагедии геноцида.Кайрат Бураханов, потомок династии Кенбаевых, которые пострадали в результате политических репрессий, рассказал об ужасах и трудностях того времени.

«В те страшные времена 10 невинных граждан семьи Кенбаевых были несправедливо осуждены и растреляны. В 1928 году двое скончались шымкенткой тюрьме от голода и пыток, а оставшихся восьмерых расстреляли», – сказал К.Бураханов. Напомним, что с 1935 по 1938 годы многие граждане подверглись массовым репрессиям. В ссылку на юг Казахстана были отправлены 507 тыс. карачаевцев и чеченцев, 180 тыс. крымских татар и 110 тыс. поляков и представители многих других наций.





АРЫСТА ДА **ЖЫЛЫЖАЙ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙТЫЛМАҚ**

Облыс әкімі Ж.Түймебаев 74 мыңнан астам халқы бар Арыс қаласында жұмыс сапарымен болып, бірқатар нысандардың тыныс-тіршілігімен танысты.

Ең алдымен өңір басшысы жылыжай өсіруді 25 соттықтан бастаған жеке кәсіпкер Рахымжан Кенжебаевтың шаруашылығын аралап көрді. Кәсіпорын төрағасы жылыжай көлемінің жуырда 5 мың гектарға ұлғайғанын айтты. Әкім шаруашылық жетекшісінің бұл жоспарын қолдап, қуаттады. Сондай-ақ, ол мемлекеттен тиісті көмек пен қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Айта кетейік, өткен жылы жылыжайдан 50 тонна қызанақ, 25 тонна қияр жиналған болса, бүгінгі күнге 2 гектар жерге егілген қызанақтан 85 тонна өнім жиналды. Ал мемлекеттен алынған субсидия көлемі 2,6 миллион теңгені құрайды.

Мұнан соң, өңір басшысы жаңа технологияны ендіріп, 600 гектар жерді жаңбырлату әдісімен суарып отырған «Жаңа Ақдала» Агрофирмасы» ЖШС-нің егістік алқабында болды. Жаңа технологияны таныстырған серіктестік басшысы бұл тәсіл арқылы ағын суды үнемдеп қана қоймай, өнім көлемін де арттыруға болатынын жеткізді.

Ақдала ауылдық округінде орналасқан серіктестік биыл өзіне қарасты егістік жерлерді игеру үшін Германияның BOUER компаниясынан шыққан жаңбырлатып суару технологиясын қолданып отыр. Оның әрқайсысының бір орында 60 гектар жерді суаруға мүмкіндігі бар. Шаруашылық құны 67 мың еуро тұратын құрылғының 7 данасын алып, іске қосқан. Жаңбырлатып суару әдісінің тиімділігі өте көп.

Жұмыс сапары барысында облыс әкімі жеке кәсіпкер Б.Сарбасовтың тәулігіне 120 тонна өнім шығаратын ұн диірменінде болды. Серіктестік жетекшісі өндіріс көлемін арттыру мақсатында қосымша қаржы көздері арқылы жаңа диірмен орнатқанын айтып, нәтижесінде өнім көлемін екі есеге арттырғанын жеткізді. Кәсіпкер наубайханада күніне 3 мың дана бөлке нан шығарып, қалада ең арзан бағамен сатады.

Сапар соңында облыс әкімі Ж.Түймебаев Арыс қаласының басшысына жекелеген шешімін күткен мәселелерге назар аударып, оның шешу жолдарын қарастыруды және тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстарды жандандыруды жүктеді.

31 мамыр, сәрсенбі
2017
31 мая, среда







В АРЫСЕ **УВЕЛИЧИТСЯ ПЛОЩАДЬ ТЕПЛИЦ**

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев посетил с рабочим визитом Арысь, где ознакомился с работой ряда крестьянских хозяйств.

В первую очередь, глава региона побывал в тепличном комплексе индивидуального предпринимателя Рахымжана Кенжебаева, который начинал свою деятельность с теплицы, расположенной на 25 сотках земли. В ходе осмотра теплицы, руководитель предприятия сообщил, что в ближайшее время площадь теплиц увеличится до 5 гектаров. В свою очередь, аким поддержал план хозяйства. Кроме того, он рассказал о помощи и поддержке, оказываемой со стороны государства.

Если в прошлом году с теплицы собрали 50 тонн помидоров и 25 тонн огурцов, то на сегодняшний день с 2 га земли засеянных помидорами собрано 85 тонн продукции. Более того, получено 2,6 млн. тенге субсидий от государства.Глава региона ознакомился с работой ТОО «Жаңа Ақдала» Агрофирмасы», внедрившим на 600 гектарах новую технологию полива земли методом дождевания. В ходе ознакомления с новой технологией, глава товарищества рассказал, что этот метод позволяет не только экономить воду, но и повысить объем продукции.

Отметим, что данное товарищество в сельском округе Ақдала, для орошения посевных земель методом дождевания использует германское оборудование компании BOUER. Каждое способно орошать в одном месте 60 га. Стоимость оборудования 67 тыс. евро, хозяйство приобрело таких 7 единиц.Орошение методом дождевания имеет большие преимущества.В ходе визита аким области побывал на мельнице предпринимателя Б.Сарбасова, способной производить 120 тонн муки в сутки. В целях увеличения объема производства, руководство товарищества путем дополнительного финансирования установило еще одну мельницу, тем самым увеличив объемы производства в два раза. Помимо этого, в пекарне предпринимателя выпекают 3 тыс. буханок хлеба в сутки, и продают в соседнем магазине самый дешевый хлеб в городе.

В завершение поездки аким области Ж.Туймебаев поручил руководителю города Арысь обратить внимание на решение некоторых вопросов, в том числе активизировать работу в направлении улучшения социального положения населения.







15 МЫҢ ОҚУШЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН **«ШАБЫТ ШЕРУІ» ӨТТІ**

Шымкент қаласында балалар мен жастардың музыкалық оркестрлері мен ансамбльдерінің «Шабыт шеруі» атты мерекелік іс-шарасы өтті. 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған шараға облыстан 15 мың оқушы мен 210 студент қатысты.

Шерудің ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімі Жансейіт Түймебаев балаларды мерекемен құттықтап, болашақ ұрпаққа берілетін білім мен тәрбиенің маңыздылығына тоқталды.«Оңтүстікте соңғы жылдары бала санының арта түсуі бізді айырықша қуантып отыр. 2016 жылы 80 мыңға жуық нәресте дүниеге келіп, аймағымыз демографиялық көрсеткіштермен көш бастады. Өңірде мектеп жасындағы балалар саны 611 мыңнан аса оқушыны құрап, республикалық көрсеткіштің 21 пайызына жетті. Сонымен бірге жыл сайын мектептердегі оқушылар саны шамамен 30 мыңға артуда. Осыған орай, алдағы бес жылда 205 жаңа мектептің құрылысын жүргізуді жоспарлап отырмыз», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Бүгінгі таңда облыста өнерлі жастардың шабытын шыңдайтын 26 арнайы мектеп бар. Оларда 15 мыңға жуық оқушы білім алуда. Дәл мұндай музыка мектебі өзге ешбір мемлекетте жоқ. Аталған оқу орындарының жетістігі де көңіл қуантады. Өңірдің өнерлі өрендері 6 рет республикалық сайыстарда бас жүлде жеңіп алса, 9 рет халықаралық жарыстардың жеңімпазы атанған. «Шабыт шеруі» іс-шарасы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру мақсатында қолға алынып отыр. Бұл күні облыстық әкімшілік-іскерлік орталығының алаңымен дауылпаздар отряды, үрмелі аспаптар оркестрі мен ансамбльдер, мажореткалар, черлидерлер, хор және би ұжымдары шерулетіп жүріп өтті.

1 маусым, бейсенбі
2017
1 июня, четверг







ПАРАД «ШАБЫТ» С УЧАСТИЕМ 15 ТЫСЯЧ ШКОЛЬНИКОВ

В Шымкенте прошел парад детских и юношеских музыкальных оркестров и ансамблей «Шабыт». В мероприятии, организованном в честь Дня защиты детей, приняли участие 15 тысяч школьников и 210 студентов.

На церемонии открытия парада детей поздравил аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев и отметил важность воспитания подрастающего поколения.

«Радует, что в последние годы в нашей области увеличивается количество новорожденных. В 2016 году на свет появилось более 80 тысяч малышей, это лучший показатель по республике. Количество учащихся школ в регионе составило 611 тысяч человек, республиканский показатель достиг 21 процента. Кроме этого, ежегодно число детей, идущих в школу, увеличивается на 30 тысяч. В связи с этим запланировано в ближайшие пять лет построить 205 новых школ», сказал Жансеит Кансеитович.

Сегодня в области действуют 26 детско-юношеских школ искусств. В них обучаются порядка 15 тысяч детей. Впечатляют успехи воспитанников таких учреждений. Они шесть раз становились победителями республиканских конкурсов, девять раз – международных

Прошедший творческий парад состоялся в рамках реализации идеи Главы государства «Мәңгілік ел». В этот день на площади в административно-деловом центре прошли маршем отряды барабанщиков, оркестр духовых инструментов, ансамбли, мажоретки, черлидеры, хористы и танцоры.





ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕГІ СҰХБАТҚА

600-ДЕН АСТАМ СҰРАҚ ТҮСТІ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев жергілікті «Қазақстан-Шымкент» телеарнасында тікелей эфирде сұхбат берді. Телеарнада өткен «Әкім сағаты» хабарында өңір басшысы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының облыста жүзеге асырылуы туралы баяндап, тұрғындардан түскен сауалдарға жауап берді.

Сұхбат басында әкім облыстың әлеуметтік-экономикалық жайында баяндап, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала, кәсіпкерлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, білім беру, денсаулық сақтау сынды негізгі салалар бойынша жеке-жеке тоқталды.

«Облыста биыл алғаш рет жібек шаруашылығы қолға алынды. Өңірге бағытталған инвестиция көлемі 1,6 есеге артты. Елбасы Жолдауында атап айтылғандай, ауыл шаруашылығын экономиканың драйверіне айналдыру жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. Қазірге 50 мың отбасыны біріктірген 468 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Тасқын судың алдын-алу әрі егістік алқаптарды суландыру мақсатында өзендердің бойынан 16 су қоймасын салу жоспарлануда. Оған 9,3 млрд. теңге қаралып, нәтижесінде 17 мың гектар алқапты суландыру көзделуде. Биыл елді мекендерді газдандыру және электр энергиясымен қамту жөнінде ауқымды жұмыстар атқарылатын болады», - деді әкім.Бас-аяғы 1,5 сағатқа созылған жүздесуде арнайы мамандардан құралған «Call-орталықта» телефон, электронды пошта, whatsapp желісі және облыстық әкімдігінің фейсбуктегі ресми парақшасы арқылы сауалдар келіп, облыс жұртшылығы өздерін толғандырған сауалдарына жауап алды. Тікелей эфир кезінде сауалдардың басым бөлігі whatsapp желісі арқылы түсіп, ондағы негізгі сұрақтар ауыл шаруашылығы, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік, коммуналдық шаруашылық, білім, денсаулық сақтау, туризмді дамыту сынды маңызды салаларға қатысты болды.

Сұрақ жолдаушылардың арасында республикамыздың өзге облыстарынан, хабарласқан көрермендер өңір басшысымен тікелей бейнесұрақ арқылы дидарласты. Толғандырған мәселесінің жауабын алып, ұсыныстарын жолдай алды. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы, бүгінде Ақтау қаласында тұрып жатқан А.Жайылғанова ішкі туризмді дамыту жайына алаңдап, өзге облыстар тұрғындарын Оңтүстікке жиі келтіру мәселесін көтерсе, кезінде күнгейден теріскейге көшіп барып, дәл қазіргі таңда онда егін шаруашылығымен айналысып, пайданың көзін тауып жүрген С.Мырзахметов Оңтүстік тұрғындарын Солтүстікке көшіру мәселесіне әкімнің өзі атсалысуын өтінді. Жалпы, бұл күні облыс басшысымен болған тікелей эфирге өңір тұрғындарынан жалпы саны 600-ден астам сұрақ жолданды. Ж.Түймебаев тұрғындардың мәселесін дер кезінде шешуге атсалысатынын жеткізді.



8 маусым, бейсенбі
2017
8 июня, четверг

В ХОДЕ ТЕЛЕВИЗИОННОГО ПРЯМОГО ЭФИРА
ПОСТУПИЛО ОКОЛО 600 ВОПРОСОВ

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев дал интервью местному телеканалу «Казахстан-Шымкент». В эфире телеканала, в программе «Час акима», глава региона рассказал о реализации в области Послании Главы государства «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», а также ответил на поступившие от жителей вопросы.

«В области впервые приступили к развитию шелководства. Объем инвестиций, направленных в область, увеличился в 1,6 раз. Проводятся мероприятия по превращению аграного сектора в драйвер экономики. Сегодня хозяйства около 50 тысяч семей объединились в 468 кооперативов. В области запланировано строительство 16 водохранилищ. Для этого предусмотрено 9,3 миллиарда тенге, в результате 17 тысяч гектаров будут сохранены от бедствий. В этом году также будут вестись работы по газификации и электрофикации населенныз пунктов», - констатировал аким.

В ходе встречи, которая длилась порядка 1,5 часов, на многие волнующие вопросы общественность региона получила исчерпывающие ответы благодаря слаженной работе специалистов «Call-центра».

Вопросы поступали по телефону, электронной почте, через whatsapp, на официальную страницу областного акимата в фейсбуке. Большая часть вопросов, с которыми обратились жители области, касались сферы сельского хозяйства, занятости, предпринимательства, коммунального хозяйства, образования, здравоохранения, развития туризма.

К примеру, если А. Жаилганова, уроженка ЮКО, проживающая в Актау, подняла вопрос о развитии внутреннего туризма, то С. Мырзахметов, родившийся на юге и переехавший на север страны, обратился к главе региона оказать содействие жителям по вопросам переселения из южных в северные регионы.

В целом, во время прямого эфира свои вопросы главе региона направили порядка 600 жителей. Аким области Ж.Туймебаев постарался ответить на большинство вопросов.









ОҚО ӘКІМІ БАСТАҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА БОЛДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев бастаған делегация жұмыс сапарымен Жамбыл облысына барды. Делегация мүшелерін Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев күтіп алып, бірнеше ірі өндірістік және әлеуметтік жобалармен таныстырды.


Оңтүстікқазақстандық делегация ең алдымен күн көзінен қуат алатын «Бурное Солар-1» станциясында болды. Жобаға салынған жалпы инвестиция құны 122 млн. АҚШ долларын құрайды.

Жұмыс сапары барысында делегация мүшелері «Тараз-Арена» спорт кешенінде болды. Олимпиадалық жеткіншектерді даярлайтын «Атлетик» оқу-жаттығу кешенінің жұмысымен де танысты. Бірегей спорт кешендері салауатты өмір салтын насихаттау және әр түрлі жастағы тұрғындарды әуесқой және кәсіпқой спорт түрлерімен айналысуға жаппай жұмылдыру мақсатында соғылған.

Сондай-ақ, Оңтүстіктен келген делегация минералды тыңайтқыштар өндіретін «Казфосфат» ЖШС-нің жұмысымен танысты. Бұл кәсіпорын өз өнімдерінің 95 пайызын шет елге экспорттайды.

Сапар барысында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев жаңадан ашылған Жамбыл Жабаев атындағы «Руханият» рухани дамыту орталығында болды. Рухани орталықтағы естелік кітапшаға қолжазбасын қалдырды.

9 маусым, сейсенбі
2017
9 июня, вторник







ДЕЛЕГАЦИЯ ВО ГЛАВЕ С АКИМОМ ЮКО **ПОБЫВАЛА В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Делегация во главе с акимом Южно-Казахстанской области с рабочим твизитом побывала в Жамбылской области. Членов делегации встретил аким Жамбылской области Карим Кокрекбаев и ознокомил с несколькими крупными пройзводственными и социальными проектами.

Южно-Казахстанская делегация в первую очередь посетила станцию солнечной энергии «Бурное Солар-1». Общая сумма вложенной инвестиции составляет 122 млн. долларов США.

Во время рабочего визита члены делегации так же побывали в спортивном комплексе «Тараз-Арена». Они ознокомились с работой учебно-тренировочного комплекса «Атлетик», который готовит олимпийский резерв среди подрастающего поколения. Оснащенные всеми необходимыми оборудованиями спорткомплексы сооружены в целях пропаганды здорового образа жизни и привлечения населения к занятиям разными профессиональными и любительскими видами спорта.

После этого, делегация побывала в ТОО «Казфосфат» по пройзводству минеральных удобрении. Названное предприятие экспортирует за границу 95 процентов пройзводимой самим продукции.

В этот же день члены делегации посетили центр духовного развития «Руханият» имени Жамбыла Жабаева, который незадолго введен в эксплуатацию.







ОҚО ӘКІМІ **50 ЖЕҢІМПАЗ ОҚУШЫМЕН** КЕЗДЕСТІ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев 2016-2017 оқу жылында халықаралық, республикалық пән олимпиадалардың және өнер мен спорт жарыстарының жеңімпазы болған 50 оқушымен кездесті.

Кездесу барысында өңір басшысы жеңімпаздарды халықаралық, республикалық жетістіктерімен құттықтады.

«Облыс мерейін асырған талапты түлектер мен олардың ұстаздарына алғысым ерекше. Еліміздің «Мәңгілік ел» жасауда нағыз болашақ қозғаушы күш - жастар. 2016 жылы түлектеріміз Астана – Алматы қалаларымен иық теңестіріп, ҰБТ көрсеткіші бойынша республикада 18 оқушы ең жоғары 125 баллға қол жеткізсе, соның алтауы біздің облыстың түлектері. Алдағы ҰБТ нәтижесі бойынша да сіздер жоғары көрсеткіш көрсетіп, облыстың мақтанышы болады - деп сенемін»,-деді әкім.

2016-2017 оқу жылында облыстың 4 оқушысы халықаралық олимпиадада, 26 оқушы республикалық олимпиадаларда, 10 оқушы ғылыми жобаларда және өнер мен спорттан 10 оқушы халықаралық бәсекелерде жүлделі орындарға ие болды. Ал, республикада жаратылыстану-математика бағыты бойынша облыс командасы «Ең үздік олимпиадалық команда-2017» атағын ие болса, Шымкент қаласындағы №1 «Білім-инновация» лицейі «Ең үздік олимпиадалық мектеп» номинациясын екі жыл бойы жеңіп алып облыс мерейін тасытты.

Бүгін республика бойынша мектеп түлектеріне орта білім туралы аттестаттар салтанатты түрде табыс етілуде. Жалпы биыл облыста 33 мыңға жуық оқушы 11-сыныпты бітірсе, оның ішінде 1353 бітіруші «Алтын белгі» белгісінің иегері. Ал 855-і үздік аттестатпен мектепті тәмамдады.

Кездесу соңында облыс әкімі өңірдің мерейін асырған талапты түлектерге, олардың ұстаздарына алғыс білдіріп, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен Алғыс хаттар табыс етті.

12 маусым, дүйсенбі
2017
12 июня, понедельник





АКИМ ВСТРЕТИЛСЯ С **50 ПОБЕДИТЕЛЯМИ ОЛИМПИАД**

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев встретился с 50 учащимися победителями международных, республиканских предметных олимпиад, спортивных соревнований и конкурсов искусств 2016-2017 учебного года.

«Хочу сказать спасибо вам и вашим преподавателям за эти победы. Молодежь является реальной движущей силой в создании «Мәңгілік ел». Родительский долг – это дать детям хорошее воспитание и образование. В прошлом году 18 выпускников показали самые высокие результаты сдачи ЕНТ, набрав 125 баллов, из них шестеро - из нашей области. Уверен, что эта тенденция сохранится и на предстоящем ЕНТ, где вы покажете высокие результаты», - сказал Ж. Туймебаев.

Отметим, что в 2016-2017 учебном году четверо учащихся области заняли призовые места на международных олимпиадах, 26 – на республиканских, 10 – в научных проектах и еще 10 учеников стали победителями спортивных соревнований и конкурсов искусств. Кроме того, областная команда была признана самой лучшей в номинации «Лучшая олимпийская команда-2017», а также школа-гимназия №1 города Шымкента на протяжении двух лет становится победителем в номинациях «Образование и инновации» и «Лучшая олимпийская школа», тем самым повышая престиж региона.

Сегодня в стране выпускникам школ вручают аттестат о среднем образовании. В целом, в области в этом году около 33 тысяч учащихся окончили 11 классы, в том числе 1353 стали обладателями знака «Алтын белгі», а 855 учеников окончили школу на аттестат с отличием.

В завершении встречи аким области выразил благодарность педагогам и выпускникам, а также вручил победителям благодарственные письма и ценные подарки.







ӘКІМ КӘСІПКЕРЛЕРДІ
ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТУГЕ ШАҚЫРДЫ

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев облыстық кәсіпкерлер палатасының ұйытқы болуымен өткен еркін форматтағы кәсіпкерлер кездесуіне қатысты. Жиынды ОҚО кәсіпкерлер палатасының директоры Асқар Әбубәкіров жүргізіп отырды.

Кездесу барысында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан туындаған мақсат-міндеттер сараланып, өңірдің даму концепциясы талқыланды. Бизнестің өркендеуіне мемлекет тарапынан жасалынып отырған қолдаулар мен кәсіпкерлерді қаржыландыру жүйесінің жаңа тетіктері сөз болды.

Туған жерді түлету ортақ парыз екенін айтқан облыс әкімі Ж.Түймебаев кәсіпкерлерді туған жерге, елге деген сүйіспеншілік пен жанашырлықтың үздік үлгісін көрсетуге шақырды.

«Бүгінгі таңда, мемлекет тарапынан бизнестің өркендеуіне барлық қолайлы жағдайлар жасалынып отыр. Соның нәтижесінде тек соңғы 3 жылда облысымызда «Оңтүстік» аймақтық инвестициялық орталығы арқылы жалпы құны 23,4 млрд. теңгені құрайтын 5,7 мыңға жуық жоба қаржыландырылды. Бұл жақсы көрсеткіш. Десек те, алда атқарылатын жұмыстар әлі де аз емес. Бұл ретте мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен өңір экономикасын өркендетуде жеке кәсіпкерлердің қосып жүрген үлес, ықпалының зор екенін айтқым келеді», -деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сонымен қатар, әкім бизнесмендерге халыққа қажетті тұрғын үй мен студенттерге арналған жатақхана салуды және өңірдің экономикасына септігін тигізетін туристік жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Жиында облыс әкімінің орынбасарлары өз салалалары бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жүзеге асырылуы тиіс жобаларды таныстырып, бұл бағытта мемлекеттен көрсетілетін қолдауларға тоқталды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Дархан Сатыбалды мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде 35 жоба салу ұсынылып отырғанын атап өтті. Ал облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Жамалов Түркістан қаласы мен Сарыағаш, Шардара, Төле би аудандарында іске асырылатын туристік бағыттағы жобаларды таныстырды.

Жүзге жуық кәсіпкерлер бас қосқан жиында олар бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінен туындайтын идеялардың жүзеге асуы және бизнеске кедергі болып отырған негізгі өзекті мәселелер туралы пікірлерімен бөлісіп, облыстың дамуы тұрғысындағы өз ұсыныстарын жеткізді.

15 маусым, бейсенбі
2017
15 июня, четверг







АКИМ ПРИЗВАЛ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ **ВНЕСТИ ВКЛАД В ВОЗРОЖДЕНИЕ РОДНОЙ ЗЕМЛИ**

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев встретился с предпринимателями региона в свободном формате. Заседание вел директор Палаты предпринимателей ЮКО Аскар Абубакиров.

В ходе встречи были проанализированы цели и задачи статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и Концепция развития региона. Также были обсуждены механизмы государственной поддержки и финансирования предпринимателей в целях развития бизнеса. Аким области Ж. Туймебаев подчеркнул, что возрождение родной земли является общим долгом для всех граждан, и призвал предпринимателей показать лучший пример любви и заботы к Родине. «На сегодняшний день государством созданы все условия для процветания бизнеса. В результате лишь за последние три года через региональный инвестиционный центр «Онтустик» профинансировано около 57 тысяч проектов на общую сумму 23,4 миллиарда тенге. Это хороший показатель. Тем не менее нам предстоит выполнить большой объем работы. В этой связи хочу отметить вклад индивидуальных предпринимателей в социальную ответственность бизнеса и экономическое развитие региона», - сказал Жансеит Кансеитович.

Наряду с этим, аким призвал бизнесменов возводить необходимые для населения жилые дома, общежития для студентов и туристические проекты. Кроме того, заместители акима области ознакомили главу региона с проектами, которые будут реализованы в рамках государственно-частного партнерства.Первый заместитель акима области Дархан Сатыбалды подчеркнул, что в рамках государственно-частного партнерства предложено строительство 35 проектов. Заместитель акима области Бауыржан Джамалов ознакомил с проектами, которые будут реализованы в городе Туркестане, Сарыагашском, Шардаринском и Толебийском районах. Помимо этого, он ознакомил с проектами в направлении производства и сельского хозяйства.

Во встрече, в которой приняли участие около ста предпринимателей, были обсуждены актуальные вопросы, возникающие при реализации бизнес-идей. Наряду с этим, были рассмотрены проблемы, препятствующие развитию бизнеса. Также предприниматели области внесли свои предложения по развитию области.





«АРДАГЕРЛЕР – ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ӨЗЕГІ»

Облыс әкімі жанындағы «Ырыс алды – ынтымақ» қоғамдық форумының бұл күні өткен кезекті кеңесі «Ардагерлер – ұрпақ сабақтастығының өзегі» тақырыбына арналды. Іс-шараны жазушы, қоғамдық форумның хатшысы Мархабат Байғұт жүргізді. Қоғамдық форумға жалпы саны 300-ден астам азамат қатысты.

Жиында сөз алған облыс әкімі Жансейіт Түймебаев әуелі жиналған көпшілікті Рамазан айымен құттықтап, бүгінгі тақырып аясында ойын ортаға салды.

«Біздің қазақта қадірменді қариялардың, абыз ақсақалдардың орны ерек. Бұл ұлы қасиеттер, сайып келгенде, ұлттық кодымыздың уызына жатады. Елбасымыз өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу екеніне тоқталып, онсыз жаңғыру дегеніміз құр жаңғырыққа айналуы мүмкін деген болатын. Қай кезде де қазыналы қариялар елді бірлік пен адал еңбекке жетелеп отырған. Ұлтымыздың ұлағатты салт-дәстүрлерін өмір мектебі ретінде дамытып, ұрпақтар сабақтастығына ұластырып, келешекті кемелдендіруден аянбаған», -деді әкім.

Сонымен қатар, өз баяндамасында Ж.Түймебаев Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айқын көрсетілген бағдарлар мен жобаларды жүзеге асыруға қариямыз бен жасымыз білек сыбана, бірлік пен ынтымақты ту етіп кірісу қажет екенін айтты.

Форум барысында республикалық Ардагерлер ұйымының құрылғанына 30 жыл толуына орай өңірдегі 20 ардагер «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен наградталса, екі ардагер облыс әкімінің Грамотасымен марапатталды.

Өз кезегінде, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов «30 жыл – 30 белес» тақырыбында баяндама жасады. Ал, қоғам қайраткері, еңбек ардагері Шалатай Мырзахметов ұрпақтар сабақтастығы туралы әңгімелей келе әдемі қартаюдың мән-мағынасына тоқталды. Медицина саласының ардагері, ғылым докторы Иманәлі Байдаулетов «Еңбегіне сенгеннің еңсесі биік» тақырыбында баяндама жасады. Сондай-ақ, айтыскер ақын Біржан Байтуов «Қариялар мен жастар. Рухани жаңғыру және туған жер» тақырыбында жастардың атынан өз ой-пікірімен бөлісті.

Жиын барысында форумға қатысушылар арнайы қарар қабылдады.

16 маусым, жұма
2017
16 июня, пятница







ВЕТЕРАНЫ – **ОСНОВА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ ПОКОЛЕНИЙ**

Состоялся общественный форум «Ырыс алды – ынтымақ» при акиме области, прошедший под лозунгом «Ветераны – основа преемственности поколений». В работе общественного форума приняли участие более 300 человек.

В своем выступлении аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев поздравил собравшихся со священным месяцем Рамадан и поделился своим мнением о встрече.

«Наши уважаемые старейшины занимают особое место. Их качества заложены в национальном коде. В своей программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Глава государства отметил, что если не будет сохранен национальный код, национальная культура, не будет никаких преобразований, никакой модернизации. Второе, для того, чтобы двигаться вперед, нужно отказаться от качеств и привычек, которые препятствуют продвижению. Важно понимать, что духовное возрождение республики началось не сегодня. Все время независимости в стране велась кропотливая работа, благодаря которой и состоялись казахстанское государство и казахстанская нация. Но впереди еще ждет масштабная работа», - сказа аким.

Кроме того, в своем докладе глава региона подчеркнул о необходимости приступить к реализации ориентиров и проектов, которые обозначены в Программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

В ходе форума, в связи с 30-летием со дня основания Совета ветеранов, медалями «За особые заслуги перед областью» наградили 20 ветеранов региона, а двух ветеранов наградили почетной грамотой акима области.

С докладом на тему «30 жыл – 30 белес» выступил председатель областного совета ветеранов Женисбек Мауленкулов, а общественный деятель, ветеран труда Шалатай Мырзахметов рассказал о преемственности поколений. Кроме того, акын, импровизатор Биржан Байтуов поделился своим мнением о пожилых людях и молодежи.

Участники приняли специальную резолюцию.







ҮЗДІК ДӘРІГЕРЛЕРГЕ

ПӘТЕР МЕН АВТОКӨЛІК КІЛТІ ТАБЫС ЕТІЛДІ

«Қазақстан халқы ассамблеясы» ғимаратында медицина қызметкерлері күніне арналған мерекелік шара өтті.

Салтанатты жиынға қатысқан облыс әкімі Ж.Түймебаев денсаулық сақтау саласы мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, үздік дәрігерлерге пәтер мен автокөлік кілтін табыс етті.

Өңір басшысы пәтер кілтін облыстық клиникалық ауруханасының жансақтау бөлімінің меңгерушісі Цай Вячеславқа, ал су жаңа Lada Granta автокөлігінің кілтін Ордабасы ауданының орталық балалар бөлімінің меңгерушісі Айгерім Имановаға тапсырды.

Бұдан бөлек, әкім денсаулық саласында үздік еңбек еткен дәрігерлерді «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» белгісімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатымен марапаттады.

Бірқатар азаматтар ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» , ҚР «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», ҚР «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, Құрмет грамотасы мен Алғыс хатымен марапатталды.

Оңтүстікте 30 мыңнан астам адам денсаулық саласында еңбек етеді. Оның 7 мыңнан астамы дәрігер, ал 23 мыңы орта буынды қызметкерлер.

Елімізде алғаш болып Оңтүстік Қазақстан облысының орталығында трансплантация отасын жасау қолға алынған болатын. Дәрігерлеріміз бүгінге 82 бүйрек және 8 бауыр алмастырды. оталарын жасады. Облысымызда тұңғыш рет «қайтыс болған донордан» ағза алмастыру жүргізіліп, 2 бүйрек алмастыру отасы сәтті жүзеге асты.

16 маусым, жұма
2017
16 июня, пятница



Кәсібіңе б





ЛУЧШИЕ ВРАЧИ ПОЛУЧИЛИ **КЛЮЧИ ОТ КВАРТИРЫ И АВТОМАШИНЫ**

В здании Ассамблеи народа Казахстана состоялось праздничное мероприятие, посвященное Дню медицинского работника.

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев поздравил работников сферы здравоохранения с профессиональным праздником и вручил лучшим врачам ключи от квартиры и автомашины.

Глава региона вручил ключ от квартиры заведующему отделением реанимации областной клинической больницы Вячеславу Цаю, а ключ от нового автомобиля марки Lada Granta – заведующей центральным районным детским отделением Ордабасинского района Айгерим Имановой.Кроме того, аким области наградил медалью «За особые заслуги перед областью», почетными грамотами, благодарственными письмами врачей, внесших свой вклад в развитие сферы здравоохранения.


На праздничном мероприятии также были вручены медали «Ветеран труда» Министерства здравоохранения РК, нагрудные знаки «Отличник здравоохранения РК», «За вклад в развитие здравоохранения РК», «За заслуги в профсоюзе». Кроме того, ряд граждан был награжден почетными грамотами и благодарственными письмами от Министерства здравоохранения РК.Стоит отметить, что в сфере здравоохранения Южно-Казахстанской области трудятся более 30 тысячи человек, среди них свыше 7 тысячи являются врачами, а 23 тысячи - работниками среднего звена.

Напомним, среди регионов впервые центр трансплантации открылся в нашей области. На сегодняшний день нашими врачами проведены операции по трансплантации 82 почек и 8 печени. В текущем году впервые в нашей области заменен орган от погибшего донора, успешно проведены две операции по пересадке почек.










«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ» АТАП ӨТІЛДІ

Облыста Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған салтанатты шара өтті. «Қазақстан Халқы Ассамблеясы» ғимаратында өткен кеште облыс әкімі Жансейіт Түймебаев өңіріміздегі барша мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекемен құттықтады.

«Мемлекеттік қызмет – бұл барлық мемлекеттік басқару жүйесінің ең маңызды тетіктерінің бірі. Кез келген қоғам мемлекеттік басқарусыз, яғни мемлекеттік қызметшілерсіз әрекет етуі, алға жылжып дамуы мүмкін емес. Қазіргі қоғамның талаптарына сай билікке деген сенім де мемлекеттік қызметшіге қарап қалыптасады. Облысымыздың қарқынды дамуы Сіздердің кәсіби шеберліктеріңізге, тәжірибелеріңізге, ұмтылыстар мен ерік-жігерлеріңізге тікелей байланысты», - деді Ж.Түймебаев.

Салтанатты жиында мемлекеттік қызмет саласында көп жылдар бойы абыройлы қызмет атқарып, өз лауазымдық міндеттерін мүлтіксіз орындаған, жұмыс барысында қол жеткізген табыстары мен жоғарғы көрсеткіштері үшін бірқатар мемлекеттік қызметшілер әкімнің қолынан «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісі мен «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» белгісін, облыс әкімінің Грамотасы және Алғыс хатын алса, бірқатар азаматтар ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайласқа қарсы іс-қимыл агентігі Төрағасының Алғыс хатымен, облыстық мәслихаттың Грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ, үздік мемлекеттік қызметшілерге Түркияда іс-тәжірибе алмасуға барып қайтуы үшін арнайы сертификаттар табыс етілді.

24 маусым, сенбі
2017
24 июня, суббота



ОТМЕТИЛИ **ДЕНЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО**

В Южно-Казахстанской области прошло мероприятие, посвященное Дню государственного служащего. В ходе вечера в здании Ассамблеи народа Казахстана аким области Жансеит Туймебаев поздравил государственных служащих с профессиональным праздником, пожелав им успехов и процветания.

«Опорой и идейным проводником любого государства является государственный служащий. Поэтому быть государственным служащим это высокая честь и обязанность. Государственные служащие олицетворяют собой лицо власти, его деловую репутацию. На них лежит огромная ответственность по реализации государственных программ, направленных на повышение уровня благосостояния и улучшения качества жизни населения», - сказал в своем поздравительном слове Ж. Туймебаев.

На торжественном собрании ряд госслужащих за достигнутые успехи и высокие показатели получили из рук акима области нагрудные знаки «Лучший государственный служащий» и почетные знаки «За заслуги перед областью», а также почетные грамоты и благодарственные письма акима Южно-Казахстанской области. Наряду с этим, порядка 30 гражданам вручены благодарственные письма от имени председателя Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции и почетные грамоты маслихата Южно-Казахстанской области. Нескольким госслужащим вручили сертификат для поездки в Турцию в целях обмена опыта.







20 ЖУРНАЛИСТКЕ **ТҮРКИЯҒА ЖОЛДАМА БЕРДІ**

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев қаладағы бірқатар жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысымен танысты.

Ең алдымен аймақ басшысы «ERNUR» корпорациясының баспаханасында болып, оның жұмысын көрді. Бұл мекеме баспа ісімен қатар баспа өнімдерін сату және таратумен, газет-журналдар шығарумен айналысады.

«ERNUR» корпорациясына қарасты баспаханада бүгінгі таңда 80 газет-журнал басылады. Олардың қатарында республикалық «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Время» сынды беделді басылымдар бар. 450-ден астам адам жұмыспен қамтылған баспаханасында жоғары технологиялы станоктар орнатылған. Әкім өңірдегі «Оңтүстік Қазақстан», «Южный Казахстан», «Жанубий Қозоғистон» газеттері редакцияларының жұмысымен танысып, журналистермен тілдесті. Шығармашылық ұжыммен болған жүздесуде әкім басылым - мемлекетіміздің тыныс-тіршілігі мен айнасы екенін айтып, Елбасының саясаты мен «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының облыста кең көлемде насихатталуына үлес қосқандары үшін журналист қауымға алғысын білдірді.

– Рухани жаңғыру, ұлттық жаңару сынды ауқымды жұмыстарды атқаруда сіздердің еңбектеріңіз бен көмектеріңіз ауадай қажет. Бұқаралық ақпарат құралдары заманауи даму үдерістеріне сай қалыптасу керек. Ол үшін ірі медиахолдинг аясына топтасып, ақпараттық бәсеке барысында жаңаша үлгіде жұмыс істеуге көшкеніміз абзал болар,- деді әкім.Өңір интелигенциясының өсіп, өркендеуіне мол үлес қосып келе жатқан ұжымдарға қолдау көрсету қажеттігін айтқан аймақ басшысы мемлекеттік үш газеттің ғимаратына күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге тапсырма беретінін айтты. Сонымен қатар, медиасаладағы тың жаңалықтардан кеш қалмай, сұранысқа қарай жұмыс жасауды және интернеттік журналистиканы да қолға алуды атап өтті.

Облыс әкімі сондай-ақ 25 жылдық тарихы бар «Отырар» телеарнасында болды. Онда «Собкор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Валентина Куликова «Рабат», «Оңтүстік Рабат» газеттері мен телеарна жұмысын таныстырды.Осы ретте, әкім жаңалықтың жаршысы болып жүрген телеарна ұжымына алғысын білдіріп, оларға жаңа идеялар мен жобаларды жүзеге асыруда табысқа жете берулерін тіледі.

28 маусым, сәрсенбі
2017
28 июня, среда





20 ЖУРНАЛИСТОВ **ПОЛУЧИЛИ ПУТЕВКИ В ТУРЦИЮ**

Накануне Дня работников связи и информации аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев ознакомился с работой ряда ведущих средств массовой информации города.

В первую очередь, глава региона посетил типографию корпорации «ERNUR», ознакомился с их деятельностью. Это учреждение, наряду с распространением печатной продукции, занимается продажей и распространением печатных изделий, а также выпуском газет и журналов.

В типографии при корпорации «ERNUR» на сегодняшний день печатается 80 газет и журналов, в том числе и известные республиканские газеты «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Время» и местные издания, распространяющиеся на территории республики.

Кроме того, аким, ознакомившись с деятельностью редакций газет «Оңтүстік Қазақстан», «Южный Казахстан» и «Жанубий Қозоғистон», поговорил с журналистами. Глава региона поблагодарил их за вклад в широкую пропаганду политики Главы государства и программной статьи «Курс на будущее: духовное возрождение».

«Для проведения таких масштабных работ, как духовное возрождение, национальное возрождение очень необходима ваша работа и помощь. Средства массовой информации должны формироваться согласно современным тенденциям развития общества. Для этого необходимо объединиться в сферу крупного медиахолдинга и в ходе информационной конкуренции перейти на новый формат работы» - сказал аким.

Глава региона дал задание отремонтировать здание, в котором расположены редакции трех газет, а также попросил журналистов оперативнее подавать информацию, работать по современным стандартам и развивать Интернет-журналистику.

В ходе поездки аким посетил и телеканал «Отырар», которому исполнилось 25 лет. Директор ТОО «Собкор» Валентина Куликова ознакомила его с работой телеканала и газет «Онтустик Рабат» и «Рабат» и рассказала о достижениях редакции.

Аким выразил благодарность за оперативную работу журналистов и пожелал им новых проектов и творческих успехов.







11 МЫҢНАН АСТАМ **ТҮЛЕК ДИПЛОМ АЛДЫ**

Шымкент қаласындағы Әл-Фараби алаңында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «ҮЗДІК ТҮЛЕК-2017» салтанатты диплом тапсыру кеші өтті.

Салтанатты шараға облыс әкімі Ж.Түймебаев қатысып, жоғары оқу орнын сәтті бітірген түлектерді құттықтады.

«Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы - білім» екенін айрықша атап өтті. Оңтүстік білім, ғылым, инновациялық дамуларда көш бастап келе жатқан өңір. Сондықтан бітіруші түлектерді жұмыс орнымен қамтамасыз етуде облысқа инвестициялар тартуды басты міндет етіп қойдым»,-деді әкім.

Бүгінгі мерекелік шарада университеттің 4 мыңға жуық студенті 86 мамандық бойынша оқуды аяқтап диплом алса, оның 580-і қызыл диплом иеленді.

75 жылдық тарихы бар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университет биыл толағай табыстарға қол жеткізді. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының рейтингісінде III-орынды иеленсе, QS (кьюэс) рейтингісі бойынша әлемдегі 4,5 мың жоғары оқу орындарының ішінде 609-дан 501-ші орынға көтерілді.Оқу орнындағы 16 мыңнан астам студентке 1500-ден астам профессор-оқытушы, оның ішінде 23-і академик, 650-ден астамы ғылым кандидаттары, 170-ке жуық ғылым докторы сапалы білім беруде. Жыл сайын 700-ге жуық студент пен 150-ден астам оқытушы Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік танымал жоғары оқу орындарында білімдерін жетілдіруде.

29 маусым, бейсенбі
2017
29 июня, четверг







БОЛЕЕ 11 ТЫСЯЧ ВЫПУСКНИКОВ **ПОЛУЧИЛИ ДИПЛОМЫ**

На площади Аль-Фараби состоялось торжественное вручение дипломов Южно-Казахстанского государственного университета имени М. Ауэзова «Лучший выпускник-2017».

Приняв участие в торжественном мероприятии, глава региона Жансеит Туймебаев поздравил выпускников высшего учебного заведения и пожелал дальнейших успехов молодым специалистам.«Как отметил Глава государства Нурсултан Назарбаев: «XXI век мы называем не только эпохой глобальных вызовов, но и временем молодых, энергичных и талантливых людей. Южный Казахстан – это инновационный и научный регион. Чтобы обеспечить выпускников рабочими местами, я дал задание привлекать больше инвестиций в область», - сказал аким.

На мероприятии дипломы получили около четырех тысяч студентов по 86 специальностям. Среди них 580 выпускников являются обладателями красного диплома.

В этом году Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова, имеющий 75-летнюю историю, добился огромных достижений. В частности, занял III место в рейтинге высших учебных заведений, по итогам рейтинга QS среди 4,5 тыс. высших учебных заведений ЮКГУ им. М.Ауэзова переместился из группы 601-650 в группу 501-550. В университете обучается более 16 тыс. студентов. В настоящее время педагогической деятельностью в университете занимаются свыше 1500 профессоров-преподавателей, среди них 23 академика, более 650 кандидатов, около 170 докторов наук.Ежегодно около 700 студентов и более 150 преподавателей по программе «Академическая мобильность» совершенствуют свои знания в лучших зарубежных вузах страны.







ОҚО-ДА ЕГІН ОРУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысы республикамызда алғаш боп егін ору науқанын бастап жіберді. Қазығұрт ауданындағы «Айқожа» өндірістік кооперативіне қарасты егістік алқабына комбайндар түсіп, бидайдың алғашқы өнімі қамбаға жөнелтілді. Егіс ору науқанының куәгері болған Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев аудан басшылығына алдағы жылдары арпа, бидай егіс көлемін арттырып, оны экспорттау мен тұқымдық сапасын жақсарту мәселесіне назар аударуды жүктеді.

Жалпы Оңтүстік Қазақстан облысында биыл 218 мың гектар бидай егілген. Одан 401 мың тонна астық жиналады деген жоспар бар. Мәселен, бір ғана Қазығұрт ауданында 38 мың гектар алқапқа арпа-бидай егіліпті. Диқандар гектарына 25,4 центнерден өнім жинаймыз деп ниеттеніп отыр.

Қазіргі таңда мұнда орақ науқанында 30-ға жуық адам еңбек етіп жатыр. Жұмысшылардың орташа жалақасы 60 мың теңгеден жоғары. Кооперативте егін ору науқанына техника толығымен жеткілікті. Жалпы биылдың өзінде қазығұрттық астық егумен айналысатын қожалықтар 32 дана жаңа техникамен жабдықталыпты.

29 маусым, бейсенбі
2017
29 июня, четверг



В ЮКО НАЧАЛАСЬ УБОРКА УРОЖАЯ

Южно-Казахстанская область первой в республике начала уборку урожая. В урочище производственного кооператива «Айкожа» Казыгуртского района вышли комбайны, и первая скошенная пшеница поступила на склады. Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев, став свидетелем уборки урожая обязал руководителям районов обратить особое внимание на увеличение объемов посевной пшеницы и ячменя, а также их экспорта и улучшения семенного качества.

В общем, в Южно-Казахстанской области в этом году посеяны 218 тыс. га пшеницы. Из них планируется сбор 401 тысяч тонны урожая зерна. Например, только в Казыгуртском районе были посеяны 38 тысяч га ячменя и пшеницы. Земледельцы надеются собрать 25,4 центнера урожая с гектара земли.

На сегодняшний день здесь в уборке урожая работают около 30 человек. Средняя заработная плата составляет свыше 60 тысяч тенге. В уборке урожая задействована вся техника. В целом, в этом году хозяйства, занимающиеся выращиванием зерна, были снабжены 32 новыми техниками.







«ТАШКЕНТ - ТЕРМЕЗ»
БАҒЫТЫНДАҒЫ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫ МЕН ӨТКІЗУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Оңтүстік Қазақстанда халықаралық маңызы бар М-39 «Ташкент - Термез» бағытындағы автомобиль жолы мен «Сырдария» өткізу бекеті ашылды. Салтанатты рәсімге облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, ҚР Инвестициялар және даму вице-министрі Роман Скляр, Сырдария облысының әкімі Гофуржон Мирзаев пен ҚР Өзбекстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Ерік Өтембаев қатысты.

Өңір басшысы қос мемлекет жұртшылығын жаңа нысанның пайдалануға берілуімен құттықтады. Бұл нысанның Өзбекстан мен Қазақстан Республикалары арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи қатынастарды жандандырып, туысқан екі ел арасында мәңгілік алтын көпір болатынына сенім білдірді.

«2006 жылы жабылған осы жолдың қайта ашылуына екі ел Президенттерінің келісімі нәтижесінде қол жеткізілді. Жыл басынан бері арадағы экономикалық ахуал жандана түсті. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Өзбекстан Президенті Шафқат Мирзеевтің мемлекетаралық байланысты күшейтуі аймақтардың дамуына зор серпіліс әкелді. Екі ел жетекшілерінің Астана қаласы мен Сарыағаштағы кездесулері, Елордадағы Өзбекстан бизнес-форумы, Шымкент қаласында өткен Ташкент қаласы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі соның нақты айғағы»,- деді Ж. Түймебаев.

Мақтааралдықтардың Ташкентке қатынас жолы - халықаралық М-39 автомобиль жолы Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары арқылы Өзбекстанға өтеді. Жолдың Мақтаарал ауданы арқылы өтетін бөлігінің ұзындығы 24,1 шақырымды құрайды. Бұл жол пайдалануға берілгенде 350 мың халқы бар Мақтаарал ауданы тұрғындарының қатынасы 80 шақырымға қысқарып, жүру уақытын үнемдейді. Сондай-ақ, Өзбекстан тұрғындары үшін Ташкент қаласынан Жызақ арқылы Самарқандқа төтесінен өтуге мүмкіндік туып, жол 55 шақырымға қысқарады. Ал Сырдария» шекара бекеті тәулігіне 5 мың адам мен 200 автокөлікті өткізе алады.

11 шілде, сейсенбі
2017
11 июля, вторник







ОТКРЫЛАСЬ АВТОДОРОГА В НАПРАВЛЕНИИ **«ТАШКЕНТ - ТЕРМЕЗ»**

В Южно-Казахстанской области открылась автомобильная дорога международного значения М-39 в направлении «Ташкент-Термез» и пункт пропуска «Сырдарья». В торжественной церемонии открытия приняли участие аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев, вице-министр по инвестициям и развитию РК Роман Скляр, аким Сырдарьинской области Гофуржон Мирзаев и Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Казахстан в Республике Узбекистан Утембаев Ерик.

Глава региона, поздравив население двух стран с вводом в эксплуатацию нового объекта, выразил уверенность в возобновлении исторических отношений, сложившихся на протяжении веков между Узбекистаном и Республикой Казахстан, и надежду на то, что данная дорога станет «золотым мостом» между братскими странами.

«Повторное открытие данной дороги, закрывшейся в 2006 году, стало возможным в результате соглашения между Президентами двух стран. С начала текущего года возобновилось экономическое взаимодействие между двумя странами. Укрепление тесных взаимоотношений в результате новых инициатив Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева и Президента Узбекистана Шафката Мирзиёева послужило огромным толчком в развитии регионов. Прямое этому доказательство - встреча Глав двух государств в городе Астане и Сарыагаше, бизнес-форум Узбекистана, прошедший в столице, а также ярмарка товаропроизводителей города Ташкента, прошедшая в мае текущего года в городе Шымкент», - сказал Ж. Туймебаев.

Стоит отметить, что международная автомобильная дорога М-39 пройдет в Узбекистан через Алматинскую, Жамбульскую и Южно-Казахстанскую области. Протяженность дороги, проходящий через Мактааральский район, составляет 24,1 километров. При открытии и вводе в эксплуатацию этого объекта дорожное сообщение Мактааральского района с населением в 350 тысяч человек сократится до 80 км, что позволит сэкономить время в пути. Также для жителей Узбекистана для перехода из Ташкента через Джизак в Самарканд появилась объездная дорога. Таким образом путь сократился на 55 км. А пункт пропуска «Сырдарья», способный пропускать до 5 тысяч человек, может пропускать до 200 автомобилей.





ЖАҢА СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Сайрам ауданында «Манкент» шағын су электр станциясы іске қосылды.

Нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысты.

«Ақсу Энерго» ЖШС-нің бұл жобасы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында қолдау тапқан. Станция жылына 2,5 МВт электр қуатын өндіруге қауқарлы. Жоба құны 283 млн.теңге болатын кәсіпорында 6 адам жұмыспен қамтылған.

Облыста күн, жел, су энергиясының әлеуеті жоғары екенін айтқан әкім дәстүрлі энергия көздерімен қатар, жаңа энергетиканы да дамыту қажеттігін атап өтті.

«Астана қаласында «Болашақ энергиясы» тақырыбында өтіп жатқан ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі техникалық жетістіктермен, жаңғырмалы энергия көздерінің молдығымен, ғылымға ұмтылудың маңыздылығымен бүкіл әлемнің назарын аударуда. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2050 жылға дейін жаңғырамалы энергия үлесін 50 пайызға дейін көбейтуді тапсырды. Бүгінгі іске қосылған электр станциясы таза электр энергия өндірумен қатар, энерго ресурстарды үнемдеуге бағытталған»,-деді әкім өз сөзінде.

Жалпы «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес, Сайрам ауданында 2 жоба іске қосылып отыр. «Ақсу Энерго» ЖШС-і 2014 жылы «Күн нұрынан электр қуатын өндіретін қуаттылығы 1 МВт болатын «Ақбай» электр станциясын пайдалануға берген еді. Екі жоба толық қуаттылықта жұмыс істегенде ауданның энергия көзіне деген сұранысының алтыдан бірін қамтитыны белгілі болып отыр.

14 шілде, жұма
2017
14 июля, пятница





ЗАПУЩЕНА НОВАЯ **ГИДРОЭЛЕКТРОСТАНЦИЯ**

В Сайрамском районе Южно-Казахстанской области запущена мини-гидроэлектростанция «Манкент». На открытии гидроэлектростанции, которая будет обеспечивать население постоянной и качественной электроэнергией, присутствовали аким области Жансеит Туймебаев и директор ТОО «Аксу-Энерго» Анарбек Орман.

Станция за год способна производить 2,5 МВт электроэнергии. На предприятии, стоимость проекта которого составляет 283 млн. тенге, работой обеспечены шесть человек. Аким подчеркнул, что в области с высоким потенциалом солнечной, ветровой и водной энергии, необходимо развивать наряду с традиционными источниками энергии и новую энергетику. «Как вам известно, в этом году в Астане на тему «Энергия будущего» проходит международная специализированная выставка «ЭКСПО-2017». Она приковала взгляды мировой общественности техническими достижениями, обильностью возобновляемых источников энергии, и стремлением к науке. Глава государства поручил к 2050 году обеспечить увеличение доли возобновляемой энергии до 50%. Запущенная сегодня электростанция не только производит чистую электроэнергию, но и обеспечивает экономию энергоресурсов», - сказал аким области.

В целом, в соответствии с концепцией по переходу к «зеленой экономике» в Сайрамском районе запущено два проекта. Стоит отметить, что в 2014 году ТОО «Аксу Энерго» запустил энергостанцию «Акбай» мощностью 1 МВт, который вырабатывает энергию от солнечных лучей. В 2016 году электростанция стоимостью 300 млн. тенге произвела 987,166 МВт энергии. При работе на полную мощность две станции будут обеспечивать одну шестую часть спроса населения района на источник энергии.





Т. ДҮЙСЕНОВА: ХАЛЫҚТЫ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – **ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ**

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсеновамен кездесті. Басқосуда тараптар саладағы атқарылып жатқан жұмыстар жайына тоқталды.

Атап айтқанда, Тамара Қасымқызы өңірдегі «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы мен «Өрлеу» жобасы сынды маңызды бағдарламалардың орындалу барысына көңілі толатынын мәлімдеді. Министр ханым, сондай-ақ, облыстағы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін халыққа түсіндіру жұмыстарын одан әрі жандандыру жайын облыс әкімімен талқылап, оңды нәтижелерге жетудің жолдарын қарастырды.

Кездесуден соң министр мен облыс әкімі «Өрлеу» жобасына қатысушы шымкенттік тұрғын Айнұр Жаманқұлованың шаңырағында болды. Жоба игілігін пайдаланып, 500 мың теңгеге жуық қаржы алған кәсіпкер бүгінде өз үйінен тігін цехын ашып, әйелдерге арналған сәнді киімдер тігумен айналысып жатыр. «Әзірге айлық табысым 150 мың теңгенің көлемінде» деген Айнұр алдағы уақытта «Өрлеудің» кезекті мүмкіндіктерін тиімді пайдалана бермек ниетте. Жұмыс тобы арнайы аялдаған кезекті нысан – «Стандарт Цемент» ЖШС –нің кәсіпорны болды. Зауыт жұмысымен танысып, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы шеңберінде құрылған әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушылармен әңгімелескен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі ондағы жұмысшыларды тыңдап, мемлекет тарапынан жасалынып отырған жеңілдіктер жайында баяндады.

Министр мен әкім бастаған топтың жұмыс сапары мұнан кейін Шымкент қалалық жұмыспен қамту орталығында жалғасты. Мекемеде 60-қа жуық қызметкер жұмыс істейді. Күніне мұнда 200-ге жуық адам келіп, түрлі саладағы жұмыстарға жолдама алып жатады. Ғимараттың төменгі қабатында жалдамалы жұмысшыларға жағдай жасалған. Тамара Қасымқызы шаһар жұртшылығын жұмыспен қамту саласына жауапты жетекшілермен тілдесіп, жұмысты одан әрі ширатуды тапсырды.

2 тамыз, сәрсенбі
2017
2 августа, среда





Т. ДУЙСЕНОВА: «ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОЙ ЗАНЯТОСТЬЮ – **ПУТЬ К СТАБИЛЬНОСТИ И УСПЕХУ»**

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев встретился с министром труда и социальной защиты населения Республики Казахстан Тамарой Дуйсеновой. На встрече стороны подробно остановились на работах, выполняемых в данной сфере.

В частности, Тамара Касымовна положительно оценила ход реализации Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы и проекта «Өрлеу». Наряду с этим, министр обсудила с главой региона вопросы системы обязательного медицинского страхования и дальнейшей активизации разъяснительных работ среди населения, а также пути достижения положительных результатов.

После встречи министр Тамара Дуйсенова и аким области Жансеит Туймебаев посетили семью жительницы Шымкента Айнур Жаманкуловой, участницы проекта «Өрлеу». Воспользовавшись преимуществами данного проекта и получив средства в размере около 500 тыс. тенге, предприниматель открыла швейных цех, где занимается пошивом модной одежды для женщин. По словам Айнур, ее ежемесячный доход составляет порядка 150 тыс. тенге. Также женщина отметила, что будет эффективно использовать все возможности, предоставляемые проектом «Өрлеу».

Следующий объект, на котором побывала рабочая группа, – предприятие ТОО «Стандарт цемент». Ознакомившись с работой завода и побеседовав с сотрудниками, рабочие места которых созданы в рамках программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства, Тамара Дуйсенова ответила на ряд вопросов, а также проинформировала о льготах, которые предоставляются со стороны государства.

Далее делегация ознакомилась с деятельностью городского Центра занятости города Шымкент. В настоящее время здесь трудятся около 60 человек. В день в центре обслуживают около 200 человек. В ходе осмотра центра Тамара Касымовна поручила ответственным руководителям активизировать работу в данном направлении.







ОҚО «ӨРЛЕУ» ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА КӨШ БАСТАДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысында жарты жыл ішінде 75 мыңға жуық адам «Өрлеу» жобасы аясында мемлекет қолдауына ие болып, республикада көш бастады. Енді 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазіргі ұсынылатын үш түрлі әлеуметтік төлемдердің орнына атаулы әлеуметтік көмектің жаңа сипаты енгізілетін болады. Ол үшін халықты «Өрлеу» жобасына жаппай жұмылдырып, жұмыспен қамтуды қолға алған жөн. Бұл туралы Оңтүстік Қазақстан облысына жасаған сапары барысында еліміздің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова мәлім етті.

Оңтүстік Қазақстан облысында жарты жыл ішінде 75 мыңға жуық адам «Өрлеу» жобасы аясында мемлекет қолдауына ие болып, республикада көш бастады. Бұл жаңалықты жеткізген министр облыс әкімдігінде өткен қорытынды жиында халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек көрсету мақсатында аудан әкімдерінің және өзге де жергілікті құзырлы мекемелердің уақытша науқандарға ұрынбай, жұмысты ұзақ мерзімге жеміс беретіндей сапалы жүргізуінің маңыздылығын атап өтіп, жалпы облыста тындырылған іс-қимылдарды оң бағалады.Өңір басшысы министрлік тарапынан қолға алынып отырған бағдарламалардың маңыздылығына тоқталды. «Бұл күндері министрлік делегациясы үлкен жұмыс атқарды. Тамара Қасымқызымен келісемін, азаматтарды тіркеу, деректерді жаңандыру іс-әрекеттерін жылдың соңғы күніне дейін созудың қажеті жоқ. Жауапты мемлекеттік органдар барлық азаматтарды қамти алғаны жөн», - деп түйді өз кезегінде облыс әкімі Жансейіт Түймебаев.

Жалпы, Оңтүстік Қазақстанда Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде 2017 жылы 64314 адамды қамту жоспарланып, жалпы 11,4 млрд теңге бөлінді. 2017 жылдың 1 тамызына 49,6 мың адам еңбекке тартылып, жылдық жоспардың 77% -ы орындалды.

3 тамыз, бейсенбі
2017
3 августа, четверг









ЮКО ЛИДИРУЕТ
В ПРОЕКТЕ «ӨРЛЕУ»

В Южно-Казахстанской области за шесть месяцев текущего года около 75 тысяч человек получили поддержку государства в рамках проекта «Орлеу», тем самым регион занял лидирующие позиции в реализации данного проекта. С 1 января 2018 года вместо трех существующих пособий будет внедрена адресная социальная помощь нового формата.

Для этого необходимо массово привлечь население к проекту «Орлеу». Об этом в ходе рабочей поездки в Южно-казахстанскую область сказала министр труда и социальной защиты населения Тамара Дуйсенова.

В регионе наиболее востребованной является помощь через единовременные выплаты на развитие личного подсобного хозяйства и организацию предпринимательской деятельности.

«За эти дни делегация из министерства проделала большой объем работы. Соглашусь с Тамарой Касымовной в том, что нет надобности растягивать до последнего дня года регистрацию граждан и сбор данных. Ответственным государственным органам следует охватить всех граждан», - подчеркнул аким области Ж. Туймебаев.

В целом, по программе развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы планируется охватить 64 314 человек. В общей сложности на эти цели выделено 11,4 млрд. тенге. По состоянию на 1 августа 2017 года охвачено 49,6 тыс. человек, или 77% от годового плана.





Ж.ТҮЙМЕБАЕВ: «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК ДӘЛІЗІ
ОҢТҮСТІКТЕП ТУРИЗМДІ ДАМЫТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ»

Жол мұраты – жету. Ал діттеген жеріңе шаршамай, қиындықсыз баруға жол бойындағы сервистік қызметтер мен инфрақұрылымдық нысандардың талапқа сай болуы зор маңызға ие. Бұл жөнінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіндегі жол құрылысының барысымен танысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев мәлім етті.

«Ерте заманда жеріміздегі ірі қалалардың көбісі Ұлы Жібек жолын жағалай қоныс тепкен. Қазіргі таңда қайнаған тіршіліктер осындай күре жолдардың бойында шоғырланған. Жолдар - өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Сондықтан жол бойындағы инфрақұрылымдық нысандарды халықаралық талапқа сай етіп салуымыз керек. Сонда өңірімізге туристер көбейетін болады», - деді өңір басшысы Жансейіт Қансейітұлы.

Сондай-ақ әкім жолаушылар үшін жол бойына бекеттер салуды тапсырды. Яғни, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жолында болашақта жанармай құятын бекеттер мен дүкендер, асханалар, тіпті шағын мотельдер де бой көтеретін болады.

Бірқатар учаскелерінде пайда болған ақауларға байланысты жолдың бір жақ бөлігі жабылып, екінші жағында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары тиісті дәрежеде атқарылмау салдарынан құрылыс-монтаждау жұмыстары белгіленген уақытта аяқталмай жататынын сынға алған облыс әкімі бұл жағдай, жол-көлік оқиғаларының артып, адамдардың мезгілсіз қаза болуына себеп болып жататындығын ескертті. Тиісті сала жетекшілеріне мердігер мекемелермен жұмысты күшейтуді жүктеді

9 тамыз, сәрсенбі
2017
9 августа, среда







Ж. ТУЙМЕБАЕВ: «МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ КОРИДОР **СПОСОБСТВУЕТ РАЗВИТИЮ ТУРИЗМА»**

Необходимо уделять серьезное значение придорожным сервисным услугам и инфраструктурным объектам. Они должны соответствовать современным требованиям. Об этом было сказано акимом Южно-Казахстанской области Жансеитом Туймебаевым в ходе ознакомления с ходом строительства международного транспортного автокоридора «Западная Европа-Западный Китай».

«Автомобильные дороги имеют особое значение. Еще в древности многие крупные города располагались вдоль Великого Шелкового пути. В настоящее время вдоль таких магистральных дорог сосредоточена вся жизнь. Поэтому нам необходимо уделять самое серьезное значение развитию придорожных сервисных услуг и инфраструктурных объектов, которые в свою очередь должны соответствовать современным требованиям. Только тогда увеличится приток туристов в регион», - сказал Ж. Туймебаев.

Наряду с этим, в целях создания удобства для пассажиров глава региона поручил построить вдоль указанной автодороги автозаправочные станции, магазины, кафе и небольшие мотели.

Отметим, что на сегодня на некоторых участках автодороги ведутся ремонтные работы. В ходе осмотра аким отметил, что одной из причин увеличения дорожно-транспортных происшествий и гибели людей на дорогах является невыполнение в срок строительно-монтажных работ надлежащим образом. В связи с этим, руководителям соответствующей сферы было поручено усилить работу с подрядными организациями.











ОҚО МЕН БҚО АРАСЫНДА **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН** ТӨРТ ҚҰЖАТ ТҮЗІЛДІ

Бүгін Оңтүстік Қазақстан облысына Батыс Қазақстан облысынан бір топ делегация жұмыс сапарымен келді. Өңіраралық кооперацияның дамуын жолға қою мақсатымен келген жұмысшы топтың жетекшісі – Батыс Қазақстан облысының әкімі Алтай Көлгіновке арнайы сапары үшін облыс әкімі Жансейіт Түймебаев алғысын білдіріп, Оңтүстіктің әлеуметтік-экономикалық ахуалымен таныстырды.

Батыс Қазақстан облысының әкімі Алтай Көлгінов күнгей жұртшылығына жылы қабылдау үшін алғысын айтып, түрлі салада өңіраралық әріптестікті жолға қою мақсатын білдірді.

Кездесу қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері мен бизнес-қауымдастық өкілдері арасында екі жақты әріптестікті нығайту аясында үш меморандумға қол қойылып, бір келісім-шарт жасалды.

Келісілген бірінші құжат аясында Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері арасында инвестиция және өндіріс саласы, шағын және орта бизнес, сауда-саттық, туризмді дамыту, ауыл шаруашылығы және денсаулық сақтау салаларында әріптестік орнатылса, екінші меморандум Кентау трансформатор зауыты мен «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг" кәсіпорны арасында трансформаторларды жеткізу аясында түзілді. Соңғы, үшінші меморандум «Шымкент» ӘКК» АҚ мен «Орал» ӘКК» АҚ арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында жасалды. Ал төртінші құжат – келісім-шартқа «Шымкентцемент» АҚ мен Bafker Hughes компаниялары арасында қол қойылды. Бұл келісім Қарашығанақ кен орнының қажеттілігін өтеу үшін іске асырылады.

Айта кетейік, биыл сәуір айында күнгейге ауыл шаруашылығы мен индустриалды аймақтарда атқарылып жатқан жұмыспен танысып, тәжірибе алмасу мақсатында батыстық делегация жұмыс сапарымен арнайы келген. Сонда жұмысшы топ құрамындағы кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары мен аудан әкімдіктерінің өкілдері - барлығы 30-дан астам батыс-қазақстандық Оңтүстіктегі ірі шаруа қожалықтарының жұмысымен танысты. Кооператив құрудағы тәжірибелерімен алмасты.

10 тамыз, дүйсенбі
2017
10 августа, четверг









МЕЖДУ ЮКО И ЗКО ПОДПИСАНЫ ЧЕТЫРЕ ДОКУМЕНТА,
НАПРАВЛЕННЫЕ НА УКРЕПЛЕНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА

Сегодня Южно-Казахстанскую область с рабочим визитом посетила делегация из Западно-Казахстанской области. Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев поблагодарил главу Западно-Казахстанской области Алтая Кульгинова за его визит, организованный с целью развития межрегионального сотрудничества, а также ознакомил с социально-экономической ситуацией в регионе.


В свою очередь, аким Западно-Казахстанской области Алтай Кульгинов поблагодарил Ж.Туймебаева за теплый прием и выразил намерение наладить межрегиональное сотрудничество в различных сферах.


По итогам встречи были подписаны 3 меморандума и один договор о сотрудничестве между акиматами Южно-Казахстанской и Западно-Казахстанской областей и представителями бизнес-сферы. В рамках подписанного документа между акиматами планируется сотрудничество в сферах инвестиций и промышленности, МСБ, торговли, туризма, сельского хозяйства и здравоохранения. Второй меморандум о сотрудничестве подписан между Кентауским трансформаторным заводом и предприятием «Карачаганак Петролеум Оперейтинг". Последний, третий меморандум подписан в целях укрепления сотрудничества между АО «СПК «Шымкент» и АО «СПК «Орал». Четвертый документ – это договор о сотрудничестве, заключенный между АО «Шымкентцемент» и компанией BafkerHughes. Партнерство запланировано в целях удовлетворения нужд Карачаганакского месторождения.

Отметим, это уже не первый визит представителей ЗКО в ЮКО. В апреле текущего года с рабочим визитом, в целях ознакомления с проводимыми работами и обмена опытом в сфере сельского хозяйства и индустриальной зоны, прибыла делегация из Западно-Казахстанской области. Тогда более 30 западноказахстанцев, предпринимателей, представителей крестьянских хозяйств, акимы районов ознакомились с деятельностью крупных крестьянских хозяйств и обменялись опытом по созданию кооперативов.









11 МЫҢҒА **ЖУЫҚ ПӘТЕР САЛЫП ЖАТЫР**

Облыста «Құрылысшылар күні» кәсіби мерекесі аталып өтті. Аталған кәсіп иелерін құттықтаған облыс әкімі Жансейіт Түймебаев бұл саланы дамыту бүгінде мемлекеттің өзекті экономикалық және саяси міндеті болып табылатынын жеткізді.

«Соңғы жылдары құрылыс нысандарын салуға арналған инвестициялар көлемі республикалық, облыстық және аудандық бюджеттерден, сонымен бірге жеке компаниялар мен фирмалардың қаржылары есебінен едәуір өсуде. Атап айтқанда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, тұрғын үй және инженерлік инфрақұрылымды дамыту сияқты әлеуметтік маңызды салаларға мемлекет тарапынан орасан зор көңіл бөлініп, «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» бағдарламалары шеңберінде қарқын алып отыр», - деді өңір басшысы.

Облыс басшысы мұнан соң құрылыс саласында көптеген жылдар еңбек етіп, өңірдегі бірқатар құрылыс нысандарының бой көтеруіне атсалысқан құрметті құрылысшыларды марапаттады. Салаға еңбегі сіңген үш азамат ҚР Индустрия және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Құрметті құрылысшы» төсбелгісіне ие болса, бір адам «Құрметті жолшы» төсбелгісін, бес азамат аталған министрліктің Алғыс хатын алды. Он үш сала маманына өңір басшысының Грамотасы берілсе, бес азамат әкімнің Алғыс хатымен марапатталды. Жалпы, бұл күні 40-қа жуық құрылыс саласына қатысты азаматтар марапатталып, ел алдындағы мерейі үстем болды.

11 тамыз, жұма
2017
11 августа, пятница









ИДЕТ СТРОИТЕЛЬСТВО 11 ТЫСЯЧ КВАРТИР

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев поздравил строителей региона с праздником и отметил, что развитие этой сферы является важной экономической и политической задачей государства.

«Развитие строительной индустрии, строительство социально значимых объектов в нашей стране занимает особое место. В последние годы значительно увеличился объем инвестиций из республиканского, областного и районного бюджетов, а также за счет средств частных компаний и предприятий. Государство уделяет большое внимание социально значимым сферам - образованию, культуре, спорту, жилищному строительству и развитию инженерной инфраструктуры, которые набирают обороты в рамках государственных программ «Нұрлы жол» и «Нұрлы жер», - сказал Ж. Туймебаев.

Затем глава региона наградил почетных строителей области, которые на протяжении многих лет проработали в этой сфере и принимали участие в строительстве ряда объектов. В частности, за вклад в сферу строительства от имени Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и развития РК нагрудный знаком «Почетный дорожник» получили три южноказахстанских строителя, а пятерым вручены благодарственные письма министерства. Кроме того, почетными грамотами главы региона удостоены 13 специалистов, пятерых наградили благодарственными письмами акима области. В целом, в этот день наградили около 40 граждан.







ВЕНГРИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ОҚО - ДА

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Венгриядан келген делегация мүшелерімен кездесті. Делегация құрамында Яс Надькун Сольнюк аймағының мәжіліс төрағасы Шандор Ковач, Венгрияның Алматыдағы бас консулы Блауманн Ференц, Венгрияның Қазақстандағы құрметті консулы Ласло Хорват бар.

Кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық, мәдени байланыстар төңірегінде әңгіме өрбітіп, пікір алмасты. Өңір басшысы қонақтарға Оңтүстік Қазақстан облысының экономикалық даму қарқынын баяндап, шетелдік инвесторларға көрсетілетін барлық жеңілдіктерді түсіндірді.

«Оңтүстік Қазақстан облысы – аграрлы өңір. Бізде жылына 300 мың тонна мақта өндіріледі. Өңірде негізінен ауыл шаруашылығы саласына басымдық берілген. Облыс жеміс-жидек, көкөніс, бау-бақша өнімдерін өндіреді. Аумақтың индустриалды әлеуеті жыл санап жақсарып, бүгінде 11 индустриалды, 1 экономикалық арнайы аймағымыз жұмыс істейді. Аталған аймақтарда инфрақұрылымдық қажеттеліктер толығымен қамтамасыз етіліп, шетелдік инвесторларға барлық жеңілдіктер қарастырылған», - деді Жансейіт Түймебаев.

Ал венгрлік меймандар екі ел арасындағы қарым-қатынастың одан әрі дами түсетініне сенім білдірді. Келешекте мәдени-гуманитарлық, сауда-экономикалық қарым-қатынастарды жандандырып, әсіресе ауыл шаруашылығы саласында тығыз жұмыс істеуге ниетті екендіктерін жеткізді.

Айта кетейік, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Венгрияның сауда-саттық байланыс айналымы 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында 1 млн АҚШ долларын құрады.

12 тамыз, сенбі
2017
12 августа, суббота





ВЕНГЕРСКИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ В ЮКО

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев принял венгерскую делегацию, в состав которой вошли Шандор Ковач – Председатель Мажилиса Яс-Надькун-Сольнок, Генеральный консул Венгрии в г.Алматы Ференц Блауманн и Почетный консул Республики Казахстан в Венгрии Ласло Хорват.

В ходе встречи стороны обсудили вопросы развития торгово-экономических, социально-гуманитарных и культурных связей.

«Южно-Казахстанская область – аграрный регион. Ежегодно производится около 300 тысяч тонн хлопка. Сфера сельского хозяйства является приоритетной. В области выращивают плодово-ягодные, овощные и бахчевые культуры. Кроме того, с каждым годом улучшается индустриальный потенциал региона. На сегодняшний день, в области работают 11 индустриальных и одна специальная экономическая зона. Указанные зоны полностью обеспечены инфраструктурой, и для иностранных инвесторов предусмотрены льготы», – сказал Ж. Туймебаев.

В свою очередь, гости из Венгерской Республики выразили уверенность в дальнейшем развитии отношений между двумя странами.

Стоит отметить, что с каждым годом нарастает взаимосвязь между двумя странами. За первое полугодие 2017 года товарооборот между Венгрией и Казахстаном составил 1 млн. долларов США.







ӘКІМНІҢ ЖҰМЫСЫН
ДЕПУТАТТАР ОҢ БАҒАЛАДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев облыстық мәслихаттың кезекті XIV сессиясында биылғы 7 айда атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Онда ең алдымен 2017 жылдың қаңтар-шілде айларында атқарылған жұмыстар туралы 15 минуттық бейнеролик көрсетіліп, барлық депутаттарға облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайы баяндалған кітапша үлестірілді.

2017 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша облыста маңызды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсімі сақталған. Мәселен, осы уақыт ішінде 439,1 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,3 пайызға өскен. Ал, өнеркәсіп саласындағы өңдеу өнеркәсібі 301,3 млрд. теңгені құрап, 34,6 млрд. теңгеге артқан.

Баяндамада көрсетілгендей, осы жылы негізгі капиталға 229,9 млрд. теңге инвестиция тартылып, бұл республикадағы үлесінің 5,7 %-ын құраған. Өңірге көптеп инвестиция тарту мақсатында жыл басынан бері шетел инвесторларымен 40-тан аса іскерлік кездесулер ұйымдастырылды. Нәтижесінде, БАӘ-мен медициналық бұйымдар және дәрілік заттар шығаратын зауыт, Ресей елімен Евро-5 стандартына сай жанар-жағармай өндіретін мұнай өңдеу зауытын салу, ал Қытай елімен бірлесе биоэталон, фосфор тыңайтқышын шығаратын және 200 МВт күн электр станциясы құрылыстарын жүргізу мақсатында келісімдерге қол жетті.

Республика бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны жағынан көш бастайтын Оңтүстікте бүгінде жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері 177 709 бірлікке жетті. Ал, бұл салада жұмыспен қамтылғандар 331 490 адамды құрады.

Оңтүстікте осы жылы 52 мыңға жуық жеке фермерлік қожалықтардан біріктірілген 297 кооператив құрылып, жалпы саны 539-ға жетті. Кооперация құру жұмыстары бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы республикада көш бастап отыр.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Ж.Түймебаев Мемлекет басшысының көрегендік саясатының арқасында облыстың дамуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалынғанын айтып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағытында бірлесе жұмыс істеуге шақырды. Сондай-ақ, әкім өңір халқының тұрмыс-тіршілігі жақсарып, алға қойған міндеттер орындалып жатқанын және осы бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасын табатынын жеткізді.

24 тамыз, бейсенбі
2017
24 августа, четверг





ДЕПУТАТЫ ПОЛОЖИТЕЛЬНО ОЦЕНИЛИ РАБОТУ АКИМА

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев на очередной XIV сессии областного маслихата выступил с отчетом о проделанной работе за 7 месяцев текущего года. Сначала был показан 15-минутный видеоролик о проделанной работе за отчетный период, а всем депутатам раздали брошюры, в которых были изложены итоги социально-экономического развития области.

По итогам 7 месяцев 2017 года в области сохранился рост важнейших социально-экономических показателей. К примеру, за текущий период 2017 года промышленными предприятиями области произведено продукции на 439,1 млрд. тенге, индекс физического объема продукции увеличился на 0,3%. В обрабатывающей промышленности произведено продукции на 301,3 млрд. тенге, что больше на 34,6 млрд. тенге.

Инвестиции в основной капитал за текущий год составили 229,9 млрд. тенге. Доля по республике составила 5,7%. Наряду с этим, с начала года проведено 40 деловых встреч с иностранными инвесторами. В результате, достигнуты договоренности с Объединенными Арабскими Эмиратами – строительство завода по производству медицинских препаратов и лекарственных изделий, с Россией – строительство нефтехимического завода по производству топлива стандарта Евро-5, с КНР строительство заводов по производству биоэтанола и фосфорного удобрения, а также строительство солнечной электростанции мощностью 200 МВт.

Кроме того, в Южно-Казахстанской области количество действующих субъектов малого и среднего предпринимательства достигло 177 709 единиц. В этой сфере занято 331 490 человек.

Вместе с тем, в области создано 297 сельхозкооперативов, что в 2 раза больше по сравнению с прошлым годом, а общее количество достигло 539. Отметим, Южно-Казахстанская область лидирует в республике по созданию сельхозкооперативов.

Подводя итоги совещания, аким области Ж. Туймебаев подчеркнул, что благодаря дальновидной политике Главы государства созданы все возможности для развития области, и призвал к совместной реализации работ, направленных на социально-экономическое развитие региона. Он отметил, что в регионе улучшается уровень жизни населения, выполняются все поставленные задачи, работа в этом направлении будет продолжена.

Положительно оценив работу главы региона, депутаты областного маслихата задали ряд актуальным вопросов.







ЕЛОРДАДА «ОҢТҮСТІК ӨНІМДЕРІ» ТАУАРӨНДІРУШІЛЕРДІҢ КӨРМЕСІ ӨТУДЕ

Астанада басталған Оңтүстік Қазақстан облысы күндері аясында «Оңтүстік өнімдері» тауарөндірушілерінің көрмесі ашылды. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев барша келушілерге алғысын білдіре отырып, күнгейлік көрме арқылы өңірдің инвестициялық және туристік әлеуетімен танысуға мүмкіндіктің мол екенін айтты.

«Биыл біздің елімізде шын мәніндегі ғажайып оқиға - «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өтуде. Бұл техникалық және технологиялық жетістіктерді көрсететін, жаңа идеялар мен қызықты жобалардың нышаны, индустрияландыру символы болып табылатын халықаралық көрме. Ал бүгінгі тауарөндірушілер көрмесінің өткізілуі біз үшін өте маңызды оқиға. Мұнда өзіміздің жетістіктерімізді көрсетіп, көпшілікке танымал етуге, тұтынушылар мен өндірушілер арасында тығыз байланысты орнатуға мүмкіндік көп», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне күнгейден жеткен тамақ және жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, фармацевтика және құрылыс заттары салаларының 60-тан астам кәсіпорны қатысты. Үш күнге жалғасқан шарада Оңтүстіктің шағын қаржыландыру орталықтары мен ауыр және жеңіл өнеркәсіптерге қатысты индустриалды аймақтары, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация мен көліктік-логистикалық аймақтар, туристік ақпараттық орталықтардың дүңгіршектері қойылды.

Ерекше айта кететін жайт, көрмеге келушілерге Оңтүстік өнімдерін нарықтағы бағадан 15-20 пайызға арзан сатып алуға мүмкіндік жасалды.

29 тамыз, сейсенбі
2017
29 августа, вторник













В АСТАНЕ ПРОШЛА ВЫСТАВКА ЮЖНОКАЗАХСТАНСКИХ **ТОВАРОПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ «ОҢТҮСТІК ӨНІМДЕРІ»**

В Астане, в рамках Дней Южно-Казахстанской области, прошла выставка южноказахстанских товаропроизводителей «Оңтүстік өнімдері». В мероприятии принял участие аким области Жансеит Туймебаев, который отметил, что у посетителей выставки есть уникальная возможность ознакомиться с инвестиционным и туристическим потенциалом региона.

«В этом году в нашей стране проходит поистине удивительное событие – «Астана ЭКСПО-2017», международная выставка, которая является символом индустриализации, демонстрации технических и технологических достижений, новых идей и интересных проектов. На выставке, представлена продукция предприятий пищевой и легкой промышленности, машиностроения, фармацевтики, строительной индустрии. Проведение сегодняшнего мероприятия для нас очень важное событие. Мы имеем возможность представить наши достижения и установить тесные связи между потребителями и производителями», сказал Ж. Туймебаев.

Отметим, что в выставке принялиучастие более 60 предприятий отраслей пищевой и легкой промышленности, машиностроения, фармацевтики, строительной индустрии региона.

Стоит особо отметить, что посетители выставки имели возможность приобрести продукцию на 15-20% ниже рыночной цены.









Ж.ТҮЙМЕБАЕВ: **БІЗ АБДЫРАУҒА ЕМЕС, РУХАНИ ЖАҢҒЫРУҒА БЕТ БҰРҒАН ЖҰРТПЫЗ**

«Біз абдырауға емес, рухани жаңғыруға бет бұрған жұртпыз».

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Оңтүстік Қазақстан облысының Астана қаласындағы күндері аясындағы аймақ ақын-жазушыларының шығармашылық кездесуі мен «Тұлға. Тәуелсіздік. Тарих», «Жаһан таныған жеті тұлға» атты кітап көрмесінің тұсаукесерінде осылай деді.

ҚР Ұлттық Академиялық кітапханада өткізілген кездесудің мақсаты Тәуелсіз еліміздің бірегей жеңісінің, халықаралық аренадағы жетістігінің бірі, төрткүл дүние көз тіккен дүниежүзілік басты оқиға – «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қолдау көрсету. Осынау айтулы дүбірлі мерекеге орай, оңтүстікқазақстандық қаламгерлер астаналық оқырман қауыммен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын талқылау, сыр-сұхбат құрып, ой бөлісті.

Жиында сөз бастаған облыс басшысы Жансейіт Түймебаев Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жайлы ойын білдіріп, бүгін тұсауы кесіліп отырған кітаптар көрмесіндегі әрбір шығармаға ерекше тоқталып өтті.

Сондай-ақ, көрмеде әкімнің қатысуымен «Жаһан таныған жеті тұлға» және «Тұлға».Тәуелсіздік.Тарих» деп аталатын қос кітаптың тұсауы кесілді. Бұл шығармаларда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақ Елін қалыптастырудағы ерен еңбегі жан-жақты баяндалған.

29 тамыз, сейсенбі
2017
29 августа, вторник









Ж. ТУЙМЕБАЕВ: **«МЫ НАЦЕЛЕНЫ НА ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ»**

Об этом в Астане, в рамках Дней Южно-Казахстанской области, в ходе творческой встречи с поэтами-писателями области и презентации выставки книг «Тұлға. Тәуелсіздік.Тарих.», «Жаһан таныған жеті тұлға» сказал аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев.

Цель встречи, организованной в Национальной академической библиотеке РК, поддержка Международной специализированной выставки «ЭКСПО-2017». В честь этого замечательного праздника южноказахстанские писатели обсудили со столичными читателями программную статью Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного согласия»

В ходе встречи, глава региона Ж.Туймебаев поделился мнением о программной статье Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного согласия», и рассказал подробно о проводимой выставке книг.

Кроме этого, в рамках встречи прошла презентация книг «Жаһан таныған жеті тұлға» и «Тұлға». Тәуелсіздік. Тарих». В них собраны труды Главы государства Нурсултана Назарбаева, посвященные пути к Независимости страны.







АСТАНАДА ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН **ОБЛЫСЫНЫҢ КҮНДЕРІ ӨТТІ**

«ЭКСПО-2017» -халықаралық мамандандырылған көрмесі аясында Астана қаласында 29 тамыз бен 3қыркүйек күндері Оңтүстік Қазақстан облысының күндері өтті.

Оңтүстік Қазақстанның күндері аясында облыстың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениеті мен байлығын паш ететін 43 мәдени көпшілік іс-шарасы елордалықтар мен қала қонақтарының назарына ұсынылды.

Бес күнге созылған дүбірлі тойда оңтүстік қазақстандық өнер майталмандары «Түркі елінің түп тамыры – Оңтүстіктен мерейлі Астанаға сәлем!» өнер керуені, «Сәлем Астана!, Сәлем, ЭКСПО!», «Оңтүстік әзілдері» шоу-концерттерін ұсынса,өңіріміздің тарихи құндылығымен ерекше мәдени келбетін дәріптейтін көрнекті жәдігерлердің көрмесі мен тарихтан сыр шертетін суретшілер мен қолөнершілер бұйымдарының көрмелері өткізілді. Бұдан бөлек, астаналықтар «Бәйтерек» алаңында бір мезетте 600 жас домбырашының орындауындағы күйді тамашалады. Ал 2-3 қыркүйек күндері аграрлы аймақтың ауыл шаруашылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жәрмеңкеге нарық бағасынан арзан құны 265 млн. теңге болатын 550 тоннаға жуық өнім шығарылды. Мұнан бөлек, республика бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны жағынан көш бастайтын Оңтүстіктің өнеркәсіп туарларының көрмесі өтті. 29-31 тамыз аралығында «Бейбітшілік және келісім» сарайында өткен көрмеге өңіріміздің тамақ және жеңіл өнеркәсібі, машина жасау, фармацевтика және құрылыс заттары салаларының 50-ден астам кәсіпорындары қатысты. Демалыс күндері «Қазанат» ипподромында аударыспақ, қыз қуу, жамбы ату, теңге ілу, құсбегілік және ат үстіндегі өнер көрсетілсе, 3 қыркүйек күні «Этноауылда» қазақ күресі, асық ату, тоғызқұмалақ және көрермендер арасында «Қошқар көтеру» сайысы ұйымдастырылды.

3 қыркүйек күні сағат 21.30-да ЭКСПО алаңындағы амфитеатрда Оңтүстіктен шыққан қазақ эстрадасының жұлдыздары өнер көрсеткен «Ән мен күй әлдилейді Астананы!» атты қорытынды Гала-концерті өтті.

31 тамыз, бейсенбі
2017
31 августа, четверг







В АСТАНЕ ПРОШЛИ
ДНИ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

В рамках международной специализированной выставки ЭКСПО-2017 в Астане с 29 августа по 3 сентября прошли Дни Южно-Казахстанской области. В рамках Дней Южно-Казахстанской области, вниманию жителей и гостей столицы были представлены 43 культурно-массовых мероприятии, которые раскрывают традиции, обычаи, культуру региона.

В течении этих дней, южноказахстанские любители искусства представили вниманию столичных зрителей караван искусств под названием «Түркі елінің түп тамыры – Оңтүстіктен мерейлі Астанаға сәлем!», а также шоу-концерты - «Сәлем Астана! Сәлем, ЭКСПО!» и «Оңтүстік әзілдері». Кроме того, на площади «Байтерек», для жителей и гостей Астаны 600 юных домбристов исполнили одновременно кюй.

Наряду с этим, 2-3 сентября состоялась сельскохозяйственная ярмарка аграриев региона, где по низким ценам предлагались около 550 тонн продукции на сумму 265 млн. тенге. Помимо этого, проведена выставка промышленных товаров Южного региона. Отметим, что на сегодня Южно-Казахстанская область лидирует в республике по количеству субъектов малого и среднего предпринимательства.

В выставке, которая прошла в период с 29 августа по 31 августа во Дворце мира и Согласия, участие приняли более 50 предприятий региона в сфере пищевой и легкой промышленности, машиностроения, фармацевтики и строительных материалов. В выходные дни, на ипподроме «Қазанат» состоялись национальные игры.

Также, 3 сентября национальные игры прошли и в этноауле, а среди зрителей организовали конкурс «Қошқар көтеру». 3 сентября, в 21.30 на площадке амфитеатра ЭКСПО-2017 состоялся заключительный Гала-концерт «Ән мен күй әлдилейді Астананы!» с участием звезд казахстанской эстрады, родившихся в Южно-Казахстанской области.







ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

20 МЕКТЕПТІҢ АШЫЛУЫМЕН БАСТАЛДЫ

Облыс басшысы Жансейіт Түймебаев Шымкент қаласы «Сәуле» шағын ауданындағы жаңадан пайдалануға берілген №129 жалпы орта мектебінің «Алғашқы қоңырау» салтанатты шарасына қатысып, барша ұстаздар мен шәкірттерді Білім күнімен құттықтады.

Өңір басшысы сондай-ақ «Достық» және «Қайнарбұлақ» шағын аудандарында осы күні ел игілігіне берілген 1200 орындық мектептерді де аралап көрді. Білім ұясының оқушыларды еңбекке баулу кабинеттеріндегі ерлерге арналған шеберханалар мен қыздардың тігін цехының, саз балшық шеберханасының жұмысымен танысты. Ұстаздармен болған әңгімеде оқушыларға тереңдетіп білім беруден бөлек, тігін тігу, темір ұсталығы шеберханасы, қолөнер бұйымдарын жасау сынды үйірмелерге тартып, арнайы кәсіптер беру жағын ойластыру қажеттігін еске салды. Мектеп және ата-анамен арадағы қатынасты бекемдеу арқылы тәрбие мен тазалыққа қатысты бірлескен жұмыстардың ұйымдастырылуы керектігін айтты.

Білім күні өңірімізде 20 мектептің пайдалануға берілуімен ерекшеленіп отыр. Білім мекемелерінің 15-і «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша, қалғаны жергілікті бюджет есебінен салынған. 6-уы жаңадан ашылып отыр. Нәтижесінде өңірдегі орта мектептің саны 1021-ден 1027-ге жетті. Аталған мектептерде 640 мыңға жуық оқушы білім алса, олардың 73 мыңы бірінші сыныпқа барады. Ал шәкірттерге облыста 69 мыңнан аса мұғалім сабақ береді. Жыл соңына дейін тағы 9 білім нысаны ел игілігіне беріледі деп күтілуде.

2 қыркүйек, сенбі
2017
2 сентября, суббота







НОВЫЙ УЧЕБНЫЙ ГОД
НАЧАЛСЯ С ОТКРЫТИЯ 20 ШКОЛ

Аким области Жансеит Туймебаев, принявший участие в праздничном «первом звонке» в новой школе №129 в микрорайоне «Сауле» Шымкента, поздравил всех учителей и учеников с Днем знаний.

Глава региона посетил также в этот день школы на 1200 мест, распахнувшие свои двери в микрорайонах «Достык» и «Кайнарбулак». Он ознакомился с работой кабинетов труда, мастерских для мальчиков, швейных цехов для девочек. В беседе с педагогами, аким области обратил внимание нато, что дети должны не только получать глубокие знания, но и заниматься в кружках кройки и шитья, прикладного искусства. Нужно рассмотреть вопрос вручения им специальных сертификатов. Укрепляя связи школы с родителями, необходимо совместно организовывать работу по воспитанию детей, наведению порядка и чистоты.

День знаний в нашем регионе запомнился тем, что в этот день сданы в эксплуатацию новые здания 20 школ. 15 из них построены по программе «Нұрлы Жол», оставшиеся - за счет местного бюджета. Шесть - это новые школы. В результате численность общеобразовательных школ в регионе с 1021 увеличилась до 1027 В данных школах обучается около 640 тысячи детей, 73 тысячи из них - первоклассники. Преподают им свыше 69 тысячи учителей. Ожидается, что до конца года свои двери распахнут еще 9 объектов образования.





«ХИМФАРМ» ЗАУЫТЫНДА ЖЫЛЫНА 200 МЛН. ТАБЛЕТКА ШЫҒАРАТЫН ЖАҢА ЦЕХ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Химфарм» АҚ-да қатты пероральды дәрі шығаратын жаңа цех іске қосылды. Жылына 200 миллион таблетка шығаруға қауқарлы жаңа цехтың жобасы Polpharma (польфарма) тобы мамандарының қолдауымен жүзеге асырылып отыр.

SANTO зауытының 135 жылдығы аясында іске қосылған цехтың ашылу салтанатына Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев, ҚР ИДМ Инвестициялар комитетінің төрағасы Сапарбек Тұяқбаев, Польша мемлекетінің Экономикалық даму вице-министрі Тадеуш Костинский, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетінің төрайымы Людмила Бюробекова, SANTO компаниясының бас акционерлері мен компания серіктестері және БАҚ өкілдері қатысты.

Компанияның мерейтойлық салтанатты шарасында сөз алған облыс әкімі Ж.Түймебаев зауыт басшылары мен қызметкерлерін бүгінгі қос қуанышпен құттықтады.

Жаңа цех фармацевтикалық өнімдерге қойылатын GMP талаптарына сай салынған. Қатты дәрі шығаратын өндіріс цехы заманауи құрылғылармен жабдықталған. Мұнда 72 адам жұмыспен қамтылса, олардың басым бөлігі Polpharma тобының үздік өндіріс орындарында оқып келген. Шымкенттегі инвестициялық жобаның маңызды бөлігі болып табылатын аталмыш өндірістің құны 13,5 АҚШ долларын құрайды.

Сондай-ақ, ҚР Үкіметі мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен SANTO компаниясының өнімдерін сатып алу кепілдігі беріліп отыр.


«Химфарм» зауытының өндіріс қоржынында терапияның түрлі салаларындағы ауруларды емдеуге арналған 12 фарамацевтикалық топқа жататын генериктік және түпнұсқалық 200-ден астам дәрі-дәрмек бар. Компания өз өнімдерінің 90%-ын ішкі нарыққа жеткізсе, 10%-ын Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Монғолия және Түркіменстанға экспорттайды.

Польфарм компаниясы фармацевтикалық өнімдердің жаңа түрлерін жаңғырту және өндіру мақсатында «Химфарм» АҚ-на 100 млн. АҚШ долларынан астам инвестиция құйды.

2016 жылы Польша Республикасы мен ОҚО арасындағы тауар айналымы 13,3 млн. АҚШ долларын құраса, жыл басынан бері бұл көрсеткіш 8,5 млн. АҚШ долларына жетті.

8 қыркүйек, жұма
2017
8 сентября, пятница







НА ЗАВОДЕ «ХИМФАРМ» ЗАПУЩЕН

НОВЫЙ ЦЕХ ПО ПРОИЗВОДСТВУ 200 МЛН. ТАБЛЕТОК В ГОД

В АО «Химфарм» запущен новый цех по выпуску твердых пероральных лекарственных средств. Проект нового цеха, мощностью 200 миллионов таблеток в год реализован при поддержке группы специалистов Polpharma (польфарма).

В торжественной церемонии открытия цеха, посвященной 135-летию завода SANTO, приняли участие аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев, председатель Комитета по инвестициям Министерства по инвестициям и развитию РК Сапарбек Туякбаев, вице-министр Министерства экономического развития Польши Тадеушу Костинский, председатель Комитета фармации Министерства здравоохранения РК Бюрабекова Людмила, а также главные акционеры и партнеры компании SANTO и представители СМИ.

На мероприятии с поздравительной речью выступил аким области Ж.Туймебаев, который поздравил руководство и работников завода с двойным праздником.

Новый цех создан в соответствии с требованиями GMP к производству фармацевтической продукции. Производственный цех по производству твердых лекарственных средств оснащен современным оборудованием. Сейчас здесь трудятся 72 человек, которые были специально обучены на лучших производственных площадках группы Polpharma. Стоимость производства, который является важной частью инвестиционного проекта в Шымкенте составляет 13,5 долларов США.

Вместе с тем, благодаря поддержке Правительства РК и акимата Южно-Казахстанской области SANTO имеет гарантированный объем закупок своих препаратов.

Ассортимент продукции завода «Химфарм» состоит из более, чем 200 наименований генерических и оригинальных лекарственных препаратов, входящих в 12 фармакологических групп. 90% продукции компания поставляет на внутренний рынок, 10% экспортирует в 5 стран: Россия, Кыргызстан, Таджикистан, Монголия и Туркменистан.

компания Польфарм для обновления и производства новых видов фармпродукции инвестировало в АО «Химфарм» более 100 млн. долларов США.

Напомним, в 2016 году товарооборот между Республикой Польша и ЮКО составил 13,3 млн. долл. США, а с начала текущего года - 8,5 млн. долл. США.







ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯҒА

143 ҚЫЗМЕТТІК АВТОКӨЛІК ТАПСЫРЫЛДЫ

Оңтүстік Қазақстанда жергілікті полиция қызметкерлеріне 143 қызметтік автокөліктің кілті тапсырылды. Елбасының Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ұйымдастырылған шараға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысты.

«Елбасының бастамасымен құрылған Жергілікті полиция қызметіне халықтың артар сенімі мол. Сондықтан, Сіздер қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы міндеттерді табысты жүзеге асыру керексіздер. Жергілікті билік тарапынан көрсетілген қолдау, жергілікті жерлерде құқық бұзушылықты азайтып, қоғамдық тәртіпті, жол ережесі мен қауіпсіздігін сақтауға септігін тигізетін болады деп сенемін», - деді өңір басшысы.

Тәртіп сақшыларына тапсырылған «JAS S5» және LADA 21214-Нива» маркалы «темір тұлпарлар» Ұлт жоспарының 30-қадамына сәйкес, облыс әкімдігі тарапынан жергілікті полицияның материалдық-техникалық жағдайын нығайтуға қаралған 2,5 млрд. теңге қаржының есебінен алынып отыр.

Айта кету керек, саладағы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі таңда, облыста жалпы құқықбұзушылық 16 пайызға төмендесе, аса ауыр қылмыстар 4 пайызға, ауыр қылмыс 15,6 пайызға кеміді. Сонымен қатар, қоғамдық орындар мен көшелерде жасалатын қылмыс көрсеткіші 23 пайызға азайып отыр.

12 қыркүйек, сейсенбі
2017
12 сентября, вторник







МЕСТНОЙ ПОЛИЦИИ ВРУЧЕНЫ **КЛЮЧИ ОТ 143 СЛУЖЕБНЫХ АВТОМОБИЛЕЙ**

Сотрудникам местной полиции Южно-Казахстанской области вручили ключи от 143 служебных автомобилей. В мероприятии, организованном в рамках исполнения Плана Нации – 100 конкретных шагов по реализации Пяти институциональных реформ Главы государства, принял участие аким области Жансеит Туймебаев.

«Народ возлагает большие надежды на службу Местной полиции, созданной по инициативе Главы государства. Поэтому вы должны успешно реализовывать задачи по обеспечению общественного порядка и безопасности граждан. Уверен, что поддержка, оказанная местной полицейской службе со стороны местной исполнительной власти, окажет положительное влияние на сокращение правонарушений, сохранение общественной и дорожной безопасности», - сказал глава региона.

В соответствии с 30 шагом Плана Нации, на укрепление материально-технического состояния местной полиции, акиматом области выделено 2,5 млрд. тенге на приобретении данных автомобилей марки «JAS S5» и LADA 21214-Нива.

Стоит отметить, что на сегодняшний день в результате проведенной работы в целом по области количество правонарушений снизилось на 16 процентов, особо тяжких преступлений на 4%, тяжких преступлений на 15,6%. Кроме того, на 23% снизилось количество преступлений, совершаемых в общественных местах и на улицах.







ТАШКЕНТТЕ ӨТКЕН БИЗНЕС-ФОРУМҒА
ОҢТҮСТІКТЕН 150 КӘСІПКЕР ҚАТЫСТЫ


Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың көрші елге жасаған сапары аясында Ташкент қаласында екі ел кәсіпкерлерінің қатысуымен қазақ-өзбек бизнес-форумы өтті. Бауырлас елдердің сауда-экономикалық ынтымақтастығының артуына мүмкіндік беретін кездесуге қос елдің 500-ден астам кәсіпкерлері қатысты.

Сонымен қатар, бизнес-форум шеңберінде Қазақстанда өндірілетін өнімдерінің көрмесі өтті. Көрмеге 90-ға жуық отандық компанияның өнімдері қойылған. Қазақстандық тауарөндушілер тамақ және өнеркәсіп, инженерлік, машина жасау, фармацевтика және құрылыс заттары мен химия, металлургия IT салаларындағы 500-ден астам өнімдерін әкелді.

«Өзэкспоорталық» көрме кешенінде өткен көрмеге Оңтүстік Қазақстан облысының бірқатар ірі кәсіпорындарының өнімдері қойылды. Атап айтқанда, кілем өнімдерін шығаратын «Бал Текстиль» фабрикасы, ұн және сүт өнімдерін өндіруде көшбасшылардың қатарындағы кәсіпорынның бірі «Алтын Дән» ЖШС-і, цемент өндіретін «Шымкент цемент» және «Стандарт цемент» зауыттары мен ТМД-да тұңғыш ашылған вакумдық пробиркалар мен екіжақты ине шығаратын «ЭкоФарм Интернешнл» компаниясы, «Химфарм» зауыты, медициналық жабдықтардың 17 түрін шығаратын «Maraі E7 Group» ЖШС-нің өнімдері қойылды.

Өзбекстан-Қазақстан бизнес-форумына Оңтүстік Қазақстан облысынан өңір басшысы Жансейіт Түймебаев бастаған 150-ден астам мемлекеттік және қаржылық ұйымдар мен кәсіпкерлер қатысты. Бизнес-форум кезінде B2B форматында келіссөздер жүргізіліп, оған қатысушылар өзара іс-әрекеттер жақын болашақта өз нәтижесін береріне сенім білдірді.

16 қыркүйек, сенбі
2017
16 сентября, суббота







В БИЗНЕС-ФОРУМЕ В ТАШКЕНТЕ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ
150 ЮЖНОКАЗАХСТАНСКИХ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

В рамках официального визита Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева в Узбекистан в Ташкенте состоялся казахско-узбекский бизнес-форум. В мероприятии, направленном на укрепление торгово-экономического сотрудничества между братскими странами, приняли участие более 500 предпринимателей двух стран. Кроме того, в рамках прошедшего форума состоялась выставка, где представлена продукция, производимая в Казахстане. На ней была представлена продукция около 90 отечественных производителей. В общей сложности в Ташкент привезли свыше 500 наименований продукции – машиностроительной, металлургической, химической, пищевой, фармацевтической, строительной, упаковочной и IT-отраслей.

На выставке в выставочном комплексе «Узэкспоцентр» была представлена продукция ряда крупных предприятий Южно-Казахстанской области. В частности, продукция ТОО «Балтекстиль» - фабрики по производству ковров и ковровых изделий; ТОО «Алтын Дан» – одного из лидеров в производстве мучных и молочных продуктов; АО «Шымкент цемент» - цементного завода, мощностью 1,3 млн. тонн в год, а также завода «Стандарт цемент», компании «Экофарм Интернейшнл» – первого в СНГ предприятия, выпускающего вакуумные пробирки и двухсторонние иглы, завода «Химфарм», ассортимент выпускаемой продукции которого состоит из более чем 200 наименований генерических и оригинальных лекарственных препаратов, ТОО «Marai E7 Group» – предприятия по выпуску 17 видов медицинских оборудований.

На узбекско-казахстанский бизнес-форум, организованный региональной Палатой предпринимателей и акиматом ЮКО, прибыла делегация в составе 150 государственных и финансовых организаций и предпринимателей во главе с акимом области Жансеитом Туймебаевым.В ходе форума с участием предпринимателей двух стран состоялись переговоры в формате B2B. Участники выразили уверенность, что данные переговоры придадут значимый импульс взаимодействию и сотрудничеству.







ӨЗБЕКСТАННЫҢ ҮШ ОБЛЫС
ӘКІМІМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Өзбекстан Республикасында мемлекеттік сапарының аясында маңызды келіссөздер жүргізіліп, бірқатар келісімдерге қол қойылды. Өзбекстан елімен шекаралас Оңтүстік Қазақстан облысы үшін де бұл сапардың орны ерекше.

Мемлекет басшысының бұл жолғы жұмыс сапарында да 10 маңызды құжатқа қол қойылды. Соның ішінде екі ел Президентінің қатысуымен Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен Ташкент облысының хокимі Шукурулло Бабаев пен Сырдария облысының хокимі Ойбек Ашурматов және Жызақ облысының хокимі Сайфуддин Исмолилов арасында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара түсіністік туралы меморандум түзілді.

Іскерлік жиында ОҚО кәсіпкерлері мен өзбекстандық бизнесмендер арасында сауда-экономикалық туралы 7 ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Сондай-ақ, Қазақстан бойынша құны 1,2 млрд АҚШ долларын құрайтын бірнеше келісімдер түзілді. Сондай тиімді келісімдердің біріне еліміздегі 200-ден астам дәрі-дәрмек шығарумен айналысатын «Химфарм» акционерлік қоғамы қол жеткізді. Елдегі осы саладағы жетекші кәсіпорын енді Өзбекстанға өз өнімін шығармақ.

Айта кетейік, жыл басынан бері Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев көрші елмен қарым-қатынасты күшейту мақсатында бірқатар келіссөздер жүргізіп, іскерлік жиындар өткізді. Мәселен, Елбасының тапсырмасына сәйкес трансшекаралық Өгем өзенінен суды бірігіп пайдалану мақсатында Өзбекстан мемлекетімен келіссөздер жүргізіліп, ауыз су бөліп алуға келісім жасалды. Нәтижесінде, алдағы бес жылда Оңтүстік Қазақстан облысының 700 мыңға тарта халқы бар үш ауданы сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілетін болады.

Өзбекстан күнгей кәсіпкерлері үшін 32 миллиондық тұтынушысы бар ең жақын нарық. Сондықтанда тауар айналымын арттырып, кәсіпкерлікті бірлесе дамыту мақсатында наурыз айында Ж.Түймебаев бастаған оңтүстікқазақстандық делегация Өзбекстанға ресми сапармен барған-ды. Нәтижесінде мамыр айында Ташкент тауар өндірушілерінің көрмесі Шымкентте ұйымдастырылып, оған 200-дей кәсіпорын өз өнімдерін ұсынды.

Екі елдің қарым-қатынасын жақсарту мақсатында наурыз айында «Алматы-Ташкент» және «Самарқанд-Ташкент-Астана» бағытындағы алғашқы пойыз жолға шықты. Бұдан бөлек, шілде айында Ташкент-Термез автожолы мен «Сырдария» өткізу бекеті ашылды.

18 қыркүйек, дүйсенбі
2017
18 сентября, понедельник





АКИМ ЮКО Ж.ТУЙМЕБАЕВ ПОДПИСАЛ МЕМОРАНДУМЫ **С ГЛАВАМИ ТРЕХ ОБЛАСТЕЙ УЗБЕКИСТАНА**

В рамках государственного визита Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева в Республику Узбекистан прошли важные переговоры и подписаны ряд соглашений. Данный визит является особенным и для Южно-Казахстанской области, приграничной с Республикой Узбекистан.

В ходе данного рабочего визита Главы государства подписаны 10 важных документов, в том числе с участием Президентов двух государств между акимом Южно-Казахстанской области Жансеитом Туймебаевым и хокимом Ташкентской области Бабаевым Шукуруллой, а также хокимом Сырдаринской области Ашурматовым Ойбеком и хокимом Джизакской области Сайфуддином Исмолиловым подписаны меморандумы о взаимопонимании в торгово-экономической и культурно-гуманитарной сферах.

Вместе с тем, в ходе встречи между предпринимателями ЮКО и узбекскими бизнесменами подписаны 7 меморандумов о торгово-экономическом сотрудничестве. Также заключены соглашения на сумму 1,2 млрд. долларов США. Одно из таких соглашений заключено акционерным обществом «Химфарм», которое занимается выпуском более 200 лекарственных препаратов. Предприятие наладило экспорт своей продукции в Узбекистан.Напомним, с начала года в целях укрепления отношений с соседним государством аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев провел ряд переговоров и деловых встреч. К примеру, в соответствии с поручением Главы государства были проведены переговоры с Узбекистаном о совместном использовании воды из реки Угам, расположенной в трансграничноой зоне. В результате три района Южно-Казахстанской области, с населением около 700 тысяч человек в ближайшие пять лет будут обеспечены качественной питьевой водой.

Стоит отметить, что 32 милионный рынок Узбекистана является самым ближайшим для предпринимателей южного региона. Таким образом, в целях увеличения товарооборота и развития совместного бизнеса южноказахстанская делегация во главе с Ж.Туймебаевым в марте посетила с официальным визитом Узбекистан. В результате в мае этого года, в Шымкенте прошла выставка товаропроизводителей Ташкента. Свою продукцию представили порядка 230 товаропроизводителей соседнего государства.

Помимо этого, в целях улучшения отношений между двумя странами в марте месяце были запущены поезда сообщением «Алматы-Ташкент» и «Самарканд-Ташкент-Астана». Кроме того, в июле месяце состоялось открытие автомобильной дороги Ташкент-Термез и пункта пропуска «Сырдарья».







ОҢТҮСТІКТЕГІ ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ

ЭТНОСТАРДЫҢ БІРЛІГІН ПАШ ЕТТІ

Облысымызда Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Мемлекеттік тіл – Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты мерекелік шара өтті. Іс-шара аясында облыстық этномәдени бірлестіктердің ұлттық тағамдары мен қолөнер бұйымдарының және облыс аумағында әрекет ететін тілдерді оқыту орталықтарының көрмесі ұйымдастырылды.

Салтанатты жиынға қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев өңір тұрғындарын мерекемен құттықтап, елімізде мемлекеттік тіл саясатының жүзеге асуына лайықты үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарды марапаттады. Құттықтау сөзінде өңір басшысы ішкі тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтауда сындарлы тіл саясаты үлкен маңызға ие екенін айтты.

«Тіл – кез келген ұлттың болмыс-бітімін даралайтын асыл қазынасы және ұлттық ерекшелігін көрсететін ең маңызды құндылық. Қазақстанда тұратын этностардың тілдеріне құрмет көрсету, олардың ана тілі мен төл мәдениетін дамытуына жағдай жасау – мемлекетіміздің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі. Республика бойынша халық саны жағынан да, түрлі этностың басым шоғырлануымен де алда тұратын және тілі мен салт-дәстүрдің сақталуымен ерекшеленетін өлкенің бірі де осы – Оңтүстік»,- деді әкім.

Салтанатты шарада қазақстандықтардың берекелі бірлігін дәріптейтін «Ынтымақ» поэтикалық композициясы сахналанып, этномәдени бірлестіктердің жанындағы шығармашылық ұжымдар дайындаған концерттік бағдарлама мен қазақ қарпін латын графикасына көшіру туралы хореографиялық композициясы көпшіліктің назарына ұсынылды.

Айта кетейік, өңірде жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген тұрғындар үлесі 92,1 пайыз болса, орыс тілін ұғатындар 63 пайызға, ал, ағылшын тілін білетіндер 14 пайызға жеткен. Сондай-ақ, өңірдегі этнос өкілдерінің 70 пайызы мемлекеттік тілді еркін меңгерген.





22 қыркүйек, жұма
2017
22 сентября, пятница



В ЮКО ПРАЗДНОВАНИЕ ДНЯ ЯЗЫКОВ СПЛОТИЛО **ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ РАЗЛИЧНЫХ ЭТНОСОВ**


В нашей области состоялось праздничное мероприятие «Мемлекеттік тіл – Мәңгілік елдің мәңгілік тілі», посвященное Дню языков народа Казахстана. В рамках мероприятия были представлены национальные блюда и изделия ручной работы областных этнокультурных объединений, а также организована выставка центров обучения языков, расположенных на территории области.

Приняв участие в торжественном мероприятии, аким области Жансеит Туймебаев поздравил жителей региона с праздником, и наградил ряд граждан за значительный вклад в реализацию государственной языковой политики в стране. В своей поздравительной речи, глава региона подчеркнул, что конструктивная языковая политика имеет большое значение в сохранении внутренней стабильности и общественного согласия.

«Самая большая ценность народа – его язык. Она отражает специфику нации и является сокровищем, которое позволяет почувствовать особенность каждой нации. Одна из важнейших стратегических задач нашего государства – уважать языки этносов, проживающих в Казахстане и создавать все необходимые условия для развития родного языка и культуры. Южный Казахстан является самым большим регионом в республике по численности населения и занимает лидирующее место по проживанию различных этносов. Наш регион можно назвать колыбелью казахского языка», - сказал аким области.На торжественном мероприятии была представлена поэтическая композиция «Ынтымақ», отражающая единство казахстанцев и состоялась концертная программа творческих коллективов при этнокультурных объединениях. Также, вниманию зрителей представили хореографическую композицию о переходе казахского алфавита на латиницу. Стоит отметить, в результате проведенного анализа, доля населения, свободно владеющее государственным языком, составила 92,1%, знают русский язык – 63%, английский язык знают – 14%. Вместе с тем, 70 процентов представителей этносов свободно владеют государственным языком.







ОҚО-ДА ӨЗБЕКСТАНДЫҚ ИНВЕСТОРЛАР ТҰРМЫСТЫҚ
ГАЗ ПЛИТАСЫН ҚҰРАСТЫРАТЫН ЦЕХТЫ ІСКЕ ҚОСТЫ

Өзбекстан мен Қазақстан Республикасының сауда- экономикалық ынтымақтастығы алғашқы нәтижелерін бере бастады.

Екі ел арасындағы байланыстардың тереңдеуінің арқасында Оңтүстік Қазақстан облысында тұрмыстық техника, яғни газ плитасын шығаратын цех іске қосылды. «Бадам» индустириалды аймағындағы жаңа кәсіпорынды Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен Қазақстан Республикасының Өзбекстандағы төтенше және өкілетті елшісі Ерік Өтембаев арнайы аралап, жұмысымен танысып шықты.

Жылына 50 мың дана газ плитасын құрастыруға қауқарлы жобаның құны 102 млн теңгені құрайды.

«Мұнда 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады. Шығарылған өнімді ішкі нарыққа саудалауды жоспарлап отырмыз. Біздің зауытта дайындалған газ плиталарының сапасы шетелдік өнімнен еш кем түспейді. Әрі бағасы да қазіргі нарықтағыдан төмен болады»,- деді «Artel Manufacturing» ЖШС-нің директоры Рамзитдин Хикматов.


Жаңа кәсіпорынның жұмысын оң бағалаған облыс әкімі жергілікті билік тарапынан көрсетіліп отырған көмектердің тиімділігіне тоқталды.

«Оңтүстік Қазақстан облысының экономикасына жаңа серпін беретін индустриялды-инновациялық жобаларға қаржы салушы инвесторларды қашанда қолдауға әзірміз. Ең бастысы – ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие, өнім өндіретін кәсіпорындардың қатарын көбейтуіміз керек. Бүгінгі біз аралап көрген кәсіпорынның өнімдеріне ішкі және сыртқы нарықтан да сұраныс мол болатынына сенімдімін», - деді Жансейіт Түймебаев.

25 қыркүйек, дүйсенбі
2017
25 сентября, понедельник







В ЮКО УЗБЕКСКИЕ ИНВЕСТОРЫ ЗАПУСТИЛИ ЦЕХ **ПО СБОРКЕ БЫТОВЫХ ГАЗОВЫХ ПЛИТ**

Торгово-экономическое сотрудничество между Казахстаном и Республикой Узбекистан начало давать первые результаты. Благодаря углубленному развитию сотрудничества между двумя странами в Южно-Казахстанской области был запущен цех по сборке бытовых газовых плит. Посетив промышленную зону «Бадам», аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев и Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Казахстан в Республике Узбекистан Ерик Утембаев, ознакомились с работой нового предприятия.

Стоимость проекта, способного выпускать 50 тыс. штук газовых плит в год, составляет 102 млн. тенге. В настоящее время, завершив работы по установке оборудований, предприятие введено в эксплуатацию.

«Постоянной работой обеспечены 30 человек. Выпускаемую продукцию планируем поставлять на внутренний рынок. Качество выпускаемых газовых плит ничем не уступает иностранным производителям. При этом цены будут ниже рыночных», – отметил Рамзитдин Хикматов, директор ТОО «Artel Manufacturing». Положительно оценив деятельность нового предприятия, аким области отметил эффективность помощи, предоставляемой со стороны местных властей. «Мы всегда готовы поддержать инвесторов, которые инвестируют в промышленные и инновационные проекты, которые придают новый импульс экономике Южного Казахстана. Самое главное – увеличить количество производителей, продукция которых пользуются спросом на внутреннем и внешнем рынках. Убежден, что продукция данного предприятия, будет пользоваться большим спросом», – подчеркнул Ж.Туймебаев.





ӨҢІРДІҢ **ҮЗДІК ҰСТАЗДАРЫН МАРАПАТТАДЫ**

Облыс басшысы Жансейіт Түймебаев өңіріміздің ардагер ұстаздары мен білім саласының мамандарын төл мерекелерімен құттықтап, марапаттады.

«Бала жүрегіне жол таба білетін, рухани азық беретін тұлға ол - ұстаз. Тек нағыз мұғалім ғана егемен елге лайықты ұрпақ тәрбиелей алады. Бұған облыс ұстаздарының бүгінгі таңдағы шынайы еңбектері дәлел. Олардың еңбек жолы - жастарымыз үшін әрдайым өшпес үлгі!» - деді Ж.Түймебаев. Облыс әкімі ұстаздармен жаңартылған білім бағдарламасы мен тәжірибе алмасу сынды тақырыптарда сұхбаттасты.

Ардагер ұстаздар облыс басшысының құттықтауына алғыс білдірді.«Бүкіл ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтаймын! Бізде білім беруге барлық жағдай жасалған. Мүмкіндіктер қарастырылған. Балабақшалар да, мектептер мен колледж, жоғары оқу орындары да жеткілікті, - деді ардагер ұстаз Сайлакүл Барахова. - Мықты мамандарымыз да бар. Тек енді жас ұрпаққа сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеп шықсақ болғаны». Жиын барысында Жансейіт Қансейітұлы 9 ардагер ұстаз бен 26 мұғалімді Алғыс хатпен марапаттады.

Бүгінде ОҚО-да 638 мың оқушыға 70 мыңға жуық мұғалім сабақ береді. Облыс деңгейіндегі білім саласында ілгерілеушілік бар. Өңірдің дарынды оқушылары республикалық, халықаралық деңгейдегі білім сайыстарында жүлдегер атануда.

2 қазан, дүйсенбі
2017
2 октября, понедельник





НАГРАЖДЕНИЕ **ЛУЧШИХ УЧИТЕЛЕЙ ОБЛАСТИ**

Аким области Жансеит Туймебаев поздравил и наградил учителей-ветеранов и специалистов сферы образования области с профессиональным праздником.

«Учитель всегда сможет найти путь к сердцу ребенка. Только истинный учитель может воспитать достойное поколение суверенной нации. Учителя являются живым примером для молодежи», подчеркнул Ж.Туймебаев.

Глава региона обсудил с учителями обновленную образовательную программу и обмен опытом. В свою очередь, учителя-ветераны выразили благодарность и поблагодарили акима области за поздравления. «Поздравляю учителей с праздником! У нас созданы все условия для образования. Для детских садов, школ и высших учебных заведений региона создаются все благоприятные условия и возможности. У нас сильные специалисты. Необходимо воспитывать молодое и здоровое поколение», - сказала ветеран-педагог Сайлакул Барахова.

В ходе встречи Жансеит Туймебаев наградил 9 учителей-ветеранов и 26 учителей благодарственными письмами.

Сегодня в ЮКО около 70 тысяч учителей обучают 638 тыс. учеников. В сфере образования на областном уровне наблюдается прогресс. Талантливые ученики региона являются призерами республиканских и международных соревнований.







10 ЕЛДІҢ ОРТОПЕД, ТРАВМАТОЛОГ МАМАНДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН **ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ**

Оңтүстік Қазақстан облысында «Қазіргі кезеңдегі травматология және ортопедияның өзекті мәселелері» тақырыбы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференция жұмысына облыс әкімі Ж.Түймебаев, АҚШ, Германия, Ресей, Польша, Қырғызстан, Өзбекстан, Сербия сынды он мемлекеттен 14 ғалым мен үш жүзге жуық дәрігерлер, медициналық жоғары оқу орнының студенттері қатысты.

Медицина шекара таңдамайтынын айтқан өңір басшысы шетелдің білікті ортопед, травматолог мамандары қатысып отырған бүгінгі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның маңызы зор екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысының 2015-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының нәтижесінде медицина саласын қаржыландыру көлемі жылдан жылға ұлғайып, ауруханалар мен емханалардың материалдық-техникалық жағдайы жақсарып келеді. Дәрігерлер медицинасы озық елдердің клиникаларында тәжірибе жинақтап, кәсіби шеберліктерін шыңдауда. Ұлт денсаулығын сақтауда аурудың алдын алуға баса мән беріліп, саламатты өмір салтын ұстануда», - деді әкім.

Үш миллионға жуық халқы бар Оңтүстік Қазақстанда биыл денсаулық сақтау саласына бөлінген қаржы 125 миллиард теңгені құраған. Соның нәтижесінде өңірдің шалғай ауылдарында да медициналық қызметтің сапасы жақсарған. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан осындай қамқорлықтың нәтижесінде бүгінде бұрын-соңды болмаған күрделі оталарды Астана, Алматы қалаларында ғана емес, Шымкентте де жасау мүмкін болып отыр. Соңғы жеті жылда облыс халқының өмір сүру ұзақтығы 69-дан 72-ге дейін жоғарыласа, ана мен бала өлімі соңғы бес жыл ішінде едәуір төмендеген.

5 қазан, бейсенбі
2017
5 октября, четверг







НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ С УЧАСТИЕМ **ИНОСТРАННЫХ ОРТОПЕДОВ-ТРАВМАТОЛОГОВ ИЗ 10 СТРАН**

В Южно-Казахстанской области прошла международная научно-практическая конференция «Актуальные вопросы травматологии и ортопедии на современном этапе». В работе конференции принял участие аким области Жансеит Туймебаев, а также 14 ученых и около 300 специалистов из 10 стран ближнего и дальнего зарубежья: США, Германии, России, Польши, Кыргызстана, Узбекистана, Сербии.

Открывая работу форума, глава региона отметил, что медицина не выбирает границ, и подчеркнул о важности сегодняшней международной научно-практической конференции, в которой принимают участие опытные иностранные ортопеды-травматологи.

«По инициативе Главы государства разработана и реализуется государственная программа «Денсаулық» на 2015-2019 годы. В результате увеличивается финансирование отрасли медицины, улучшается материально-техническое состояние больниц и поликлиник. Лучшие врачи оттачивают профессиональное мастерство в передовых клиниках страны», - сказал аким.

В этом году Южно-Казахстанской области с населением около 3 млн. человек объем средств, выделенных на здравоохранение, составил 125 миллионов тенге. В результате этого улучшилось качество медицинских услуг в отдаленных селах региона. Кроме того, ранее проводимые сложные операции в Астане и Алматы, теперь проводят и в Шымкенте. За последние семь лет средняя продолжительность жизни населения увеличилась с 69 до 72 лет. Более того, за последние пять лет динамично снижаются показатели материнской и младенческой смертности.







«ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫҢ РӨЛІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДИСПУТ-ФОРУМЫ ӨТТІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен Шымкент қаласындағы «Қазақстан халқы Ассамблеясы» ғимаратында «Қоғамды жаңғыртудағы медиацияның рөлі» тақырыбында республикалық диспут-форум өтті. Жиынға қатысқан ОҚО әкімі Жансейіт Түймебаев форумның халықаралық форматта ұлттық құндылықтардың қайнары болған Оңтүстік Қазақстан облысында өткізіліп отырғандығын үлкен жетістікке балады.

«Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көненің көзіндей болған ұлттық құндылықтарды заман ағымына сай қайта түлетуді міндеттеген еді. Медиация баяғы «Жеті жарғының» бүгінгі жалғасы ретінде халықтың байырғы мәмілегершілік дәстүрін жалғастырып отыр. Ол сондай-ақ, дауласушы тараптарды өзара келісімге келтіріп, ортақ пайым жасауға жетелейді», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Форумда Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Дархан Мыңбай баяндама жасады. Сондай ақ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Б.Әбдірайымның, ҚР Судьялар Одағының төрағасы Э.Алимбековтың, ҚР Бас прокурорының аға көмекшісі М.Тұрсынбекованың және Шығыс Қазақстан облыстық «Қоғамдық келісім» ҚММ басшысы Э.Төлеубековтың, Оңтүстік Қазақстан облыстық «Қоғамдық келісім» ҚММ басшысы Е.Байқонақовтың, Маңғыстау облыстық «Қоғамдық келісім» ҚММ басшысы С.Саталиеваның, Сайрам ауданындағы кәсіби емес медиатор С.Юсановтың хабарламалары тыңдалды.

Форум аясында ҚХА жанындағы Медиация кеңесі мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің, ҚХА жанындағы Медиация кеңесі мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

6 қазан, жұма
2017
6 октября, пятница





РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ДИСПУТ-ФОРУМ
«РОЛЬ МЕДИАЦИИ В МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА»

В Шымкенте в здании Ассамблеи народа Казахстана прошел республиканский диспут-форум «Роль медиации в модернизации общества», организованный Ассамблеей народа Казахстана и акиматом Южно-Казахстанской области. В заседании принял участие аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев, который отметил, что проводимый форум в международном формате стал источником национальных ценностей, и является большим достижением для Южно-Казахстанской области.

«Глава государства неоднократно подчеркивал, что в условиях глобализации выживают лишь те культуры, которые оказываются способными к адаптации и имеющие крепкие основы национальной идентификации. Институт медиации имеет единое начало с казахской традицией. В рамках развития института медиации как внесудебного способа урегулирования гражданских споров, с января прошлого года при областной ассамблеи действует кабинет медиации, где оказывают правовую консультацию», сказал Ж.Туймебаев.На форуме с докладом выступил заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана Дархан Мынбай. Были заслушаны также доклады депутата Мажилиса Парламента РК Б.Абдирайыма, председателей Союза судей РК Э.Алимбекова, старшего помощника Генерального прокурора РК М.Тұрсынбековой, руководителя КГУ «Қоғамдық келісім» Восточно-Казахстанской области Э.Толеубекова, руководителя КГУ «Қоғамдық келісім» Южно-Казахстанской области Е.Байқонақова, руководителя КГУ «Қоғамдық келісім» Мангыстауской области С.Саталиевой, непрофессионального медиатора Сайрамского района С.Юсанова.

В рамках диспут-форума состоялась церемония подписания Меморандума о сотрудничестве между Советом медиации Ассамблеи народа Казахстана с акиматом Южно-Казахстанской области и Национальной палатой предпринимателей РК.







ЕУРОПАЛЫҚ САПАДА ЖИҺАЗ ШЫҒАРАТЫН **ФАБРИКА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

Сайрам ауданында жылына 4 мың комплект жиһаз шығаруға қауқарлы жаңа фабрика іске қосылды. Құны 506 млн теңге болатын жобаның 300 млн. теңгесін кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында алған. Мұнда 70 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

Фабриканың жұмысымен танысқан облыс әкімі Ж.Түймебаев шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, бұл ел экономикасының дамуының кепілі екенін айтты.

«Сіздер фабриканың өнімі Италия жиһаздарынан кем болмайды дедіңіздер. Бұдан былай жұрт «Сайрам сапасы» деген терминді қолданатындай дәрежеге жетіңіздер»,-деген әкім кәсіпорынның жұмысшыларына сәттілік тіледі.

Мұндағы өнімнің сапасы неміс және итальян жабдықтары мен қазіргі заманғы материалдарды пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, фабрика өнімдері сапа менеджменті мен экологиялық таза деген сертификатпен расталған. Бұдан бөлек, өндіріс орны итальяндық дизайнерлердің қатысуымен экологиялық таза материалдарды және сенімді компоненттерді пайдалана отырып, тұтынушыға тек жоғары сапалы жиһаз ұсынбақ.

«Bella Mebel» тауар белгісімен шығатын фабриканың өнімдерін алдағы уақытта еліміздің барлық аймақтарындағы жиһаз дүкендерінен сатып алуға болады.

9 қазан, дүйсенбі
2017
9 октября, понедельник








ЗАПУСК ФАБРИКИ ПО ПРОИЗВОДСТВУ **МЕБЕЛИ ЕВРОПЕЙСКОГО КАЧЕСТВА**

В Сайрамском районе запущена новая фабрика, способная ежегодно выпускать 4 тыс. комплектов мебели. Стоимость проекта – 506 млн. тенге, из них 300 млн. тенге предприниматель получил в рамках программы «Дорожная карта бизнеса-2020». На сегодняшний день постоянной работой обеспечены 70 человек.

Аким области ознакомившись с работой фабрики отметил, что развитие малого и среднего бизнеса является гарантом развития экономики. «В своем выступлении, вы отметили, что качество продукции фабрики ничем не будет уступать итальянской мебели. Желаю, в дальнейшем достичь того уровня, когда жители будут применять термин «сайрамское качество»», - сказал Ж.Туймебаев, пожелав удачи работникам предприятия.

Отметим, что качество продукции здесь обеспечивается за счет использования высококачественного немецкого и итальянского оборудования и современных материалов. Также, продукция фабрики подтверждена сертификатом менеджмента качества и сертификатом экологически чистой продукции.

Кроме того, предприятие предлагает потребителям только высококачественную мебель, изготовленную с учетом передовых дизайнерских разработок при участии ведущих итальянских дизайнеров, с использованием экологически безопасных материалов и надежных комплектующих. В ближайшее время мебель торговой марки «BellaMebel» можно приобрести в мебельных салонах всех регионов страны.





Ж.ТҮЙМЕБАЕВ: ОҢТҮСТІКТІҢ БРЕНДІ САНАЛАТЫН

МАҚТА ДАҚЫЛЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУЫ ҚАЖЕТ

«Оңтүстік Қазақстан облысының бренді саналатын мақта дақылы бәсекеге қабілетті болуы қажет. Сондықтан ақ ұлпаның жаңа сорттарын шығарып, оны өндіріске ендіруіміз керек. Бұл тұста «Қазақ мақта шаруашылығы» ғылыми- зерттеу институтының қосар еңбегі орасан», -деді облыс әкімі Ж.Түймебаев Мақтаарал ауданындағы «Қазақ мақта шаруашылығы» ғылыми зерттеу институтының жұмысымен танысу кезінде.

«Республикалық көрсеткіште Оңтүстіктің көкөніс өндіруден алар орны 25 пайызды, жүзімнен 70, жемістен 37 пайызды құрайды. Ал мақта дақылы 100 пайыз тек қана осы өңірде өсіріледі. Сондықтан еліміздегі үлкен табыс әкелетін мақта дақылының сапалы сорттарын дамытып, инновациялық технологияларды өндіріске ендіру арқылы «ақ алтынды» өндірудің тиімділігін арттыруымыз керек», -деді әкім.

Атакент кентіндегі ғылыми- зерттеу институтында бүгінде дүниежүзілік мақтаның 10-нан астам түрі зерттеледі. Ғалымдар ақ ұлпаның 12 орта талшықты, сыртқы ортаның қолайсыз факторларына төзімді, өнімділігі гектарынан 5-6 центнер жоғары сорттарын шығарды. Сондай-ақ, өндіріске отандық бес мақта сортын енгізді. Институт ғалымдары әзірлеген мақта қозасын баптаудың қарқынды технологиясы 58,3 мың гектар алқапқа, топырақты 55-60 см терең қопсыту технологиясы 57 мың гектар жерге ендірілген.

Өңір басшысы Қазыбек би ауылдық округіне қарасты 57,6 метр тереңдікте орналасқан тік дренаждың жұмысын көрді. Мақтаарал ауылдық округіндегі «Жарқын» шаруа қожалығының күріш алқабындағы жұмыс жағдайымен танысты.

12 қазан, бейсенбі
2017
12 октября, четверг





Ж.ТУЙМЕБАЕВ: ХЛОПОК, КАК БРЕНД ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ **ДОЛЖЕН БЫТЬ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫМ**

«Хлопок, как бренд Южно-Казахстанской области должен быть конкурентоспособным. Нам необходимо вывести новые сорта «белого золота», внедрив их в производство. В то же время, в этом направлении большую заслугу имеет «Казахский научно-исследовательский институт хлопководства», отметил аким области Жансеит Туймебаев в ходе рабочей поездки в Мактааральский район.

«Различные виды сельскохозяйственных культур выращиваются и в других регионах. 25% овощей, 70% винограда и 37% фруктов, производимых в республике, приходится на Южно-Казахстанскую область. Доля области в объеме производства по выращиванию хлопка в стране составляет 100%. Поэтому нам необходимо повысить эффективность производства «белого золота» за счет разработки качественных сортов и внедрения инновационных технологий в производство. Решая совместно проблемы в этой сфере, мы сможем увеличить продукцию», - сказал аким. В поселке Атакент научно-исследовательский институт изучает более 10 сортов хлопчатника. Ученые вывели 12 сортов «белого золота» с высокой урожайностью - 5-6 ц / га, которые устойчивы к неблагоприятным факторам окружающей среды. А также внедрили в производство пять отечественных сортов хлопчатника. Интенсивная технология возделывания хлопчатника, разработанная учеными института, реализуется на площади 58,3 тыс. га хлопка, а технология обработки почвы на глубине 55-60 см внедрена на территории 57 тыс. га. В сельском районе Казыбек би глава региона ознакомился с работой вертикального дренажа, расположенного на глубине 57,6 метров, в сельском округе Мактаарал - посетил рисовые поля крестьянского хозяйства «Жаркын».











«АРЫС ЖАҒАСЫНДА» РЕТРО-ФЕСТИВАЛІНДЕ ЕЛІМІЗГЕ БЕЛГІЛІ **БЕС САЗГЕРДІҢ ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛДЫ**

Оңтүстік Қазақстан облысында «Арыс жағасында» ретро-фестивалі өтті. Өңірде сегізінші рет өткізіліп отырған мерекелік кеште елімізге белгілі Тұрдықылыш Істай, Мұхтар Құралов, Құралай Сәтмұхамбетова, Лесбек Аманов, Ержан Серікбаев сынды композиторлардың әндері орындалды.

Мерекелік шараға қатысқан облыс әкімі Ж.Түймебаев барша өнерсүйер қауымын құттықтап, бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталды.

«Бұл фестиваль тек оңтүстік жұртына ғана емес, бүкіл елге мәшһүр. Оңтүстік өңірден шығып, барша қазақтың мақтанышына айналған композиторларды, өнер ұжымдары мен әншілерді дәріптеуге, олардың шығармашылығын насихаттауға бағытталған», -деп атап өтті әкім.

Жыр кешінде жергілікті сазгерлердің халық арасында кеңінен тараған 20 әні орындалды. Фестивальге елімізге танымал өнер жұлдыздары Ұлықпан Жолдасов, ҚР Мәдениет қайраткерлері Жұбаныш Жексенұлы, Шахизада Байпатшанова, Ақбота Керімбековалар қатысты.

Фестиваль тарихы 1992 жылдан бастау алған. Осы жылдан бастап облыста Шәмші Қалдаяқов атындағы «Менің Қазақстаным» ән байқауы дәстүрлі өнер мерекесіне айналды. Былтыр Шәмші ағаның туған жері Отырар ауданында, биыл Созақ ауданында өтті. 2010 жылдан бастап «Арыс жағасында» ретро - фестивалі Ш.Қалдаяқовтың аты берілген осы гүлзарда жыл сайын өткізіліп келеді.

13 қазан, жұма
2017
13 октября, пятница








НА РЕТРО-ФЕСТИВАЛЕ «АРЫС ЖАҒАСЫНДА» ИСПОЛНИЛИ ПЕСНИ
ПЯТИ ИЗВЕСТНЫХ КОМПОЗИТОРОВ СТРАНЫ

В Южно-Казахстанской области прошел ретро-фестиваль «Арыс жағасында». На восьмом праздничном мероприятии прозвучали песни таких известных композиторов, как Турдыкылыша Изтаева, Мухтара Куралова, Куралай Сатмуханбетовой, Лесбека Аманова, Ержана Серикбаева.

Приняв участие в творческом вечере, аким области Ж.Туймебаев поздравил всех любителей искусства и отметил важность сегодняшнего мероприятия.

«Этот фестиваль известен не только южноказахстанцам, но и всей стране. Мероприятие, направлено на популяризацию творчества композиторов выходцев из южного региона, творческих коллективов и исполнителей, ставших гордостью всего казахского народа. Фестиваль стал особым инструментом поддержки местных талантов», - сказал аким. На вечере прозвучали 20 известных песен местных композиторов, популярных среди народа. В фестивале приняли участие заслуженный деятель РК Улыкпан Жолдасов, заслуженные деятели культуры РК Жубаныш Жексенулы, Шакизада Байтпатшанова, Акбота Керимбекова. Свою историю фестиваль ведет с 1992 года. Начиная именно с этого года, в области проводится песенный конкурс «Менің Қазақстаным» имени Шамши Калдаякова. В прошлом году данный конкурс прошел на родине композитора в Отырарском районе, а в этом году в Сузакском районе.

В рамках конкурса, с целью пропаганды и поддержки творчества композиторов Южно-Казахстанской области, с начала 2010 года ретро-фестиваль «Арыс жағасында» ежегодно проходит в сквере имени Шамши Калдаякова.



ШЫМКЕНТТЕ 5 МЫҢ АДАМНЫҢ
ҚАТЫСУЫМЕН МАРАФОН ӨТТІ

Бүгін Шымкент қаласында дәстүрлі жалпы қалалық «13 аймақ» - Бірге болсақ, бәрі мүмкін!» атты жүгіру марафоны өтті. Салауатты өмір салты мен бұқаралық спортты насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, қала әкімі Ғабидолла Әбдірахымов, облыстық мәслихаттың хатшысы Қайрат Балабиев пен «Нұр Отан» партиясының Шымкент қалалық бөлімшесінің төрағасы Өмірзақ Мелдеханов, сондай ақ әкімдік қызметкерлері мен кәсіпқой спортшылар және қала тұрғындары, жалпы саны 5 мың адам қатысты.

Биыл жүгіру жолының ұзақтығы жартылай марафонға дейін ұзартылды. Ұйымдастырушылар «Kasiet» фитнес-клубы мен «13 регион» командасының айтуынша, бұл қадам марафонның болашақта жалпы қазақстандық және халықаралық спорт күнтізбесіне енгізілуі үшін жасалып отыр. Ең алыс қашықтық - 21,1 шақырым. Дегенмен, өзінің мүмкіндігін жаңадан сынап көрушілер үшін 5 және 10 шақырым жарыс жолы сақталды. Қонаев даңғылынан Бәйдібек би даңғылы бойымен Наурыз алаңына дейінгі бірінші қашықтықты облыс әкімімен бірге барлық жастағы 3 мыңнан астам қатысушы оңай жүгіріп өтті.

Денсаулық – баға жетпейтін асыл дүние екенін айтқан облыс әкімі барша оңтүстікқазақстандықтарды салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Мұнан соң, аймақ басшысы жарыстың ең жас және ең ересек қатысушылары мен жеңімпаздарын марапаттады.

15 қазан, жексенбі
2017
15 октября, воскресенье



В ШЫМКЕНТЕ СОСТОЯЛСЯ
МАРАФОН С УЧАСТИЕМ 5 ТЫСЯЧ ЧЕЛОВЕК

Сегодня в Шымкенте прошел традиционный общегородской пробег «13 регион» - Вместе мы можем все!». В мероприятии, организованное с целью пропаганды здорового образа жизни и массового спорта, приняли участие аким области Жансеит Туймебаев, аким города Габидулла Абдрахимов, секретарь областного маслихата Кайрат Балабиев, председатель филиала партии «Нур Отан» города Шымкента Умирзак Мелдеханов, сотрудники акимата, профессиональные спортсмены, а также жители города. В целом, в мероприятии приняли участие 5 тысяч человек.

Стоит отметить, в этом году дистанция марафона была увеличена до полумарафонской. По словам организаторов фитнес-клуба «KASIET» и команды «13 регион», этот шаг сделан для того, чтобы в будущем внести данный марафон в общеказахстанский и международный спортивный календарь. Максимальная дистанция составила 21,1 км. Однако, для людей, которые только собираются бросить вызов себе, сохранились дистанции в 5 и 10 км.

Отметим, участники всех возрастов-более 3 тысяч человек вместе с акимом области с легкостью преодолели первую дистанцию от проспекта Кунаева, Байдибек би и завершая площадью Наурыз.

Затем, глава региона наградил самого молодого и самого старшего участников забега.









ТЖ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ 35 ЖАНА **ӨРТ СӨНДІРУ КӨЛІГІ ТАПСЫРЫЛДЫ**

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар қызметінің құрылған күніне орай, ОҚО Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлеріне 35 жаңа өрт сөндіру көлігі тапсырылды.

Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімі Ж.Түймебаев барша сала қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, өрт сөндіру қызметкерлеріне көлік кілтін табыс етті. Қызметтік міндеттерін мінсіз атқарған бірқатар азаматтарды марапаттады.

Мерекелік шарада өз қызметтік міндеттерін сапалы, тиімді, мінсіз атқарып, қызметін адал орындаған 25 қызметкер азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесін дамыту мен жетілдіруге қосқан үлестері үшін «Еңбек ардагері» медалімен, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен», «Алғыс хатымен», «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төс белгілерімен марапатталды.

Сондай-ақ, ОҚО Төтенше жағдайлар департаментіне басшылық еткен құрметті ардагер, отставкадағы полковник Уалихан Ережепов «Еңбек ардагері», Мұхтарбек Бексейітов «Оңтүстік Қазақстан облысына сіңірген еңбегі үшін» медалдарымен марапатталды.

18 қазан, сәрсенбі
2017
18 октября, среда







СОТРУДНИКАМ ЧС ВРУЧИЛИ КЛЮЧИ ОТ **35 НОВЫХ ПОЖАРНЫХ МАШИН**

В преддверии Дня создания служб чрезвычайных ситуации Республики Казахстан сотрудникам департамента по Чрезвычайным ситуациям ЮКО были вручены ключи от 35 новых пожарных автомашин. Приняв участие в торжественном мероприятии, аким области Жансеит Туймебаев поздравил всех сотрудников с профессиональным праздником и вручил пожарникам ключи от новых автомашин, а также наградил ряд граждан за безупречно выполненную работу.

В ходе мероприятия медалью «Ветеран труда», почетными грамотами и благодарственными письмами акима Южно-Казахстанской области, а также нагрудными знаками «За мужество в чрезвычайной ситуации» награждены 25 сотрудников, качественно и эффективно выполнившие свои служебные обязанности и внесшие вклад в развитие и совершенствование деятельности государственной системы гражданской защиты. Наряду с этим, медалью «Почетный ветеран труда» награжден полковник в отставке, ранее возглавлявший Департамент по чрезвычайным ситуациям ЮКО Уалихан Ережепов, а медалью «За заслуги в Южно-Казахстанской области» награжден Мухтарбек Бексеитов.







САРЫАҒАШ АУДАНЫНДА ҚАРҚЫНДЫ **БАУ КӨЛЕМІ АРТЫП КЕЛЕДІ**

Облыс әкімі Ж.Түймебаев арнайы жұмыс сапарымен Сарыағаш ауданына барды. Өңір басшысы алдымен Жемісті ауылдық округіндегі «Ынтымақ Бес-Арыс» ЖШС-де болып, шаруашылықтың қарқынды бауын аралап көрді.

2009 жылы құрылған серіктестік 2015 жылдан бастап қарқынды бау егумен айналысып келеді. Бүгінде қожалық иелігіндегі 36 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен алма бау егілген. Жылына 80 млн теңгенің өнімін өндіретін серіктестікте 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

«Сарыағаш ауданының табиғи-климаттық жағдайы жеміс пен көкөніс көшеттерін өсіруге өте қолайлы. Сондықтан аталған серіктестік басшылығы мемлекет тарапынан берілетін субсидия мен түрлі несиелік жеңілдіктерді тиімді пайдалануы қажет. Ол үшін тиісті құжаттарды реттеп, дер кезінде әрекет еткен жөн. Алдағы жылдары климаты мен топырағы сәйкес келетін өзге аудандарға осы тәлімбақта өсірілген көшеттерді жерсіндіру ісін жандандыруды тапсырамын»,- деді Жансейіт Қансейітұлы.

Мұнан соң өңір басшысы Сарыағаш қаласындағы аудандық бюджет есебінен 35 млн теңгеге салынған «Ана мен бала» аллеясын аралап көрді. Жаңа нысанда облыс әкімі қала тұрғындарымен кездесіп, пікір алмасты.

20 қазан, жұма
2017
20 октября, пятница







В САРЫАГАШСКОМ РАЙОНЕ УВЕЛИЧИВАЕТСЯ **ПЛОЩАДЬ ИНТЕНСИВНЫХ САДОВ**

Аким области Ж.Туймебаев побывал с рабочей поездкой в Сарыагашском районе. В первую очередь, глава региона посетил ТОО «Ынтымақ Бес-Арыс» в сельском округе Жемисти, где осмотрел интенсивные сады хозяйства.

Товарищество, созданное в 2009 году, занимается выращиванием интенсивных садов с 2015 года. В настоящее время на 36 гектарах земли, находящееся в распоряжении хозяйства, методом капельного орошения посажены яблоневые сады. В товариществе, которое в год производит продукцию на сумму 80 млн. тенге, постоянной работой обеспечены 30 человек. «Природно-климатические условия Сарыагашского района благоприятны для выращивания саженцев овощей и фруктов. Поэтому поручаю руководству данного товарищества эффективно использовать различные кредитные льготы и субсидии, предоставляемые со стороны государства. Для этого необходимо своевременно собрать необходимые документы. Поручаю в ближайшее время активизировать работу по акклиматизации саженцев, выращенных в этом питомнике в районах с соответствующим климатом и почвой», сказал Жансеит Туймебаев.

Затем глава региона посетил аллею «Ана мен бала» («Мать и дитя»), построенную за счет районного бюджета на сумму 35 млн. тенге. На новом объекте аким области встретился с жителями Сарыагашского района. Местные жители рассказали о проводимой работе в районе, и высказали свои мнения.









ОҚО-ДА АЛҒАШ РЕТ **«AGROFEST-2017»** АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Оңтүстік Қазақстан облысында алғашқы рет «AGROFEST-2017» ауыл шаруашылығы фестивалі өтті.

Аграрлы аймақтың шаруалары мемлекеттің қолдауы мен тынымсыз еңбектің арқасында биыл егіс науқанын жақсы көрсеткішпен аяқтады. Мерекелік шараға ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері, еңбек озаттары, кәсіпкерлер, халық қалаулылары мен сала мамандары бастаған жалпы 8 мыңға жуық адам қатысты.

Облыс басшысы бастаған фестиваль қонақтары алдымен ауыл шаруашылығы саласының жетістіктерін айшықтайтын көрмемен танысып шықты. Фестиваль аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде облыстың барлық аудандарынан жиналған жалпы көлемі 182 тонна табиғи таза өнімдер нарықтағыдан 15-20 пайызға арзан бағамен жұрт назарына ұсынылды.

Облыс әкімі Ж. Түймебаев ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, аталған салада белсенділік танытып, үздік көрсеткішке қол жеткізген шаруалар мен аудандарды марапаттады. Өңір шаруалары «Озат астық жинаушы», «Озат мал бордақылаушы», «Озат бақша өсіруші» сынды 27 номинация бойынша марапатқа ие болса, аудан-қалалар арасында 15 бағыт бойынша үздіктер анықталды.

«Облысымыздағы ауыл шаруашылығы экспортының көлемі бүгінгі таңда 211,4 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылмен салыстырғанда 6 пайызға өсті. Импорт көлемі 320 млн. АҚШ долларына жетіп, 4 пайызға кеміді. Осылайша республикада облыстың үлесі 13 пайызға жетіп отыр. Ағымдағы жылы мал шаруашылығы саласының еңбеккерлері де толағай табыстарға қол жеткізгенін байқауға болады», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Фестиваль мұнан соң орталық атшабардағы ұлттық спорттың 12 түрінен өткен сайыстарға ұласты. Үздік атанған барлық қатысушылар мен спортшыларға бағалы сыйлықтар табыс етілді. Мереке аясында 16 киіз үй тігіліп, фестиваль қонақтарына арнап ұлттық тағамдар дастарханы жайылды. Мерекелік шара соңы облыстық өнер жұлдыздарының гала концертіне ұласты.

23 қазан, дүйсенбі
2017
23 октября, понедельник







В ЮКО ВПЕРВЫЕ ПРОШЕЛ ФЕСТИВАЛЬ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА **«AGROFEST-2017»**

В Южно-Казахстанской области впервые прошел фестиваль сельского хозяйства «AGROFEST-2017». В этом году аграрии Южного Казахстана благодаря поддержке государства и неустанного труда завершили посевную компанию с хорошими показателями. На праздничном мероприятии приняли участие около 8 тысяч человек, в том числе заслуженные работники сельского хозяйства, передовики труда, предприниматели, народные избранники и специалисты отрасли.

Гости фестиваля во главе с акимом области Ж.Туймебаевым ознакомились с выставкой достижений в сфере сельского хозяйства. На обозрение посетителей выставки представили продукцию сельского хозяйства, несколько видов племенного скота и передовую технику. В рамках фестиваля была организована ярмарка сельскохозяйственной продукции. На ярмарке представили 182 тонны натуральной продукции сельхозтоваропроизводителей области. Цены на ярмарке были ниже рыночных на 15-20%. Аким области Ж.Туймебаев поздравил работников сельскохозяйственной отрасли с профессиональным праздником, наградив крестьян и районы, достигшие лучших показателей. Крестьян региона наградили по 27 номинациям, в таких как «Передовой зерновод», «Передовой откормщик животных», «Передовой садовод», а по 15 направлениям определены лучшие среди районов и городов.

«Объем экспорта сельскохозяйственной продукции в регионе на сегодняшний день составляет 211,4 млн. долларов США, увеличившись на 6% по сравнению с прошлым годом. Объем импорта достиг 320 млн. долларов США, снизившись на 4%. Таким образом, доля области по республике составила 13% В текущем году работники животноводческой отрасли добились значительных успехов», - сказал Ж.Туймебаев.

Затем фестиваль продолжился на ипподроме состязаниями по 12 видам национального спорта - кыз куу, тенге ілу, аударыспак, казахская борьба, где определили лучших и сильных. Всех лучших участников и спортсменов наградили ценными подарками. В рамках мероприятия, на площади возвели 16 казахских юрт, а гостей фестиваля угостили национальными блюдами и напитками. Праздничное мероприятие продолжилось гала-концертом с участием звезд эстрады области.







«ДОМАЛАҚ АНА» КЕСЕНЕСІ ЖАНЫНАН ҚОНАҚ ҮЙ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Бәйдібек ауданындағы «Домалақ ана» кесенесі жанынан жаңа қонақ үй кешені пайдалануға берілді. Нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Жансейіт Түймебаев арнайы қатысып, лентасын қиды.

«Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Қазақстанның киелі жерлерінің картасын әзірлеу тапсырылған болатын. Аталған жоба аясында өңіріміздегі бірқатар қасиетті жерлерді жаңғырту, қайта қалпына келтіру шаралары қолға алынды. Солардың бірі - «Домалақ ана» кесенесі бүгін қайта жаңғырып, келушілерге жаңа қонақ үй кешені ұсынылып отыр. Жалпы, қазақ халқы үшін Домалақ ананың орны бөлек. Ендеше, жаңа кешен, кесененің жаңғыруы құтты болсын!», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Ана рухын құрметтейтін жанашыр азаматтардың демеушілігімен бой көтерген кешенде зиярат етушілерге барлық жағдай жасалған. Онда қонақтарға арналған жатын бөлмелер, асхана, киіз үй пішіндес орындықтар мен өзге де тұрмыстық ғимараттар бар. Қонақ үйді аралап көрген өңір басшысы алдағы уақытта «Домалақ ана» кесенесіне зиярат етушілердің қатары арта түсетініне сенім білдірді.

Айта кетейік, Қазақстанның киелі жерлерінің картасы жобасы аясында ОҚО-да 104 киелі орынның тізімі жасақталған болатын. Оның 17-і республикалық маңызы бар тізімге енгізілген. «Домалақ ана» кесенесі солардың бірі және бірегейі саналады. Кесене Қаратаудың күнгей бетінде, Балабөген өзенінің аңғарында орналасқан. Домалақ ана, яғни Нұрила Әли Сыманқызы - халқымыздың абыз аналарының бірі саналады. 1456 жылы Домалақ ананың немересі Дулат Бұхарадан Абдулла Шері есімді ұстаны алдыртып, алғаш рет кесене тұрғызған. Одан кейін кесене бірнеше рет бұзылып, қайта жөндеуден өтті. Бүгінде еңсесі биік зәулім ғимарат күннен күнге көркейіп келеді. Жаңадан пайдалануға берілген «Қонақ үй кешені» болашақта осында келетін туристер санының артуына ерекше серпін бермек.

28 қазан, сенбі
2017
28 октября, суббота







ВОЗЛЕ МАВЗОЛЕЯ **«ДОМАЛАК АНА»** ОТКРЫЛСЯ НОВЫЙ ГОСТИНИЧНЫЙ КОМПЛЕКС

В Байдибекском районе возле мавзолея «Домалақ ана» введен в эксплуатацию новый гостиничный комплекс.

В церемонии открытия объекта принял участие аким области Жансеит Туймебаев, который разрезал традиционную красную ленту.

«В программной статье Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» было поручено разработать карту сакральных мест. В рамках данного проекта модернизированы ряд сакральных мест и приняты меры по их восстановлению в прежний вид. Один из них – мавзолей «Домалак ана», возле которого расположился данный гостиничный комплекс. В целом, одна из легендарных матерей Домалак ана, как символ материнства занимает особое место в казахском народе. Поздравляю с модернизацией нового комплекса!», - сказал Ж.Туймебаев.

Отметим, что в возведенном при поддержке спонсоров специальном комплексе для паломников созданы все условия. Здесь расположены спальни, столовая и стулья в форме юрты. Осмотрев гостиницу, глава региона выразил уверенность в том, что в ближайшее время увеличится численность паломников, приезжающих в мавзолей «Домалак ана».

Напомним, в рамках карты сакральных мест Казахстана, в Южно-Казахстанской области разработан список из 104 сакральных мест. Из них 17 включены в республиканский список. Одно из таких уникальных мест является мавзолей «Домалак ана». Мавзолей расположен на южном склоне Каратау, в долине реки Балабоген. Домалак ана, (подлинное имя Нурила) – одна из мудрейших матерей нашего народа. В 1456 году внук Домалак ана Дулат приглашает мастера из Бухары Абдулла Шери и сооружает над могилой бабушки четырехъярусный купольный мавзолей. В течении последующих веков мавзолей несколько раз разрушали и реставрировали. В настоящее время этот мавзолей с каждым днем становится красивее.





ӘКІМ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯҒА **КЕЛГЕН ҒАЛЫМДАРМЕН КЕЗДЕСТІ**

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев мемлекет және қоғам қайраткері Нәзір Төреқұловтың 125 жылдық мерейтойына арналған «Алаштың асыл перзенті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына келген ғалымдармен кездесті.

Қонақтардың қатарында ҚР Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Жалғас Әбілдаев, Сауд Арабиясы елінен келген араб-орыс ақпарат орталығының директоры, профессор Маджид ибн Абдуль Азаз ат-Турки, ҚР ҰҒА-ның Құрметті академигі, халықаралық Н.Төреқұлов атындағы қайырымдылық қорының президенті Әждіжаппар Сапарбаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор Кахрамон Раджабов, Тәжікстан Республикасы кәсіпкерлік және сервис институтының профессоры Хотамов Намоз сынды Түркі әлеміне танымал ғалымдар бар.

Кездесу барысында сөз алған облыс әкімі ғылыми-тәжірибелік конференцияның сәтті өтуіне тілектестігін білдірді.

«Қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби, білікті дипломат, елшіміз Н.Төреқұловтың есімі көзі тірісінде-ақ халықаралық деңгейде танылып, жоғары бағаланғанын біліміз. Алдағы уақытта қайраткердің дипломатиялық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеуге ерекше мән беруіміз қажет», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Нәзір Төреқұлов 1928-1936 жылдары сол кездегі ең жоғары дипломатиялық атақ – КСРО Бас консулы, Төтенше және өкілетті өкіл деген лауазыммен Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы елшісі қызметін атқарған. Сегіз тілді жетік меңгерген ол Джиддада тіркелген Батыс Еуропа елдері дипломаттарымен қоян-қолтық жұмыс істеп, сол кезеңде туындаған күрделі мәселелерді оңтайлы шешіп отырған.

Кездесу барысында ҚР Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Ж. Әбілдаев сөз алып, облыс әкімінің кеудесіне Нәзір Төреқұлов атындағы төсбелгіні тақты.

2 қараша, бейсенбі
2017
2 ноября, четверг





АКИМ ВСТРЕТИЛСЯ С УЧАСТНИКАМИ **МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев встретился с учеными, приехавшими на международную научно-практическую конференцию государственного и общественного деятеля Назира Торекулова «Алаштың асыл перзенті», посвященный 125-летнему юбилею.


В конференции приняли участие посол по особым поручениям Министерства иностранных дел РК Жалгас Абильдаев, директор арабско-русского центра в Саудовской Аравии, профессор Маджид ибн Абдуль Азаз ат-Турки, почетный академик международной НАН РК, президент международного благотворительного фонда имени Н.Торекулова Аджижаппар Сапарбаев, а также известные на весь тюрский мир ученые, такие как доктор исторических наук, профессор Кахроман Раджабов, профессор института предпринимательства и сервиса Республики Таджикистан Хотамов Намоз. В ходе встречи аким области пожелал удачи в проведении научно-практической конференции. «Имя нашего профессионального, квалифицированного дипломата, посла Назира Торекулова было признано еще при жизни и высоко оценено на международном уровне. В ближайшее время нам необходимо придать особое значение исследованию дипломатического наследия общественного деятеля с научной точки зрения», - сказал Жансеит Кансеитович.

В 1928-1936 годы Назир Торекулов занимал на тот момент самое высокое дипломатическое звание - Генеральный консул СССР, Чрезвычайный и полномочный представитель, посол СССР в Саудовской Аравии. Назир Торекулов в совершенстве владел восемью языками, работал совместно с дипломатами стран Западной Европы, зарегистрированные в Джидде, а также способствовал оптимальному решению сложных вопросов, которые возникали на тот период.

В ходе встречи посол по особым поручениям Министерства иностранных дел РК Жалгас Абильдаев приколол акиму области нагрудной знак имени Назира Торекулова.







ХАЛЫҚАРАЛЫҚ **AGRITEK SHYMKENT'2017** КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысында дәстүрлі халықаралық мамандандырылған AgriTek Shymkent'2017 ауыл шаруашылығы көрмесі өз жұмысын бастады.

Шымкент қаласындағы «Көрме» орталығында үш күн бойы өткен алтыншы халықаралық мамандандырылған көрменің ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Ж.Түймебаев Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы саласында экономиканың жаңа драйверіне айналып келетінін жеткізді.

«Бұл – мемлекеттің қолдауы мен шаруалардың тынымсыз еңбегінің жемісі. Облыстың егін шаруашылығында заманауи технологияларды қолдану қарқынды түрде дамып келеді. Мысалы, бүгінгі таңға облысымызды 2,8 мың га қарқынды бау бар, олардың өнімділігі басқа бауларға қарағанда 1,5-2 есеге артық. Сонымен қатар, облыста 5 мың шаруашылыққа тиесілі 1,3 мың гектардан астам жылыжайлар бар. Сүт өнімдері бағытындада жаңа технологияларды қолдану белсенді түрде жүргізілуде. Заманауи қондырғылардың арқасында әр сиырдан жылына 7 мың литрге дейін сүт сауылады. Ал, цифрлық технологияны қолданудың нәтижесінде құс етін өндіру 5 есеге дейін артады»,-деді өңір басшысы.

Көрмеде Оңтүстік Корея, Ресей, Түркия, Өзбекстан сынды шетелдік 50-ден астам компания өкілдері өз өнімдерін ұсынды.

8 қараша, сәрсенбі
2017
8 ноября, среда







ОТКРЫТИЕ МЕЖДУНАРОДНОЙ ВЫСТАВКИ **AGRITEK SHYMKENT'2017**

В Южно-Казахстанской области открылась традиционная международная специализированная выставка сельского хозяйства AgriTek Shymkent'2017


Аким области Ж.Туймебаев принявший участие в торжественной церемонии открытия шестой международной специализированной выставки, которая продлилась три дня в выставочном центре «Корме» Шымкента, отметил, что Южно-Казахстанская область становится новым драйвером экономики в сфере сельского хозяйства.

«Это результат поддержки государства и кропотливого труда аграриев. В области активно развивается работа по применению современных технологий в отрасли растениеводства. В частности, на сегодняшний день в области насчитывается 2,8 тысяч интенсивных садов, их производительность по сравнению с другими садами больше в 1,5-2 раза. Наряду с этим, в области имеется более 1,3 тысяч гектаров теплиц, принадлежащих 5 тыс. хозяйствам. Кроме того, активно применяются новые технологии в молочной промышленности. Благодаря современным установкам с каждой коровы в год получают до 7 тысяч литров молока. Также необходимо отметить, что в результате применения цифровых технологий, производство мяса птицы увеличится до 5 раз», сказал аким региона.

На выставке была представлена продукция более 50 представителей компаний из Казахстана, Южной Кореи, России, Турции.







Ж.ТҮЙМЕБАЕВ: «ОРДАБАСЫ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ **РУХ АЛАТЫН ОРНЫНА АЙНАЛУЫ ҚАЖЕТ»**

Оңтүстік Қазақстанда Елбасы ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 бағыты бойынша 100-ге жуық жоба жүзеге асырылуда. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың тапсырмасына сәйкес, аталған жобалардың аясында Ордабасы тауында да ескерткіш орнатып, туристер келіп тамашалайтындай абаттандыру жұмыстары жүргізілуі керек. Осыған байланысты өңір басшысы Ордабасыға арнайы барып, тиісті сала жетекшілерімен жаңа жобаның нобайын талқылады. Облыс әкімі ұсыныстарды тыңдап, өз ойын ортаға салды.

«Ордабасы тауы халық келіп рухани тынығатын, рух жинайтын, ойын тазартатын орын болуы керек. Салуға тиісті ескерткіштің де еңселі болуы қажет. Сонымен қатар, ашық аспан астындағы амфитеатр болуы тиіс. Келуші туристерге де жағдай жасап, арнайы естелік сыйлықтар сататын дүкендер ашу керек. Қасиетті Ордабасы тауын осындай демалатын және бойына рух алатын орынға айналдырғанымыз абзал « - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сондай-ақ, облыс әкімі 1993 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ордабасыда түркі тілдес үш елдің басшыларының басын қосқанын айтты. Алдағы жылы бұл датаға 25 жыл толады. Мұнан бөлек, өңір басшысы 1 мың гектар аумақты алып жатқан қастерлі жердің кіре берісіне жол мен демалыс орындары, дәмханалар салынатынын атап өтті. Тиісті басқарма басшыларына аталған жобалар 2018 жылы толық аяқталуы қажеттігін тапсырды.

9 қараша, бейсенбі
2017
9 ноября, четверг



Ж.ТУЙМЕБАЕВ: «ГОРА ОРДАБАСЫ ДОЛЖНА СТАТЬ **МЕСТОМ ДЛЯ ДУХОВНОГО ПОДЪЕМА»**

В рамках реализации 6 направления программы «Духовное возрождение», предложенный Президентом, в Южно-Казахстанской области реализуются около 100 проектов. Согласно поручению акима области Жансеита Туймебаева, в рамках данных проектов, необходимо воздвигнуть памятник на горе Ордабасы и провести работы по благоустройству, чтобы туристы могли любоваться красотой окрестности. В связи с этим, глава региона побывал в Ордабасы, где обсудил схему нового проекта с руководителями соответствующих отраслей. Внимательно заслушав поступившие предложения, аким области поделился и своим мнением.

«Гора Ордабасы – для народа должна быть местом для духовного отдыха, душевного подъема, очищения мыслей и сознания. Памятник, который будет воздвигнут, тоже должен быть возвышенным, высотным. Кроме того, должен быть амфитеатром под открытым небом. Необходимо создать все условия для посетителей, а также нужно открыть магазины сувениров. Было бы прекрасно, превратить гору Ордабасы в место для духовного отдыха и душевного подъема» - сказал Жансеит Кансеитович.

Кроме того, аким области отметил, что в 1993 году на Ордабасы Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев собрал глав трех тюркоязычных государств. Необходимо подчеркнуть, что в следующем году этой дате исполнится 25 лет. Вместе с этим, глава региона отметил, что у входа в святое место, площадь которого составляет 1 тысяч гектаров, будет проложена дорога и будут построены места отдыха и столовые. Также, аким поручил руководителям соответствующих управлений полностью закончить данные проекты к 2018 году.









ШЫМКЕНТТЕ **«ONTUSTIK TOURISM. INVEST 2017»** ФОРУМЫ АШЫЛДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысында алғаш рет «Қазақстанның Ұлы Жібек жолына саяхат» халықаралық фестивалі аясында екі күндік «Ontustik Tourism. Invest 2017» туристік инвестициялық форумы өз жұмысын бастады. Форум жұмысына ҚХР Мемлекеттік туризм басқармасы төрағасының орынбасары ДУ Цзян, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетінің төрайымы М.Мурзамадиева, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев, «Kazakh tourism» ұлттық компаниясының төрағасы Р.Күзембаев, «Атамекен» ҰКП өкілдері, халықаралық және қазақстандық туроператорлар, инвестициялық компаниялар, туристік ассоциациялар мен шетелдік және қазақстандық БАҚ өкілдері жалпы саны 500-ге жуық адам қатысты.

Облыс әкімі Ж.Түймебаев Оңтүстік Қазақстан облысы бүгінгі таңда мықты экономикалық әлеуеті бар, тұрақты дамып келе жатқан өңір екенін атап өтті.

«Аймақ Орта Азия, Таяу Шығыс пен Еуропа елдерін байланыстыратын жолдардың қиылысында орналасқан. Нәтижесінде – шекаралық сауда-саттық пен экспорттық өндіріс өркендеп, облысымыздың туристік тартымдылығы артып, тамашалауға келуші туристер саны жыл сайын көбейіп келеді. Сондай-ақ, өңіріміздің жағымды инвестициялық имиджі қалыптастырылуда. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда туристік нысандар саны облыста 31 пайызға өсіп, 195-ті құрады. Оларда көрсетілген қызметтер көлемі 43 пайызға артып, 1,7 млрд.теңгеге жетті. Осының нәтижесінде биыл облысқа 128 мың турист келсе, бұл өткен жылмен салыстырғанда 55 пайызға артқанын көрсетеді», -деді Ж.Түймебаев.

15 қараша, сәрсенбі
2017
15 ноября, среда







В ШЫМКЕНТЕ ОТКРЫЛСЯ ФОРУМ «ONTUSTIK TOURISM. INVEST 2017»

В Южно-Казахстанской области, в рамках Международного фестиваля «Путешествие по Великому Шелковому пути Казахстана» начал свою работу двухдневный туристский, инвестиционный форум «OntustikTourism. Invest 2017».

В работе Форума приняли участие заместитель руководителя Государственного управления туризма КНР Ду Цзян, председатель Комитета индустрии туризма Министерства культуры и спорта РК М.Мурзамадиева, Председатель Правления национальной компании KazakhTourizm Р.Кузембаев, а также представители НПП «Атамекен», международных и казахстанских туроператоров, инвестиционных компаний, туристских организаций, представители СМИ, в целом около 500 человек.

В своём приветственном слове аким области Жанесит Туймебаев отметил, что Южно-Казахстанская область это динамично развивающий регион с сильным экономическим потенциалом.

«Регион расположен на пересечении дорог, соединяющих Среднюю Азию, Ближний Восток и Европу. В результате развивается экспортная и пограничная торговля, растет туристическая привлекательности нашей области и с каждым годом увеличивается количество туристов. Кроме того, формируется позитивный инвестиционный имидж нашего региона. По сравнению с прошлым годом количество туристических объектов увеличилось на 31% и достигло 195. Оказано услуг на сумму 1,7 млрд. тенге, а объем услуг увеличился на 43%. В результате, Южный Казахстан с начала года посетило 128 тысяч туристов. По сравнению с прошлым годом этот показатель вырос на 55 процентов», - сказал Ж.Туймебаев.







20 ЖАСҚА **«ҮЗДІК ЖАСТАР ПРЕМИЯСЫН»** ТАБЫС ЕТТІ

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев «Халықаралық студенттер күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған облыс жастарының балы мен «Үздік жастар премиясы» салтанатты іс-шарасына қатысты. Барша оңтүстікқазақстандық студент жастарды бүгінгі мерекемен құттықтап, ыстық лебізін жеткізді.

«Бүгінде «ұлыстың ұйытқысы» атанған өңірімізді жан-жақты дамыту жолында жігерлі жастарымыздың еңбегі мол. Әлі де облыстың дамуына сүбелі үлес қосатындарыңызға сенімдімін. Сіздерге тек оқуда ғана емес, Тәуелсіз еліміздің мақтанышына айналып, барлық салаларда үлкен жетістіктерге жетулеріңізге шын жүректен тілектеспін», -деді әкім.

Мұнан бөлек, облыс әкімі жыл бойы түрлі салаларда өзіндік үлес қосып жүрген 20 көшбасшы жасқа 15 номинация бойынша «Үздік жастар премиясын» табыс етті.

Облыстағы 12 жоғары оқу орнында 44 860 студент, 91 орта, арнаулы оқу орындары мен колледжде 70 885 студент білім алады. Яғни, өңірде 115 мыңнан астам студент бар.

16 қараша, бейсенбі
2017
16 ноября, четверг







ВРУЧЕНИЕ
« ЛУЧШЕЙ МОЛОДЕЖНОЙ ПРЕМИИ»

Аким области Жансеит Туймебаев принял участие в торжественном мероприятии «Бал молодежи области» и «Лучшая молодежная премия», посвящённом Международному дню студентов. Выступая на вечере, глава региона поздравил всех южноказахстанских студентов с праздником.


«Сегодня я убежден, что наша энергичная молодежь вносит большой вклад в развитие нашего региона. Я искренне желаю вам достичь больших высот во всех сферах», - сказал аким.

20 молодым лидерам, которые в течение года внесли свой вклад в различные сферы, аким области вручил «Лучшую молодежную премию» в 15 номинациях.

Стоит отметить, что в 12 высших учебных заведениях области обучаются 44 860 студентов, а в 91 средних и специализированных учебных заведениях, и колледжах 70 885 студентов. В целом, в области насчитывается более 115 тысяч студентов.







ОРТА АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ

«БИОГАЗ ҚОНДЫРҒЫЛАР КЕШЕНІ» ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Шымкент қаласында Орта Азиядағы алғашқы қуаты 0,5 мегаватты құрайтын «Биогаз қондырғылар кешені» іске қосылды. Қазақстандағы бірегей жоба Елбасымыздың Жарлығымен қабылданған «Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасын» орындау мақсатында іске асырылып отыр.

Облыс әкімі Ж.Түймебаев бұл жоба ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінде Оңтүстік Қазақстан облысынан ұсынылып көрсетілгенін атап өтті.


«Жалпы, жаңғырмалы энергия көздері саласын дамыту басты назарға алынған. Мысалы, облыста жалпы қуаты 183,9 мегаватт болатын 14 жобаны өмірге енгізу жоспарланған. Бүгінде оның 4 жобасы жүзеге асырылды»,-деді әкім.

Инициаторы «Су ресурстары - маркетинг» ЖШС-і болып табылатын жобаның құны 2 млрд. 200 млн. теңге. Технологиялық процеске сәйкес қондырғы қалдықтарды өңдеу арқылы тәулігіне 300 текше метр метанды газды (биогаз) өндіреді. Мұнда тұрақты жұмыс орнымен 20 адам қамтылып отыр. Сонымен қатар, өндірілген энергия кәсіпорынның жылу энергиясына қажеттілігін толығымен, ал электр энергиясына қажеттілігінің 50 пайызын жабатын болады.

17 қараша, жұма
2017
17 ноября, пятница







ЗАПУЩЕН ПЕРВЫЙ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ КОМПЛЕКС БИОГАЗОВЫХ УСТАНОВОК

Сегодня в Шымкенте состоялся запуск первой в Центральной Азии биогазовой установки мощностью 0,5 МВт. Уникальный проект в Казахстане реализуется в соответствии с «Концепцией перехода к зеленой экономике», принятой Указом Президента.

Приняв участие в торжественной церемонии запуска, аким области Жансеит Туймебаев отметил, что данный проект был продемонстрирован от Южно-Казахстанской области на международной специализированной выставке ЭКСПО-2017.

«В целом, в области учитывается развитие сектора возобновляемых источников энергии. К примеру, в регионе планируется реализовать 14 проектов общей мощностью 183,9 мегаватт. На сегодня уже реализованы 4 проекта», - сказал аким.

Стоимость проекта, инициатором которого является ТОО «Водные ресурсы-маркетинг» составляет 2 млрд. 200 млн. тенге.

Согласно технологическому процессу установка перерабатывает отходы и выделяет 300 м3/в сутки метаносодержащего газа (биогаза). Здесь постоянной работой обеспечены 20 человек. В то же время вырабатываемая энергия будет покрывать потребности предприятия в тепловой энергии и до 50% потребности в электроэнергии.







ҚАЗЫҒҰРТТА **ГАЗОБЕТОН БЛОГЫН ШЫҒАРАТЫН** ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазығұрт ауданында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаевтың қатысуымен «Отырабат-Құрылыс» серіктестігінің газобетон блогын шығаратын өндіріс орнының іске қосылу рәсімі өтті.

Бұл жоба индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының аясында аудандағы индустриялды аймақта жүзеге асып отыр. Кәсіпорын жылына 12 мың шаршы метр газобетон блогын шығаратын болады.

Кәсіпорынның жұмысымен танысқан өңір басшысы, оның маңыздылығының арта түсетіндігін ерекше атап өтті.

«Құны 120 млн. теңге болатын жобаның іске қосылуы құрылыс үшін маңызды. Сондықтан бұл бастаманы қолдаймын. Аудандағы индустриялды аймақта қазір жалпы құны 2 млрд. теңгені құрайтын 7 жоба жүзеге асырылуда. Кәсіпорындар ашылса, салық түсіп, ел бюджеті молаяды, тұрғындар жұмыспен қамтылатын болады», - деді әкім.

Сондай-ақ, өңір басшысы Қазығұрт Шымкент қаласымен іргелес жатқан көрші аудан екенін және Жібек жолы мен «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» үлкен жолының бойында орналасқан аудан болғандықтан мұнда өндірісті өркендету қажеттігін айтып, бағалы бастамаларды қолдауға әрқашан дайын екенін жеткізді.

Сапар барысында облыс әкімі жеке кәсіпкер Гүлзия Бейсебаеваның жылына 25-30 тонна тәтті өнімдер шығаруға қауқарлы кондитерлік цехының жұмысымен танысып, жергілікті 10 адамды жұмыспен қамтып отырған іскер азаматшаның жұмысын оң бағалады. Бұл жобаның құны 80 млн. теңгені құрайды. Оны жүзеге асыру үшін кәсіпкер «ОНтүстік өнімдері» аймақтық қаржыландыру бағдарламасы және «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасының «Банк несиелерін кепілдендіру» шарты бойынша қаржылай қолдауға ие болған.

Әкім сондай-ақ, жылына 63,2 млн кВт электр қуатын өндіретін шағын гидро электр станциясын аралап көрді

20 қараша, дүйсенбі
2017
20 ноября, понедельник







В КАЗЫГУРТСКОМ РАЙОНЕ ЗАПУЩЕН **ЗАВОД ПО ПРОИЗВОДСТВУ ГАЗОБЕТОННОГО БЛОКА**

В Казыгуртском районе Южно-Казахстанской области с участием главы региона Жансеита Туймебаева состоялась официальная церемония запуска производственного объекта ТОО «Отырабат-Курылыс» по производству газобетонного блока.

Данный проект реализуется в индустриальной зоне района в рамках индустриально-инновационной программы развития. Завод намерен производить ежегодно 12 тыс. кубометров газобетонных блоков.

Ознакомившись с работой предприятия, глава региона подчеркнул о значимости данного проекта.

«Для сферы строительства – это важный проект, стоимость которого составляет 120 млн. тенге. Я поддерживаю эту инициативу. В настоящее время в индустриальной зоне района реализуются 7 проектов на сумму 2 млрд. тенге. Когда все проекты реализуют, начнёт расти экономика района, а жители будут обеспечены работой», - сказал аким.

Наряду с этим, глава региона отметил о необходимости развивать промышленность на территории прилегающих соседних районах с городом Шымкент, а также вдоль Шелкового пути и автодороги «Западная Европа – Западный Китай» и сообщил о готовности поддержать ценные инициативы.


Вместе с тем, в ходе поездки в Казыгуртский район аким области посетил кондитерский цех индивидуального предпринимателя Г.Бейсебаевой, способного производить 25-30 тонн сладкой продукции в год, и положительно оценил работу предпринимателя, обеспечивающая работой 10 человек.

Стоимость проекта - 80 млн. тенге. Для реализации проекта предприниматель получил финансовую поддержку в рамках программы регионального финансирования «ОҢтүстік өнімдері» и программы «Дорожная карта бизнеса – 2020».

Аким области посетил малую гидроэлектростанцию, способную ежегодно производить 63,2 млн. кВт.ч электроэнергии.







ЕСКІ ҚАЛАШЫҚТАҒЫ ЖАҢА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Ж.Түймебаев Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Шымкент қаласындағы «Ескі қалашық» аумағындағы жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстарымен танысты. Қазір мұнда бұл жұмыстың бірінші кезеңі басталған. Аумағы 1000 шаршы метр болатын жерасты қаласын аршыған археолог-ғалымдар көптеген тарихи жәдігер тапты.

Көне қалашықты аралап көрген өңір басшысы бірінші кезекте аталған жұмыстарды тоқтатпауды және табылған жәдігерлерді сол қалпында сақтап қалу үшін қазба аймағын қорғап, қоршауды қала әкіміне тапсырды.

Сондай-ақ, әкім анықталған тарихи нысандарды есепке ала отырып, қайта қалпына келтіру ісін де қатар жүргізуді жүктеді.

Облыс әкімі аумақта салынған жеке тұрғын үйлер мен ондағы дүкендерді басқа аумаққа көшіру жұмыстарын тыңғылықты түрде жүргізуді қала басшылығына міндеттеді.

25 қараша, сенбі
2017
25 ноября, суббота







ОЗНАКОМЛЕНИЕ С АРХЕОЛОГИЧЕСКИМИ РАСКОПКАМИ **НА ТЕРРИТОРИИ «СТАРОГО ГОРОДА»**

Аким области Ж.Туймебаев в рамках программной статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» ознакомился с проводимыми археологическими раскопками на территории «Старого города» Шымкента.

На сегодняшний день здесь ведётся первый этап археологических раскопок. На территории 1000 кв. м, ученые-археологи нашли множество исторических экспонатов. Осмотрев проводимые работы, глава региона в первую очередь поручил акиму города не приостанавливать данные работы и огородить территорию раскопок для сохранения найденных экспонатов в первоначальном виде.

Наряду с этим, он отметил необходимость проведения восстановительных работ с учётом выявленных исторических объектов. В связи с этим, аким области поручил руководству города тщательно провести работы по перемещению расположенных на этой территории индивидуальных жилых домов и магазинов на другую территорию.





ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ ОРАЙ

«АСТАНА» ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Шымкентте 1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай бірінші кезектегі «Астана» тұрғын үй кешені пайдалануға берілді.

Яғни, мереке қарсаңында шымкенттік 96 отбасы баспаналы болды. Тұрғын үй кешенінің ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Ж.Түймебаев жаңа қоныс берекелі және ырысы мол үлкен ордаға айналуын тіледі.

«Бүгін «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы аясында «Шымкент» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы қалада салынған бірінші кезектегі 2 тұрғын үй пайдалануға беріліп отыр. Бұл үйлердің құрылысы тұрғын үй комбинаттарының өнімдерін қолдана отырып, іске асырылды»,-деді әкім.

Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғындарын қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында «Шымкент» ӘКК» ҰК АҚ құрылысқа 1,2 млрд. теңге көлемінде инвестиция салған еліміздегі алғашқы әлеуметтік корпорация болып отыр.

Әкімшілік- іскерлік орталығында орналасқан тұрғын үй кешенінде тоғыз қабатты 4 тұрғын үй бой көтерген. Мұндағы пәтерлердің жалпы ауданы 14776,6 шаршы метрді құрайды. Бүгінде 2 блок, яғни 96 пәтер пайдалануға берілсе, қалған 2 блок келер жылдың бірінші тоқсанының аяғына дейін пайдалануға беріледі. Жобаның жалпы құны – 2,75 млрд. теңгені құрайды.

Аталған тұрғын үйдегі пәтерлерді «Өз үйім» бағдарламасы бойынша «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-нан сатып алуға болады. Бағдарлама бойынша орташа бағасы бір шаршы метр үшін 180 мың теңгені құрайды. Несиенің жылдық пайыздық мөлшерлемесі 5-тен 10 пайызға дейін.

Айта кетейік, тұрғын үй құрылысын жүргізген «Оңтүстік құрылыс сервис» ЖШС-гі құрылыс кезінде 300-ден астам адамды жұмыспен қамтыған.

Жалпы, Оңтүстік Қазақстан облысында жыл басынан бері 525,4 мың шаршы метр тұрғын үй, яғни 5189 пәтер пайдалануға берілді.

30 қараша, бейсенбі
2017
30 ноября, четверг







В КАНУН ДНЯ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА
ВВЕЛИ В ЭКСПЛУАТАЦИЮ ЖИЛОЙ КОМПЛЕКС «АСТАНА»

В городе Шымкент в канун Дня Первого Президента ввели в эксплуатацию многоэтажный жилой комплекс «Астана». Таким образом, сегодня 95 шымкентсих семей получили жилье. Приняв участие в торжественной церемонии открытия жилого комплекса, аким области Жансеит Туймебаев пожелал новоселам благополучия и семейного уюта.

«Сегодня в рамках государственной жилищной программы «Нурлы жер», с участием в проекте АО «СПК« Шымкент» сдаются в эксплуатацию 2 многоэтажных жилых дома. Эти дома построены при использовании отечественных строительных материалов, выпускаемых местными домостроительными комбинатами, в рамках направления государственно-частного партнерства», - сказал аким.

Отметим, с целью обеспечения жителей Южного Казахстана доступным жильем, АО «НК «СПК «Шымкент» первая в республика социальная корпорация, инвестировавшая в строительство 1,2 млрд. тенге.

Комплекс «Астана» – это 4 девятиэтажных дома, расположенных в административно-деловом центре города. Общая площадь квартир составляет 14776,6 квадратных метров. На сегодняшний день сданы в эксплуатацию 2 блока на 96 квартир, остальные 2 блока планируют сдать до конца первого квартала следующего года. Общая стоимость проекта составит - 2,75 млрд. тенге.

Приобрести квартиры можно в АО «Жилстройсбербанк Казахстана» по программе «Свой дом». Средняя цена в рамках программы составляет 180 тысяч тенге за квадратный метр. Годовая процентная ставка займа - от 5 до 10 процентов.

Стоит отметить, в ходе строительства рабочими местами были обеспечены более 300 человек. В целом в Южно-Казахстанской области с начала года введено в эксплуатацию 525,4 тыс. кв.м жилья или 5189 квартир.







60 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР

«МЕТАЛЛУРГТЕР» САЯБАҒЫ ҚАЙТА ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

Шымкент қаласында жөндеу жұмыстарынан өткен «Металлургтер» саябағы қайта пайдалануға берілді. 1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай ұйымдастырылған салтанатты шараға облыс әкімі Ж.Түймебаев пен қала әкімі Нұрлан Сауранбаев қатысты.

Ашылу салтанатында сөз алған өңір басшысы тұрғындар мен қонақтарды мерекемен құттықтап, қайта жаңғыртылған саябақтың 60 жылдық тарихы бар екенін атап өтті.

«Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы баршамызды жаңғыруға, жаңаруға шақырады. Рухани жаңғырудың бір белгісі осы болса керек. Мұндай саябақтардың қатары жыл санап артып келеді. Қазіргі таңда бұрынғы қорғасын зауытының 40 гектар аумағында жаңа демалыс аймағының құрылысы жүріп жатыр», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Саябақтың ашылу салтанатында Елбасының курстасы Аманәлі Әбдірахманов та сөз сөйлеп, тұрғындар тарапынан ыстық ықыласын білдірді.

«Металлургтер» саябағының іргетасы сонау 1957 жылы қаланған. Қалпына келтіру жұмыстарынан соң саялы мекеннің аумағы 3,6 гектардан 5 гектарға дейін ұлғайып отыр. Демалыс аймағында соңғы үлгідегі жарық шамдар мен қоқыс жәшіктері орнатылып, келушілерге көтеріңкі көңіл -күй сыйлайтын субұрқақ та орнатылған.

30 қараша, бейсенбі
2017
30 ноября, четверг







ШЫМКЕНТСКИЙ ПАРК «МЕТАЛЛУРГОВ»
С 60-ЛЕТНЕЙ ИСТОРИЕЙ ПРОШЕЛ РЕКОНСТРУКЦИЮ

В городе Шымкент вновь введён в эксплуатацию парк «Металлургов», прошедший реконструкцию. На торжественном мероприятии, приуроченном к 1 декабря – Дню Первого Президента приняли участие аким Южно-Казахстанской области Ж.Туймебаев и аким города Нурлан Сауранбаев.

Поздравив жителей и гостей города с праздником, аким отметил, что прошедший реконструкцию парк насчитывает 60-летнюю историю.

«Программная статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» призывает к обновлению и модернизации. Духовное обновление начинается с уважения к себе. Это один из признаков духовного возрождения. С каждым годом увеличивается число таких парков. В настоящее время на территории бывшего свинцового завода на площади 40 га ведется строительство новой зоны отдыха», - сказал Жансеит Кансеитович.

В торжественной церемонии открытия парка сокурсник Главы государства Аманали Абдрахманов выступил с поздравительной речью и выразил благодарность от жителей города.

Напомним, фундамент парка «Металлургов» был заложен в 1957 году. После работ по благоустройству, территория парка расширилась с 3,6 до 5 гектаров. На территории парка установлено уличное освещение и урны для мусора, построены фонтаны.







ШЫМКЕНТТЕ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕАНИМАЦИЯЛЫҚ-ОТА ЖАСАУ КОРПУСЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай Шымкент қалалық жедел медициналық көмек көрсету ауруханасы жанынан 3 қабатты қабылдау-диагностикалық, реанимациялық-ота жасау корпусы пайдалануға берілді.

Ашылу рәсіміне облыс әкімі Ж.Түймебаев қатысып, барша медицина саласының қызметкерлерін мерекемен құттықтады. Сонымен қатар, мекеме ұжымына жаңа жедел жәрдем автокөлігін сыйға тартты.

«Жаңадан салынған корпус науқастарға сапалы, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін заманауи медициналық техникамен және медициналық мақсаттағы құралдармен жабдықталып отыр. Аурухана 2013 жылдан бастап инсульт кезінде бас миы және мойын қан тамырларына жоғары технологиялық оталар жасауға қол жеткізді. Сол уақыттан бері мұнда жалпы 630 ота жүзеге асқан. Мұнан бөлек, аурухана базасында 90 бүйрек пен 13 бауыр алмастыру отасы жасалынды», -деді Ж.Түймебаев.

Аталған жаңа корпус 2 жылда салынып, іске қосылып отыр. Ауруханаға күніне шамамен 200-250 науқас медициналық көмекке жүгінеді. Олардың 70-90-ы ауруханаға жатқызылады.

Осы жылы облыс бойынша 38 денсаулық сақтау нысандарының құрылысына облыстық бюджеттен 3,8 млрд. теңге қаралып, құрылыстары жүргізілсе, оның 34 нысанын жыл соңына дейін тапсыру жоспарланған.

1 желтоқсан, жұма
2017
1 декабря, пятница







В ШЫМКЕНТЕ ВВЕЛИ В ЭКСПЛУАТАЦИЮ ПРИЁМНО-ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ, **РЕАНИМАЦИОННО-ОПЕРАЦИОННЫЙ КОРПУС**

Ко Дню Первого Президента Республики Казахстан в Шымкенте ввели в эксплуатацию приемно-диагностический, реанимационно-операционный корпус больницы скорой медицинской помощи.

Аким области Жансеит Туймебаев принял участие в церемонии открытия медицинского учреждения и поздравил всех работников сферы здравоохранения с праздником. Кроме того, аким подарил коллективу учреждения новый автомобиль скорой помощи.

«Новый корпус оснащён современным медицинским оборудованием и медицинскими приборами для предоставления качественной, высокотехнологичной медицинской помощи пациентам. С 2013 года в больнице проводят высокотехнологичные операции на сосудах головного мозга и сонных артериях при инсульте. С тех пор, выполнено 630 операций. Кроме того, на базе городской больницы скорой медицинской помощи выполнено 90 операций по трансплантации почек и 13 операций по трансплантации печени», - сказал Ж.Туймебаев.

Отметим, что данный корпус был построен за 2 года. Ежедневно за медицинской помощью в больницу обращаются 200-250 человек и в среднем госпитализируют порядка 70-90 пациентов.





ТҮРКІСТАНДА ТҮРКСОЙ ТҰРАҚТЫ КЕҢЕСІНІҢ **XXXV ОТЫРЫСЫ ӨТТІ**

«Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы» атанған Түркістан қаласында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы тұрақты Кеңесінің XXXY- отырысы өтті.

Кеңес отырысын ашып, жүргізіп отырған ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы түбі бір түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағы одан әрі нығая беретінін жеткізді. Ал, Халықаралық түркі мәдениеті ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов Түркістанда жыл аясында өткен іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізгені үшін облыс әкіміне алғысын білдірді.

Басқосуда түркі елдерінің Мәдениет министрлері түбі бір бауырлардың мәдени-рухани байланысын нығайту жолында игілікті істердің көптеп өтуіне басымдық берілу қажеттігін көтеріп, рухани қалада өткен мәдени шаралар бойынша өз пікірлерін білдірді.

Жиында сөз алған облыс әкімі Ж.Түймебаев: «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы Елбасының рухани жаңғыру жөніндегі бастамасымен үйлесіп, Мәңгілік Ел мұраттарымен үндесіп жатыр. Біз осынау маңызды шараны барынша жоғары деңгейде өткізуге бар күш-жігеріміз бен ынта-ықыласымызды салдық. Мәртебелі міндетті жоғары деңгейде атқару мақсатында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі тарапынан жоспарлы да жүйелі жұмыстар жүргізілді»,-деді.

Мұнан бөлек, өңір басшысы Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы аясында Түркістан мен Шымкент қалаларында Ұлы даланы дүбірге бөлеген, түркі тұтастығын тереңдете түсетін мәні мен мазмұны астасқан ауқымды 40-тан астам шара ұйымдастырылғанын атап өтті. Сондай-ақ, 2020 жылы Шымкент қаласы ТМД елдерінің мәдени астанасы болып жарияланғанын айтып, баршаны аталмыш іс-шараның қадірлі қонағы болуға шақырды.

Халықаралық ұйымға мүше Мәдениет министрлерінің дәстүрлі кездесуінде ТҮРКСОЙ-дың өткен жылғы атқарған есебі тыңдалып, 2017 жылы Түркі халықтарының мәдени-рухани байланыстарын нығайту жолында атқарылған шаралар талқыланды. Сонымен бірге, ұйымның алдағы жылға арналған жоспары мақұлданды. Алқалы жиын нәтижесінде қатысушылар ТҮРКСОЙ тұрақты Кеңесінің XXXV отырысының Декларациясы мен жұмыс хаттамасын қабылдап, қол қойды.

Сонымен қатар, Кеңес отырысына қатысушы түркі елдерінен келген қонақтар қолөнер орталығындағы «ТҮРКСОЙ» бейнелеу өнері көрмесін тамашалап, онда суретшілер кездесуінің жеңімпазына ТҮРКСОЙ арнайы сыйлығын тапсырады.

5 желтоқсан, сейсенбі
2017
5 декабря, вторник





В ТУРКЕСТАНЕ ПРОШЛО
XXXV ЗАСЕДАНИЕ ПОСТОЯННОГО СОВЕТА ТЮРКСОЙ

В городе Туркестан, который был избран столицей Тюркского мира 2017 года прошло XXXV заседание Постоянного Совета Тюркской.

Открывая заседание Совета Министр культуры и спорта Республики Казахстан Арыстанбек Мухамедиулы отметил, что единство и солидарность тюркских народов станет еще более крепче, и поблагодарил весь тюркский народ, который принимал участие в мероприятиях, проводимых в рамках проекта «Туркестан - культурная столица тюркского мира». Вместе с тем, Генеральный секретарь ТЮРКСОЙ Дюсен Касеинов выразил слова благодарности главе региона за организацию и проведение мероприятий в Туркестане на самом высоком уровне.

В ходе встречи министры культуры тюркоязычных стран выразили свои мнения о прошедших культурных мероприятиях, и отметили, что для укрепления культурных и духовных связей необходимо сосредоточиться и объединиться вокруг добрых дел.

«Год «Туркестан – культурная столица Тюркского мира» соответствует инициативе духовного возрождения Главы государства и созвучна с национальной идеей «Мәңгілік ел». Мы приложили все необходимые усилия для проведения данного мероприятия на самом высоком уровне. Для проведения этого значимого мероприятия Международной организацией ТЮРКСОЙ, Министерством культуры и спорта Республики Казахстан и акиматом Южно-Казахстанской области была проделана плановая и систематическая работа», - сказал в своей речи аким области.

Глава региона подчеркнул, что в рамках проекта «Туркестан – культурная столица Тюркского мира» в Туркестане и Шымкенте проведено более 40 значимых мероприятий, сочетающие в себе глубокое содержание и значение тюркской целостности. Также, аким отметил, что город Шымкент объявлен культурной столицей стран СНГ 2020 года, и в связи с этим призвал все тюркские народы стать свидетелями и гостями данного мероприятия.

В ходе традиционной встречи министров культуры стран-членов ТЮРКСОЙ был заслушан отчёт о проделанной работе, а также обсуждены мероприятия, прошедшие в 2017 году с целью укрепления культурно-духовных связей тюркских народов. Кроме того, одобрен план на предстоящий год.

По итогам встречи участники заседания постоянного Совета ТЮРКСОЙ приняли и подписали Декларацию XXXV заседания и рабочий протокол.

Участники заседания Совета и гости из тюркоязычных стран в центре прикладного искусства ознакомятся с художественной выставкой «ТЮРКСОЙ», где вручат победителю





ЕҢСЕЛІ ТУ ТҮРКІСТАННЫҢ **ТӨРІНДЕ ЖЕЛБІРЕДІ**

Түркістан қаласында Рәміздер алаңы ел игілігіне беріліп, еліміз бойынша биіктігі жағынан үшінші алып ту Түркістан төрінде желбіреді. Тұғырдың биіктігі - 62,5 метр. Ал, байрақтың ені 12 метр болса, ұзындығы 24 метр. Азаматтардың туған жерге және оның рәміздеріне деген құрметін арттыру, патриоттық рухын ояту мақсатында салынған алаңның салтанатты ашылуына облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысты.

«Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгі – рәміздеріміз бар. Оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – Көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі» деген сөзі бар. Сондықтан Егеменді еліміздің қасиетті нышандарын қадірлеу – Қазақстанды Отаным деп есептейтін әрбір азаматтың парызы. Рәміздер – біздің ұлттық арымыз бен намысымыз. Ендеше бүгінгі ашылып отырған «Рәміздер алаңына» құрметпен қарап, намысымызды қорғай білейік дегім келеді», - деді облыс әкімі.

Бекзат Саттарханов даңғылының бойында салынған алаңда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері көрініс тапқан және елдік мұратты меңзеген Елбасы мен қазақ елі қайраткерлерінің қанатты сөздері жазылған арнайы тас тақталар сап түзеді. Нысанның құрылысын «Түркістан Жарық Тазалық» ЖШС-і жүргізген.

5 желтоқсан, сейсенбі
2017
5 декабря, вторник





В ТУРКЕСТАНЕ УСТАНОВЛЕН ОДИН **ИЗ САМЫХ ВЫСОКИХ ФЛАГШТОКОВ**

В Туркестане сдана новая «Площадь символов», где установлен третий по высоте флагшток в стране. Высота постамента флага составляет 62,5 метров, а ширина развевающегося знамени – 12 метров, высота - 24 метров.

В торжественной церемонии открытия площади, построенной в целях повышения уважения граждан к родине и ее символикам, пробуждения патриотического духа, принял участие аким области Жансеит Туймебаев.

«В одном из своих выступлений Президент Казахстана Н.А.Назарбаев отметил – «Государственные символы – это одна из незыблемых основ нашего государства, нашего суверенитета. Они выражают священный объединяющий образ Независимости». Почитание и уважительное отношение к государственным символам – гражданский долг каждого казахстанца. Поэтому, я призываю всех с уважением относится к государственным символам и «Площади символов», - сказал аким области.

На площади, построенной вдоль проспекта Бекзата Саттарханова, возведены специальные, каменные плиты на которых высечены крылатые слова Главы государства, а также нашли свое отражение и государственные символы Республики Казахстан. Строительство объекта вело ТОО «Түркістан Жарық Тазалық».







«ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ» ЖЫЛЫНЫҢ САЛТАНАТТЫ ЖАБЫЛУЫ ӨТТІ

Түбі бір түркі жұртының түпқазығы, рухани астанасы - Түркістан қаласында «Түркістан - Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының салтанатты жабылуына арналған Гала-концерт өтті.

«Түбі бір түркілер» хореографиялық-пластикалық композициясымен бастау алған концерттік бағдарламада облыс әкімі Ж.Түймебаев сөз алды.

«Түркі әлемінің бүгінгі замандағы кемеңгер көшбасшысы атанған Президентіміз Н. Ә. Назарбаев «ТҮРКСОЙ» түркі әлемінің ЮНЕСКО-сына айналуы тиіс» деген болатын. ТҮРКСОЙ ұйымы түркі әлемінің мәдени астаналарын таңдау жобасын 2012 жылдан бері жүзеге асырып, Түркі дүниесінің ЮНЕСКО-сына айналды. Өткен жылдың соңында ТҮРКСОЙ Тұрақты Кеңесінің 34-ші отырысында Түркістан қаласын Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы деп жариялау жөніндегі тарихи шешім қабылданды. Себебі, Түркістан – түркі қағанаттарының туы тігілген Орда. Түркі халықтарының орасан зор оғландары ақ киізде хан көтерілген қасиетті жер. Түркі әлемінің маңызды жобасы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен керемет астасып, жыл бойында ұлттық дәстүрімізді дәріптейтін көптеген шаралардың жоғары деңгейде өткізілуіне тікелей ықпалын тигізді»,-деді әкім.

Өңір басшысы осы салтанатта облыс басшысы атаулы жылдың аясында белсенділік танытып, мол үлес қосқан қазақстандық және шетелдік бірқатар азаматтарға түрлі марапат тапсырып, алғыс айтты. ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен «ТҮРКСОЙ» Халықаралық ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейіновке алғыс білдіріп, марапаттаса, Түркия Республикасы Мәдениет және туризм вице министрі Хусейн Яйман мырзаға Қазақстан-Түркия достығы мен ынтымақтастығын дамытқаны үшін төсбелгі тақты. Ал қалған түркі елдерінен келген қонақтарға облыс әкімінің арнайы сыйлығы тапсырылды.

Жабылу салтанаты барысында 35-ші Тұрақты Кеңесі отырысының шешімі бойынша 2018 жылғы Түркі әлемінің мәдени астанасы атанған Түркия Республикасы Кастаному қаласына «Түркі әлемінің мәдени астанасы» символы мен туы тапсырылды.

5 желтоқсан, сейсенбі
2017
5 декабря, вторник





ПРОШЛО ТОРЖЕСТВЕННОЕ ЗАКРЫТИЕ ГОДА

«ТУРКЕСТАН – КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА ТЮРКСКОГО МИРА»

В духовной столице тюркских народов в городе Туркестан состоялся Гала-концерт, посвященный торжественному закрытию года «Туркестан – культурная столица Тюркского мира».

Концертная программа началась с хореографической композиции «Түбі бір түркілер», после которой аким области Жансеит Туймебаев поздравил всех присутствующих с этим знаменательным днем.

«Наш Президент Н.А.Назарбаев, лидер современного тюркского мира отметил, что ТЮРКСОЙ должна превратиться в ЮНЕСКО тюркского мира. Традиция объявлять города-столицы тюркской культуры началась в 2012 году, на сегодня ТЮРКСОЙ действительно превратилась в ЮНЕСКО тюркского мира. В конце прошлого года на 34-м заседании Постоянного совета ТЮРКСОЙ было принято историческое решение объявить Туркестан культурной столицей тюркского мира 2017 года. Потому что главный преокт Тюркского мира прекрасно сочитается с программой Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» и способствовал проведению на высоком уровне многих мероприятий, возвеличивающие наши национальные традиции», - сказал аким.

На данном мероприятии глава региона выразил благодарность и вручил различные награды казахстанским и иностранным гражданам, принявшим активное участие и внесшие весомый вклад в проведении значимого мероприятия.

Вместе с тем, глава региона поблагодарил и наградил медалями министра культуры и спорта Республики Казахстан Арыстанбека Мухамедиулы и Генерального секретаря Международной организации ТЮРКСОЙ Дуйсена Касеинова, а также вручил вице-министру Турции Хусейну Яйману нагрудной знак за укрепление дружбы и сотрудничества между Казахстаном и Турцией. Кроме того, гостям из других тюркоязычных стран были вручены специальные подарки акима области.

В ходе церемонии закрытия согласно решению 35-го заседания Постоянного Совета, флаг и символ культурной столицы Тюркского мира 2018 года был передан турецкому городу Кастамону.





ҰЛТТЫҚ СУСЫНДАРДАН ҚҰРҒАҚ СҮТ ДАЙЫНДАЙТЫН ЗАУЫТ САЛЫНУДА

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Түркістан қаласына жасаған жұмыс сапары барысында қымыз бен шұбаттан құрғақ сүт өнімін өндіретін «Golden camel group LTD» кәсіпорнында болды.

Индустриалды аймақта салынып жатқан инвестициялық жоба келер жылдың мамыр айында іске қосылады. Бүгінде нысан құрылысының 75 пайызы аяқталған. Құрылыс барысымен танысқан облыс басшысы мұндай зауыттың ТМД елдерінде баламасы жоқ екенін айта келе, жобаның өңіріміз үшін маңызды екеніне тоқталды.

Құны 7,5 млрд. теңгені құрайтын кәсіпорын болашақта жылына 2500 тонна құрғақ сүт өндіретін болады. Инвестициялық жоба іске қосылғанда 150-ден астам азамат жұмыспен қамтылады деп жоспарлануда. Алдағы уақытта мұнда әзірленген дайын өнімдер республика нарығынан бөлек, Қытай, Сауд Арабиясы, Гонконг елдеріне экспорталатын болады.

Әкім Оранғай ауылдық округіндегі осы жылдың шілде айында іске қосылған «Инар А.С.» жылыжай кешенін аралап көрді. Аумағы 0,5 гектарды құрайтын жылыжайдан бүгінге дейін 20 тонна қызанақ алынған.

7 желтоқсан, бейсенбі
2017
7 декабря, четверг



СТРОИТСЯ ЗАВОД ПО ИЗГОТОВЛЕНИЮ **СУХОГО МОЛОКА ИЗ НАЦИОНАЛЬНЫХ НАПИТКОВ**

Аким области Жансеит Туймебаев в ходе рабочей поездки в Туркестан посетил предприятие «Golden camel group LTD» по переработке сухого молока из кумыса и шубата. Инвестиционный проект, строящийся на территории индустриальной зоны намерены запустить в мае следующего года. На сегодняшний день завершено 75 процентов строительных работ. Ознакомившись с ходом строительства, аким области отметил, что данный завод не имеет аналогов в странах СНГ Также он подчеркнул, что проект для области имеет особое значение.

Завод, проектной стоимостью 7,5 млрд. тенге, в будущем будет производить ежегодно 2 500 тонн сухого молока. При запуске инвестиционного проекта работой планируется охватить более 150 человек. Предприятие намерено реализовывать готовую продукцию не только на отечественном рынке, но и экспортировать в Китай, Саудовскую Аравию и Гонконг.

Кроме того, в сельском округе Орангай глава региона посетил тепличный комплекс «Инар А.С.». С теплицы, площадь которой составляет 0,5 гектаров, на сегодняшний день собрано 20 тонн помидоров.





ТӨЛЕБИЛІК **480 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ**

Тәуелсіздік күні мерекесіне тарту ретінде халық игілігіне жаңадан 5 қабатты жаңа 8 тұрғын үй пайдалануға тапсырылды. Көп қабатты тұрғын үйдегі пәтердің кілті «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша төлебилік 480 отбасыға берілді. Жаңа қоныс Ленгір қаласының 1- мөлтек ауданында бой көтерген.

Тұрғындарды арнайы мерекемен құттықтай келген облыс әкімі Ж.Түймебаев пәтер кілттерін жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, әскери және бюджеттік мекеме қызметкерлері мен әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға салтанатты түрде табыс етті.

Төлеби ауданындағы тұрғын үйлердің құрылысына 2016-2017 жылдары облыстық бюджеттен 2 млрд. 735 млн. 406 мың 084 теңге қаралып, бүгінде толығымен игеріліп отыр. Нәтижесінде 29 264 шаршы метр тұрғын үй ел игілігіне берілді.

12 желтоқсан, сейсенбі
2017
12 декабря, вторник







480 СЕМЕЙ ТОЛЕБИЙСКОГО РАЙОНА **ПОЛУЧИЛИ ЖИЛЬЕ**

Ко Дню Независимости в Толебийском районе сданы в эксплуатацию 8 новых пятиэтажных жилых домов. Ключи от квартир 480 толебийским семьям вручены по программе «Нурлы жер». Новые дома возведены в 1-ом микрорайоне города Ленгер Толебийского района.

Поздравив жителей с предстоящим праздником, аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев торжественно вручил ключи от квартир детям-сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей, военным и сотрудникам бюджетных учреждений, а также малообеспеченным семьям.

Отметим, на строительство жилых домов Толебийского района в 2016-2017 годы из областного бюджета было выделено и полностью освоено 2 млрд.735 млн. 406 тыс.084 тенге. В результате, на благо народа сдали 29 264 кв. м. жилья.





ШЫМКЕНТТЕ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

558 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Ел Тәуелсіздігі қарсаңында Шымкент қаласының тұрғындарына тамаша тарту жасалды. 558 отбасы қоныс тойын тойлады.

«Нұрсәт» шағынауданында бой көтерген көпқабатты 11 тұрғын үй «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының екінші бағыты бойынша салынған. Жалпы 31,5 мың шаршы метр болатын үйлердегі 558 баспана кілті Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшылары мен жергілікті атқарушы органда кезекте тұрған азаматтарға берілді.

Әкімшілік-іскерлік орталығында пайдалануға берілген 9 қабатты 48 пәтерлі екі тұрғын үйдегі баспана кілтін облыс әкімі Ж.Түймебаев, облыстық мәслихаттың хатшысы Қ.Балабиев, Шымкент қаласының әкімі Н.Сауранбаев және қалалық мәслихаттың хатшысы Н.Бекназаров тапсырды. «Жыл соңына дейін тағы да арендалық 1152 пәтер болатын 16 тұрғын үйдің құрылысын пайдалануға беру жоспарлануда. Демек, осы айдың өзінде қаншама отбасы қоныс тойын тойламақ. Бұл егеменді еліміздің жемісі деп білемін», - деді өңір басшысы салтанатты рәсімде.

Сондай-ақ, Жансейіт Қансейітұлы баспаналы болған тұрғындарға балаларының атынан бір-бір ағаштан отырғызып, соны күтіп, баптауды ұсынды.

15 желтоқсан, жұма
2017
15 декабря, пятница







В ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ

558 ШЫМКЕНТСКИХ СЕМЕЙ ОТПРАЗДНОВАЛИ НОВОСЕЛЬЕ

Накануне Дня Независимости жителям Шымкента преподнесли замечательный подарок. Новоселье отметили 558 семей города. Отметим, что 11 многоэтажных домов в микрорайоне Нурсат построены по второму направлению программы жилищного строительства «Нұрлы жер». 558 ключей от квартир, площадь которых составляет 31,5 тысячи квадратных метров, вручили вкладчикам Жилстройсбербанка и гражданам, стоящим в очереди в местных исполнительных органах.

Ключи от 48 квартир в двух 9-ти этажных домах, расположенных на территории административно-делового центра, вручили аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев, секретарь областного маслихата К.Балабиев, аким города Шымкент Н.Сауранбаев и секретарь городского маслихата Н.Бекназаров.

«До конца года планируется сдать в эксплуатацию еще 16 жилых домов на 1152 арендных квартир. В этом месяце большинство семей отпразднуют новоселье. Результаты, которые мы добились – это плод независимости нашей страны», сказал глава региона во время торжественной церемонии.

Аким области призвал новоселов посадить по одному дереву от лица своих детей.





ОБЛЫСТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫНДА **ЖАҢА СТЕЛЛА ОРНАТЫЛДЫ**

Түлкібас ауданына қарасты Шақпақ ауыл округінде облыстың тарихын таныта-тын стелла ашылды. Бұл қақпа Жамбыл облысымен шекаралас аумақта орналасып отыр. Нысанның ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев аймақ тұрғындарын Тәуелсіздік күнімен құттықтап, стелланың маңыздылығына тоқталды.

«Дәл осы нысанда Оңтүстіктің тыныс-тіршілігінен хабардар ететін қажетті мәліметтер жақсы көрініс тауыпты. Екі облыстың шекарасын алдағы уақытта тынығып, демалатын жайлы орынға айналдыруға да болады», - деді өңір басшысы.

Жергілікті жұрт атынан сөз алған ауданның құрметті азаматы, ардагер Өміртай Қалықұлов: «Алатау мен Қаратау түйіскен бұл өңір елімізге талай талант пен батырды сыйлаған қасиетті мекен. Тұрар Рысқұловтай, Бауыржан Момышұлындай дара тұлғаларды дүниеге әкелген аймақ. Сондықтан мұндай қасиетті топырақта елдігімізді білдіретін бүгінгідей нысанның ашылуы да орынды», - деді.

Қақпа құрылысына жергілікті бюджеттен 70 млн. теңгеге жуық қаржы жұмсалған. Стелла аумағындағы тақтайшаларда Оңтүстік Қазақстан облысындағы 15 аудан, қала жайлы ақпараттар жазылған. Барлық аймақтың төлқұжаты бейнеленген.

18 желтоқсан, дүйсенбі
2017
18 декабря, понедельник







НА ВОСТОЧНЫХ ВОРОТАХ ОБЛАСТИ **УСТАНОВИЛИ НОВУЮ СТЕЛЛУ**

В сельском округе Шакпак Тюлькубасского района открылась стелла, рассказывающая об истории области. Она установлена на территории, граничащей с Жамбылской областью.

Аким области Жансеит Туймебаев, приняв участие в открытии объекта, поздравил жителей региона с Днем Независимости и остановился на значимости стеллы.


«Именно в этом объекте отображены необходимые сведения, которые говорят о жизнедеятельности Южного региона. В ближайшее время можно превратить границу двух областей в место для отдыха», сказал глава региона.

«Эта священное место, расположенное между горами Алатау и Каратау, подарило немало таких талантов, как Турар Рыскулов, Бауыржан Момышулы. Поэтому открытие такого объекта имеет свое значение», - сказал уважаемый гражданин района, ветеран Умиртай Калыкулов, выражая свою благодарность от лица местных жителей.

На строительство объекта из местного бюджета выделено около 70 млн.тенге. На табличках, расположенные на территории стеллы, высечена информация о 15 районах, городах Южно-Казахстанской области. Изображены паспорта всех районов.







Ж.ТҮЙМЕБАЕВ: «БАСТЫ МАҚСАТ – **ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ»**

Облыс әкімі Ж.Түймебаев жұмыс сапарымен Арыс қаласында болып, бірқатар кәсіпорындар мен әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Саналы елді мекеніндегі 150 орындық мектеп құрылысын аралап көріп, мердігерге құрылыстың сапасы мен мерзімінде аяқталуына назар аудару қажеттігін айтты.


Құрылысы биылғы мамыр айында басталған білім ошағының сметалық құны 386 млн. теңгені құрайды. Қазір мұндағы құрылыс жұмыстарын «Ақ Нұр Строй» ЖШС-і жүргізіп жатыр. Білім ұясы келер жылдың шілде айында тапсырылмақ.

Мұнан соң облыс әкімі аталған ауылдағы таяуда ғана ел игілігіне берілген фельдшерлік-акушерлік бекетінің жұмысымен танысып, қызметкерлерімен тілдесті. Бір мыңға жуық тұрғыны бар бұл елдімекеннің денсаулық сақтау ұйымы науқастарға алғашқы медициналық көмек көрсетеді.

Сондай-ақ, әкім «Желмая» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативіне қарасты түйе сүтін өңдейтін цехта болды. Кәсіпорын түйе сүтін пластикалық ыдыстарға құйып, дайын өнім шығарумен айналысады. Тәулігіне 1,5 тонна шұбат дайындауға қауқарлы. Қазір мұнда 13 адам тұрақты жұмыс істеп жүр.

Жұмыс сапарының соңында Ж.Түймебаев «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы арқылы 4 млн. теңге несие алып, өз кәсібін дөңгелетіп отырған ауыл тұрғыны Ғанижан Айтуаровтың жұмыс тәжірибесімен танысты. Кәсіпкер кезінде бар қаржысына 16 ірі қара алып, сүт, айран, сары май, ірімшік, ет өндіруді жолға қойған. Шаруаның жұмысына өңір басшысы оң бағасын берді.

20 желтоқсан, сәрсенбі
2017
20 декабря, среда







Ж. ТУЙМЕБАЕВ: «ГЛАВНАЯ ЗАДАЧА – **ОБЕСПЕЧИТЬ НАСЕЛЕНИЕ РАБОТОЙ»**

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев посетил с рабочей поездкой город Арысь, где ознакомился с работой ряда предприятий и социальных объектов. В населенном пункте Саналы глава региона ознакомился с ходом строительства школы на 150 мест, поручив завершить строительство качественно и в срок.

Отметим, что проектно-сметная стоимость школы, строительство которой начато в мае текущего года, составляет 386 млн. тенге. Строительные работы ведет ТОО «Ақ Нұр Строй». Образовательное учреждение планируется ввести в эксплуатацию в июле следующего года.

Вместе с тем, аким области ознакомился с работой фельдшерско-акушерского пункта, введенного недавно в эксплуатацию в этом же селе, где поговорил с сотрудниками. Данная организация здравоохранения оказывает первую медицинскую помощь жителям села, население которого составляет около одну тыс. человек.

Наряду с этим, аким посетил цех по переработке верблюжьего молока, подведомственный сельскохозяйственному производственному кооперативу «Желмая». Работники предприятия разливают верблюжье молоко в пластиковые тары. Здесь в сутки способны производить 1,5 тонн шубата. В настоящее время постоянной работой обеспечены 13 человек.

В завершении рабочей поездки Ж.Туймебаев ознакомился с деятельностью жителя села Ганижана Айтуарова, получившего кредит в размере 4 млн. тенге по Программе развития продуктивной занятости и массового предпринимательства. Предприниматель приобрел 16 голов крупного рогатого скота, наладив производство молока, кефира, сливочного масла, сыра, мяса. Ознакомившись с работой предпринимателя глава региона дал положительную оценку проделанной работе.







ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ 10 СЕРИЯЛЫ КИНОНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында еліміздегі көп сериалы алғашқы фильм Оңтүстікте түсірілді. Облыс әкімдігінің тапсырысы негізінде «САҚ» киностудиясы көрерменге ұсынған «Көне жетігеннің сыры» атты 10 сериялы тарихи-танымдық кинохикаяның тұсаукесері «Shymkent plaza» ойын-сауық сауда орталығында өтті.

Телесериалдың тұсаукесеріне қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев ұлттық құндылығымызды дәріптейтін туындыларды әрдайым қолдайтынын атап өтті.

«Жалпы, біз өз мәдениетімізді, ұлттық ерекшелігіміз бен терең тарихымызды келер ұрпақтың бойына сіңіру үшін осындай фильмдерді көптеп шығаруымыз қажет. Оңтүстік Қазақстан өңірінің бұл бағытта жасап жатқан тың қадамдары Елбасымыз айтып жүрген ұлттық санамыздың қалыптасуына, ұлттық кодымыздың сақталуына үлкен үлесін қосары анық. Бүгінгі кино көрермендердің жүрегіне жол табатынына сенімім мол»,- деді әкім.

Бұл жобалар Оңтүстік өңірінің ғана емес, еліміздің кино және анимация саласы бойынша айтулы туындылар қатарына кірері сөзсіз. Облыс имиджін көтеріп, тарихын жаңғыртып, туризмін дамытуға бағытталған «Көне жетігеннің сыры» атты 10 сериялы киножобасы республикалық арналардан көрсетілетін болады.

Фильмнің басты мақсаты – өңірдегі Түркістан, Арыстан баб, Отырар, Сауран, Сайрам секілді көне киелі орындар мен Ақсу-Жабағылы қорығы, Қазығұрт тауы, Өгем табиғи қорығы секілді табиғаты әсем жерлерді көрсетіп, рухымызды жаңғырту, тарихты ұғындыру арқылы елжандылыққа тәрбиелеу және өңірдің туризм саласын дамыту болып табылады.

25 желтоқсан, дүйсенбі
2017
25 декабря, понедельник



Көне жетіғеннің сыры

10 сериалы кинохикаясы



ПРЕЗЕНТОВАЛИ 10-СЕРИЙНЫЙ **ИСТОРИКО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ФИЛЬМ**

В рамках программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» в Южно-Казахстанской области сняли первый в стране многосерийный фильм. В торгово-развлекательном центре «Шымкент Плаза» состоялась презентация 10-ти серийного историко-познавательного фильма «Көне жетіғеннің сыры», снятого студией «САҚ» по заказу акимата области.

В ходе презентации аким области Жансеит Туймебаев отметил, что он всегда поддерживает работы, которые возвышают наши национальные ценности.

«Нам необходимо больше снимать такие фильмы, где мы смогли бы показать нашу национальную идентичность, историю и культуру. Очевидно, что Южный Казахстан в этом направлении вносит свой вклад в формировании национального сознания, сохранению нашего национального кода, о которых всегда подчеркивает Глава государства. Я уверен, что этот фильм займет в сердцах зрителей особое место», - сказал аким.

Эти проекты являются одними из самых выдающихся работ не только южноказахстанских кинематографистов, но и в целом в сфере кино и анимации страны. 10-ти серийный фильм «Көне жетіғеннің сыры», направленный на повышение имиджа Южно-Казахстанской области и развития его туризма, будет транслироваться по каналам национального телевидения.

Основная цель фильма – показать зрителю красивые и древние места южного региона, такие, как Туркестан, Арыстан-Баб, Отырар, Сауран, Сайрам, природу Аксу-Жабаглинского заповедника, Казыгуртских гор, Сайрам-Угамского национального парка, а также духовное воспитание и развитие сферы туризма региона.





ОБЛЫСТЫҚ ЖҰМЫСШЫ **ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ**

Оңтүстік Қазақстан облысында «Бәсекеге қабілетті – жастар» атты облыстық жұмысшы жастар форумы өтті.

Республика тұрғындарының 4,5 миллионнан астамы жастар болса, оның 18 пайызы немесе 800 мыңға жуығы оңтүстікқазақстандықтар. Сондықтан да жергілікті билік өңір жастарын қоғамдық жұмысқа тартып, тұрақты жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келеді.

Форум жұмысына арнайы қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев жас мамандардың инновациялық жобалары мен IT-технологиясына арналған құралдар көрмесін тамашалап, еңбекші жастармен тілдесті. Белсенді жастар туралы сөз қозғап, олардың кәсіпорын ұйымдарының еңбек қатынастарында алатын орны мен маңызы туралы айтты.

«Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламасы бойынша мамандығы жоқ азаматтар мен еңбек нарығының сұранысына орай 12 159 азамат мамандық алса, оның ішінде «Әр ауылға өз шебері» акциясы аясында ауылдардағы бірінші кезектегі қажетті мамандар тізімі нақтыланып, 15 мамандық бойынша 9253 азаматқа кәсіптік білім берілді. Олардың 5 150-і жастар. Оңтүстік өңіріндегі 306 өндіріс орындарында 20 мыңға жуық жас тер етеді»,-деді Ж.Түймебаев.

Форум барысында өңір басшысы жиналған жастарды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, Ұлттық «Дельфи» ойындарының жеңімпаздары мен «Нәтижелі жұмыспен қамтудың және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» қысқа мерзімді оқыту курсынан өткен жастарға Алғыс хаттар табыс етті.

29 желтоқсан, жұма
2017
29 декабря, пятница





ПРОШЕЛ ОБЛАСТНОЙ **ФОРУМ РАБОЧЕЙ МОЛОДЕЖИ**

В Южно-Казахстанской области состоялся областной форум рабочей молодежи «Бәсекеге қабілетті – жастар».

Если учитывать, что на сегодняшний день более 4,5 миллиона жителей республики составляет молодежь, то 18 процентов из них, или около 800 тысяч приходиться на нашу область. Поэтому местные власти привлекают молодежь региона к общественным работам, проводят целенаправленную работу в направлении обеспечения постоянной работой.


Приняв участие в работе форума, аким области Жансеит Туймебаев ознакомился с инновационными проектами молодых специалистов и выставкой оборудований сферы IT-технологии, где побеседовал с рабочей молодежью.

«Согласно краткосрочной программе профессионального обучения 12 159 граждан прошли обучение на основе спроса на профессию и рынок труда. Также уточнен перечень самых необходимых специальностей в рамках акции «Әр ауылға өз шебері». 9253 граждан по 15 специальностям получили профессиональное образование, из них 5 150 – молодые люди. На 306 производственных местах трудятся около 20 тысяч молодых людей», резюмировал Ж. Туймебаев.

Глава региона поздравил собравшихся участников форума с наступающим Новым годом и вручил благодарственные письма победителям Национальных Дельфийских игр, а также молодым людям, которые прошлаи краткосрочные курсы обучения по программе «Развитие продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы».







ШАТҚАЛДАРҒА **55 МЫҢ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЕГІЛДІ**

Өткен жылы қолға алынған «Шатқал» бағдарламасы аясында биыл Шымкенттегі жеті шатқалда 55 мыңға жуық көшет отырғызылды. Сонымен қатар, аталған шатқалдардағы жиырма алты мың шаршы метрден астам жер аумағы көгалдандырылды. Ал көшеттердің жайқалып өсуі үшін жыл басынан бері он жеті ұңғыма қазылып, жиырма алты су қоймасы жасалды. 30 шақырымға жуық суару жүйесі тартылып, он алты шақырым болатын шатқал аумағы қоршалды.

Облыс әкімі Ж.Түймебаев, қала әкімі Н.Сауранбаев және ерікті жастар мен қала тұрғындары аумағы 38 гектар жерді құрайтын «Самал» шатқалында қарағаш көшеттерін отырғызды.

«Ағаш отырғызу - қасиетті де ұлағатты іс» деген өңір басшысы аталған демалыс орындары тұрғындардың таза ауада тынығып, демалуы үшін жасалып жатқанын айтты. Сонымен қатар, ол саябақтардың тазалығы мен дамуына бірлесе күш салу қажеттігін атап өтті. Болашақта жаяу жүргіншілерге жол төселіп, бойынан сауда орындары салынатынын да жеткізді.

«Самал» шатқалында бұған дейін емен, айлант, үйеңкі, шаған, боз арша, аққайың, қарағаш сынды 11 мыңнан астам көшет отырғызылған болса, бүгін жүз түптен астам қарағаш көшеті егілді. Мұнда суаруға арналған жеті бөшке мен бес тік су ұңғымасы бар. Бес адам тұрақты жұмыс істейді.

Қазіргі таңда Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен қолға алынған жобалардың бірі «Шатқал» бағдарламасы сәтті жүргізіліп келеді.

Алдағы уақытта «Нұрсәт» шағынауданындағы «Қасірет» мемориалы тұсында, «Қайтпас-2» шағындаудандағы Ипподром маңында және «Бозарық», «Бозарық-2», «Таскен» шағынаудандарындағы, Алматы-Ташкент бағытындағы жалпы аумағы 690 гектарға жуық шатқалдарда жасыл желек отырғызылатын болады.

30 желтоқсан, сенбі
2017
30 декабря, суббота





В ОВРАГАХ ПОСАЖЕНО **55 ТЫСЯЧ ЗЕЛЁНЫХ НАСАЖДЕНИЙ**

В текущем году, в рамках проекта «Шатқал», реализация которого началась в прошлом году в семи ущельях Шымкента высажено около 55 тыс. саженцев.

Наряду с этим, в этих ущельях озеленены более двадцати шести тысячи кубических метров земли. Вместе с тем, для роста саженцев с начала этого года вырыто семнадцать скважин, построено двадцать шесть водоемов. Благодаря этому проведено около 30 километров ирригационной системы, установлены ограждения, протяжённостью шестнадцать километров.

В ущелье «Самал», площадь которого составляет 38 га аким области Ж.Туймебаев и аким города Н.Сауранбаев вместе с волонтёрами, а также жителями города посадили саженцы карагача.

Глава региона отметил, что посадка деревьев является святым и благим делом, и подчеркнул, что данные места созданы с целью отдыха жителей на свежем воздухе. Кроме того, он отметил необходимость совместно приложить усилия для чистоты и развития парков. Также, по словам акима области, здесь будут проложены дороги для пешеходов, вдоль которых построят торговые места.

Если со дня основания ущелья «Самал» высажено более 11 тыс. саженцев деревьев, таких как: дуб, айлант, клен, бадьян, туя, береза и карагач, то сегодня здесь посадили более ста саженцев карагача. Здесь также расположены пять вертикальных скважин и семь бочек для полива саженцев. В ущелье постоянной работой обеспечены пять человек.

В настоящее время в области одним из успешно реализуемых проектов, начатый по инициативе акима Южно-Казахстанской области Жансеита Туймебаева является программа Шатқал».

Вместе с тем, в ближайшее время возле мемориала «Қасірет», расположенного возле микрорайона «Нурсат», на территории ипподрома микрорайна «Кайтпас-2», а также в микрорайонах «Бозарык», «Бозарык-2», «Таскен» и в направлении Алматы-Ташкент, на общей территории порядка 690 га планируется высадить саженцы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ **ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ** (2017 жыл)

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (2017 год)


ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
(2017 жыл)

ӨНЕРКӘСІП

Слайд №1

2017 жылы өнеркәсіп өнім көлемі 858,5 млрд. теңгені, НКИ 102,1% құрады.








РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӨНЕРКӘСІП КӨЛЕМІ

Слайд №2

КӨЛЕМІ млрд. тг.	ҮЛЕСІ	
5 676,1	25,1%	Атырау
549,4	2,4%	Астана қ.
1 943,7	8,6%	Батыс Қазақстан
1 762,9	7,8%	Павлодар
1 552,0	6,8%	Ақтөбе
223,5	1,0%	Солтүстік Қазақстан
747,2	3,3%	Қостанай
2 259,2	10,0%	Қарағанды
800,5	3,5%	Алматы қ.
750,5	3,3%	Алматы
858,5	3,8%	Оңтүстік Қазақстан
367,9	1,6%	Жамбыл
545,5	2,4%	Ақмола
2 307,4	10,2%	Маңғыстау
1 541,4	6,8%	Шығыс Қазақстан
773,2	3,4%	Қызылорда

ҚР 22 659,0




СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
(2017 год)

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ

Слайд №3


2017 жылы өңдеу өнеркәсібінің өнім көлемі 585,7 млрд. теңгені, НКИ 105,0% құрады.





ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ

Слайд №4



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
(2017 жыл)

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ КАРТАСЫ

Слайд №5

18 жоба

36,5 млрд. теңге

1 002 жұмыс орны



ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ КАРТАСЫ

Слайд №6

2017 жылы іске асырылған жобалар						
№	Атауы	Орналасқан жері	Жоба қуаттылығы	Жұмыс орындары	Жоба құны, млн. тг.	Пайдалануға берілді
1	«Рахат Шымкент» ЖШС	Шымкент қаласы	1 700 т.	28	850	2017 ж. қаңтар
2	«Азия Агро» ЖШС	Отырар ауданы	5 000 т.	16	619	2017 ж. ақпан
3	«Сырлы Созақ» ЖШС	Созақ ауданы	1 000 т.	31	222,9	2017 ж. наурыз
4	«Рахманкулов А.» ЖК	Сайрам ауданы	4 000 комплект	50	550	2017 ж. қыркүйек
5	«Отырабат-Құрылыс» ЖШС	Қазығұрт ауданы	9 000 м3	12	120	2017 ж. қыркүйек
6	«Корпорация Сити-Строй» ЖШС	Шымкент қаласы	750 мың .т.	40	280	2017 ж. қазан
7	«Берте Милка» ЖШС	Ордабасы ауданы	4 320 т.	80	900	2017 ж. қазан
8	«Бумпром» ЖШС	Шымкент қаласы	4 000 т.	30	100	2017 ж. қазан
9	«Дезфумекс» ЖШС	Шымкент қаласы	60 тн/сағ	20	150	2017 ж. қараша
10	«Химфарм» АҚ	Шымкент қаласы	200 млн. дәрі-дәрмек	60	4 455	2017 ж. қараша
11	«База-Servis» ЖШС	Сарыағаш ауданы	40 мың	20	500	2017 ж. қараша
12	«Компания Р.Э.Т» ЖШС	Шымкент қаласы	20 млн кірпіш	50	103	2017 ж. қараша
13	«ПСК-Ақ Мерген» ЖШС	Отырар ауданы	150 мың ш.м.	55	622,3	2017 ж. желтоқсан
14	«Cordial exclusive» ЖШС	Түркістан қаласы	2 000 бірлік	80	500	2017 ж. желтоқсан
15	«Шымкай» ЖШС	Шымкент қаласы	5 000 комплект	25	750	2017 ж. желтоқсан
16	«Шымкентцемент» АҚ	Шымкент қаласы	1,2 млн т	270	20 000	2017 ж. 25 желтоқсан
17	«Стройсервис-XXI» ЖШС	Түркістан қаласы	14 000 мың м3	55	200	2017 ж. 27 желтоқсан
18	«Hill Corporation» ЖШС	Шымкент қаласы	30 000 т.	80	5 541,6	2017 ж. 27 желтоқсан
Барлығы 18 жоба бойынша				1 002	36 463,8	


СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
(2017 год)

КӘСІПКЕРЛІК

Слайд №7



2017 жылы жұмыс істеп тұрған субьектілерінің саны 177 411 бірлік құрап, 8 511 бірлікке көбейді.



КӘСІПКЕРЛІК

Слайд №8

Аудан, қала атаулары	Тіркелген ШОК субъектілерінің барлығы	Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	Ауытқу +/-	Үлесі (жоспар)	Үлесі (нақты)
Шымкент қ.	75 768	54 422	21 346	89,5	71,8
Арыс қ.	3 521	2 934	587	90,0	83,3
Кентау қ.	3 246	2 953	293	94,5	91,0
Түркістан қ.	13 119	12 779	340	98,1	97,4
Бәйдібек	3 697	3 484	213	91,3	94,2
Қазығұрт	7 174	6 435	739	95,1	89,7
Мақтарал	24 881	23 899	982	96,8	96,1
Ордабасы	9 905	9 168	737	91,7	92,6
Отырар	4 556	4 023	533	92,0	88,3
Сайрам	16 121	13 703	2 418	86,0	85,0
Сарыағаш	25 235	19 966	5 269	82,0	79,1
Созақ	3 234	2 850	384	87,0	88,1
Төлеби	8 044	7 232	812	94,9	89,9
Тұлкібас	6 866	6 310	556	90,0	91,9
Шардара	7 661	7 253	408	95,4	94,7
ОБЛЫС	**213 028**	**177 411**	**35 617**	**89,5**	**83,3**


ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
(2017 жыл)

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Слайд №9



2017 жылы ауыл шаруашылығы өнім көлемі 522,4 млрд. теңге, НКИ 102,0% құрады.




РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ КӨЛЕМІ

Слайд №10

КӨЛЕМІ млрд. тг.	ҮЛЕСІ	
13,7	0,3%	Маңғыстау
196,4	4,8%	Павлодар
255,6	6,3%	Жамбыл
200,8	4,9%	Ақтөбе
86,1	2,1%	Қызылорда
362,2	8,9%	Қостанай
647,6	15,8%	Алматы
460,0	11,2%	Шығыс Қазақстан
510,6	12,5%	Солтүстік Қазақстан
62,7	1,5%	Атырау
522,4	12,7%	Оңтүстік Қазақстан
246,5	6,0%	Қарағанды
143,1	3,5%	Батыс Қазақстан
383,0	9,4%	Ақмола

ҚР 3 880,3



СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
(2017 год)

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Слайд №11

Мал шаруашылығы

2016 жыл
203,5 млрд. тг.



2017 жыл
231,2 млрд. тг.



104,2%

Өсімдік шаруашылығы

2016 жыл
275,2 млрд. тг.



2017 жыл
290,0 млрд. тг.



100,3%

ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ КӨЛЕМІ

Слайд №12


КӨЛЕМІ млрд. тг.	ҮЛЕСІ		жоспар, %
3,5	0,7%	Кентау қ.	104,7
13,1	2,5%	Арыс қ.	105,3
16,5	3,2%	Отырар	104,8
23,7	4,5%	Шардара	102,4
17,4	3,3%	Бәйдібек	100,8
44,1	8,4%	Түркістан қ.	103,3
58,9	11,3%	Сайрам	102,8
24,9	4,8%	Шымкент қ.	102,7
98,1	18,8%	Сарыағаш	105,7
11,3	2,2%	Созақ	102,0
31,4	6,0%	Түлкібас	104,8
31,6	6,0%	Қазығұрт	103,0
32,3	6,2%	Төлеби	103,8
81,9	15,7%	Мақтаарал	102,6
33,7	6,5%	Ордабасы	104,0

ОҚО 522,4

ОҚО 103,7%

ОҚО 2,0%

НКИ 2016 жылдың 12 айына, %-бен




ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
(2017 жыл)

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Слайд №13



2017 жылы егіс көлемі 29,3 мың га ұлғайып, 102,0% құрады.




ИНВЕСТИЦИЯ

Слайд №14



2017 жылы инвестиция көлемі 482,0 млрд.теңгені, НКИ 120,2% құрады.



СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
(2017 год)

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ

Слайд №15

КӨЛЕМІ млрд. тг.	ҮЛЕСІ	
482,0	5,5%	Оңтүстік Қазақстан
2 456,5	28,2%	Атырау
437,1	5,0%	Ақтөбе
188,9	2,2%	Солтүстік Қазақстан
358,8	4,1%	Қарағанды
241,5	2,8%	Қызылорда
257,0	2,9%	Ақмола
493,9	5,6%	Павлодар
234,5	2,7%	Жамбыл
639,9	7,3%	Алматы қаласы
944,6	10,8%	Астана қаласы
199,4	2,3%	Қостанай
432,8	4,9%	Маңғыстау
414,3	4,7%	Батыс Қазақстан
440,6	5,0%	Шығыс Қазақстан
527,3	6,0%	Алматы

ҚР 8 749,3

ҚР 5,5%

НКИ 2016 жылдың 12 айына, %-бен



ИНВЕСТИЦИЯ

Слайд №16

Көрсеткіштер	2016 ж. қаңтар-желтоқсан	2017 ж. қаңтар-желтоқсан	2017 ж. қаңтар-желтоқсан 2016 ж. қаңтар-желтоқсанға, %-бен
Негізгі капиталға бағытталған инвестициялар, млн. тг.	380 569,5	482 043,6	120,2
Сыртқы инвестиция	55 291,6	94 610,5	148,0
Ішкі инвестиция	325 278,0	374 466,5	111,1

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
(2017 жыл)

ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ


Слайд №17



ҚҰРЫЛЫС

Слайд №18

2017 жылы құрылыс көлемі 234,1 млрд.теңгені, НКИ 105,3% құрады.






СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
(2017 год)

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ҚҰРЫЛЫС КӨЛЕМІ

Слайд №19

КӨЛЕМІ млрд. тг.	ҮЛЕСІ	
82,2	2,4%	Қостанай
121,5	3,5%	Ақмола
72,1	2,1%	Қызылорда
156,9	4,5%	Ақтөбе
168,9	4,9%	Қарағанды
234,1	6,7%	Оңтүстік Қазақстан
64,5	1,9%	Солтүстік Қазақстан
107,4	3,1%	Батыс Қазақстан
112,4	3,2%	Жамбыл
314,3	9,0%	Алматы қаласы
179,8	5,2%	Павлодар
608,5	17,5%	Астана қаласы
256,8	7,4%	Алматы
240,7	6,9%	Шығыс Қазақстан
197,1	5,7%	Маңғыстау
563,7	16,2%	Атырау
ҚР 3 480,9		



ҚҰРЫЛЫС


Слайд №20

Көрсеткіштер	2016 ж. қаңтар-желтоқсан	2017 ж. қаңтар-желтоқсан	2017 ж. қаңтар-желтоқсан 2016 ж. қаңтар-желтоқсанға, %-бен
Барлығы	211 950,4	234 143,6	105,3
Құрылыс-монтаж жұмыстары	189 847,3	191 841,0	103,7
Күрделі жөндеу	16 008,7	20 706,3	104,9
Ағымдағы жөндеу	9 094,4	21 596,3	123,0

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
(2017 жыл)

ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ҚҰРЫЛЫС КӨЛЕМІ

Слайд №21




ТҰРҒЫН ҮЙ

Слайд №22

2017 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 721,2 мың шаршы метрді құрап, 36,2% артты.





СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
(2017 год)

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ТҰРҒЫН ҮЙДІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ


Слайд №23



БӨЛШЕК САУДА

Слайд №24

2017 жылы бөлшек сауда көлемі 433,8 млрд. теңгені құрап, 5,9% артты.






ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
(2017 жыл)

БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІ

Слайд №25




2017 жылы байланыс қызметінің көлемі
10,5 млрд. теңгені құрап,
2,8% артты.



БІЛІМ БЕРУ

Слайд №26

2017 жылы 29,8 млрд. теңгеге 82 білім нысандарының құрылысы жүргізіліп,
32 нысанның құрылысы аяқталды.
Оның ішінде:





СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
(2017 год)

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Слайд №27

Аудан, қала атаулары	Ана өлімі, 100 мың тірі туылғандарға			
	көрсеткіш, %		адам саны	
	2016 ж.	2017 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Шымкент қ.	7,5	11,6	2	3
Арыс қ.		56,4		1
Кентау қ.				
Түркістан қ.	26,0	43,5	2	3
Бәйдібек				
Қазығұрт		36,3		1
Мақтарал		13,4		1
Ордабасы				
Отырар	81,2		1	
Сайрам	16,4	16,9	1	1
Сарыағаш	42,9		4	
Созақ	66,4		1	
Төлеби	35,5	37,6	1	1
Тұлкібас	41,9		1	
Шардара	50,9		1	
ОБЛЫС	**17,67**	**13,1**	**14**	**11**

НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ 2017-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Слайд №28

64 314



2017 жыл (жоспар)

+44,8%

93 173



2017 жыл (нақты)


ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
(2017 жыл)

ОРТАША ЖАЛАҚЫ КӨЛЕМІ

Слайд №29

2017 жылдың қаңтар-қыркүйегінде орташа айлық жалақы көлемі 101 668 теңге құрап, 5,4% артты.





ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ

Слайд №30

ЖЫЛ БАСЫНАН 82 227 ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛДЫ



ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ III ТОҚСАНДА 5,3%


СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
(2017 год)

ТАБИҒИ ГАЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Слайд №31

2017 жылы 88 табиғи газ нысанының құрылысы және 97 ЖСҚ әзірлеуге 13,4 млрд.теңге қаралды. Нәтижесінде 44 е.м. газбен қамтылды немесе қамту деңгейі 40,8% жетті.






ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Слайд №32

2017 жылы 13,6 млрд.теңге қарастырылып, 1,5 млрд. теңгеге артты.





«Қазығұрт» баспасы»
ЖШС-інің президенті
КӨПБАЕВ
Темірғали Мұратбекұлы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН – 2017:
АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР
ЮЖНЫЙ КАЗАХСТАН – 2017:
ЗНАКОВЫЕ СОБЫТИЯ

Редактор:
БЕКҚҰЛОВ Ертай

Құрастырушылар:
СМАҒҰЛОВА Алма,
БЕКЕН Үміт,
ХАМЗИНА Әсел,
ҮРКІМБЕК Салтанат

Аудармашылар:
БЕКЕН Үміт,
ХАМЗИНА Әсел

Фотоларды түсірген:
МЫРЗАЛИЕВ Самат

Дизайнері:
АЙЫМБЕТ Нұран
Беттеуші-дизайнер:
АЙЫМБЕТОВ Азамат

Басуға 20.05.2018 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 $^{1}/_{8}$. Офсеттік басылым.
Орлы қағаз. Қаріп түрі «DS FreeSet».
Баспа табағы 34,0.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 3569.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.